

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

ӘОЖ 81'42:398

Қолжазба құқығында

ИСПАНДИЯРОВА АЙНУР ТЮЛЮГЕНОВНА

Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі

8D02301- Қазақ филологиясы

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:

Әбсадық Алмасбек Ахметұлы,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Ғылыми кеңесші:

Жакупов Жантас Алтаевич,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Галиуллина Гульшат Раисовна,
филология ғылымдарының докторы,
профессор (Ресей, Татарстан)

Қазақстан Республикасы
Қостанай, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЫ, ТИПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК КОНЦЕПЦИЯСЫ	12
1.1 Қара өлеңдердің жанрлық ерекшелігі және зерттелуі	12
1.2 Қара өлеңнің композициялық құрылымы	19
1.3 Тарихи өлеңдердің көркем-семантикалық және типологиялық сипаттамасы	23
1.4 Халық лирикасындағы бейнеліліктің, поэтикалық образдың көпқырлылығы	38
2 ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ	67
2.1 Қазақ халық лирикасындағы метафизикалық концептілердің көрінісі	72
2.1.1 Қазақ халық лирикасындағы «өмір» концептісі	72
2.1.2 Қазақ халық лирикасындағы «өлең» концептісі	83
2.1.3 Қазақ халық лирикасындағы «махаббат» концептісі	97
2.2 Қазақ халық лирикасындағы ұлттық-мәдени концептілердің танымдық сипаты	107
2.2.1 Қазақ халық лирикасындағы «батыр» концептісі	107
2.2.2 Қазақ халық лирикасындағы «дала» концептісі	118
2.2.3 Қазақтың ұлттық сипаты – «туыстық» концептісі	127
2.3 Қазақ халық лирикасындағы «бақыт» эмоционалды концептісі	144
2.4 Халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» контраст концептілерінің берілуі	153
ҚОРЫТЫНДЫ	165
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	170

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ халқының бай мәдени мұрасы – ұлт руханияты мен дүниетанымының айнасы. Соның ішінде халық поэзиясы – ғасырлар бойы сұрыпталып, ұлттық зерденің, ұжымдық жадтың, тарихи тәжірибе мен философиялық пайымның көрінісін сақтап келген көркемдік құбылыс. Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдер – осы халық поэзиясының дәстүрлі формалары ретінде ұлттық болмыстың, рухани құндылықтардың, дүниетаным мен ойлау жүйесінің көркемдік бейнелену арнасы саналады. Қазақ әдебиетіндегі ең көне ескерткіштердің бірі – қара өлеңдер. Қара өлең қоғамда ақпаратты сақтаудың және таратудың ең ыңғайлы әрі сенімді тәсілі болды. Қара өлең өнері – ерекше құбылыс ретінде бүкіл қоғам үшін айрықша мәнге ие болды. Ақын – халықтың дәстүрі мен тарихи жадының сақтаушысы, ел мүддесін қорғаушы және насихаттаушы ретінде танылды. Бірінші тарауда қазақ халық лирикасының жанрлық сипаты, қоғамда ақпарат таратушылық қызметі, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі, поэтикалық көркем бейнелер талданады. Екінші тарауда қазақ халық лирикасының – қазақ тіл білімінің лингво-когнитивтік кеңістігіндегі функциясы қарастырылады.

Қазіргі таңда тіл білімінде адамның танымдық әрекетін, тіл арқылы әлемді танып-білу үрдісін, ментальды модельдерді зерттейтін когнитивтік лингвистика бағыты кеңінен дамып келеді. Бұл бағыт тілді тек коммуникация құралы ғана емес, ойлау жүйесінің, ұлттық сана мен мәдени кодтардың көрінісі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдердегі тілдік бірліктер мен көркемдік құрылымдарды зерттеу – қазақ халқының когнитивтік санасын, дүниетанымын және мәдени жадын зерделеудің тиімді жолы. Бұл аспектіде жүргізілетін зерттеулер ұлттық болмысты терең түсінуге, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын нақты дәлелдермен негіздеуге мүмкіндік береді.

Фольклордағы әрі көне, әрі өміршең, яғни кез келген дәуірде, қоғамда туып, дамып, өзгеріп отыратын айрықша жанр – өлең. Қазақ қауымының өмірінде өлеңнің орны ерекше, сол себепті оның түрлері де көп: лирикалық өлең, тарихи өлең, қара өлең, нақыл өлең, өтірік өлең, т.б. Бұлардың бәріне ортақ белгілерімен бірге әрқайсысының өзіндік қасиеттері бар. Олар орындалу мәнері, шындыққа қатынасы, мазмұны мен түрі жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады.

Қазақ халық лирикасы өз бастауын тым ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы кезеңі, Қазақ хандығының құрылуы, қалыптасуы жайындағы халық басына түскен аласапыран оқиғалардан алады. Сол тарихтың сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашу тарихшы, әдебиетші қауымға оңай тимегені рас. Ал XX ғасырдағы Кеңес үкіметінің идеологиясы, партияның пәрменшіл саясаты рухани құндылықтарды терең тануға түрлі қаулы-қарарлар тасқынымен тосқауылдар жасап, таптық тұрғыдан қатаң қараудың нәтижесінде тұралатып келді. Шағын өлеңдер түгіл, кең көлемді эпикалық жырлардың өзі көзден таса, халық назарынан бүркемеленіп мұрағаттарда, кейбір үлгілері аңыз болып ел аузында ғана сақталып қалды.

Қара өлең – қазақ фольклорының ең кең тараған, құрылысы қарапайым, тұрақты шумағы мен ұйқасы бар жанры. Қара өлеңнің тақырыбы әр алуан, оның меншіктеп алған әуені болмайды. Мұнда жеке бастың да, қауымның да мәселелері сөз болады. Ол белгілі бір ситуацияға қатысты айтылады, сол себепті оның мазмұны ситуативті болып келеді. Сонымен бірге қара өлеңде нақтылықтан гөрі жалпылық басым болады, онда баршаға қатысы бар, тіпті «мәңгілік» ой мен сезім айтылуы да мүмкін. Қара өлең жастардың ойын-сауығында, қыз бен жігіттің сөз сайысында жиі орындалған.

Тарихи өлеңдер тарихилығымен ерекшеленеді. Халықтың басынан өткен тағдырлы оқиғалар қай кезде де болып тұрған. Осы оқиғаларды жедел түрде өлең етіп жырлау, ондағы негізгі сәттерді, ерен ісімен көзге түскен адамдарды суреттеу, дәріптеу – тарихи өлеңнің үлесі. Осы тұрғыдан келгенде оны – ерекше жанр десе де болады. Батырлық және тарихи жырдың біраз бөлігі осы тарихи өлеңдер негізінде пайда болған. Тарихи өлеңнің кейбірі тұрақты әуенмен айтылады. Олардың мазмұны нақты, оқиғасы шынайы, адамдары тарихи болып келеді. А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Е.Ысмайылов т.б. ғалымдардың тарихи өлеңдердің айтушылары сол оқиғаны көзбен көріп, көңілге түйген ақындар екен деген пікірлері дәлелді айтылған. Тарихи өлеңдердің композициясына үңілгенде, онда эпикалық кендік барын байқаймыз. Бірақ ондағы бастан өткен қым-қиғаш оқиғалар, ел мен жердің тағдырының бәрі – өлеңді айтушы ақын атынан баяндалады. Бұл тұрғыдан алғанда тарихи өлеңдердің ең көне түрлері бізге ел мен жерге қатысты қоштасу, жоқтау түрінде айтылған. Эпикаға тән ерекшелік бар. Бұл – батырлықты дәріптеуге тән эпика емес. Эпоста кейіпкерді даралау, қаһармандар тұлғасын жасауға қатысты оқиға қалыңдай түседі. Тарихи өлеңдерде сол көлемді сюжетті қалыптастырудағы сарындар көзге түседі. Тарихи өлеңдерде оқиға қалай, қашан болды, оның себебі мен салдары, сондай-ақ халықтың қандай күйге түскендігін жеткізу дәстүрге айналған.

Тарихи өлеңдер – белгілі тарихи оқиғаларға, батырлық жорықтарға, ел мен жер тағдырына қатысты туындаған поэтикалық шығармалар. Мұнда нақты тарихи деректермен қатар, халықтың сол оқиғаларға деген эмоциялық, бағалауыштық, аксиологиялық көзқарасы көрініс табады. Тарихи өлеңдер – ұжымдық жадты сақтаушы құрал ғана емес, ұлттық идеология мен сананы қалыптастырушы мәдени мәтіндер. Мұндай өлеңдердегі когнитивтік құрылымдарды саралау арқылы тарихи сананың поэтикалық мәтіндерде қалай репрезентацияланатынын анықтауға болады.

Ән өлеңдер – эстетикалық мазмұнға, лирикалық сезімге, эмоциялық-экспрессивтік бояуға бай поэтикалық жанр. Мұнда адам ішкі дүниесінің көрінісі, махаббат, сағыныш, үміт пен мұң, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесім поэтикалық тілмен беріледі. Ән өлеңдердің когнитивтік табиғатын зерттеу арқылы сезімдік таным, экспрессивті бағалау жүйесі, поэтикалық метафоралар және ұлттық эмоция үлгілері анықталады. Бұл жанр арқылы тіл мен танымның сезімдік-эстетикалық деңгейін зерделеуге болады.

Лирикадан белгілі бір қоғамның әлеуметтік сыр-сипаты танылып, сол дәуірде өмір кешкен адамдардың көңіл-күйі, сыры аңғарылады да, өлеңді

айтушы өзі өмір сүріп отырған дәуірінің әлеуметтік жайын, саяси -идеологиялық мақсат-мұратын өз атынан сырлы әуен-сазымен жеткізеді, яғни өз көзқарасы, ішкі көңіл-күйін, сырын білдіреді. Сөйтіп, ол заманына, өз дәуірінің идеологиясына үн қосады. Соның жырын жырлайды. Халық лирикасы бүкіл халықтың эстетикалық құралы болып табылады. Дәстүрлі лирикалық өлеңдердің өміршендігі, олардың халықпен бірге өмір сүріп, әрбір тарихи кезеңдегі идеялық-эстетикалық қажеттілік негізінде халықтың өмірі мен санасына байланысты байқалмай, өзгеріп отыратындығымен түсіндіріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінде ұлттық болмысты тану мәселесі, тіл мен мәдениеттің арақатынасы, фольклорлық мұралардың қазіргі қоғамдағы қызметі өзекті ғылыми мәселелердің біріне айналып отыр. . Осы тұрғыдан алғанда, қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдердің лингво-фольклортанулық аспектісін зерделеу – бұл кешенді талдау, этномәдени кодты ашу, халықтық дүниетанымның құрылымын жүйелеу, ұлттық когницияны сипаттау тұрғысынан маңызды. Халық лирикасы оның ішінде қара өлең табиғатынан көркем өнердің синтезді түрі. Сондықтан әдеби мұраны филология және әдебиеттану салалары бойынша кешенді зерттеу мен теориялық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде жаңадан дамып келе жатқан когнитивтік бағытқа үлес қосып, дәстүрлі поэзияны жаңа ғылыми парадигмада пайымдауға жол ашады.

Лингвофольклортанулық зерттеу – фольклорлық мәтіндердің тілдік құрылымын, поэтикалық тілін, образдылығын және ұлттық таныммен сабақтастығын саралау арқылы мәдени кодтарды тануға жол ашады. Қазақ халық лирикасындағы тілдік бірліктер халықтың дүниетанымымен, әдет-ғұрып, салт-сана жүйесімен тығыз байланыста қалыптасқан. Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдерді лингвофольклортанулық аспектіде зерттеу – ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындайтын, поэтикалық мәтіндердің когнитивтік табиғатын ашатын, қазақ ұлтының рухани әлемін терең танытатын өзекті ғылыми мәселе. Бұл тақырыптың өзектілігі оның қазіргі когнитивтік лингвистика мен әдебиеттану, фольклористика, мәдениеттану ғылымдарының тоғысындағы жаңашыл бағыттармен үндесуінде, ұлттық дүниетанымды танудағы практикалық маңыздылығында жатыр.

Зерттеу жұмысымызда қазақ халық лирика метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени, контраст концептілердің құрылымын талдап, әртүрлі тілдік құралдармен көркем эстетикалық деңгейде вербалдануын зерттеу үшін негізгі нысана етіп қазақ халық лирикасын алдық. Өйткені, халық лирикасында көркем әдебиеттің негізін құрайтын мәңгілік тақырыптар (өмір, адамның қуанышы мен қайғысын айқындайтын бақыт, махаббат, дала) жарқырай көрінеді. Қазақ халық лирикасында бұл концептілер халықтың өмір тәжірибесін, салт-дәстүрін, болмысын тереңнен көрсеткен. Бұл арқылы тұлғалық және ұжымдық санада дүние бейнесінің таңбалану ерекшелігі мен тілдік көрінісі ажыратылған. Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісін алғаш рет ғылыми негізде зерттеу жұмысымыздың өзектілігін танытады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеуді жазу барысында Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, А.И. Левшин, Т.А. Сейдалинов, Г.Н. Потанин, С.А. Жантөрин, В.В. Радлов, Ә. Диваев, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Л.Соболев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, А.Сейдімбек, С.Қасқабасов, Б.Уақатов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, З.Сейтжанұлы, Б.С.Рақымов, С.Сәкенов, О.Асқар, В.П.Аникин, Ю.Г.Круглов, Г.Болатова, В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, И.Хомский, В.Маслова, А. Вежбицкая, Е.С.Кубрякова, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Э.Оразалинова, Қ.Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Г.Гиздатов, Г.Смағұлова, Т.Күштаева, Б.Нұрдәулетова, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Жұмысты орындау барысында пәнаралық іргелі зерттеулерге, әдебиет тарихы мен теориясы, әдебиет және фольклор, когнитивтік лингвистика мен тіл білімі байланысын білдіретін көзқарастарға, ғылыми ізденістерге, отандық және шетелдік еңбектерге, ұжымдық монографияларға, зерттеулерге сүйендік.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазақ фольклорындағы халық лирикасын, қара өлең, тарихи өлеңдердің поэтикалық ерекшелігін және солардың концептосферасын, түрлі концептілердің тілдік таңбаларын айқындау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- жұмысқа негіз болатын теориялық, әдістемелік қағидаларды айқындау және зерттеу барысында сүйенген теориялық тұжырымдарын негіздеу;
- қазақ халық лирикасының жанрлық табиғатын саралау;
- қазақ халық лирикасындағы қара өлеңдердің, тарихи өлеңдердің поэтикалық құрылымын талдау;
- қазақ халық лирикасындағы негізгі поэтикалық көріктеуіш құралдардың қызметін көрсету;
- қазақ халық лирикасындағы концептілерді айқындап, бейнелейтін негізгі бейне-символдарды сипаттау;
- қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «өлең», «махаббат» метафизикалық концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындау;
- ақиқат дүние бейнесін танытатын «дала», «туыстық» «батыр» концептілерінің тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықтау;
- қазақ халық лирикасындағы «бақыт» концептісінің танымдық сипатын зерттеу;
- қазақ халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізу.

Зерттеу нысаны қазақ халық лирикасы және оның тілі

Зерттеу пәні. Қазақ халық лирикасының поэтикасы, концептосферасы, тілдік дүниетанымы көріністері, тілдік бірліктердің, образды-стильдік тәсілдердің, тұрақты тіркестердің, концептілік құрылымдардың фольклорға тән поэтикалық жүйеде қолданылу ерекшеліктерін лингвистикалық және фольклортанулық тұрғыда кешенді зерттеу.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Диссертациялық жұмыста қазақ халық лирикасының поэтикасы, концептосферасы, концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктер талданды. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық, жақын және алыс шетел ғалымдарының теориялық еңбектері, Бабалар сөзі еңбегіне енген қара өлең, тарихи өлеңдер, ән өлеңдер жинақтары негізге алынды.

Зерттеу әдістері. Салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, қорыту әдістері қолданылды.

Сипаттама әдісі халық лирикасындағы тілдік бірліктерді, көркемдік тәсілдерді жинақтап, жүйелеу үшін қолданылды.

Салыстырмалы талдау әдісі қазақ халық лирикасының жанрлық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін, типологиялық сипаты мен даралық қырларын айқындауда қолданылды.

Концептілік талдау әдісі халықтық дүниетанымның негізінде қалыптасқан негізгі концептілерді («махаббат», «дала», «өмір», «батыр») когнитивтік тұрғыдан модельдеу, олардың фреймдік құрылымын, символдық бейнелерін ашу мақсатында қолданылды.

Жинақтау және оны түсіндіру әдісі халық лирикасындағы тілдік-фольклорлық деректерді талдау нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдарды біріктіріп, олардың мән-мағынасын түсіндіруде қолданылды.

Бақылау әдісі – мәтіндердегі қайталанатын көркемдік тәсілдерді, дәстүрлі бейнелер мен поэтикалық үлгілерді байқау, олардың жиілігі мен қолданыс ерекшеліктерін анықтау барысында қолданылды.

Қорыту әдісі зерттеу барысында алынған деректерді талдап, жинақтап, ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасау үшін пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қазақ фольклорында қара өлең, тарихи өлең жанрының поэтикасы тақырыптық, құрылымдық-композициялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылды;

- отандық фольклористикада қара өлең, тарихи өлең, ән өлеңдердегі образдылық, концептосфера назарға алынды;

- концептілік құрылымдардың фольклорлық мәтіндегі түрлерінің вербалдануы және әртүрлі тілдік құралдар арқылы эстетикалық мақсатқа бағынған ерекшеліктері анықталды;

- зерттеу жұмысында концепт ұғымы кешенді құрылым деп танылып, оның қазақ халық лирикасы мәтініндегі лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетілді;

- қара өлеңдер, тарихи өлеңдер, ән өлеңдердегі метафизикалық концептілердің құрылымдық жүйесінің тілдік бейнесі жан-жақты қарастырылып, жинақталған фреймдік құрылыстар халық лирикасының халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқандығын, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы екендігін дәлелдеуге септігін тигізді;

- «туыстық», «дала» концептілері қазақтың ұлттық болмысын, сипатын, мінезін, менталитетін, бейнесін танытқан;

- ақиқат дүние бейнесін танытатын «өлең» концептісінің тілдік құралдарының мәнінің ашылуы тақырыптың өзектілігін айқындады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен пайымдаулар, алынған нәтижелер қазақ халық ауыз әдебиеті, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік зерттеудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындауға үлесін қосады. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар фольклортану, когнитивтік лингвистика, стилистика және тіл мәдениеті салалары бойынша ізденістерге ғылыми-теориялық негіз бола алады.

Зерттеудің практикалық мәні.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар, талдау жасалған тілдік деректер мен үлгі-модельдер поэзиялық шығармаға стилистикалық-лингвистикалық талдау жүргізу барысында қазақ халқының фольклорлық шығармаларына арналған арнаулы курстарды оқыту барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Әдебиет теориясы», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Когнитивтік лингвистика», «Стилистика және тіл мәдениеті» пәндері бойынша тәжірибелік сабақтарда, білім алушылармен жүргізілетін өздік жұмыстарда қолдануға болады. Зерттеу ғылыми пәндердің дамуына және жаңа пәнаралық зерттеулер жүргізуге ықпал ету мүмкіндігіне ие.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- кара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдер – қазақ халқының дүниетанымы мен тарихи жадын бейнелейтін когнитивтік құрылымдарға бай поэтикалық мәтіндер;

- қазақ халық лирикасында кездесетін концептілер – ұлттық болмыстың, таным мен эмоцияның тілдік репрезентациясы;

- қазақ халық лирикасындағы көріктеуіш құралдардың (эпитет, метафора, гипербола т.б.) жүйесі халықтың ментальдық кеңістігін танытады;

- фольклорлық мәтіндердегі когнитивтік модельдер ұлттың рухани-мәдени кодтарын сақтайды және ұрпаққа жеткізеді;

- лингвофольклортанулық тәсіл – халық мұрасын танудағы заманауи әрі нәтижелі бағыт;

- кара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдерді лингвофольклортанулық аспектіде зерттеу – халықтың көркемдік әлемін, тілдік бейнесін, тарихи танымын, ұлттық құндылықтарын терең түсінудің ғылыми негізі.

Жұмыстың болжамы.

Қазақ халық лирикасы – ғасырлар қойнауынан жеткен, ұлт руханияты мен дүниетанымын, тұрмыс-салт, әлеуметтік жағдай мен тарихи оқиғаларды бейнелейтін бай поэтикалық мұра. Бұл мұра тек поэтикалық мазмұн тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық және фольклортанулық қырынан да терең зерттеуді қажет етеді. Осы орайда, зерттеуіміздің негізгі ғылыми гипотезасы нақты тұжырымдарға сүйенеді.

Қазақ халық лирикасы – ұлттық тілді сақтаушы негізгі фольклорлық қабаттардың бірі. Лирикалық шығармаларда қолданылған көркемдік құралдар,

поэтикалық формулалар, архетиптік бейнелер мен дәстүрлі тілдік модельдер арқылы қазақтың тілдік санасы мен көркемдік коды көрініс табады. Осы элементтерді тілдік-жанрлық және қазақ лирикасының танымын бейнелейтін көркемдік эстетикалық қырлар тұрғыдан талдау қазақ тілінің фольклорлық табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ лирикасындағы лингвистикалық құрылымдар мен фольклорлық мазмұн – өзара тұтасқан, табиғаты бар құбылыс. Ауыз әдебиетіндегі лирикалық үлгілер (сыңсу, қоштасу, наз, зар, армандау, тілек, сәлем айту т.б.) фольклорлық контекстен тыс өмір сүре алмайды және олардың тілдік құрылымы сол контекст арқылы мағыналық тұтастыққа ие болады. Демек, қазақ лирикасының лингвофольклортанулық сипаты оны фольклор контексінде талдағанда ғана толық ашылады.

Лирикалық мәтіндердегі тілдік концептілер – қазақ халқының этномәдени менталитетінің бейнесі. Мысалы, «дала», «ауыл», «бақыт», «өлең» секілді концептілер лирикалық жырларда тек жеке лексемалар ретінде емес, фольклорлық символиканың элементі ретінде жұмсалып, метафоралық және ассоциативтік деңгейде ұлттық дүниетанымды танытады. Бұл концептілерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан саралау арқылы ұлттық санада орныққан эмоционалдық когнитивтік үлгілерді анықтауға болады.

Қазақ халық лирикасын зерттеуде фольклортанулық, когнитивтік лингвистика және дискурстық талдау әдістерін ұштастыру қажет. Зерттеу әдістерін кешенді қолдану арқылы лирикалық мәтіндердегі этномәдени ақпарат, эмоционалдық реңк, ұлттық таным мен бағалау жүйелері тереңірек ашылады. Бұл тәсіл лириканың тек эстетикалық құндылығын ғана емес, оның рухани-мәдени, танымдық маңызын да айқындауға көмектеседі.

Егер жоғарыда аталған теориялық-методологиялық ұсынымдар негізінде қазақ халық лирикасы лингвофольклортанулық аспектіде жүйелі түрде зерттелсе, онда:

- қазақ тілінің поэтикалық қабаты тереңірек ашылады;
- ұлттық лексиканың фольклорлық қызметі анықталады;
- қазақ халқының этномәдени дүниетанымы мен рухани құндылықтары тілдік деректер арқылы ғылыми негізде сипатталады;
- халық поэзиясының қазіргі әдеби-мәдени процестердегі рөлі артады;
- болашақ фольклорлық және лингвомәдени зерттеулерге теориялық әрі практикалық негіз қаланады.

Ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі

Алынған мәліметтердің дұрыстығы жүргізілген зерттеулердің жеткілікті көлемімен, зерттеудің заманауи әдістерін қолданумен анықталады. Алынған жұмыстардың нәтижелері ғылыми конференцияларда бірнеше рет баяндалды, ғылыми семинарларда талқыланды. Нәтижелер жоғары рейтингі бар бейінді журналдарда жарияланды, мұның бәрі алынған нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігін көрсетеді.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы.

Зерттеу бойынша 12 мақала жарияланды. Оның ішінде 8 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынылған басылымдарында жарық көрген еңбектер:

1. «Бала» концептісінің тілдік көрінісі» Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2020 ж. № 2 (72). - 256-263 б.

2. «Қара өлеңдердегі «Өмір» концептісінің фреймдік қолданысы» Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2022 ж. № 1 (64).- 108-117 б.

3. «Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының танымдық сипаты» Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2022 ж. № 2 (65). - 63-73 б.

4. «Қазақ лирикасындағы «Бақыт» концептісі» Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2023 ж. № 1 (68), 103-114 б.

5. «Қазақ фольклорындағы лақап есімдер» М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы №3,80 vol,2023. - 17-28 б.

6. «The concept “Woman” in Kazakh folk lyrics» Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы». №1 2024, 133-143 б.

7. «Frame applications of the concept «steppe» in Kazakh folk lyrics» Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. 2024 ж. № 2 (73). - 103-112 б.

8. «Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты» Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы». №4 2024, 121-130 б.

Халықаралық ғылыми -тәжірибелік конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. «Бозжігіт жырының жанрлық ерекшеліктері» Байтұрсынов оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Қостанай өңірлік университеті, 2021 ж.-52-54 б

2. «Қазақ халық лирикасындағы «Батыр» концептісінің танымдық сипаты» «Қазақстанның жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы-адами капитал мен инновациялардың өсуінің негізі» тақырыбында «Байтұрсынов оқулары -2024» Халықаралық ғылыми практикалық конференция, - Қостанай, 2024. – 161-164 б.

3. «Қазақ халық лирикасындағы өлең концептісінің танымдық сипаты» «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2025 ж.-385-390 б.

4. «Қазақ халық лирикасында әсірелеудің құрылымдық-мағыналық түрлері» Жасанды интеллект және ғылымның болашағы: пәнаралық тәсілдер мен

технологиялар. Байтұрсынов оқулары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қостанай өңірлік университеті, 2025 ж. 235-238 б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, іштей тарауларға бөлінген екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЫ, ТИПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК КОНЦЕПЦИЯСЫ

1.1Қара өлеңдердің жанрлық ерекшелігі және зерттелуі

Фольклортану ғылымында әлі күнге дейін терең қарастырылмай келе жатқан мәселенің бірі – жанр теориясы, жанрдың табиғи қызметі. Бұл бағытта белгілі орыс фольклорисі В.Я.Пропп 1946 жылы фольклорлық жанрларды жеке зерттеудің қажеттілігін баса айтты. Ол: «Фольклортанудың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жанр ұғымын даралап, дербес түрде зерттеу», – деген пікір айтты. [1, 54 б]

Жанр – өнер, әдебиет және фольклор салаларында бір мезгілде әрі кең мағыналы, әрі нақты ұғым ретінде танылады. Оның көп қырлылығы түрлі көркемдік әдіс-тәсілдердің үйлесімінен туындайды. Ал нақтылығы – кез келген туындының белгілі бір жанр шеңберінде пайда болуымен айқындалады.

Ғалым В.Я. Пропп: «Жанр ұғымын кең мағынада қарастырғанда, ол көркемдік сипаты ортақ шығармалар жиынтығын немесе топтамасын білдіреді. Фольклор – сөз өнеріне жататын шығармалар саласы болғандықтан, алдымен осы шығармашылық түрінің өзіндік табиғаты мен заңдылықтарын, көркемдік құрылымын, яғни поэтикасын зерттеу маңызды. Ал поэтика дегеніміз – көркем туындының мазмұнын, ой мен сезім тереңдігін жеткізуде қолданылатын көркемдік тәсілдердің жиынтығы. Қысқаша айтқанда, бұл-идеялық және оқиғалық мазмұнды көркем формада біріктіре бейнелеу», - деп жазды. [1, 56 б]

Ал ғалым С.Қасқабасовтың пайымдауынша: «Фольклор жанрларының қалыптасуы, сюжеттік шығармаға айналуы, халық арасында таралуы мен орындалу үлгілері – бұл жанрдың негізгі белгілерінің бірі. Фольклорлық туындылардың поэтикасы, яғни көркемдік құрылымы мен образдық жүйесі, сондай-ақ оның әлеуметтік-тұрмыстық қызметі де ерекше. Бұл қасиеттер фольклорлық шығармаларды жазба әдебиеттен даралап, өзгеше сипатын танытады. Жырлар тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен қатар тәрбиелік, насихаттық, ұрпақ жадына ықпал ететін рухани құрал ретінде қызмет атқарады». [1, 56 б]

Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, А.И. Левшин, Т.А. Сейдалин, Г.Н. Потанин, С.А. Жантөрин, В.В. Радлов, Ә. Диваев, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Л.Соболев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, А. Сейдімбек, С.Қасқабасов, Б.Уақатов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, З.Сейтжанұлы, Б.С.Рақымов, С.Сәкенов, О.Асқар, В.П. Аникин, В.Ю.Г.Круглов, Г.Болатова секілді ғалымдардың кейде тікелей, кейде жанама түрдегі фольклористикадағы қара өлең, тарихи өлең, ән өлеңдер туралы еңбектері, пікірлері бар.

Халық лирикасы – қазақ ауыз әдебиетінің көркемдік- эстетикалық деңгейі жоғары, халықтың рухани дүниетанымын, сезімін, арман- аңсарын бейнелейтін маңызды жанрлардың бірі.

«Қара өлең туралы ой-жосығымызды ортаға салудағы мақсат – қазақ фольклористикасының назарына ілікпей жүрген жаңалықты ашып тастау емес, бұрын арнайы зерттеу объектісі болмаған тақырыпқа жұртшылықтың назарын аудару», – деп жазды ғалым А. Сейдімбек [2, 24]. Ол қара өлең тақырыбын осылайша ортаға ұсынды.

«Қазақ фольклорының ең кең тараған, құрылысы қарапайым, тұрақты шумағы мен ұйқасы бар жанры. Қара өлеңнің тақырыбы әр алуан, оның меншіктеп алған әуені болмайды. Мұнда жеке бастың да, қауымның да мәселелері сөз болады. Ол белгілі бір ситуацияға қатысты айтылады, сол себепті оның мазмұны ситуативті болып келеді. Сонымен бірге қара өлеңде нақтылықтан гөрі жалпылық басым болады, онда баршаға қатысы бар, тіпті «мәңгілік» ой мен сезім айтылуы да мүмкін. Қара өлең жастардың ойынсауығында, қыз бен жігіттің сөз сайысында жиі орындалған», - дейді белгілі фольклорист ғалым С.Қасқабасов [1, 41] қара өлең туралы пікірінде.

Өзінің болмысымен, орындалуымен, халық мәдениетінде алатын орнымен ерекшеленетін басқа халықтардың фольклорында да, қара өлеңге ұқсас жанрлар кездеседі. Олар: ...Орыстың частушкасы», тәжіктің “рубоиы”, “ашуласы”, өзбектің “қошығы”, түріктердің “маниі”, жапонның “хоккуы”, индонезиялықтардың “пантуны”, скандинавиялықтардың “квазурасы” өзіндік дара көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері болғанымен, бұқарашыл өнер ретінде күні бүгінге дейін ел ішінде тоқтаусыз туындап жататындығымен қазақтың қара өлеңіне мейлінше ұқсас.

Ең алғаш рет «қара өлеңге» анықтама берген қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов. Ол қара өлеңнің құрылысы, өлшемі туралы пікір білдірген. «Қара өлең – әдеттегі үйреншілікті өлең, бұл өлең төрт жолдан құралған жеке шумақ. Әр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделген. Көбінесе төрт жолды шумақтардың әрқайсысы белгілі бір ойды білдіретін төрт тармақты шумақ. Төрт жолды шумағының ешбір мағына бермейтіні де ұшырасады» [3, 239].

Ш.Уәлихановтан кейін қара өлеңге назар аударған В.В. Радлов еді. Қара өлеңнің кейбір нұсқаларын хатқа түсіріп, ол өз еңбегінде: «Мұндай жағдайда өлеңшінің жадында жатталып қалған екі жолды өлеңнің үлгілері дайын тұрады. Ал негізгі айтылар ойын үшінші, төртінші жолдарда баяндайтын болғандықтан ол тек төртінші тармақтың ұйқасын ғана ойлап табады. Тегінде кенеттен тумаған өлеңнің алдыңғы екі жолы тек үндестік үшін ғана алынады да, өлең мазмұнымен ешқандай байланыс болмайды», - деп жазады [4, 7]. В.В. Радловтың бұл пікірі Ш.Уәлиханов пікірімен сабақтас деп айтуымызға болады.

XX ғасыр басында қара өлең туралы мазмұнды пікір айтқандардың бірі филолог, тарихшы В.А.Гордлевский. Өз пікірінде ол тұңғыш рет қара өлеңнің алғашқы екі жолын «мағынасыз» деп қарамай, «...дара бітімді поэтикалық ерекшелік» ретінде қарайды [4, 7].

Қара өлең туралы ғалым М. Ғабдуллин: «Тұрмыс-салтқа байланысты әңгімелер айтылатын болса, онда өлең түрі де өзгереді, мұндай жағдайда «жырдың» орнына он бір буынды қара өлең қолданылады». [5, 233]

Қара өлеңнің жанрлық жүйесін зерттеген Бекмұрат Уақатов «Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбегінде арнайы тоқталады. Ғалым халық өлеңдерін жан-жақты қарастырып, кешенді зерттеу жүргізіп, өзіне тән ғылыми ұстанымдарын ұсынған. Зерттеу барысында ол халық өлеңдерінің шығу төркінін, поэтикалық құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін анықтап, татар, қарақалпақ, әзербайжан, қырғыз, өзбек ауыз әдебиетімен салыстырмалы талдау жасаған.

Аталған еңбек халық өлеңдерінің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қалыптасу, даму жолын көрсетуге және олардың жанрлық қыр-сырын ашуға арналған. Кітап екі бөлімнен тұрады: алғашқы бөлімде халық өлеңдерінің көне үлгілері қарастырылып, еңбек пен кәсіпке, тұрмыс пен салтқа, ескі наным-сенімдерге байланысты туған шығармалардың шығу тегі, өзгеру жолдары мен типологиялық ұқсастықтары халық өмірімен тығыз байланыста талданған. Сонымен қатар, үгіт өлеңдері мен салт өлеңдерінің жаңашыл сипаттары сараланып, олардың бәрі де елдің әдет-ғұрпы, салты және этнографиясымен сабақтастырыла зерттелген. Автор бұрын белгісіз болып келген әдеби-этнографиялық деректер мен жаңа материалдарды тауып, оларды дәлелді ғылыми тұжырымдармен негіздей білген.

Б. Уақатов өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасайды. Ш.Уәлиханов ашып көрсеткен үш ерекшелікті ғалым одан әрі толықтырады. Ғалым Б. Уақатов қара өлеңнің негізгі сипаттарын былай көрсетеді:

- « 1. Қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады.
2. Осы өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасады да, үшінші жолы ұйқаспай бос қалады.
3. Қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой (идея) айтылады.
4. Әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады.
5. Қара өлең көбінесе жұртқа таныс көп құлағына сіңген, жарым жартысы жаттамалы жолдардан теңеу, салыстырулардан тұрады.
6. Қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан мұнда үлкен күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді.
7. Қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-тұрмыс, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесінен суреттейді.
8. Қара өлең қалың көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір мелодия сазына кез-келген қара өлеңді ыңғайлап айта беруге болады» [6, 235].

Қара өлең табиғатын Б. Уақатовтан кейінгі кешенді түрде зерттеуші А. Сейдімбек (1989).

Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Ақселеу Сейдімбек: «Қазақ халқының рухани әлемін барша жазықтығымен тереңдігінде айқын көрсеткен, әлі де болса көрсете алатын бір күдірет болса, ол – ауыз әдебиеті. Мақал-мәтелдерінен бастап жұмбақ-жаңылтпаштарына дейін, жыр-термелерінен бастап шешендік сөздеріне дейін,

ертегілерінен бастап аңыз әңгімелеріне дейін, тұрмыс-салт өлеңдерінен бастап эпикалық қисса-дастандарына дейін сала-сала болып желі тартып жатқан бітім-болмысы таң қалдырмай қоймайды» [2, 370], – дейді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің бірнеше салаларының көбі өлең түрінде болғанын білеміз. Тіпті оның прозалық үлгілерінің өзінде өлең жолдары араласып келеді. Ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің бірі – қара өлеңдер. Қара өлеңді фольклордың синкретті жанрына жатқызамыз. Бұл өлеңдерде талай кезеңдегі халықтың ой-арманы, мақсат-мұраты, қуаныш-сүйініші бейнеленген. Қара өлеңде көшпелі өмір салтын ұстанған ұлтымыздың ой-санасы мен болмыс-бітімі шебер өрнектелген. «Күні бүгінге дейін қазақ халқы ең мол тұтынатын, күні бүгінге дейін ел ішінде тоқтаусыз туындап жатқан әдеби фольклорлық бір жанр болса, ол – кәдуілгі қара өлең. Қара өлең – өмір-тіршіліктің барлық саласын, сезім-түйсіктің барша қадір-қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр. Бір ауыз қара өлең білмейтін қазақты кездестіру қиын. Қара өлең – қырда малшының, ойда диқанның ең бір жүрегіне жақын рухани алданышы. Мұрағат қоржындарында жұлдыздай шашырап жатқан ең мол фольклорлық мұраның бірпарасы да осы қара өлең» [2, 373].

А. Сейдімбек зерттеу еңбегінде өзінен бұрынғы зерттеушілердің, ғалым Б. Уақатовтың еңбегіне кеңінен тоқталады. Қара өлеңнің сегіз сипат-қасиетін, белгі-нышанын, жағдай шартын жіті аша, өзінен бұрынғылардың ғылыми байламдарын толықтыра, тереңдете, өзіндік ғылыми анықтама бергендігін айтып өтеді.

«Б. Уахатовтың – «қара өлең ойын – сауық үстінде айтылатын болғандықтан мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді» - деген пікірмен әрине келісу қиын. Біріншіден, қара өлеңнің де қара өлеңі бар. Терең философиялық талғамды халық даналығының айтатындай етіп түйіп тастайтын шумақтардан бастап мәні мен сәніне қатысты кемеңгер ойларды мойындата айтатын қара өлеңдерді қалайша ойын-сауықтың жеңіл бос қылжағына қоюға болады» - деп жазады [2, 46]. Расымен де қара өлең нұсқаларын оқи отырып, оның сөздерінің тереңдігін, қамтыған тақырыптарының аса ауқымдылығын байқауға болады. А.Сейдімбек Б. Уахатовтың қара өлең туралы пікірлерін, тұжырымдарын одан әрі дамытады, өз тұжырымдарын айтады. Мысалы:

«1. Қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлотизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой, дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық, символдық, емеуріндік айғағы немесе шендестірілген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады.

2. Қара өлең міндетті түрде созылмалы немесе қоңыр әнге салып айтылады. Әркім өзінің даусына лайықты әнге қалаған қара өлеңін салып айта береді. Мұның өзі қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді. Мәселен, «Елім-ай» әнінің өлеңіндегі бірінші тармақ «Басынан Қаратаудың көш

келеді» деп айтсақ, «Елім-ай» әніне салуға үйлеспес еді. Сондықтан да әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең бунақтары да орын ауыстыра береді. Тек ұйқасатын бунақтар ғана тұрақты болады.

3. Қара өлеңнің тұрақты қайырмасы болмайды. Бірақ, әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырмасы қоса айтылады. Қара өлең қайырмасы, формасы жағынан алуан түрлі болып, ұдайы негізгі ой – ниеттің мәнін аша түсуге эмоциялық қуатын арттыруға қызмет етіп отырады.

4. Қара өлеңнің жұрт талғамымен сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға тарап, көптің жадында жүргенімен өмірдің мың сан жағдайына орай ел ішінде ұдайы тыңнан туындап отырады» [2, 67].

Ел ішіндегі орындаушылар “қара өлең” деген не? – деген сауалға дәл жауап бере алмайды. Ал ғылыми-теориялық тұрғыдан “қара”, “өлең” сөздерінің мән-мағынасы біршама зерттелген. Ел ішінде қара өлеңді қарапайым халық та, ғалым-зерттеушілер де жазбай таниды. Бірақ, неге “қара өлең” деп аталғанына дәл жауап тапқан зерттеушілер некен-саяқ дейді ғалым А.Сейдімбек [2, 27] Зерттеуші өзінің “Мың бір маржан” атты еңбегінде “қара”, “өлең” сөздерінің этимологиясы туралы жазған ғалымдардың ой пікірлеріне талдау жасайды.

С. Ақатаев өз еңбегінде: “Қазақтың “қара” деген сөзі заттар мен құбылыстардың тек түсін ғана білдіріп қоймайды. “Қара” – байырғы, көне, ескі, мәңгі, өзгермейтін. Мәселен, қара шаңырақ, Қара Ертіс, Қара-хан... бұл атаулар “ежелгі”, “ескі”, “мәңгі” деген мағынаны білдіреді. Қара – әлемнің әуелгі жайы (мрак, хаос), әлемнің күн түспейтін солтүстік жағы, мәселен Қара теңіз – солтүстік теңіз мағынасында.” [7, 114] – деп жазады. “Қара” атаулының бәрін ескі, көне мағынамен байланыстырады. Ғалымның бұл пікіріне Ақселеу Сейдімбек талдау жасайды, өз пікірін айтады: “Қара өлең, яғни халық арманындай өсиетті өлең, екіншісі бірі айтатын көп өлең, жұрт сүйетін жағымды өлең деген сөз” – дейді [2, 77]. Өз тұжырымында Ақселеу Сейдімбек “қара” сөзімен байланысты сөздерді “қасиетті” деген ұғыммен байланыстырады. Бұл пікіріне байланысты, автор еңбегінде көптеген дәлелдер келтірілген.

«Қара» сөзінің этимологиясы туралы О. Асқар да өз пікірін айтады. «Қара өлең» – дегеніміз – ежелгі сөз «ұланту». Байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қара тау, қара халық, қара сөз, қара жол деген тіркестердегі анықтауыштар да тек түсті білдіріп қана тұрмағандығы енді түсінікті: ежелгі тау, негізгі халық, бастапқы сөз, басты жол деген ұғым беретіндігі анық» [8,4]– дейді.

Зерттеушілердің пікірін қорыта келе, “қара” сөзінің мағынасы туралы екі түрлі пікір айтылды. Бірі – “ескі”, “көне” және екіншісі – “қасиетті” өлең деген ұғымдар. Яғни, “қара өлең” дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді [8. 13]. Біздің ойымызша бұл екі пікірдің де жаны бар.

Ал “өлең” сөзінің мағынасын Б. Уақатов (1974) “Қазақтың халық өлеңдері” атты еңбегінде түсіндіріп өтеді. “ХІҮ ғасырларда жазған Махмуд Қашқаридың “Дивани лұғат- ат түрік”, “Кодекс-Куманикус”, “Түрік-араб сөздіктерінде” көне қыпшақ тілінде “ула”, “улағыл” сөз бар екен. Бұл көне қыпшақ тілінің лексикасын зерттеп жүрген Әбжан Құрышжановтың түсіндіруінше “әлденені жалғау, бірін-бірін байланыстыру, біріне-біріне қиюластыру” деген мағынаны

береді екен. Ал қазақ өлеңдерінің ең көне түрлері – қара өлең, қайым өлең екенін ескерсек, Құрышжанов түсіндіріп отырған сөздің мағынасы осы өлеңдердің жанрлық сипатын толық ашып көрсетері анық [9, 34].

Б.Уақатов “өлең” сөзін көне қыпшақ тілінде – ула, құмық тілінде – улан, қазақ тілінде – өлең, алтай тілінде – қожон, қарақалпақ тіліндегі – құшық [6,34] сөздерімен байланыстырады. Одан әрі ғалым И.В.Пухов:

“...якуттерде “олонхо” деген өз бар. Якуттардың эпосын зерттеп жүрген И.В.Пухов “олонхо” сөзі қазақтардың “өлең” деген сөзімен тамырлас, мәндес екенін және мұның өзі түркі-монғол халықтарымен араласып тұрған дәуірде туғандығын айтады” – деген пікірлермен өз ойын жалғастырады [10].

Қазақ халқы қара өлеңдерді жиын-тойларда, мерекелерде айтқан. Қара өлең шығаруға ауыл ақсақалдарынан бастап ойын баласына дейін түгел қатысқан. Үйлену тойы болсын, ұзату тойы болсын, жалпы көпшілік жиналған жерде, қара өлең тойларды қызықты өткізуге ұйытқы болған деген пікірлерге сүйене отырып, зерттеуші Б.Уақатов “қара өлеңдер жас-желең, қыз-бозбалалар бас қосқан әр түрлі ойын сауық отырыстардың кезінде дүниеге келген”, - деген тұжырымға келеді де өз ойын қара өлеңнен мысал келтіре отырып дәлелдейді [6, 237].

“Мен өзім кішкенедең қаршадаймын,

Бастаған керуенді нардаймын.

Несіне айтар сөзден кідірейін

Келгенде қара өлеңге шаршамаймын” – деген бір ауыз қара өлеңді мысалға келтіріп, “мұны ойын-сауық үстінде өлең айтуға ебі бар екінің бірі орындай алады” – дейді [6, 235].

Ал, “қара өлеңді жас-желең, қыз-бозбалалар арасында айтады” – деген пікірді ғалым-зерттеуші тек өз заманына байланысты кезінде айтқан болуы керек. Себебі, қазіргі заманның жиын-тойларында қара өлеңді жастар емес, керісінше – жасы келген кісілер, қариялар, әжелер ортасында орындайды. Б. Уахатов бұл жанр орындаушыларын: “... Бұлар әдетте үлкен айтыстарға, ас пен тойларға қатысып жүретін от ауызды, орақ тілді ақындар емес көбінесе қыз, жігіттердің қызықты, қынаменді отырыстарында ән салып, өлең айтатын жаңа талап жастар” - деп сипаттайды [6, 234].

Қара өлеңнің жанрлық сипаты туралы А.Сейдімбек: “Қара өлең өзінің аты айтып тұрғандай мейлінше бұқарашыл көптің өнері” [2, 25] - дейді де өз пікірін одан әрі “Қара өлең – қырда малшының, ойда диқанның ең бір жүрегіне жақын рухани алданышы”, - деген пікірі дәлел болатын сияқты [2, 10]. Қара өлеңнің функциясы сан салалы. Жиын-той, отырыстарда ең алдымен адамдардың бір-бірімен амандасуы, жөн сұрасуы, танысуы қызметін атқарған.

Жанрдың коммуникациялық қызметі туралы ғалым А.Сейдімбектің пікірінше: “ойын-той, сайран-сауықта бас қосқандар алдымен амандасу өлеңімен бастаған:

Сөзімнің кешіретін қаталарын,

Айтатын ақ жарлығын баталарын

Көп айлар көрмегелі көп күн болды

Аман ба ақ сақалды аталарың? ” [2, 35]

деп, дастарқан басында үлкен-кіші, алыс-жақын амандасып шығады.

Ойын-тойда ұшқыр ойлы өлеңшілер бас қосып, түрлі тақырыпты қара өлеңге арқау етеді. М.Әуезов қара өлеңнің бұл үлгілерін “Тау өлеңі”, “Жер өлеңі”, “Су өлеңі” деп тақырыбына орай, соза беруге болатынын айтады. Бұларға “Ата өлеңі”, “Шай өлеңі”, “Ет өлеңі”, “Қоштасу өлеңі” де қосуға болады. Мұндайда сол орта ғана түсінетін астарлы теңеулер, ұшқыр ойға ғана ілінетін тапқырлықтар тыңдаушы жұртшылықты үйіре еліктіріп отырады. Ерте заманда қара өлеңнің кезектесе айтылатын түрі көп болған [2, 37]. Қара өлеңнің түрлерін А.Сейдімбек М. Әуезовтің классификациясы бойынша топтастырады. Олар тақырыбына қарай “Тау өлеңі”, “Жер өлеңі”, “Ата өлеңі”, “Шай өлеңі”, “Су өлеңі”, “Ет өлеңі”, “Қоштасу өлеңі” деп бөледі.

Осы сияқты қара өлең түрлеріне “Жөн сұрасу өлеңі” және жоғарыда айтылған “Амандасу өлеңі” де жатады. “Жөн сұрасу өлеңі” атқаратын функциясы бойынша да, рәсімі бойынша да “Амандасу өлеңіне” ұқсас келеді.

Мәселен, жиын-той, отырыстарда ұшқыр ойлы бір өнерпаз “Амандасу өлеңін”

*Құндыздап киген киім жағаларын,
Тәңір артық жаратқан саналарын.
Көп айлар көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақыл айтар ағаларың* [2, 36]

- деп бастап, әуелі ағалармен амандасады. Дастарқан басында отырған ағаларынан жауап алған соң, осы үлгі бойынша өлеңге туған-туыс, жекжаттарын қосып барлығымен амандасып шығады.

Әдетте дәстүр бойынша адам амандасып болған соң жөн сұрасады. “Жөн сұрасу өлеңі” үлгілері түріне А.Сейдімбек мына өлеңдерді береді.

Мәселен:

*Жүргенде қараңғыда түн болады,
Жорытқан жер көкше қоян жүн болады
Адамға жөн сұрасу парыз екен,
Әуелі өз аттарың кім болады? –
десе қонақтар жағы:*

*Ауылың алыста жүр, жақында жүр,
Ақша қар жауайын деп бұлыттап тұр
Қалқатай сен сұрасаң мен айтайын
Айтолқын менің атым ұмытпай жүр”* [2, 36] деп жауап берген.

Қазақ қара өлең арқылы амандасып, жөн сұрасып, танысып отырған.

А.Сейдімбек бұл өлеңдердің барлығын әнге салып және жауаптасу түрінде айтылатындығын атап өтеді.

Жоғарыда келтірілген өлең нұсқаларына қарап ерте заманда қазақ мәдениетінде ауызша өнер – қара өлең сол дәуірдің үні деуге болады. Зерттеушілердің “Қара өлеңді көбінесе жастар орындаған” деген сөздерінде шындық бар. Себебі, ертеректе жас-кәрісіне қарамай ұшқыр ойлы, тілі шешен, өнерпаз адамдардың бәрі де өлең айта білген. Тіпті шай ішіп отырып та, ет жеп отырып та, алдарындағы астарына, айналасындағы адамдарға, төңіректегі

құбылысқа өлең арнаған. Бұған мысалды қара өлеңнен көптеп кездестіруге болады. Мысалы, төмендегі өлең дастарқан басындағы шайға арналған:

Ендеше езек безек, езек безек,

Бөрнекейдің бойынан тердім тезек

Төртеу ара келінті бір шыны шай

Кел төртеуіміз ішейік кезек-кезек [2, 58].

Бұл “шай өлеңінің” бір ғана нұсқасы. Тақырыбына қарай өлеңдер осылай аталған.

Қазіргі кезде жауаптасу түрінде айтылатын қара өлеңдер тек қана айтыс өнерінде жаңғырып, жандануда.

Қара өлеңнің тақырыбы жайлы жазушы, ғалым А.Сейдімбек: “Қара өлең – өмір тіршілігіміздің барша қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр” – дейді [2, 10].

Қара өлең халықпен бірге туып, бірге жасап келе жатқан соң, тақырыбы жағынан кең өріс алуы да заңды. Бұл жайлы ғалым С. Ақатаев “Инжу маржан секілді” жинағында: “Қара өлең өз шама-шарқы жеткенше дүние кілтін ашуға талпынады, кейде ашып та тастайды” -деген пікір келтіреді [7, 112 б].

С. Ақатаев қара өлеңді “дүние”, “жақсылық туралы”, “жамандық туралы” деп үш категорияға, ал мазмұнына қарай философиялық, этикалық және лиро-философиялық деп үш топқа бөледі.

Қара өлеңнің ой-тақырыбы, өмір-тіршілігіміздің барлық саласын қамтыған соң, осы күнде де көпшілік жиналған жерде, өз заманымызға сай қара өлеңдер туындап, айтыла береді.

1.2 Қара өлеңнің композициялық құрылымы

Қара өлең жанрының құрылысына тән өлшемі мен әуені және қалыптасқан формасы бар.

Бұл үлгі көпшілік алдында шығарылатын поэтикалық импровизацияға негіз бола алады. Осы тұста импровизациялық поэтика заңдары жүзеге асады. Мұның өзі ауызша және жазбаша болып екіге бөлінеді. Ауызша айтылатын қара өлеңдерде дайын сөз тіркестер, поэтикалық “қалыптар” ыңғайлы. Мысалы, қара өлеңдердегі қалыптасқан сөз тіркестер келесі тізбекпен қара өлең шумақтарында кездесе береді:

Айналайын қарағым асыл айым, қалқатайым, келдің қайдан т.б.

Алып келген базардан күміс құман, шәй тостаған т.б.

Қолымда бар қамшым.күмістенген, алтынданған т.б.

Көшкенде жылқы айдаймын даламенен, құламенен т.б.

Мінгенім дәйім менің сұржекейім, құла қасқа т.б.

Алыстан... Ат арбатып, сабылтып, терлетіп

Кішкентайдан бірге өскен... сәулем едің, беу, қарағым, құрбым т.б.

Домбыра екі ішекті қолға алайын, мойны ырғай-ды, бұрамалы, жұқа қақпақ.

Мұндай дайын поэтикалық құралдардың бар болғаны импровизациялауға

жеңілдік туғызады, және де қара өлеңнің белгілері бола алады. Бұл белгілер арқылы біз қара өлең сөздерін, басқа жанрлар сөздерінен ажырата аламыз. Қара өлең жанры кәсіби әндермен байланысты болғандықтан, кәсіби әнші-композиторлар өз шығармаларында қара өлең жолдарын пайдаланған. Мысалы, Біржан-салдың

“Жалғыз арша” әнінде кездесетін

Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,

Ғұмырың аз ба, көп пе, әлде қаниа? - деп келетін жолдар, қара өлеңнен алынған жолдар екеніне ешкімнің дауы жоқ. Әнші-композитор Мұхит Мералыұлының “Демалыс” әніндегі екінші шумақ түгелдей қара өлеңнен алынған:

Домбыра екі ішекті қолға алдым,

Сол үшін он екі алуан әнге салдым

Алыстан ат сабылтып келіп едім

Ақ жүзін бір көрсем деп қалқажанның

Кәсіби әндердің қатарына жататын кейбір халық әндерінде де қара өлеңнің сөздері пайдаланған. Мысалы, халық әні “Сұржекейде”

Мінгенім дәйім менің сұржекейім

Бүлкілдер әнге салсам көмекейім.

Немесе “Екі жиренде”,

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен

Ауылыңа барушы едім саламенен.

деп қайталайтын жолдар, кәсіби әндерде жиі кездеседі. Әрине, мұндай сөз тіркестердің көптеген түрлерін келтіруге болады.

Бұлардың көбісі елдің өмір-тіршілігін, күнделікті тұрмысын суреттейді. Ал қара өлеңдер ішінде терең ойлы, сезімге әсер ететін, үлкен тақырыптарды қозғайтын қара өлеңдер де аз емес. Бұлардың да бірінші тармағында қалыптасқан сөз тіркестері кездеседі.

Дүние ойлап тұрсам шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен.

Барында ақыл-естің тәубәңа кел,

Қызығы бұл дүниенің сол-ақ екен.

Дүние құдым сені жалықпай-ақ

Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ

Біреуге мал мен бақты қатар беріп

Біреуді қойдың Құдай жарытпай-ақ.

“Дүние” тақырыбы – қара өлеңдердің ішінде ең көп кездеседі. Өмірде көрген қиыншылықтарын, қуаныштарын – қара өлеңдер арқылы айтқан. Құдайға құлшылығында да, іштеріндегі шерлерін тарқатқанда қара өлең арқылы сыртқа шығып отырған.

Қара өлеңнің тағы бір көпке мәлім, кең тараған түрі – ән айтуға шақыратын қара өлең шумақтары:

Өлеңді айт дегенде айтамыз біз

Өтінсе өздеріңдей өнерпаз қыз...,

*Өлеңді айт дегенде кетем өрлеп,
Айта алмас жаман өлең тойда терлеп...*

Осы бір шумақта халықтық түсінік, ой бар. Көп ішінде бір ауыз өлең айта алмау жаман адамның қасиеті дейді.

Қара өлеңдердегі көбінесе тұрақты дайын қалпында қолданылатын сөз тіркестері, тармақтар мынадай болып келеді. Мысалы:

Ауылым көшіп барады... Алмалыға, Қоғалыға т.б.

Өлең деген немесе... өнерпазға, білген құлға, ой емес пе т.б.

Есік алды ... топ шеңгел, қарасу, жоңышқы т.б.

Келтіре берсек мысалдар ұзын тізбекке айналуы мүмкін.

Жоғарыда берілген тұрақты шаблондар, сөз тіркестер, бірінші тармақтағы “поэтикалық қалып” – қара өлең жанрын басқа жанрлардан айыратын бірден-бір құрал.

Ел ішінде қара өлең кең тараған. Сан ғасырлардан бері үзілмей, жиын-тойларда айтылып келе жатқан қара өлеңдер тақырыбы да, көтереген мәселесі де алуан түрлі.

Ғалым А. Сейдімбек қара өлең жинағына мың бір қара өлең үлгілерін енгізген. А. Сейдімбектен кейін, халық расынан екі мыңға жуық өлеңдерді жинап, алғы сөзін жазып, жазушы О. Асқар 1989 жылы кітап етіп жариялады. Бұл жинақ 1997 жылы екінші рет жарық көрді. Екінші жинақта – автор қара өлең үлгілерін “Амандасу-танысу өлеңі”, “Тәлім өлең”, “Тау өлең”, “Қымыз өлең”, “Шежіре өлең”, “Шариғат өлең” деген тақырыптық жағынан топтастырып берген.

Қара өлең өз айтар ойын бір шумақта ғана айтады, өлеңнің ойы келесі шумақта жалғаспайды. Он бір буынды қара өлеңде белгілі бір ой өзінен бұрынғы және кейінгі келетін шумақтарға тәуелсіз болады.

Жоғарыда айтқандай, қара өлеңнің тақырып аясы өте кең. Қара өлең адам қоғамындағы барша өмір салтының, салт-дәстүрінің, моральдық-этикалық нормаларының, сұлулық, батырлық, адамдық т.б. туралы таным-түсініктерінің, сезімдері, жай-күйлері сан-саналы тақырыпты қамтиды.

Мәселен:

Мына заман қай заман соқта заман,

Мұнан басқа қызығың жоқ па, заман.

Мұнан басқа қызығың жоқ болса егер,

Ойнап-күліп қалайық тоқта, заман, [4] -

деген жолдарда өмірдің ауыр – тауқыметін белшесінен кешіп жүрсе де, мойымайтын, сол ауыр-тауқыметке өзінің оптимистік рухын, сергек те сезімтал көңілін қарсы қоя алатын адамның тұлғасы тұрса,

Жолықсаң біздің жақтың тентегіне,

Өмірдің қарамайды келтегіне.

Қонаққа жалғыз атын сойып беріп,

Жүген ұстап қалады ертегіне, [4] -

деген шумақ көшпелі тұрмыстың өмір сүру тәсіліне айналған салт-дәстүрін танытады. Одан әрі ұласып, тұтас этикалық рәсімнің орныққан нормасын білдіреді.

Бойың түзу мылтықтың теміріндей,

Көзің қара ағаштың көміріндей.

Жақсыменен бір болған жалғыз сәтің,

Жаманның өтіп кеткен өміріндей, [4] -

деген жолдар әр қазақ қызының бітім-болмысына тән ортақ сұлулықты образды теңеумен тап баса береді. Бұдан басқа:

Белбеуім белімдегі он екі кез,

Шетіне әсемдікпен салдырдым жез.

Жолымды Құдай менің оңдайды екен,

Жанына жақсылардың келіпін кез, [4]-

деп көңіл-күйін толғайды.

Қағаздың қасың сұлу сиясындай,

Тоғайдың мойның ұзын миясындай

Қолымды қайтсем саған жеткіземін

Сұңқардың жатқан жерің қиясындай, [4] – деген шумақ қыз көркіне үздігіп отырған жігіт былай тұрсын сол суреттей сұлулыққа өзгені де күмәнсіз сендіре отырып, көрікті қызға қол жеткізудің оңай еместігін қиядағы сұңқардың ұясына теңейді.

Қара өлеңде ең мол кездесетін тақырып – махаббат, ғашықтық тақырыбы. Ғашықтықты білдіретін сағыныш, аңсау, тілек-талаптар, сыны мол шарттар, адалдық пен кісіліктің үлгілері, мінез-бітімі, тіптен киім кию үлгілеріне дейін қара өлеңге тақырып болады. Бұл орайда қара өлең айтушы-тыңдаушыны эстетикалық әсерге бөлеп қана қоймайды, сол қара өлеңді тыңдаған әлеуметтік ортаны реттеуші, пиғыл-ниетін ізгілендіретін қызмет атқарады. Қара өлеңді өміршең ететін де, қанатты өнер деңгейіне көтеретін де қасиет – осы. Кез келген әнші суырылып шығып:

- Ой, Алтай, басың биік, шөбің сұйық,

Ойнайды бауырыңда арқар, киік.

Кір жуып, кіндік кескен, қайран Алтай,

Кетеді сені ойласам ішім күйіп, -

деп, шырқап қоя берсе, бұл өлең еш уақытта сол әншінің ғана сезімі болып қабылданбайды. Асыл өнерді дүйім жұрттың ортақ сезімнің игілігіне айналдырады. Алайда қара өлеңнің ең бір типті қасиеті – жаңағы жақсы әнді тыңдағандағы көпке ортақ сезім күйі бар, сол әрбір субъектіні жеке басының мұңы мен сырындай тебірентеді. Бұл қасиет жазба әдебиетте, фольклорлық әдебиеттің кейбір жанрларында бола бермейді. Оларда тарихи белгілі жағдай суреттеліп немесе тарихта болған адамның сезім-күйі мен бастан кешкен оқиғасы нақтылы көрініп тұрады. Оқушы-тыңдаушы мұндай шығармаларға сырт көз ретінде қарап отырып, жақсысынан үйренеді, жаманына жиренеді. Ал қара өлеңде әркім өзінің ғана арман-мұңын жеткізіп отырғандай, әрі

тыңдаушысын ұдайы құптайтын күйге түсіріп отырады. Мұның сыры көшпелі өмір салтында әлеуметтік-мәдени идеалдық біртұтас болғандығынан.

Қорыта айтқанда, қара өлең – қазақ халық ауыз әдебиетінің бір кең тараған, өміршең жанры болып табылады. Бұл жанрдың негізгі белгілері:

бірінші – қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады;

екінші – осы өлеңнің 1-2-4 жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқаспай, бос қалады;

үшінші – қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой айтылады;

төртінші – әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады;

бесінші – қара өлең көбіне жұртқа таныс, көп құлағына сіңген, жарым-жартысы жаттанды жолдардан, теңеу, салыстырулардан тұрады;

алтыншы – қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді;

жетінші – қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора- жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді;

сегізінші – қара өлең қалың көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір ән сазына кез келген қара өлеңді ыңғайлап, айта беруге болады.

Жұмысымызда қара және өлең деген сөздердің этимологиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде талданды. «Қара» сөзінің «ескі», «көне» және «қасиетті» өлең деген ұғымдарды білдіретіні анықталды. «Қара өлең» дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді деген қорытынды жасалды. Сондай-ақ қара өлеңнің тақырыптық-стильдік ерекшеліктері анықталды.

1.3 Тарихи өлеңдердің көркем-семантикалық және типологиялық сипаттамасы

Халық поэзиясына байланысты, қазақ өлеңдерінің тұрмыс-салтпен байланыстылығы ғылымда біршама зерттелген. Бұл орайда қазақ халық өлеңдерін жан жақты зерттеген Б. Уахатов халық өлеңдерін былайша классификациялауды ұсынған:

1. Еңбек-кәсіппен байланысты өлеңдер (аңшылық, төрт-түлік, наурыз).
2. Наным-сенім өлеңдері (бақсылар сарыны, арбау-байлау өлеңдері).
3. Әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер (балалар өлеңдері, үйлену салт өлеңдері, мұң-шер өлеңдері).
4. Лирикалық өлеңдер (қара өлең, тарихи өлеңдер).

Ғалымның жоғарыдағы жіктеулеріне дейін А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.О.Әуезов, Л.Соболевтер жүйелеулері болса, бұдан кейін С.Қасқабасов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, Г.Болатовалар халықтық

лириканы жанрлық жағынан жіктеді. Бұнымен қатар, кейінгі К.Матыжанов зерттеуінде «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» атты жаңа атау қалыптасып, онда әлпештеу фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры, азалау фольклоры деп бөлініп, оған қандай өлең-жырлар жататындығы көрсетілді. Қазақ фольклортану ғылымында тұрмыс-салт жырлары, әдет-ғұрып немесе отбасылық ғұрып поэзиясының түрлері біршама орнығып, жан-жақты ертелі-кеш зерттеліп жатқаны мәлім екендігін атап кеттік. Халық өлеңдері саласының ендігі бір маңыздысы лирикалық өлеңдер екені белгілі. Бұл тұрғыдан жоғарыдағы аталған ғалымдар пікірлері әр кез, әр шақта айтылып келді. Бұл мәселеде А.Сейдімбек, М.Тілеужанов зерттеулерінде қарастырылып, қара өлең табиғатына байланысты зерттеулер жүргізілді. Жанрлық тұрғыдан тұжырымдар жасалды. Негізінен халықтық лирикалық өлеңдерді төмендегідей түрде жіктеу қажет екендігі назар аударарлық:

1. Қара өлең.
2. Ән өлең.
3. Тарихи өлең.
4. Хат өлең.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты мәдени өмірде сандаған оң өзгерістер болды. Соның ішінде қазақ фольклорындағы дінге қатысты мұралар және тарихи жырлары жан-жақты зерттеле бастады. Бұл мақсатта қазақ тарихи жырларына қатысты З.Сейтжанұлы, Б.С.Рақымов, С.Сакенов, Г.Рымбаевалар пайымды зерттеулер жүргізді. Қазақтың халықтық лирикалық өлеңдерінің бірі – тарихи өлеңдер. Тарихи жырды зерттеуші ғалымдар бұл мәселеге шолу түрінде назар аударып, тарихи өлеңдердің зерттелуі қажеттігін ескертіп отырды. Жанрлық ерекшелігіне қатысты ғылыми бағалы пікірлер айтыла бастады.

Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері туралы жан-жақты тоқталып, жанрлық классификациясын жасаған зиялылардың бірі Х.Досмұхамедұлы. Оның ауыз әдебиеті үлгілерін 46 түрге бөліп көрсетуі аса зор еңбек екені даусыз. Халық ауыз әдебиетіне қатысты Х.Досмұхамедұлы ұсынған классификациясында тарихи өлең атауы тарихи жырларға қатысты қолданылған. Кезінде бұндай жағдай М.О.Әуезов, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде де болғаны мәлім. Солай дей тұрсақ та, Х.Досмұхамедұлы классификациясында тұрмыс-салтқа қатысты өлеңдерді жіктеп келіп, мынадай халық өлеңдеріне тоқталған. «Патша және Қоқан үкіметіне қарсы және шенеуніктердің бассыздығына қарсы қоздырушы, намыстандырушы өлең» [2], – деп жүйелеп, ол өлеңдер бастауы «Зар заман толғаулардан» алатындығын бөліп көрсеткен.

Тарихи өлең өзге халықтық лирикадан мазмұнынына тарихи оқиғалардың арқау болуымен ерекшеленеді. Ел өміріндегі маңызды сәттер мен ерекше ерлік көрсеткен тұлғаларды сипаттап, халық басынан өткен оқиғаларды дәлме дәл береді.

Осы ерекшелігіне қарап, бұл жанрды жедел (оперативті) жанр деуге болады. Батырлық және тарихи жырлардың бірқатары дәл осы тарихи өлеңдердің негізінде қалыптасқан. Кейбір тарихи өлеңдер тұрақты әуенмен орындалады.

Соның бір мысалы – «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын «Елім-ай» өлеңі.

Бүгінгі күнге дейін жеткен тарихи өлеңдердің ең көнесі ретінде Дайырқожа мен Жошының қайтыс болуына байланысты туған өлеңдерді айтуға болады. Кейінгі кезеңдерде туған шығармалар да бар, олар нақты оқиғаларға құрылып, тарихи тұлғалар бейнесін береді. [11, 53-54 б].

Қазақ фольклортану ғылымында тарихи өлеңдерден XIII ғасырдан бергі тарихи оқиғалардың айқын ізін көруге болады.

Тарихи өлеңдердің басым бөлігі – бай фольклорлық мұрамыздың бір тармағы ретінде аралас түрде жеткені белгілі. Тарихи өлеңдердің тамырларын V–VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен кездестіруге болады. Кейінгі қарлұқтар, оғыз-қыпшақ одағы, Қарахан мемлекеті, Жошы ұлысы, Алтын Орда, Ақ Орда мен Қазақ хандығы дәуіріндегі нақты тарихи оқиғалар да тарихи өлеңдердің тууына негіз болған.

Қазақтың тарихи өлеңдерінің мазмұны мен жанрлық сипаты, композициялық құрылымы – арнайы зерттеуді қажет ететін жеке сала. Халқымыздың қоғамдық және мәдени дамуына орай, тарихи өлеңдердің тууы және таралуында ерекшеліктер бар. Мәселен, орыс халқының тарихи өлеңдері (мысалы, солдаттық, рекруттық өлеңдер) бірнеше ғасыр бойы ыждағатпен жиналып, қайта-қайта жарияланып отырған. Әр дәуірдің тарихи тынысын танытатын, толық күйінде емес бөлшек-бөлшек сақталған өлеңдерден шынайы тарихи оқиғаларды, жағдайды аңғару оңай емес. Мысалы, Қодан тайшының баласы Дайырқожаның қазасына байланысты шығарылған жоқтаудан тарихи өлеңге тән сипаттар мен нақты тарихи оқиғаның ізі көрініс табады.

Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,

Сексен асып таяғанда тоқсанға,

Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!

Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының,

Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың!

Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным. [1]

Тарихи өлеңдердің бүгінгі күнге жеткен үлгілері көлем жағынан ауқымды болмағанымен, маңыздылығы мен құндылығы тұрғысынан ерекше мұралар санатына жатады. Солардың ішінде бүкіл қазақ жұртының жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген әйгілі шығарма – «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі. Бұл туынды – ел басына төнген ауыр кезеңнің көрінісі. Қоғамдық-тарихи мәні бар дереккөз ретінде танылады. Себебі, бұл өлең 1723 жылғы жоңғар басқыншылығы кезінде қазақ халқының тартқан азабы мен қайғысын аса әсерлі түрде сипаттайтын бірегей туынды ретінде бағаланады. Жаудың кенеттен жасаған, жойқын шабуылы алауыз қазақ еліне қандай ауыр соққы әкелгенін тарихи материалдардан білсек, өлең адамның ішкі жан-дүниесіндегі қасіретті, ел қайғысын білдіреді.

... Қаратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айырылған жаман екен,

Қара көзден мөлдіреп жас келеді, [4]

– деп басталған өлең атадан балаға жатталып, тарихтың нағыз шыншыл куәсі ретінде ұмытылмай жеткен.

Әке мен бала, ана мен қыз, аға мен іні бір-бірінен ажырап, әркім өз басын аман сақтап қалуға тырысты. Қорғануға дәрмені жетпеген ел жауға қарсы тұра алмай, «бауырдан айырылған» ар-намыс, қорлық пен өкінішке, көз жасы көл болған ауыр шақтың шындығы өлең мазмұнына арқау болған.

Ел басындағы қайғы-қасірет шумақтан-шумаққа өткен сайын күшейіп отырады.

Қай заман, мына заман, қысқан заман,

Дәулет құсы басыңнан ұшқан заман.

Аспаннан топырақпен шаң борайды,

Қаңтардағы күн суық қыстан жаман [4].

«Елім-ай» – халық туындысы. Ел басына ауыр күн туғанда халықтың өз еліне деген сүйіспеншілік сезім арта түсіп, соны ән қуатымен сыртқа шығарып отырған. «Елім-ай» осындай кезеңде туып, сан рет қайта өңделіп, халықтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, сол арқылы қайғы-қасіретін бойына жинақтаған қайғылы ән.

Мұнша қысым қылдың ғой қатты, құдай,

Қабырғама қара жер батты, құдай.

Жаяу жүрсем, табаным ауырады,

Тым болмаса бермедің атты, құдай. [4]

Тарихи өлеңдерде ел басынан өткен оқиғаларға берілген баға мен көзқарас көрініс табады.

«Қаратаудың басынан көш келеді» деген тарихи өлеңді көлемді дастанның бір бөлігі ретінде қарастыратын ғалымдар да бар. Соңғы уақытта бұл туындының бастапқы нұсқасын Тобықты Топыш ақын жеткізген деген көзқарас жиі айтылып жүр. Аталған нұсқа 86 жолдан құралған. Онда елдің «Ақтабан шұбырынды» кезеңіне тап болуы жан-жақты суреттеліп, қазақ халқының жеңіліске ұшырау себептері баяндалады және жұрттың болашақтан үміт күткен сенімі бейнеленеді.

«Елім-ай» замана елегінен өте келіп ұшталған, шындалған, халық шығармашылығының ұжымдық қуатымен барынша көркемделген, айрықша айшықталған, үлкен рәміздік мән-мазмұнға, қазақ халқының белгілі бір тарихи кезеңіндегі әнұранына айналған құдіретті ән, мұнды әуен.

Үрей басылып, қайғының ащы дәмін татқан елдің «қалай жауды жеңеміз?» деп тығырықтан шығар жол іздеуі – заңды құбылыс. Елдікті сақтап қалу, жау қолындағы жерді қайтару, қорланғанды қорғау, тозған жұртты қайта жинаудың жалғыз жолы – бірлік пен татулық екенін түйсіну – бұл өлеңнің негізгі идеялық бағыты ретінде көрініс тапқан.

Боларсың бірін артық, бірін кем де.

Біріңді-бірің сүйе сүрінгенде.

Ынтымақ, ауыз бірлік қып жүрсендер,

Арзисың аз да болсаң, рулы елге...

Бұл тарихи әннің маңызды идеясы – халықтың ата-қоныстан айрылмауы, тұрақты жасақ ұстауын аманат етуі. Қазақ елі үшін Қаратаудың атауында үлкен мән бар. Себебі, XV ғасырдан бері «қазақ» атауымен қалыптасқан ұлттық әкімшілік, мәдени әрі рухани тірегі Қаратау мен Түркістан өңірі болғаны тарихтан мәлім. Аталған тарихи өлең осы ақиқат көріністі де сәтті жеткізе білген.

Ұмытпа, Алаш, қазақ ұранынды,

Бойыңнан үзбе халқым, құралыңды.

Артыға өлеріңде өсиет қыл,

Халық боп Қаратауда құралуды... [1]

«Қаратаудың басынан көш келеді» – тарихтың аласапыран оқиғаларынан нақты дерек берген, танымдық, тәрбиелік мәні зор көркем мұра.

Бұл өлеңге үндес түрлі жоқтау өлеңдер де жоңғар шапқыншылығы кезеңінде дүниеге келген. Жанрлық тұрғыдан сәл өзгешелеу болғанымен, шығарма халық басынан өткерген ауыр жағдайды бейнелейді: мазмұны нақты, оқиғалар шынайлы.

Қайран да қайран, қайран тау,

Маған тиген пайдаң тау,

Әкем күйеу болған тау,

Енем келін болған тау,

Кетейін деген ойым жоқ,

Айналасы толған жау...

Орта Азия хандарының қазақ халқына жасаған түрлі озбырлығы тарихи өлеңдерде өз ізін қалдырған. Әр кезеңде қазақтың жекелеген өңірлеріне үстемдік жүргізіп, әділетсіздік танытқан Қоқан мен Хиуа хандары жайлы халық ауыз әдебиетінде көптеген туындылар бар. Сол шығармалардың кейбірі мазмұны мен құрылымы жағынан тарихи өлеңге жақын. Мысал ретінде “Қоқан ханына Жанкісі жыраудың айтқаны” атты өлеңді атауға болады. Бұл туындыда Арқадан түрлі себеппен қоныс аударып, Қоқан билігіне қараған қазақтардың көрген зорлығы мен қысымшылықтары сөз болады. Арнау түрінде жазылғанымен, нақты есімдер мен тарихи оқиғалар арқылы белгілі бір кезеңнің көріністері бейнеленген. Өлеңде XIX ғасырдағы Қоқан билеушілерінің іс- әрекеттері нақты сипатталады.

Отыра зекет деп алады,

Қошақ зекет деп алады...

Айтайын десең ұрады,

Ұрмақ түгел қырады...

Алдына салып айдайды,

Ашулансаң, байлайды,

Хакімі жоқ қазаққа,

Теңдік жоқ деп ойлайды.

Алса малға тоймайды,

Біз жиласақ, ойнайды,

Ел ішінде ажарлы,

Қыз-қатынды қоймайды... [1]

Қазақтың тарихи өлеңдері тақырыптық жағынан әр алуан болғанымен, барлығы да нақты тарихи оқиғалар негізінде пайда болған. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысындағы патша әскерлерінің Оңтүстік Қазақстанды басып алуы жайлы деректер де өлең түрінде сақталған. Соның бірі – “Ақмешітті алғанда айтылған өлеңнен”. Бұл өлеңнен қазақ елінің Қоқан билеушілеріне деген наразылығы, олардың озбырлығынан құтылу үміті айқын сезіледі.

*Орыстың күш-қуатты әскерлері,
Ұрысып Қоқандықты қылды әлек...*

деген жолдарда соғыстың барысы белгілі. Өлеңнен сол дәуірдің нақты деректері молынан ұшырасады. (Обручев губернатор болып өтті, Патшаның әмірімен қайтып кетті...).

Келесі шумақтарда орыс әскерінің басымдығын көрген қоқан әскерінің жай күйі айтылады.

*Қоқанның хакімдері залым болды,
Әр жұртқа залымдығы мәлім болды,
Үстіне орыс әскер барғаннан соң,
Бұрынғыдай болмады, гүлі солды...*

Бұдан кейін орыс-қоқан әскерлерінің шайқасы өте анық, деректі баяндалады...

*Қоқандық екі келіп ұрыс салған,
Атысып, үш күн ғана тұрыс қылған.
Биқисап қазынасын алып қалып,
Кісісін екі мыңдай қырып салған...*

Тарихи өлеңнің айрықша құндылығы – бұл өлеңдер өткен дәуірдегі оқиғалардың ерекшелерін, кейде ресми құжаттарда немесе аңыздарда кездеспейтін нақты деректері мен құпияларын ашып көрсетеді. Мысалы, патша әскерінің Ақмешітті жаулап алғаннан кейінгі халықтың көңіл-күйін төмендегі шумақтан байқауға болады.

*...Есітіп бұл хабарды ел қуанды,
Көңілінде қайраты бар ер қуанды.
Губернатор құзіретін дұға қылып,
Көп қазақтар құдайы берді малды.*

Енді бір өлеңдерде патшаның жергілікті әкімін өлтіріп, қарақалпақ жеріне ауған қазақтардың халі баяндалады. Оқиғаның қалай болғаны, салдары қандай болғаны нақты баяндалған өлең аса бағалы. «Қылмысты» болып қашқан жігіттің:

*Көзімнен аққан жасқа жүзеді үйрек,
Тайсойған, Қызылқоға, қалды Бүйрек.
Патшаға бір қылмысты болып кештім,
Көзіне уезнойдың найза түйреп,*

– деген сөздерінен басталған өлең әлеуметтік өмір қайшылықтарын кеңінен ашады. Патша әкіміне қарсы әлгіндей батыл әрекет оңайлықпен тумаса керек. Мұның себебін өлеңнің келесі жолдары анықтай түседі.

*...Аяғы Бұлдыртының тұзды көлді,
Қоныстан күдерімді үздім енді.*

*Патшаның жарлығына көнбеген соң,
Тентек деп патша құды біздің елді...*

Бұл өлеңнен патшаның отаршылдық саясаты тудырған зорлықтың үлкені – бейбіт елді қит еткенге кінәлі етіп, жерінен, қонысынан айырғаны өлеңге арқау болған. «Тарихи өлең әдебиеттің дәстүріне тән туа отырып, мезгілдің өзіне сай шындығын неғұрлым қайталанбас қуатпен суреттейді» [12, 279- б].

XX ғасырда тарихи өлең мен тарихи жырларды кең көлемде жинап, ғылыми тұрғыдан зерттеу мүмкіндігі туды. 1920-30 жылдары ұлттық фольклорымыз кең көлемде зерттеу нысанына айналды. Фольклорды жинау және зерттеуде Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин сияқты ғалымдар мен жазушылардың еңбегі ерекше маңызды болды. Олар батырлар жыры мен тарихи жырларға ерекше ден қойды. Оларды жинау, жариялаумен айналысты, зерттеп, бұл жырларды халық тарихын бейнелейтін шығармалар деп таныды. Сонымен бірге қазақ фольклорын жүйелі түрде талдап, терминологиялық ұғымдарын қалыптастырды. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» тарихи жыр мен тарихи өлеңнің бөлек жанр екенін атап көрсетті. Ол: «Тарихи жыр – тарихта болған нақты оқиғалар жайлы өлеңмен айтылған сөздер. Қазақтың өз тілімен жазылған тарихы жоқ болса да, қазақтың басынан өткен оқиғалар мен қазақтан шыққан адамдар туралы басқа халықтардың тарихында жазылған мәліметтер бар. Халықтың есінен кетпеген, қазақтың басынан өткен оқиғалар туралы өлеңдер тарихи жырға жатады. Мысалы, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» секілді өлеңдер тарихи жыр болып табылады», - деп жазады. [12]

Қазақ фольклорының құрамындағы тарихи шығармалардың үлкен бір топ құрайтынын Халел Досмұхамедұлы пайымдаған. Ғалым «тарихи жыр» деген атауды қолданбайды. Батырлар жырынан өзгеше эпикалық туындыларды «тарихи өлеңдер» деп атап, олардың үлгісі ретінде бірнеше тарихи жырды келтіреді. Х. Досмұхамедов: “Қазақ халық әдебиетінің арналы саласы – батырлық жырлар (Героический эпос) мен тарихи өлеңдер (исторические песни).

Батырлық жырларда әртүрлі, көбінше аттары аңызға айналған Қобыланды, Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази, Ер Тарғын т.б. Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың іс-әрекеттері суреттеледі.

Ал тарихи өлеңдерде белгілі бір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, әрине көптеген әсірелеу, әспеттеумен, негізінен жоңғарларға және орыс империалистеріне қарсы қазақтардың бас бостандығы үшін күрескен кездегі тұлғалар жырланады. Кенесары, Исатай, Бекет және басқалар туралы өлең-жырларды мысалға келтіруге болар еді. Көптеген батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер нағыз эпопея болып келеді” [11, 26 - б.].

1927 жылғы кітабында «тарихи жыр» терминінің орнына «тарихи өлең» атауын Мұхтар Әуезов те қолданып, оған Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырларды жатқызған. Кейін, 1939 жылы, М. Әуезов Л.Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде тарихи жырды жеке жанр ретінде бөліп алып, оның негізгі сипатын ашып берді, сондай-ақ бұл жанрдың шығу мерзімін, қалыптасу процесін болжаған.

«Қазақ эпосында батырлар жыры мен ғашықтық жырларға қоса тарихи жырлар да мол. Бұл жырлар ХҮІІІ және ХІХ ғасырларда, әсіресе, кең өрістеп дамыған» [13] – деп М. Әуезов тарихи жырдың өз алдына жеке жанр екенін айрықша атап көрсетеді. “Бұл тарихи жырлардың, - деп жазады әрі қарай М. Әуезов, - дәстүрі тереңде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сибирь тайпаларының ру аралық тартысы кезіндегі шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады» [14].

М. Әуезов тарихи жырдың дербес жанр екенін айқын көрсетіп, ол жайында: «Бұл жырлардың барлығы, ертеде шыққандары да, кейінгілері де – нақты тарихи оқиғаларға негізделген, ал негізгі кейіпкерлері – тарихта болған тұлғалар. Жырлардың авторлары – көбіне сол оқиғалардың куәсі болған замандастары. Авторлар өз көзімен көріп, бастан өткізген оқиғаларды уақытына қарай ретімен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық өзгешелігі – мұнда оқиғаларды бейтарап баяндаудан гөрі, автордың тікелей әсері араласқан субъективтік бағасы басым» деп жазады [14].

Ғалымдардың пікірінен тарихи жырда батырлық эпостың біраз элементтерінің аралас жүретінін аңғаруға болады. Тарихи өлеңдер оқиғаның ізінше дүниеге келеді. Ол қатысушының көрген-білгендерін, оқиғаға қатысты тұлғалардың ерлік әрекеттерді сипаттау мақсатында туады. Тарихи өлең әр уақытта туып отыратынын Ахмет Байтұрсынұлы 1879-1880 жылдардағы «Қоян жылының» жұты туралы өлеңін айтуға болады. [15].

С.Сейфуллин тарихи жырды жеке жанр деп қарастырмай, батырлар туралы шығармаларға қосқан. Ғалым бұл жанрды эпос тарихымен бірге зерттеген. [11]

Ғалым С. Мұқанов және Ә. Марғұлан да тарихи жырды батырлық эпостан бөліп қарамаған.

Ә. Марғұлан “Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы” деп аталатын еңбегінде ол батырлар жырының шығу тарихын зерттей отырып, жырларды бес кезеңге бөледі. Соның ішінде кейінгі дәуірлерде туған шығармалар ретінде төртінші және бесінші кезеңге – ХҮІІ-ХҮІІІ және ХІХ ғ. туған тарихи жырларды жатқызады. Мысалы, төртінші кезең қалмақ шабуылдары тұсы. Бұған ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы “Құба қалмақ”, сол замандарда өмір сүрген Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай батырлар туралы жырлар жатады десе, бесінші кезеңге қазақтардың ХІХ ғасырдағы хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресін көрсететін Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет туралы жырлар енеді деп есептейді [16]. Сонымен бірге ғалым кейінгі кезде, яғни ХІХ ғасырда туған жырларда тарих іздері айқын екенін көрсетіп, ендігі жерде тарихи өлең пайда бола бастайды деген болжам айтады.

Әлкей Марғұланның батырлар жырының шығу тарихын кезеңдерге бөлуі қазақ эпосының тарихи дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Ол әр дәуірдің ерекшеліктерін ескере отырып, эпостық шығармалардың мазмұны мен құрылымын талдаған.

Қ. Жұмалиев тарихи жырларды зерттей отырып, оларды кейде «тарихи поэма» деп атағанымен, бұл терминнің дәл еместігін байқаған. Ол тарихи жырдың батырлық эпостан ерекшелігін нақты тарихи оқиғалар мен шынайы

тұлғаларға негізделуінде деп түсіндіреді. Батырлық эпоста қиял-ғажайып элементтер басым болса, тарихи жырда нақты деректер мен оқиғалар сипатталады. Сонымен қатар, тарихи жырлар көбінесе оқиғаға куә болған адамдардың айтуымен пайда болды, бұл олардың шынайылығын арттырады. Осылайша, Қ. Жұмалиев тарихи жырды дербес жанр ретінде қарастырып, оның өзіндік ерекшеліктерін айқындаған [17].

Қ.Жұмалиевтің сөзімен айтсақ, “бұл екеуінің негізі бір, екеуінің де түбінде тарихи уақиға жатады. Бірақ эпостық жырлардың қаһармандарды атса оқ өтпейтін, шапша қылыш өтпейтін, суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін қасиеттері бар және Бабай түкті Әзиз, қырық шілтен тәрізді бағып жүретін иелері бар адамдар болып суреттелсе, тарихи жырлардың қаһармандары олардай емес, ер жүрек, күш-қайраты мол, оқ өтіп, қылыш кесетін қарапайым адамдар. Тарихи жырлардың уақиғалары да осы тұрғыдан құрылады. Тілі жағынан алағанда да батырлар жырлары мен тарихи жырлардың айырмашылығы бар” [17].

Қ. Жұмалиев тарихи жырларды «тарихи поэма» деп атағанымен, бұл терминнің дұрыс болмағанын атап өткен жөн. Дегенмен, ол тарихи жырларды жеке жанр ретінде қарастырып, олардың батырлық эпостан айырмашылықтарын нақты көрсеткен.

Қорыта айтқанда, Қ. Жұмалиев тарихи жырларды жеке жанр ретінде қарастырып, олардың батырлық эпостан айырмашылықтарын нақты көрсеткен. Тарихи жырлар шынайы оқиғалар мен адамдарға негізделіп, халықтың тарихи жадын сақтауға қызмет етеіндігін пайымдаған.

Е. Ысмайылов тарихи жырларды жеке әдеби жанр ретінде қарастырып, олардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін айқындаған. Ғалым тарихи жырларды тарихи оқиғалар мен нақты тұлғаларға негізделген шығармалар ретінде сипаттап, оларды хронологиялық кезеңдерге бөліп қарастырған. Мысалы, ол тарихи жырларды төрт дәуірге жіктейді: орта ғасырлар, XVIII ғасыр, XIX ғасыр және XX ғасыр [18]. Бұл кезеңдердегі жырлар халықтың әлеуметтік жағдайы мен тарихи оқиғаларға деген көзқарасын бейнелейді. Е. Ысмайыловтың зерттеулерінде тарихи жырлардың батырлық эпостан айырмашылықтары да көрсетілген. Батырлық эпоста қиял-ғажайып элементтер басым болса, тарихи жырларда нақты тарихи оқиғалар мен тұлғаларға негізделген шынайылық басым. Мысалы, батырлық жырларда кейіпкерлердің ерлігі әсіреленіп, олар адамнан тыс қасиеттерге ие болса, тарихи жырларда кейіпкерлер нақты тарихи тұлғалар ретінде суреттеледі [18]. Ғалымның бұл еңбектері тарихи жырлардың әдебиеттегі орнын анықтауға және олардың жанрлық ерекшеліктерін түсінуге үлкен үлес қосты.

Тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың арасындағы айырмашылықтар Е.Ысмайылов еңбектерінде ерекшелене бастаған. Тарихи жырларды дәуірлерге бөле отырып, ғалым 1916 жылғы поэзияның өзгешелігі барын аңғарған арнайы мақала жазып, 1940 жылдары «1916 жыл» деген жинақ шығарады. Көтерілістердегі қайғы, мұң-шер өлеңдері пайда болғанын көрсеткен де Е.Ысмайылов болатын.

1916 жылғы тарихи өлеңдерге қатысты Б.Кенжебаев, Х.Ищанов, М.Жармұхамедов еңбектерінің жарық көруі тарихи өлең мен тарихи жырлардың шығу тегі мен пайда болу заңдылығын ашуға ықпал еткендігін пайымдауға болады.

Ал 1960 жылы жарық көрген “Қазақ әдебиетінің тарихында” тарихи жырлар үш топқа бөлініп, қарастырылған: ХҮІІІ ғасырдағы тарихи өлең, аңыз-әңгімелер және жыр сарындары (авторы Н.Смирнова); ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар, Жанқожа батыр жайындағы жырлар, Бекет батыр жайындағы жырлар, Досан батыр жайындағы жырлар (авторы Б.Шалабаев), 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы: революциялық тарихи жырлардың туып дамуы, Амангелдінің ерлік тұлғасы, Бекболат бейнесі, Майдан өмірін суреттеу, көтеріліс туралы лирикалы жырлар (авторы Е. Ысмайылов) [11].

Бұрынғы, 1948 жылы шыққан әдебиет тарихына арналған кітаппен салыстырғанда өзгертер бар. Мұнда, біріншіден, Абылай, Сырым туралы шығармалар сөз болады; екіншіден, Кенесары, Наурызбай жайындағы жырлар жоқ; үшіншіден, Саржан, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай батырлардың бейнесі мүлде талданбаған.

Бұл екі кітапта да тарихи жыр, аңыз, өлең аралас қарастырылады және тарихи жыр ХҮІІІ ғасырда ғана пайда болды деген тұжырым жасалады.

Тарихи жыр туралы зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Б.Кенжебаев. Ол эпос пен тарихи жырдың айырмасы бар екенін, бұл екі жанрдың шығу тегі, тарихы туралы “Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері” атты еңбегінде қарастырады [11, 37- б.].

Б. Кенжебаев тарихи жыр мен батырлық эпостың айырмашылығын көрсетіп, тарихи жырлардың ерекшеліктерін айтады. Мысалы, Абылай хан туралы жырларда оның өмір сүрген уақыты, соғыстары мен хан сайлануы туралы тарихи деректер бар. Ғалымның пікірінше жырлар нақты оқиғалар мен тұлғаларға негізделіп, олардың өмірі мен ерліктерін шынайы түрде бейнелейді. [11.37]. Зерттеушінің бұл зерттеулері қазақ әдебиетінің жанрлық жіктелуін терең түсінуге мүмкіндік беріп, тарихи жырлардың әдебиеттегі орнын айқындайды.

Б. Кенжебаевтың тарихи фольклорлық шығармаларды зерттеу жұмыстарының ішінде 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған халық поэзиясына арналған ғылыми еңбегінің орны бөлек. [19] Зерттеуші алдымен тарихи оқиғаларға тоқталады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тек Қостанай, Торғай мен Жетісу өлкелерінде ғана емес, Қазақстанның барлық аймағында болғанын мысалдармен дәлелдейді, тың туындылар тауып, ғылыми талдаулар жасайды.

Ғалым 1916 жыл оқиғаларына арналған өлеңдер ежелгі батырлық эпос пен кейінгі тарихи өлеңдер дәстүрлерін жалғастырады деген ой айтқан. Б.Кенжебаев 1916 жылғы халық поэзиясы өзінің жанрлық құрамы жағынан өте бай екенін, онда мынадай жанрлардың кездесетінін анықтайды: дастан, ерлік және лирикалық өлеңдер, арнау, үндеу, сәлем хат, мұң-шер лирикасы. Автордың ойынша, арнау, үндеу, сәлем хат – халық поэзиясында жаңа туған соны жанрлар.

Осылардың ішінде тарихи өлең деп арнайы бөлмесе де Б.Кенжебаев шағын өлеңдерді өз алдына дербес алып қарастырады.

Б. Кенжебаевтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты халық поэзиясын зерттеу еңбегі қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алады.

Б. Кенжебаев халық поэзиясының осы кезеңдегі шығармаларын ежелгі батырлық эпос пен кейінгі тарихи жыр дәстүрлерінің жалғасы ретінде қарастырады. Ол 1916 жылғы халық поэзиясының жанрлық тұрғыдан бай екенін атап өтіп, дастан, ерлік және лирикалық өлеңдер, арнау, үндеу, сәлем хат, мұң-шер лирикасы сияқты жанрлардың кездесетінін анықтайды. Ғалымның пікірінше, арнау, үндеу, сәлем хат секілді жанрлар халық поэзиясында жаңадан пайда болған. Б. Кенжебаев шағын өлеңдерді тарихи өлең ретінде арнайы бөлмесе де, оларды дербес туындылар ретінде қарастырады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты «Самалтау» әні мен «Тар заман» өлеңі сол кезеңнің ауыртпалықтарын, халықтың қайғы-қасіретін сипаттайды [19].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған фольклорлық мұраларды келесі зерттеген ғалым М. Жармұхамедов. Ғалым тарихи өлеңдерді жеке жанр ретінде ажыратпай, оларды лирикалық поэзия шеңберінде қарастырады [20]. Зерттеуші лирикалық поэзияны мазмұнына қарай үгіт-насихаттық, қоштасу, жоқтау және сәлем хат деп бөледі. Сонымен қатар, ол осы кезеңде толғаудың жаңа үлгілері қалыптасқанын айтады.

1916 жылғы көтеріліс жайындағы халық ауыз әдебиетін Х.Ищанов та зерттеді [21]. Ол сәлем хат, қоштасу және жоқтау өлеңдерін тереңдете зерттеді.

Жалпы, 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған тарихи өлеңдер фольклордың маңызды бір саласын құрайды. Бұл шығармаларда тарихи оқиғалар мен халықтың сол кезеңдегі көңіл-күйі көрініс тапқан. Зерттеушілердің еңбектері осы жанрдың ерекшеліктерін анықтауға және оның әдебиеттегі орнын белгілеуге бағытталған.

Тарихи өлеңдерді арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Б. Уақатов. Ол өзінің 1974 жылы жарық көрген «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясының бір тарауын тарихи өлеңдерге арнаған. Ғалым бұл жанрдың тарихи жырдан айырмашылығын атап көрсетіп, оның жанрлық анықтамасын береді. Оның айтуынша, тарихи өлеңдердің көлемі шағын болады. Сондай-ақ, тарихи оқиғаларды дәл суреттейді [6].

Зерттеуші тарихи өлеңнің жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, оны лирикалық өлеңдерден өрбіген деген тұжырым жасайды. Ғалым тарихи өлеңде эмоционалды бояу, көңіл-күйді жеткізу басым болғанымен, мұндай сипат оның лирикадан туындағанын толық дәлелдей алмайтындығын баяндаған. Себебі тарихи өлеңдер көбінесе белгілі бір тарихи оқиғадан кейін, араға көп уақыт салмай-ақ өмірге келеді. Осыған орай, оларды тек лирикалық өлеңдерден шыққан деп шектеуге болмайды. Тарихи жыр өзінің баяндау тәсілімен, құрылымымен және мазмұнымен эпикалық түрге тән. Ол кең көлемде оқиғаларды баяндайды, кейіпкерлердің іс-әрекетін жан жақты суреттейді. Ал тарихи өлеңдерде сезім, әсер, жеке көзқарас басым болғанымен, ол таза

лирикалық жанрға жатпайды. Сондықтан тарихи өлең – лирика мен эпика аралығындағы жанр.

Қазақ фольклорында “тарихи жыр” және “тарихи өлең” деген екі жанр бар екені дау тудырмайды.

Тарихи жырлар көбінесе батырлық эпосқа жақын, көлемді, оқиғалы шығармалар болып табылады. Оларда нақты тарихи тұлғалар мен оқиғалар суреттеледі, эпикалық әсірелеулер мол. С.Қасқабасов тарихи жырлардың батырлар жырынан ерекшеліктерін көрсетіп, олардың тарихи оқиғаларға негізделгенін, кейіпкерлерінің шынайы тарихи тұлғалар екенін айтады [11].

Ал тарихи өлеңдер, керісінше, көлемі шағын, лирикалық сипаттағы шығармалар. Олар тарихи оқиғаларға жедел үн қату ретінде туындайды және халықтың сол оқиғаға деген көзқарасын, сезімін білдіреді. Б.Уақатов тарихи өлеңдердің шағын көлемді, тарихи оқиғаларға негізделетінін және тарихи деректерге сай келетінін атап көрсетеді [6]. Қазақ фольклорында “тарихи жыр” да, “тарихи өлең” де өзінше өмір сүре алатын, дербес жанрлар. Бұл – қазақ халық әдебиетінің өзіндік дара сипаттарының бірі.

XX ғасырдың 40-50 жылдарында және кейінгі кезеңде тарихи жырға қатысты мәселелер қайтадан қарастырыла бастады. Мысалы, А.Х. Марғұлан эпосқа арналған еңбегі (1946) жарыққа шықса, Н.С. Смирнова он сегізінші ғасырдағы қазақ әдебиетінің эпикалық және тарихи мәселелерін зерттеді (1948; 1949; 1951), сондай-ақ көп томдық «Қазақ әдебиеті» тарихының бірінші томы (1948) шықты. Осы еңбектерде тарихи жыр мен тарихи өлең арасындағы айырмашылық толық анықталмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең шағын үлгілері» деген түсінікті қолданды. Шынында бұл шығармалар тарихи жырларға жатады. Тарихи поэмалардың дамуы туралы Б. Кенжебаев 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арналған жырларға байланысты зерттеулер жүргізді. Сонымен қатар, Х.Ищановтың «1916 және халық поэзиясы» (1958) зерттеуі жарық көрді. Осылайша, тарихи жырлармен қатар тарихи өлеңдер де пайда бола бастады. Дегенмен, бұл кезеңдегі зерттеулер көбінесе жинақтау мен шолу сипатында болды. Идеологиялық құрсауда болды. 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының бірінші томы ауыз әдебиетіне арналған, онда он сегізінші ғасырдан бастап тарихи жырлар тарихи оқиғаларды баяндайтыны айтылады. Сонымен қатар, он тоғызыншы ғасырда жазылған шығармалар мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты өлеңдер ғылыми зерттеу нысанына айналды.

Тарихи өлеңдерді зерттеуде жаңа бағыттар мен әдістер өткен ғасырдың алпыс, сексенінші жылдарынан бері жаңаша бағыт алды деп айтуға болады. Алпысыншы жылдары М. Жармұхамедовтің «1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ халық поэзиясы» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жүргізді. Ал 1968 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» көп томдығының бірінші томында қазақ фольклорының XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи шығармалары туралы С. Қасқабасов пен Е. Тұрсынов, ал XX ғасырға қатысты бөлімді Е. Ысмайылов жазды. Бұл еңбектерде қазақтың тарихи жырларына қатысты маңызды пікірлер айтылды. Сонымен бірге М. Мағауиннің 1968 жылы шыққан

«Қобыз сарыны» атты монографиясы және оның диссертациялық жұмысы көне мұраны зерттеуді жаңа деңгейге көтеріп, тарихи өлеңдерге қатысты терең ғылыми көзқарастар қалыптастырды. Бұл жұмыстарда тарихи өлеңдердің тарихи кезеңдері жан-жақты қарастырылып, жаңа ғылыми тұжырымдар жасалды.

Қазақтың тарихи жырларына арналған одан кейінгі толымды еңбек «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты Қазақ ССР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографиясы. Тарихи жырлар мен тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық табиғатын, тарихи негіздерін ашқан салмақты еңбек. Монографияның жалпы редакциясын басқарған Р.Бердібай тарихи жырлар мен тарихи өлеңдерге қатысты маңызды мәселелерді көтерді. Осы еңбектегі С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің циклденуі ықпал еткенін, екі жанрдың айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан түсіндірсе, Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясын қарастырады. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдерді арнай зерттеу қажеттігі» туралы мәселе қозғалған еді. «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» атты зерттеу еңбегінде Б.С.Рахымов тарихи жырлардың бастауында тарихи өлеңдер тұрғанын, тарихи өлеңдерді тақырыптық жағынан топтастыру туралы мәселелер көтерді.

Ауызша айтылып тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты тарихи өлеңдердің көбі ұмытылған. Бұған берідегі түрлі идеологиялық шектеулер қосылып жойылғаны тағы бар. Ғалым Б.Уахатов: «...қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалар көп. Бірақ, соның барлығы бірдей бір ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Тек кейінгі бір-екі ғасырда туған тарихи аңыз- әңгімелер мен өлеңдер болмаса, арғы көне дәуірлердің нақтылы деректеріне құрылған жыр үлгілері жоқтың қасы. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз сақталған» [6, 64-65 бб.], – дейді. Халық өлеңдерінің дер кезінде хатқа түспеуінен көбі ұмытылып, қалғандарының өзі өзгеріске ұшыраған.

Академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», - дей отырып, «Тарихи өлеңдер ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады» [22, 140 б], - деп дұрыс пікір айтқан.

Қазақтың тарихи жырларының қалыптасуына тарихи өлеңдердің әсер-ықпалы бар екенін айтқан ғалымдардың бірі академик С.А.Қасқабасов. «Тарихи өлеңдер қоғам дамуының әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи кезеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоныкөк т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [11, 28 б.].

Кейінгі көне түркі дәуірлеріне байланысты еңбектерден тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде қалыптасқанын аңғаруға болады. Бұл туралы ғалым, академик Р.Бердібай: «Әзірше зерттеушілеріміз тарихи өлеңді арнайы жүйелеп, толық қамтып тексеруге жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ. Түбінде тарихи өлеңнің өз іздеушісі туса, оның хронологиялық кезеңін де, аумағы да анағұрлым айқындала түсетіндігі кәміл. Кейбір фольклортанушылардың тарихи өлеңді белгілі оқиғалар негізінде құрылған көлемді жырлармен бір топта қарап келгендігі де, бұлардың жанрлық жігіне жете мән беріле қоймағандықтан» [23,185 б.], – деп тарихи өлең мен тарихи жырды ажырата қарау керектіген назар аударады.

Тек XX ғасырдың 70-80 жылдарында ғана С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, Б.Абылқасымов жүргізген зерттеулердің нәтижесінде екі жанрдың арасындағы айырмашылық нақты ажыратылды. «Нақтылай айтқанда, қазақ фольклорында «тарихи жыр» мен «тарихи өлең» дербес, өз алдына өмір сүретін жанрлар болып табылады. Бұл – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір сипаттарының бірі» [11, 28]. Сол кезеңде тарихи өлең ретінде кеңінен танылғаны – «Елім-ай» шығармасы болды. «Ақтабан шұбырынды» дәуіріне арналып жазылған «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін алғаш рет жазбаға түсіріп, орыс тіліне аударғандар – Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин және П.Н.Распоповтар. Қазақ поэзиясын зерттеуде үлкен үлес қосқан Н.С. Смирнова бұл өлеңнің 14 түрлі нұсқасының бар екенін атап өтеді. Өлең нұсқаларын әр кезең, әр мезгілде ел аралап жинақтап, кімнің еңбегінен алынғаны В.В.Бартольд, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев [17], Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М.Мағауин мен Ә.Кекілбаев, Ж.Досқараев, Ы.Дүйсенбаевтар еңбектерінде атап көрсетілген. Өлең айтушылар А. Белгібаев, М. Оразайұлы екендігі баяндалған.

Біздің ойымызша, бұл өлең халық арасында кең таралып, ауыздан ауызға көшіп, фольклорлық дәстүрдің айрықша белгісіне айналған. Жалпы тарихи өлеңдерді зерттеу барысында «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арналған шығармалар көбірек қарастырылып, ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеулер жүргізілгенін байқадық. Осы тұрғыдан «Қаратаумен қоштасу», «Еділмен қоштасу», «Аманат», «Сарыарқамен қоштасу» сынды өлеңдер өз кезеңінің шындығын шынайы бейнелейді. Бұның дәлелін Ш.Уәлиханов [12] еңбектерінен аңғаруға болады. Ел басындағы қиын күндер туралы тарихи өлеңдер негізінен Жоңғар қалмақтарымен болған шайқастарға, жоңғар шапқыншылығына байланысты туған. Бұл өлеңдердің көпшілігі Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин құрастырған жинақта, С.Сейфуллин оқулығында, ғылыми қолжазба қорларында сақталған. Тарихи өлеңдердің кейінгі кезеңде табылған үлгілері Б.Рахымов зерттеу еңбегінде талданған [12].

Тарихи өлеңдердің келесі бір тобы XIX ғасырдағы тарихи оқиғаларға байланысты дүниеге келген. Бұл ғасырдағы халық басына түскен нәубет Қоқан мен Хиуа хандықтарының шапқыншылығынан, Ресей патшалығының империялық саясаты салдарынан, үшіншіден, қоян жылғы жұт салдарынан болды. Осы оқиғаларға байланысты тарихи өлеңдерді жинастыруға Ы.Алтынсарин, И.Бартольд, И.Березин, Т.А.Сейдалин, С.А.Жантөрин, М.В.Готовицкий, Қ.Бекниязов, Қ.Есжановтардың үлес қосты.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты туған тарихи өлеңдер жақсы зерттелді. Бұл қозғалыс туралы 1947 жылдан бастап түрлі жинақтар шығарылды. Б.Кенжебаев, Ф.Н.Киреев, Ш.Я.Шафиро, Е.Ысмайловтар түрлі еңбектер жазса, 1916 жыл туралы Д.Ысқақов, Е.Ысмайлов, Ә.Сәрсенбаевтар арнайы жинақ шығарған, 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған шығармаларды арнайы зерттеген М.Жармұхамедов.

Қазақ тарихи өлеңдеріне қатысты мәселелер тарихи жырларды зерттеуші М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайлов, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов еңбектерінде де көрініс тапқанын атап кеткен жөн. Қазақ тарихи жырларын ел егемендігін алғаннан кейінгі зерттеушілер З.Сейітжанов, Б.Рахымов, С.Сакенов, Г.Қ.Рахымбаевалардың еңбектерінде де өз орнын тапқанын байқаймыз.

Тарихи өлеңдерде оқиғалардың ізі мен деректері молынан сақталған. А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, Н.С.Смирнова, Б.Уахатов, С.Қасқабасов зерттеулерінде тарихи өлеңдердің шығу тегі туралы, жанрлық сипаты, идеялық тереңдігі туралы маңызды пікірлер айтып, зерттеулер жүргізді. Тарихтағы әртүрлі үлкенді-кішілі оқиғалар кезінде ерлік жасаған тұлғаларды мадақтайтын шағын шығармалар пайда болған. Елге қауіп-қатер төнген, ата-баба мекенінен айырылып, басқа жаққа көшуге мәжбүр болған кезеңдерде қоштасу, жоқтау, еске алу сынды өлеңдер халықтың ортақ қайғысы мен мұңының үнін білдірді. Бұл өлеңдер халық жадында ұмытылмай, үздіксіз дамып, эпостық сипатқа ие болғаны да анық.

Алғашқы нұсқалары уақыт өте ұмытылып, кейінгі ұрпаққа жұрнағы ғана жеткен. Бұл әсіресе қазақ халқының сөз өнерінде зарлы заманда туған лирикалық поэзия түрінде айқын көрінген. Тарихи өлеңдерде ел бірлігі мен татулығының, жер мен Отанға деген сүйіспеншіліктің жалпы халық атынан айтыла бастауы және шығарма авторының бұқаралық топтың атынан сөйлеуі жиі байқалады. Сонымен қатар, тарихи өлеңдер эпикалық шығармаларға тән ерекшеліктерге ие болғанымен, онда жеке батырдың нақты бейнесі айқындалмайды. Мұнда халық, ел мен жер тағдыры ұғымдары ұлттық рух пен көңіл-күй арқылы беріледі.

Қорыта келгенде, тарихи өлеңдер халық өміріндегі маңызды оқиғаларды бейнелейтін көркем мұра ретінде дараланып, өзіндік жанрлық сипатын айқын танытады. Ел басына күн туған кезеңдерді арқау етіп, тұтас бір тарихи үдерістердің көрінісін береді. Мұндай өлеңдерде негізінен ел мен жер тағдыры сөз болады. Шығарма мазмұнынан қайғы мен мұң, ауыр қасірет пен әділет үшін күрес, ыза мен ашу айқын аңғарылады. Бұл – тарихи өлеңдерге тән ішкі мазмұн мен табиғи көркемдік ерекшеліктің нақты белгісі. Тарихи өлеңдер – қазақ фольклоры мен әдебиетінің ерекше жанры ретінде халықтың тарихи жадын сақтауға маңызды рөл атқарады. Олар белгілі бір тарихи оқиғалар мен тұлғалардың ерлігін суреттеу арқылы тек көркем шығарма ғана емес, тарихи дереккөз ретінде аса бағалы. Бұл өлеңдерде эпикалық және лирикалық элементтер араласып, батырлық, отаншылдық, ерлік, ел бірлігі сынды тақырыптар кеңінен қамтылады. Жанры жағынан тарихи өлеңдер – эпос пен жыраулар поэзиясының тоғысқан нұсқасы ретінде көрінеді. Осылайша, тарихи

өлеңдер халықтың өткені мен бүгінін жалғап, рухани-мәдени мұра ретінде құнды.

1.4 Халық лирикасындағы бейнеліліктің, поэтикалық образдың көпқырлылығы

Фольклор теориясының маңызды бір мәселесі – көркемдік әдіс, соған байланысты кейіпкерді, қоршаған дүниені суреттеу тәсілі. Осы тұрғыдан келгенде, фольклор романтикалық типтендіру әдісін қолданып, кейіпкерді суреттеуде **дәріптеу мен әсірелеу** сияқты тәсілдерді пайдаланады. Мұнда уақыт пен кеңістік өзгеше көрінеді. Мәселен, эпикалық уақыт әдеттегіден басқаша, сондай-ақ кеңістік те болмыстағыға сәйкес бола бермейтін, бұларда шарттылық, мақсатты қиял үлкен рөл атқарады. Эпикалық стиль мен тұрақты формулалар фольклор шығармасына өзіндік баяндау тәсілін құрайды. Көнелік сипат пен жаңаның, қиял мен ақиқаттың аралас жүруі - фольклорға тән ерекшеліктің бірі. Оларды зерттеуші жақсы ажырата білуі тиіс. Фольклорлық шығармалардың композициясы біртектес болып келеді де, оқиғалар бір кейіпкердің маңайына шоғырланады, сөйтіп іс-әрекеттер бір бағытта өтіп жатады, ал уақыт кері шегерілмейді [1,11- 6].

Қазақ поэзиясы әрқашанда өрісі бар образды пайдалануды ажарлау амалдарының бірі етіп келген. Әсіресе қазақ көркем сөзінде ертеден келе жатқан экспрессивті болып жұмсалатын гипербола мен литота ойды бейнелі түрде суреттеудегі қызметі ерекше екенін атауымызға болады. Гипербола мен литота теңеулік құрылымдар құрамына енгенде оның мағынасы толық сақталып, барынша бейнелілік қасиеті күшейе түседі. Бұл амал-тәсілдер поэзия тіліне бояу қосып, сөздегі суретті барынша түрлендіреді. Жалпы гиперболалық және литоталық мағынаның жүзеге асуы теңеулі құрылымның арасында ғана толық жүзеге асатын тәрізді.

Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Күніңе ер жарайды **сасқан** жерде.

Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге. [4, 49 б]

Екінің бірі жомарт тасқан жерде деген гипербола **қабысып қалады екен аспан жерге, сасқан жер** авторлық окказионализммен тіркесіп кейбір зат пен құбылысты дәріптеу, мадақтау мақсатында және әдемі сурет жасау үшін ұтымды қолданып, өлең жолдарына айрықша реңк беріп, мәнін аша түскендей. Жер айрықша қасиетпен ерекшеленген. Қазақ ұлттық танымындағы жер ұғымы біз көріп жүрген дарқан жер, кең жер емес, ол - **екінің бірі жомарт тасқан жер**. Осындай кезде, осындай сәтте деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр.

Қара өлеңдегі гиперболаның қолданысы шығармаға көркемдік әр беріп, сөйлеушінің тілін одан сайын ажарландыра түскен. Төмендегі мысалда қазақ батырларының қайсарлығы, батылдығы, еліне деген адалдығының көрінісін көреміз. Осындай батырлардың барымен жер көгеріп, қорғансыз ел өзін қауіпсіздікте сезіне білген. **Ақырған арыстанның қатты үндері** секілді

әсірелеу арқылы еліне қорған бола біле білген қазақ елінің алып қаһармандарының бейнесі сипатталған.

*Ақырған арыстанның қатты үндері,
Тау жаңғыртып, күрсілдеп кей күндері.
Маңайдан адам түгел құс өтпейді,
Ел ері сырда сырттан секілдері.* [24, 146- б.]

Келесі өлең жолдарында гипербола адам бойындағы жағымды қылықтарынан оң әсер тудыру, жағымды экспрессия жасауға қызмет еткен.

*Ақырса, тау күңірентіп, тасты жарған,
Кем болғанда, бір күндік жерге барған.*

*Дұшпанды ерегескен шауып алып,
Есепсіз ерген елге олжа салған.* [24, 303 б.]

Есім ханның кезіндегі қалың қол бастаған Олжаш батырдың ержүректігін, батылдығын «ақырса, тау күңірентіп, тасты жарған» гипербола «есепсіз ерген елге олжа салған» авторлық қолданыстағы перифраз арқылы тамаша суреттелген.

Гиперболалық құбылысқа қарама-қарсы құбылыстың бірі литота. Зат пен құбылыстың бір белгісінің кішірейтілуінен жасалған литотаны кеңінен кездестіреміз.

*Қайғырып Алтай биің жатып қалған:
«Айырылдым Әжібайдан дүние жалған.
Көзімнен бұлбұлша ұшты қайран ерім,
Шемен боп, тіршілікте кетті-ау арман.* [24, 194 б.]

- **ша** жұрнағы арқылы мағынаға экспрессивтік мән үстеп тұр.

Көзімнен бұлбұлша ұшты қайран ерім литоталық теңеу арқылы батырынан айырылған халықтың көзіне алып қаһарманының образы кішірейтіліп баяндалған. «Жалған дүние» тіркесі арқылы адамдар бұл өмірде бір-біріне қонақ екенін сипатталады. Көзді ашып жұмғанша өмірдің қалай өтіп кететінін, қамшының сабындай қысқа өмірін елдікке арнаған қаһарманымызды жоқтаған артындағы ел-жұртының күйзелген хал-жағдайын *дүние жалған* фреймі арқылы көре аламыз.

*Ерте қалған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмаған Ағыбайдай.*

*Кешегі Кенесары заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай.* [25, 57 б.] – деген өлең жолдарынан тарихта болған Ағыбай батыр туралы білеміз. Ағыбай батырдың батылдығын «Ол кезде ер болмаған Ағыбайдай» деген теңеу арқылы баяндалған. «Кенесары заманы» сценарийлік құрылым қатарын көрсетіп тұр.

Келесі өлең жолдарынан суреттеу тәсілі арқылы батырдың өр мінезі, дұшпанына кез келген уақытта қарсы тұра алатын нағыз қаһарманның бейнесі сипатталған.

*Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Теңеліп қарсыластар ер болмаған.
Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,*

*Басынан дұшпан ісін асырмаған.
Жалғызы Ағыбайды бөгеген жоқ,
Қандай жан есіл ерге тор құрмаған [25, 57 б]. Есіл ер эпитеті арқылы батырға
ешкім қарсы шыға алмағанын тор құрмаған қолданысы арқылы береді.
Көпіріп аузы-басы, көбік болып,
Жеке өзі нөкеріне қарамады.
Қос жирен, қос алғанын қос береді,
Ішінен Аршакөкті таңдап алды.
Жарысты ұшқан құспен арам қатқыр,
Жетпеген Көлебеге иесі қалды.
Жаңылтпаиш жартастардан кетсе қарғып,
Тау кезіп жалғыз қалмақ асыр салды.
Мінгені өзгелердің ылғи жүйрік,
Сонда да түгел ері ере алмады.
Бұлдырап сағым қуып Қолаба ұшты,
Соңынан қарасын жұрт көре алмады.[25 ,61 б] Жылқы жануарын әсірелеп
суреттеу арқылы бейнелілікті күшейткен. Тыңдаушыға эмоциялық әсері күшті.*

Біз «Бабалар сөзі» жинағындағы қара өлеңдер, тарихи өлеңдерде қолданылған гиперболалық тіркестерден ел арасына кең тараған мынадай қолданыстарды жиі кездестіруге болады. Мысалы; *Тауды тіліп тас жарған; шашақты найза қанға сұңгіп тұншықпай; қақ жарған қара суды табансыз ба; жалқау құлақ; ақырса, тау күңірентіп, тасты жарған; тау құдірет тақылдап қақты таңдай; біреу жырғап, біреуді тентіретті; қаны бұзық; ақыр заман; естіген жерді үсті үрейленген; келген жұт қанат жая сүзектей; қолынан арыстанның қанды құсқан; талайды табанға сап күшпен басқан; азған заман; кей адам өзені көп көлге теңес; қалыңдағы маралмын; қабысып қалады екен аспан жерге; жақсымен бірге өткізген сүт пісірім; шығады жыртық үйден қисық түтін т.б.*

Қазақ халық лирикасында қолданылған бірқатар гиперболалық өрнектер қарапайым ауызша сөйлеу тілінде қолданылатын гипербола тәрізді.

Қара өлеңдерде гипербола кеңінен қолданылатынын аңғардық. Мысалы, *өмір, жаман, жақсы, туған жер, табиғат, соғыс, өлім, кәрілік, жастық т.б.* Оларды талдау барысында концептілік құрылымдары да анықталды.

Мысалы: *Мына заман қай заман – ақыр заман,*

Қос қанаты қайырылған қаздан жаман.

Араздасып ағайын алакөз боп,

Бір-біріне терең ор қазған заман. [4, 264 б]

«Қос қанатынан айырылған қаздан жаман» – деген жолдар арқылы адамдардың қайырымсыздығы, бір-біріне деген мейірімдерінің жоқтығы, бір-біріне жауыздығының барлығы ақыр замандық белгі деп түсінген ұлттық танымды түсінеміз. «Бір-біріне терең ор қазған заман» сценарийлік құрылымы заманының азғандығы, адамдардың азғындығы, ағайын бір-бірін орға итеретіндігі айтылып, *ақыр заман* фреймі арқылы заманның өзгергені, баланың да, бауырдың да, әйелдің де, қыздың да түзелмес бейнесі сипатталған.

*Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Кәдеңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.* [4, 258 б]

Бұл өлеңде жамандық мен жақсылық, байлық пен кедейлік салыстырыла беріліп, «қабысып қалады екен аспан жерге» деген әсірелеу арқылы негізгі ой астары ашылған. Қолында бар болса, бәрінің жомарт болатыны, жаманға ісің түссе еш пайдасы болмайтыны, ер адам мен жаман адам ұғымы паралель алынып сипатталған. Ер адам ұғымы әр уақытта қол ұшын беретінін «кәдеңе ер жарайды» сценарийлік құрылымымен ашылған.

Келесі өлең жолдарында «Еменнің көзің қара көміріндей, мылтықтың бойың сұңғақ теміріндей» теңеулері арқылы адам портретін беріп тұр. *Еменнің көзің қара көміріндей,
Мылтықтың бойың сұңғақ теміріндей.
Жақсымен бірге өткізген сүт пісірім,
Жаманның болар бүкіл өміріңдей.* [4, 259 б]

«Жақсымен бірге өткізген сүт пісірім уақыт» сценарийлік құрылымы «жақсы» концептісі мағынасын ашып, жақсымен өткізген уақыттан адам өзіне қажетті қуат, жағымды әсер алатынын сипаттаған.

*Кей адам өзені көп көлге теңес,
Өзені көп болса көл кеберсімес.
Кеңесіп ақылменен атқарған іс,
Ешқашан бекер босқа кеткен емес* [4, 263 б]. «Кей адам өзені көп көлге теңес» теңеулік гипербола арқылы ісіне тиянақты, көпшіл, бауырмал адамның бейнесі суреттелген.

*Ер екен Қоңқа батыр қайратқа асқан,
Талайды табанға сап күшпен басқан.* [24, 309 б.] «Қайратқа асқан» әсірелеу арқылы Қоңқа батырдың қайраттылығын, күштілігін әсірелеп суреттеп отыр. Оның қайсар мінезі, ержүректілігі «қайратқа асқан» гиперболасы арқылы ашылған.

*Түс ауа бұл ауылдан үйге қайтты,
Қиялын ойындағы анаға айтты.
Жалғызы айға шапқан арыстан ғой,
Ал сонда дейсіңдер ме ана қайтты?* [26, 178 б]. «Жалғызы айға шапқан арыстан ғой» гиперболасы арқылы баласын аңдардың патшасы арыстанға теңеу арқылы ерлік, өжеттілік, қайсарлық қасиеттерін көрсеткен.

*Туырлық кигіз жинап арқан мен жіп,
Үй-мүлік, кілем, көрпе жиды сый қып.
Кигізді ел қатарға басын құрап,
Деген бар «көл болады түкірсе көл».* [24, 154 б] – деген өлең жолдарында туған жер суреттелген. Елдің арасындағы ауызбіршілік, бірлік, татулық «көл болады түкірсе көл» мақалы арқылы ашылған. Бұл мақал әсірелеу мағынасында берілген. Қара өлеңдерде батырлардың портреті, батырлар мінген сайгүліктердің портреттері жиі кездеседі. Ал, мінез-құлықты, жаман-жақсы әдеттерді қарама-

қарсы қойып шендестіре суреттеу адам образын бейнелеудегі жиі қолданылатын көркемдік тәсіл.

Өз дәуірінің белгілі батырлары мен хан, билерінің сыртқы портретін, ішкі болмысын сипаттайтын суреттеулерде троп түрлері молынан кездеседі..

Мысалы:

*Қырық жігіт бәрі мықты, бәрі балуан,
Қамшыгер, көкпаршы мен шоқпаршыдан.
Әрбірі жекпе-жекте он кісілік,
Ер жүрек, сом денелі, алып қолдан.
Еске алып бұрынғыдан бұрын батырларды,
Қолда деп Бөгембай мен Қабанбайдан.
Қазақта сахарада ту көтерген,
Ер Жәнібек, үлгі алып Абылай ханнан [26, 157 б].*

Келесі қара өлеңде халқы сүйген, әділетті Тәуке ханның өмірден өткендігін баяндайды.

*Хан болды халық сүйетін әділетті,
Жан еді парасатты әрі текті.
Мезгілден асыра ма қырына алса,
Ажалдан шәрбет ішіп Тәуке кетті.
Алладан қайтты Тәуке ажал келіп,
Бұл өмір өте шықты шауып, желіп.
Жиылып жақсылары, тамам қазақ
Тәукені жаназалап қайтты көміп. [24, 146 б]*

Түрлі эпитеттер арқылы Тәуке ханның портретін береді. Тәуке ханмен бірге ел қорғаған батырлардың да портреті беріледі.

*Жолдасы еді Ағыбайдың ер Көлебе,
Келгенде екі ұдайда жеме-жемге.
Жекпе-жек Ағыбайдан кем соқпаған,
Сүйінген халық талай ерлігіне.
Тұрысы сұлу еді сұңғақ қабақ,
Айдыны Ағыбайдан да артығырақ.
Жерінде нойындары байқаушы еді,
Өрт мінез, алғырт еді батыр бірақ. [26, 58 б]*

Қара өлеңдерде Ағыбайдың тағы басқа батырлардың батырлығы, ақыл-парасаты, көрегендігі мен шешендік ұтқырлығы қара өлеңнің тақырыбы ғана емес, өзегіне айналып кеткен. Өз ісіне тиянақты, шайқасудың әскери әдістерін жетік білетін, кәсібінің шебері, ұрыс алаңында қалай жеңіске жету керектігінің қыр сырын білетін, білікті қолбасшының бейнесін жасайды.

*Батыры тобықтының – Қожаберген,
Дұшпанын жаниушы еді қарсы келген.
Қайтпаған жаудан беті батыр еді,
Ұрыстың неше түрлі жолын білген.
Ататын құралайды дәл көзінен,
Айлакер, асқан жершіл, еді мерген.*

*Саясат айбатынан адамдардың
Жүрегі суылдаушы еді заты көрген.* [24, 14 б]

Кей қара өлеңдерде табиғат көрінісі бейнеленген. Әсірелеу тәсілі арқылы табиғаттағы әр құбылыс, жануар, заттар қазақ батырына бір белгі бергендей, жансыз затты жанды етіп суреттеу арқылы өлең жолдарына тамаша әр берген.

*Тау құдірет тақылдап қақты таңдай,
Сары әуілдек әуп-әуп деп жүк басқандай.
Тоқылдақ құс қашауын салды ағашқа,
Бейне бір сарбаздарды оятқандай.* [25, 124 б]

Ұрыстан жеңіліс тапқан қалмақтардың жай-күйі суреттегенде де троп түрлері шебер қолданылады.

*Арылып үш жайлаудан қалмақ кетті,
Желді деген асу бар асар шекті.
Қырылғаннан қалғаны қалмақтардың
Аманы сол асуға барып жетті.* [25, 233 б]

Қара өлеңдерде соғыстан әбден шаршаған ел зары көркем берілген.

*Қырылған адам қойдай боп,
Бұ не деген заң болды.
Билік іздеп тағы да,
Екі патша қан болды.
Он екі уәзір тағы да,
Елін хаттап сал болды.
Жөнсал байға қарамай,
Қатын кербез, паң болды.* [26, 119 б]

Адамның жан дүниесін аса терең, жан жақты суреттеуден гөрі қысқа да шола суреттеуді, сол кездегі оқиғаға байланысты машық еткен.

Мысалы:

*«Ақтабан шұбырынды ...» заманында,
Қазақтың қоныс таппай қалғанында.
«Қазаққа қоныс таппай, - деп айтады
Олжабай, – шыбын жаным аманында».* [27, 65 б]

Бұл үзіндіде батырлардың жан күйзелісі ғана емес, мақсаты, мүддесі берілген.

Ер Әжібайдан айырылған халықтың қайғырған күйі «*басымнан менің ұшып кетті зой бақ*» деген әсірелеу арқылы тамаша суреттелген. Қазақ халқы үшін батыры басына қонған бағындай. Себебі қазақ ұғымында батыр еліне тыныштық, сабырлық, жеңіс, бейбітшілік әкелген қаһарман. «*Ұшып кетті зой бағым*» деген тіркестен халқының күйінішті күйін, ішкі тебіренісін, болашағы үшін кам жеуін сезуге болады. «*Қайран боздақ*» эпитеті мен «*асқар таудай*» теңеуі ұрыс алаңында елінің азаттығы үшін ақтық демі қалғанша күрескен қазақ батырының бейнесін көзімізге елестетеді.

*Қалды екен қандай жерге қайран боздақ,
Айырылып Әжібайдан қалдым боздап.
Көтерген Алатауды Әжібайым,*

*Басымнан ажырамас салдың азап.
Айырылдым Әжібайдан тірідей-ақ,
Басымнан менің ұшып кетті зой бақ.
Айырылдым асқар таудай Әжібайдан,
Өлтірді-ау, жау қалмақтар аямай-ақ!» [25,194 б]*

Қара өлеңдерде кейде алғашқы жолы сұрақпен басталып, қалған жолдары жауап күйінде келеді. Мысалы: «*жігіттер, өткен күнге белгі бар ма?, « жақсы жаман құрбылас, жаман қандай?»*, «*бойында бұл Қобданың ши бар ма екен?»*», «*мына заман қай заман, ақыр заман*» т.б. сұрақпен басталған өлең жолдары көптеп кездеседі.

*Біздің заман қай заман, жақұт заман,
Еңбекшіге әкелген бақыт заман.*

*Құлшылықтың құтылып бұғауынан,
Ер жігітке мал мен бас құралмаған* [4, 40 б]. Автордың негізгі ойы – толғау мазмұны жауап бөлімінде қамтылады.

Ән өлеңдерде, оның ішінде толғауда ақыл, нақыл, дидактика басым боладыдағы соңында ғана негізгі ой, қорытынды айтылады.

*Дегенде, дүние шіркін өтер-кетер,
Түбінде сұм дүниенің кімдер жетер?
Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,*

Тірлікте сыйластыққа бар ма жетер? [4, 30 б.]. Негізгі ой кеңес беру мақсатында қолданылған.

Қазақ фольклорында, қара өлең, тарихи өлеңдердің композициялық құрылысындағы бір ерекшелік – әр шумақ, тармақтарда сөздердің, не басқа буындардың қайталанып келуі. Айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану қара өлеңдегі жиі қолданылатын көркемдік тәсіл екенін байқадық.

Мысалы: «*қай жазық мына жазық, сары жазық.*» [4, 277 б.], «*қай заман, мына бізге келген заман*» [4, 276 б], «*ендеше, сары беткей, сары беткей, жатады сары беткей суы кеппей*» [4, 274 б.], «*іске ассын ми өнері, қол өнері*» [4, 271 б.], «*сұлу сұлу емес, сүйген -сұлу*» [4, 254 б], «*қай белес мына белес, құба белес*» [4, 238 б.].

Бұл қайталаулар өлеңдегі эмоционалды-экспрессивті бояуды күшейткен.

*Қай заман мына заман келген заман,
Біреуді біреу алдап жеген заман.
Алдымен аяқ артар бір атқа жет,
Біреуге жүген ұстап ерген заман.* [4, 276 б.]

Жоғарыдағы қара өлең, тарихи өлеңдер арқылы қазақ халқының болмысы, тыныс-тіршілігі, тұрмысы, сол заман жүгін көтере білген елдің шыдамдылығы, қазақ батырларының ерлігі, хандарының әділдігі, туған жер, ауыл, жайлау, табиғат т.б. тақырыптар суреттелген. Табиғат суреттелгенде қоршаған ортаның жануарлар дүниесі мен өсімдік әлемі, ауа райының кейбір құбылыстары, образды тіркестер мол табылады. Ондай бейнелеулер суреттеп отырған затты не құбылысты адам көңіл күйімен салыстыру үшін қолданылған. Ал, туған жер

суреттелгенде туған жеріне деген махаббат, сағыныш, сүйіспеншілік секілді сезімдерге толы.

Мысалы:

*Боз беткейлі, ендеше, боз беткейлі,
Боз беткейден жайылған мал кетпейді.
Шөбі жұмсақ, шаруа, малға жайлы,
Бағаналы Мансарға жер жетпейді [4, 56 б.].*

Қазақ фольклорындағы қара өлең, тарихи өлеңдердегі образдылық аса көркем.

Қазақ қоғамында ерте заманнан «аға өлсе, жеңге-мұра, іні өлсе, келін-мұра», «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағидаға айналған. Қара өлең, тарихи өлеңдердегі ең көп қозғалған тақырыптың бірі осы жесір мәселесі.

*Еліне сүйтіп қайтып келді Ағыбай,
Көп қайғы бұл жолында көрді
Ағыбай. Тетелес Көлебінің өз ағасы,
Таңбайға Қаракөзді берді Ағыбай. [26, 64 б.]*

Көшпелілердің өмір салтында жалғыз әйелдің жалғыз күнелтуі, бала-шағасына, мал-мүлкіне ие болуы қиын болған. Және балалары тамырынан ажырамасын, тексіз болмасын деген мақсатпен әмеңгерлік салты сақталған.

Қазақ халық лирикасындағы батырлардың мінер сайгүліктері мен тұлпарларының да ғажайып образдарын жиі кездестіреміз. Пырақ, құлан, тұлпар, жез киік, құмай т.б. жырға қосып, символдық бейнелер жасайды.

*Көпіріп аузы-басы, көбік болып,
Жеке өзі нөкеріне қарамады.
Қос жирен, қос алғаның қос береді,
Ішінен Аршакөкті таңдап алды.
Жарысты ұшқан құспен арам қатқыр,
Жетпеген Көлебеге несі қалды.
Жаңылтпап жартастардан кетсе қарғып,
Тау кезіп жалғыз қалмақ асыр салды.
Мінгені өзгелердің ылғи жүйрік,
Сонда да түгел ері ере алмады.
Бұлдырап сағым қуып Қолаба ұшты,
Соңынан қарасын жұрт көре алмады. [25, 61 б.]*

Қорытындылай келгенде, гипербол, көп қырлы, көпфункционалды стилистикалық көркемдік әдіс ретінде қарастырылды. Әсірелеуді өмір, жаман, жақсы, туған жер, табиғат, соғыс, өлім, кәрілік, жастық т.б. тақырыптарды қамтыған өлеңдерде шебер қолданылған. Қайталау тәсілі арқылы жасалған суреттеулерге де талдау жасалынды. Батыр, заман, туған жер, табиғат, соғыс т.б. тақырыптарындағы суреттеу әдісі мол көрініс тапқан. Кейіпкерді суреттеу кезінде өркөкіректік, менмендік, тәкаппарлық сияқты жағымсыз және адалдық, ерлік, әділдік, қайсарлық сияқты жағымды мінездері ашық бейнеленген.

Қара өлең мен тарихи өлеңде жиі кездесетін көріктеу тәсілінің бірі метафоралар. Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы метафораны «ауыстыру»

терминімен атап, оған ғылыми түсініктеме берген. Ғалым: «Сөздің көбін өз мағынасында емес, жанама мағынада қолданамыз. Кейде бірі-біріне ұқсамайтын екі құбылыстың әсері бірдей болғандықтан, бірінің сипатын екіншісіне теліп айтамыз. Мысалы, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» деген тіркестердегі «құтырып кетті», «қарыды», «соққан» деген сөздер алғашқы мағынада емес ауыспалы мағынада қолданылады. «Құтыру» деген сөз – тірі, сана-сезімі бар жанның күйін білдіреді. Мұндай ұқсастыққа негізделген мағына ауыстыру тәсілі – ауыспалы қолданыс деп аталады», - деп тұжырымдайды. [28, 69].

Қ.Жұмалиев метафораны «бір нәрсені екіншісінен ішкі немесе сыртқы ұқсастығына қарап теңеу, яғни екі ұғым арасында параллель орнату» деп сипаттаса, [29,117], З.Қабдолов бұл құбылысты сөз мағынасын өзгерте отырып қолдану, бейнеленіп отырған нысанды нақтылау әрі көркемдей түсу, соған ұқсас басқа затпен салыстыру арқылы мағынасын кеңейтіп, мазмұнын тереңдету және әсерін арттыру деп түсіндіреді [30, 214].

Тіл-бұлбұл, көңіл-бақша, ой - тас қорған,

Жігітке қиын екен ғашық болған.

Сыртыңнан дидарыңа болдым ғашық,

Мен емес қолдан тартып, тілің сорған. [4, 143 б.]

А. Айғабылова метафора арқылы жасалатын ауыспалы мағыналарды үш түрге бөліп қарастырады.

1 Тілдік метафора – жалпы халықтық тілде сөйлеу мен жазба тілде, сондай-ақ әдеби туындыларда кездесетін ауыспалы мағынадағы тіркестер. Мысалы, таудың басы, өзеннің басы, қол басы, әскер басы, кітап беті, істің беті, судың беті, жердің беті т.б.

2. Тұрақты метафора – бейнелілік суреттілік сипат алған, жалпы қолданыстағы тұрақты тіркестер. Мысалы, сары алтын (бидай), ақ алтын (мақта), алтын күз, сөз маржаны, жасыл алаң (футбол), көгілдір экран (телевизор) т.б.

3. Жеке авторлық (индивидуалдық) метафора – белгілі бір ақын-жазушы не сөз шебері өзі тудырған, халық тілінде әлі тұрақты қолданылмаған метафоралар. [31,10 б].

Айықпайды аспан да сұр бұлттан,

Судай болып ағылды қып-қызыл қан.

Зымияндық, зиянкес алуан түрлі

Шыққан заман суайт та, сұм да ұлықтан [26,43 б].

«Зымиян заман» фразеологиялық тіркесі арқылы мың құбылған, жамандықты қымсынбай істейтін ұлықтардың іс-әрекеттерін суреттейді. Ел басқарған адам әділ, қарапайым халықтың мүддесін қорғаушы, шындықтың қорғаушысы болу керек деген ежелгі танымға сызат түскен заман. Осыдан өлеңнің кейінгі кезеңдерде туғандығын байқауға болады.

Дүние өте шығар бір соққан жсел,

Ажалдан қала алмайды құтқарып ел.

Барында тіршіліктің күл де ойна,

Қайғырып төге бермей көзінен сел [4, 365 б.].

«Дүние – соққан жел» метафорасы өмірдің өтпелілігін, ажалдың кез келген уақытта келетінін баяндай келе, осы тіршілікте көз жасыңды төге бермей барынша позитивпен өмір сүру керектігі насихаттайды. «Қайғырып төге бермей көзіңнен сел» тұрақты тіркесі арқылы негізгі, терең ой айтылып тұр.

А.Сыбанбаеваның пікірінше, метафора тілдің сөздік құрамын мазмұн жағынан байытады. Яғни, сөздердің саны өзгермесе де, олардың мәні кеңейіп, жаңа мағыналық реңкке ие болады. Осылайша, тілдің лексикалық және тұрақты тіркестер жүйесінде даму байқалады. Метафора тек сөз мағынасының дамуына ғана емес, сонымен қатар фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер секілді тілдік бірліктердің қалыптасуына негіз болады. [32, 12 б.]

Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, ұғым аясы кеңі түседі. Сөздің метафоралануы арқылы сөз саны өспегенімен, мағынасының аясы кеңейеді. Метафора – көптеген тіл қабаттарының шығу көзі. Жұмысымызда поэзиядағы тіл кестесін суретті сөзбен жеткізетін сөз өрнектерінің қалың тобы образды фразеологизмдер болса, олардың көбі метафоралы тіркестер екенін байқаймыз. Қара өлеңдерде **қу заман, жүзі гүл, ел бейнесі, зымиян заман т.б.** метафоралық тіркестер жиі кездеседі. «**Қу заман**» метафоралық тіркес арқылы заманның бұрыс жаққа өзгергендігін, жала жабу мен әділетсіздік жайын суреттейді. Халықтың зар жылап, басына қиындық түскен күйін «**тарылған заман**» тіркесі арқылы бейнелейді. **Қу заман** метафоралық тіркесі «**тістей қатып қалған қақпан, қозыдай үйшік қамап алып**» секілді қолданыстар және «**қанды қақпан, сүйегін саудыратқан**» фразеологиялық тіркестер арқылы ашылған. **Қайтіп жұрт бола аламыз?** риторикалық сұрау арқылы халқымыз қашан әділ, кең заманда өмір сүріп, азат ел болудың жауабын іздегендей көрініс тапқандай.

Тарылған заман келді қанды қақпан.

Шығарып алатұғын досың бар ма,

Жабысып, тістей қатып қалды қақпан.

Анталап арғы жақтан, бергі жақтан,

Әркім тамақ табуға салды қақпан.

Көзіміз күнде бәрін көріп тұр ғой,

Нақақтан жала жауып, зар жылатқан.

Жас қозыдай үйшікке қамап алып,

Телміртіп қараңғы үйде жаудыратқан,

Жазықсыз қамап алып қысым жасап,

Сүйегін талай ердің саудыратқан.

Соларға үйіп-төгіп тыға берсек,

Көрінер өзімізге осы мақтан.

«Қайтіп жұрт бола аламыз?» деп ойламаймыз [25, 64 б].

Келесі бір қара өлеңде **қу заман** бейнесі былайша сипатталған:

Ұры болып тегіс атқа мініп кетті,

Әр адам өз білгенін қылып кетті.

Япырым-ау, бұл не деген заман болды,

Шетінен жамандыққа жылып кетті!

*Адасып айдалада қалды момын,
Мойнына жырындылар іліп кетті.
Ұлық қайда, ол қайда, мекен қайда?
Бытырап, бет-бетімен жүріп кетті* [25, 68 б].

Қара өлең елдегі жағдайды, замана көшінің бағыт-бағдарын, өмір ағымының бет алысын, тіршілігінің тынысын тамыршыдай дәл басып танып отырған. Ақ пен қараның кезек айналып соғуынан өмір озады. Адалдық пен арамдық текетірестен жалықпайды.

*Тауда өскен тау қазағы, тау саңылағы,
Тұлғасы тұрып қалған тау салмағы.
Шарықтап шарлап оймен, домбырамен,
Қаулаған қасіретті тауыса алмады* [26, 23 б].

Тау қазағы, тау саңылағы, Тұлғасы тұрып қалған тау салмағы метафораларымен қазақтың таудай биіктігін, салмақтылығын, таудың күдіретіндей бір ғажайып мықтылық барын айтады. Тау сөзі қайталануы арқылы өлең шумақтарына экспрессивтік мән үстеп тұр. **Қаулаған қасіретті тауыса алмады** тіркесі арқылы ел тарихының тереңдігін айтып тұр.

*Құйын зой өмір, шіркін, шыр айналып,
Күтеміз алдағысын, шыдай барып.
Ағайын, ат ізін сал, мұңаймалық,
Сары табан сағыныштың шырайға алып* [26, 23 б].

«Зой» сөзі «құйын өмір» метафорасына лексикалық мағына үстеп, «сары сағыныш» тіркесіне «табан» сөзі тіркесіп окказионалдық фразеологизм жасап тұр.

Қара өлеңде халықтық философиялық көзқарас жатқанын көреміз. Қызғалдақтай жайнаған адам өмірі бір сәтте солатыны, өмірдің тым қысқа екені, адамдар мәңгілік өмір сүрмейтіні, бір-біріне қонақ екендігі баяндалады. **“Өмір-шолақ, адам-қонақ”** деген метафоралар, **“Қызғалдақтай жайнаған қайран өмір”** деген теңеулі эпитет өлеңге айрықша өң беріп, өмір суреттерін дәл өрнектеуге қызмет етіп тұр.

*«Өмір деген ойласам шолақ екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған қайран өмір,
Қазан ұрмай, қар жасамай солады екен»* [4, 17 б].

Өмір мен өлім туралы ойлар қара өлеңдерде де өте мол. Өлім мәңгі ақиқат. Өмір шіркін алданыш. Дүние кірпік қаққандай тым қысқа дейміз. Қысқа екендігі анық болса адамзат ғұмыры бір мезетке ғана үйіңізге дәм татуға келген қонақтай аса қадірлі. Ендеше қара өлең ішіндегі екі рет қайталанып тұрған «өмір» ұғымы біртұтас барша ғалам. Бұдан шығатын байлам, біз көрген дөңгелек күн де, орақтай айда ғажайыптарымыз.

Қара өлеңдерде метафоралық теңеулер терең ой, нәзік сезім, кейде көңіл күйді көрсетеді. Метафоралық теңеулер әр түрлі көркемдік қызмет атқарып тұр.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде жиі кездесетін *өзі көркем, жүзі гүл* – метафоралық эпитеттері кейіпкердің портретімен қатар идеялық жүк көтеріп тұр.

«Болып бұрынғыда бір бай патша,

Бек әділ, есімі оның Көркін патша.

Нәсілі Киян руы, өзі көркем,

Жүзі гүл, бойсын бойлы ағзи патша» [4, 22 б.].

Жүзі гүл жай эпитеті, **бойсын бойлы ағзи патша** күрделі эпитеті идеяны ашуда, образды сомдауда, оқиғаны баяндауға, композициялық құрылымды сақтауға қызмет етіп тұр.

Профессор Б. Хасанов зерттеулерінде метафораларды дәстүрлі және авторлық (индивидуалдық) деген түрлерге бөліп қарастырады. Ол дәстүрлі метафоралардың халық ауыз әдебиетінде кең таралғанын, әрі фразеологизмдер, мақал-мәтелдерге, қанатты сөздердің негізіне айналатынын айтады. Ғалымның пікірінше: «Мұндай метафоралар иесіз, яғни халықтық мұра болып саналады. Алайда, уақыт өте келе бұл бейнелі сөздер мәнін жоғалтып, жай қалыпты тіркес немесе омонимге айналып кетуі мүмкін» – деп пайымдаған [33].

Авторлық сипаттағы метафоралар – өмір құбылыстарына қатысты белгілі бір қаламгердің өзіндік танымына, жеке көзқарасына негізделген бейнелі сөздер. Мұндай метафоралар автордың субъективті бағасын береді. Осыған байланысты индивидуалды метафора терминінің орнына жеке тұлғалық метафора атауын қолдану ұсынылады. Метафораның түрлі қырлары, сипаттары болғандықтан, оған берілген ғылыми түсініктемелер де әртүрлі. Н.Д. Арутюнова сөздігінде метафораны былай сипаттайды: «Метафора – троптың бір түрі, яғни бір нысанды екінші бір ұқсас нысан арқылы бейнелеу тәсілі. Жалпы мағынасында, метафора кез келген сөздің ауыспалы мәнде қолданылуын білдіреді» [34].

Дүние жеткізбейтін бұл бір белең,

Көк дөнен жектім шана күймелеген.

Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында,

Қасыма құрбы-құрдас үймелеген. [4, 362 б.].

Қай дүние, мына дүние, ұшпа дүние,

Жүретін ұшып-қонып құс па дүние.

Барында оралыңның ойна да күл,

Ұстатпас бір-ақ тұтам қысқа дүние. [4, 362 б.].

Адам бір дүниеге келген қонақ,

Көш көріп, көш білуге өмір шолақ. [26, 174 б.].

Келтірілген қара өлеңдерде дүниенің өзгермелілігі, қысқалығы, өмірді сүйіп өмір сүру қажеттігі туралы терең ой сұлу сөзбен беріледі. Терең ой халыққа түсінікті тілмен, бейнелі суретпен, халық танымындағы образбен берілген.

Отаным – байтақ Жоңғар, Құба дара,

Ауылым арасында бура дала.

Бас қосып моңғол-қазақ араласқан,

Іргесі тату бопты бұл арада. [26, 33 б.]

Тұрмыстық деңгейдегі және табиғатпен етене жақындықты метафоралар:

*Ерен ердің белгісі –
Құрышты болар денесі.
Даналық және қамқорлық
Халқына жағар кеңесі. [24, 43 б]*

Қара өлеңдерде когнитивті метафоралардың кең қолданылуын көреміз. Когнитивтік метафоралардың қалыптасуына әр түрлі факторлар негіз болады деген ойдамыз. Когнитивтік метафоралардың пайда болуына адамның өмір сүру тәжірибесі, танымның кеңеюі, басқа адаммен қарым-қатынасы ықпалын тигізеді. Адам санасындағы әлем туралы түсінік, дүниенің қарапайым суреті, дүниенің когнитивтік бейнесі және дүниенің ғылыми бейнесі сияқты ұғымдардан когнитивтік метафоралар қалыптаса бастайды.[35, 123 б]

Ғалым Э.Н.Оразалиева «Категория ұғымын адамзаттың өмірлік тәжірибесін жинақтап, оны реттеуге мүмкіндік беретін ерекше танымдық құрылым» дейді. Ғалымның пікірінше, қазіргі таңда бұл ұғым тек дәстүрлі түсініктермен шектелмей, адамның когнитивтік қызметімен тығыз байланыста қарастырылады. Яғни, адам санасында әртүрлі құбылыстар мен заттар олардың ортақ қасиеттері бойынша сұрыпталып, жүйеленіп, белгілі бір топтарға, кластарға біріктіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, категория – адам санасындағы дүниені бейнелеудің, реттеудің және түсіндірудің маңызды құралы болып табылады. [36, 270 б.]

**Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Ол жолмен ешкім түзу жүре алмаған.
Батырлық бір оқ, байлық бір борандық,
Бір сәттік бақытың да құры алдаған.**[4, 364б.]

Адам санасындағы, дүниетанымындағы, тіршілігі, болмысындағы ойларын өлең арқылы білеміз. Когнитивті метафораның түпкі негізі – когнитивті модель. А. Б. Әмірбекова когнитивті лингвистика саласында концептілік жүйе мен когнитивтік модельдің өзара байланысын зерттеген. Оның пікірінше, концептілік жүйе дүниенің концептілік бейнесін қалыптастыратын негізгі тірек болып табылады. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні тануға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, сызба; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б. Концептілік жүйе санадағы ішкі құрылымдардың белгілі бір когнитивтік модельге салынып жинақталуы арқылы қалыптасады. Когнитивті модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады» [37, 28 б.].

Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып метафора қолданысына концептілік талдау жасауға тырыстық. Метафоралардың фреймдік құрылымына да назар аударған жөн деп санадық. Зерттеу барысында мынандай фреймдік құрылымдар анықталды: *тірлік бақыт, тозған заман, дүние-қызыл гүл, дүние-қисық жол бұраңдаған; т.б*

Тірлік бақыт.
Дүниеде не бақыт? Тірлік бақыт,

Тірліктен де болаттай бірлік бақыт.

Ынтымағын еліңнің ойламасаң,

Астындағы кетеді сырғып тақыт. [4, 255 б.]. Жауап алу мақсатында «Дүниеде не бақыт?» деген риторикалық сұрау арқылы **тірлік бақыт, бірлік бақыт** фреймдері ынтымағы бар елде бірлік, тыныштық болатынын айта келіп, елдің ынтымағы болмаса астындағы тағыңнан да айрылатыны баяндалған. «Сырғып тақыт» фреймі ынтымақ, татулық болмаса бастағы бағыңнан, астындағы тағыңнан айрылудың оңай екенін ашық айтып тұр.

Тозған заман.

Мына заман қай заман – тозған заман,

Алыс-жұлыс, дау-дамай қозған заман.

Қу құтырып, ептілер екі асап,

Алаяқтар айламен озған заман. [4, 264 б] Бірін-бірі алдаған, заманның көрінісі сипатталған. «Қу құтырып, ептілер екі асап, алаяқтар айламен **озған заман**» деген сценарийлік құрылым арқылы адамдардың арам пиғыл істері мен сарандық, айлакерлік, қаскүнемдік, рақымсыздық қасиеттері суреттелген.

Дүние-қызыл гүл.

Бұл дүние кімге опа қыла алады,

Ол бір жар, үгіліп тұр құлағалы.

Өскен бір қызыл гүл ғой дүние деген

Бір күн толып, бір күні суалады [4, 362 б.].

Өскен бір қызыл гүл ғой дүние «ғой» сөзі дүние-қызыл гүл метафорасына лексикалық мағына үстесе, «дүние бір жар, үгіліп тұр құлағалы, бір күні толып, бір күні суалады» деген образдылық арқылы дүниеде қуаныш пен қайғы, бақыт пен мұң бірге жүретіні баяндалған.

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,

Ешқашан бір қалыпта тұра алмаған.

Қай кезде қандай қиын болса дағы,

Болмаған шығар әсте бұдан жаман [4, 365 б]. Өмір судың ағысы секілді еш уақытта бір қалыпта тұрмайды. «Бір қисық жол бұраңдаған» фреймімен өмірде жақсы мен жамандықтың, қуаныш пен қайғының, сәттілік пен сәтсіздіктің алма кезектігі туралы философиялық ой бар.

Дүние-жалған.

Дүние баяны жоқ бұл бір жалған,

Бұл дәурен бұрынғыдай бізге қалған.

Барында оралыңның ойна да күл,

Бүйтіп кез келе бермес көңілге алған. [4, 362 б.]

Бұл шумақта алдыңғы шумақтағы ой одан әрі дамытылған. Еш нәрсе де баянды емес дейді. Адам баласы мәңгі қуанышта немесе мәңгі қайғыда өмір сүрмейді. Бәрі де алма-кезек дейді. Жақсы күндерге қанағат етіп, барынша өмірдің қызығын көру, шынайы болуға үндегендей.

Келесі өлең тармақтарында «дүние жалған» фреймі арқылы өмірдің алдамшы екенін баяндай келе бай да, патша да, батыр да уақыты келгенде о дүниелік болатынын «жер бесік» метафорасы арқылы ой тереңдей түскен.

*Дүние негізінен жалған екен,
Алданып шын деп әркім қалған екен.
Бай болсын, патша болсын, батыр болсын,
Бәрін де жер бесікке салған екен.* [4, 364 б.]

Тіршілік – жанып тұрған шоқ.

*Дүние жалған бір боқ екенсің,
Тіршілік – жанып тұрған шоқ екенсің
Зымырап ә дегенде өте шығып,
Тиетін көрінбей кеп оқ екенсің.* [4, 364 б.]

Тіршілікте өмірге біреулер келіп, біреулер кетіп жатады. Ол өмір заңы. Әр адамның артынан ұрпағын жалғастыратын тұяғы қалса, ол да жақсы. Сондықтан қазақ «шырағы сөнбесін» деп тілек тілейді.

Сары жазық.

*Қай жазық, мына жазық, сары жазық,
Болады қырда киік, суда балық,
Алпыс күн атан болып жай жүргенше,
Алты күн бура болып бұрқылдайық.* [4, 277 б.]

Сары жазық фреймі жай дала туралы айтады. Соңғы тармаққа келгенде ғана айтпақ ойды түсінесің. «Алпыс күн атан болып жай жүргенше» мен «алты күн бура болып бұрқылдайық» тармақтарында адамның ұзақ мәнсіз өмірінен гөрі аз болса да мәнді өмір сүруін артық санайтынын айтып отыр.

Білім қымбат.

*Не қымбат дүниеде, білім қымбат,
Тұратын барлық істі білім ымдап.
Көргенде балаларды көңіл өсер,
Бірі айтып отырғанды бірі тыңдап.* [4, 282 б.]

Жастар білімді болса көңілі толатыны айтылған. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай-қуатты болады. Бойына ілімді сіңіріп өскен жас ұрпақтың болашағы жарқын, елінің келешегі зор болады. Сондықтан білімді дүниедегі қымбат, асыл қазынаға теңейміз. Білім – адамның ең мықты қаруы.

Келесі мысалда сценарийлік құрылым жасалған. Дүниенің ағын судай зуылдап өтерін сөз еткенде үлкен философиялық көзқарасты аңғарамыз. **Бұл дүниеден ақ та, қара да, сары да өткен** – ауыспалы мағынада қолданылып, өлеңнің эмоционалы-экспрессивтілігін күшейтіп тұр.

*Жас та өткен бұл дүниеден, кәрі де өткен,
Ақ та өткен, қара да өткен, сары да өткен.
Барында оралыңның ойна да күл,*

Хан, дана, қожса, молда бәрі де өткен. [4, 363 б.] Осы дүниеде адамдар уақытша болатыны, барлығы қонақ екенін «хан, дана, қожса, молда бәрі де өткен» ойсуреті арқылы баяндалған.

Келесі өлең жолдарынан «Дүние құс па жалған?» риторикалық сұраққа өмірдің қысқа жалған, ұша жалған деген жауап қайтаруы арқылы дүниенің көзді ашып жұмғанша тез өтетіні, құстай ұшып зымырап шығатыны баяндалған.

Ұшпа жалған, құс па жалған, қысқа жалған арқылы сценарийлік құрылым жасалған.

Барасың қайда асығып ұшпа жалған,

Әуеде ұшып жүрген құс па жалған?

Барында оралыңның ойна да күл,

Кетеді әлі ақ өтіп қысқа жалған.[4, 366 б.]

Дүниенің баянсыздығы, басы тәтті болғанмен сол қалыпта ештеңенің қалмайтындығын айтады.

Дүние өзі жақсы, баяны жоқ,

Жүйріктің шабысы бар, аяғы жоқ.

Мысалы бір нәрсенің бәрі сондай,

Өмірдің басы жағы бал, аяғы боқ.[4, 363б.]

Қорытындылай келе, кара өлеңдер мен тарихи өлеңдердегі метафора өрісі ауқымды. Тұрақты және индивидуалдық метафоралар, эпитетті және теңеулі метафоралар, когнитивтік метафоралар түрлері анықталып, мысалдар келтіріліп, талдаулар жасалынды. Талдау барысында *тірлік бақыт, тозған заман, дүние-қызыл гүл, дүние-қисық жол бұраңдаған; сары жазық, жапан дала, білім қымбат, дүние-қызыл гүл т.б.* фреймдер анықталды.

Тұратын барлық істі білім ымдап; болады қырда киік, суда балық; ұшпа жалған, құс па жалған, қысқа жалған т.б. сценарийлік құрылым, қу құтырып, ептілер екі асап, алаяқтар айламен озған заман схемалық құрылым айқындалды. Сонымен қатар метафоралардың ойсурет арқылы берілуі де анықталды. Мысалы: *алты күн бура болып бұрқылдайық; хан, дана, қожса, молда бәрі де өткен; астындағы кетеді сырғыт тақыт; дүние бір жар, үгіліп тұр құлагалы, бір күні толып, бір күні суалады; жер бесікке т.б.*

Фольклорда метафора, эпитеттермен қатар жиі қолданылатын көркемдік тәсілдерге теңеулерді де жатқызуға болады. Фольклорда теңеулерді қолдануда өзіндік ерекшеліктер де бар. Т.Қоңыров теңеуді тілдік құралдарын мағыналық тұтастықтық пен синтаксистік құрылым тұрғысынан қарастырады. Зерттеуші теңеуді логикалық, эстетикалық категория ретінде әдебиет теориясы, тіл ғылымы саласындағы объект ретінде зерттеп, логикалық жағынан теңеудің үш құрамдас бөлігін бөліп көрсетеді: а) жаңадан танып-білуге тиісті нәрсе немесе сипатталатын ұғым (comparandum); ә) бұрыннан белгілі, таныс зат немесе сипатталаушы ұғым (comparatum); б) осы екеуіне ортақ белгі, ортақ қасиет (tertium comparationis). Бұл үш элементтің бірі болмаса, теңеу болмайды. Олардың өзара байланысынан жаңа ұғым пайда болады және логика тұрғыдан бұл процесс теңеу деп аталады [38, 3].

Р.Сыздықтың пікірінше: «Теңеулер – көркем тілдің негізгі бейнелеу тәсілдерінің бірі». Ол көркем шығарманың тілі теңеусіз болмайтынын атап өтіп, теңеулердің бірнеше түрін айқындайды: қалыптасқан, жалпы тілдік теңеулер; бейнелі (образды) теңеулер, астарлы, мағынасы терең екі ұғымды қатар білдіретін теңеулер; сондай-ақ әжуа мен сатиралық сипаттағы теңеулер. Сонымен қатар, ғалым кейбір жазушылардың күтпеген тосын теңеулерді табуға ұмтылатынын да ерекше атап кетеді. [39, 149].

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде қолданылған теңеулерді жасалу тәсіліне қарай да бірнеше топқа бөлуге болады.

1) -дай,-дей қосымшасы жалғанып жасалған теңеулер:

а) зат есімге -дай,-дей жұрнағы жалғанып жасалған теңеулер. Мысалы,

Аққудай айдын көлде қаңқылдаған,

Әдемі даусың сұлу саңқылдаған.

Дауылын қара өлеңнің соқтырғанда,

Жел есер көмейіңнен аңқылдаған. [4, 159 б.]

Өлеңшілер өлеңнің қыр гүліндей,

Жүрмін жарап әлінің дүлділіндей.

Сан күлгенім, сен ойлап жаманменен,

Болмайды екен жақсының бір гүліндей. [4, 39 б.]

2) «Секілді» септеулігінің тіркесуі арқылы жасалған теңеулер:

Зат есімге «секілді» сөзінің тіркесуі арқылы жасалған теңеулер.

Мысалы, **Секілді қарағайдай** қалың мұртың,

Қалқайып қандай біткен құлақ пішін.

Теректей екі аяғың түзу біткен,

А, батыр, қолыңда екен барлық күшін. [24, 386 б.]

Ақерке **ақ күмістей** сенің жүзің,

Кетер ме көкейімнен айтқан сөзің.

Ақылың **айдын шалқар көл секілді,**

Жанары қара нәркес екі көзің. [25, 55 б.]

Бірінші мысалда теңеу ер адамның келбетін суреттеу мақсатында қолданылса, екінші мысалда қазақ қызының бейнесі ақ күмістей, айдын шалқар көл секілді теңеулерімен сипаттаған.

Өрт сықылды Жәнібектің қырғаны,

Ырысты жау, қарсы алдына тұрмады.

Найзаменен түйреп өтіп барады,

Қылыш шауып, садақ тартып қырмады [24, 168 б.]. Жәнібектің батылдығын,

қайсарлығын өртке теңеу арқылы нағыз ержүрек батырдың бейнесін көрсеткен.

3) -Ша,-ше қосымшасының жалғануы арқылы жасалған теңеулер:

Мысалы,

«Тұр екен кермесінде қабырғалап,

*Қызарып екі көзі **отша даулап.***

Селкілдеп жер ошақтай жерді қазып,

Қара тер жаясынан тұр сауылдап» [24, 237 б.].

4) Тәрізді, ұқсау сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған теңеулер. Мысалы,

«Адамдар тіршілік деп аталатын

Алас күлес мұхитта

Бір батып бір шығып

Сорлы жәндік тәрізді жанталасқан» [40, 131 б.]

Зерттеу жұмысымызда адамның ішкі дүниесінің өзгерісін айқын беру мақсатында жоғары эмоциялық реңкті білдіретін теңеулер де қолданылады.

Мысалы, “*Су сепкендей басылды,*

*Сұм жүрегім алқынған.
Жаяу қаңғып жүргенде,
Дәулетім ед -ау шалқыған!"*[26,134]

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде эмоционалды-экспрессивті теңеулер кейіпкерлердің қимыл іс-әрекеті мен жай-күйін беру үшін қолданған. Мысалы, *Жыланға арбалған бақадай;*

*Жылан шағып алғандай
Қырылған адам қойдай боп,
Бұ не деген заң болды. [26, 119-б.]*

Жұмысымызда бір затқа немесе мал атауларына берген теңеулеріне де мысалдар жиналған.

*Мысалы, Дауысың қоңыр қаздың дауысындай,
Нәзіктігі беліңнің қауырсындай.
Қиялдан түлеп ұшқан қыран едім,
Қонақ қыл мекеніне ауырсынбай [24, 146 б]
Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,
Шолпандай аспандағы жалғыз туған.
Жылы су, қолда құман, қарда орамал,
Жібекпен қызыл кәріш белін бұған. [25, 129 б]*

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде теңеулер кез келген екі затты салыстыру үшін ғана емес, көркем бейнелі тіркестер жасап тұрған теңеулер де көп. Мысалы, *қозғай алмайтыны секілді: ауысып тұратын киім секілді: түрегін тұрған адаммен бірдей еді: төбесі көкке тірелген шағаладай: алақандай; арыстандай; қырылған қойдай, сары алтындай т.б.*

*Жүз салдат қойдай жатыр арам өлген,
Бір төбе сасыған ет боп шіріген.
У жегендей сілейіп қырылыпты,
Намыс деп қынжыламын бұл не деген?! [26, 166 б].
Өлеңім өзен-судың арнасындай,
Елімнің топқа салған жорғасындай.
Шын болса әлгі сөзің, құрбыласым,
Толықсып сары алтындай кел қасыма-ай. [25, 47 б.].*

Тұрақты теңеулер фразеологизмдердің ерекше бір түрі болып саналады. М.Серғалиев оларды тілдегі жинақылық пен бейнелілік үлгісі ретінде қарастырады [41, 67]. Оның пікірінше, тұрақты теңеулер көркем ойды қысқа әрі нұсқа жеткізудің бір жолы, сондықтан олар тілдік экспрессияны күшейтетін, дайын қалпында қолданылатын тұрақты тіркестер қатарына жатады.

Тұрақты теңеуде теңеудің басты қасиеті салыстыру, ұқсату мәні сақталады. Тұрақты теңеулерде астарлы ой, концептілік тірек ұғым, таным үлгілері басым болып келеді.

Тіліміздегі қалыптасқан фразеологизмдердің көбі қазақ тілінің төл туындысы деп санаймыз. Себебі тұрақты теңеулер ассоциативті-образды ойлау нәтижесінде қалыптасқан тілдік бірліктер. Тұрақты теңеулерді ұлттық мәдени коннотация мазмұнын білдіретін тілдік таңбалар деп айтуымызға болады. Қара

өлең мен тарихи өлеңдерде фразеологиялық компоненттер халықтың ұлттық болмысын, психологиясын, философиялық ойынның мазмұндылығын дәйектеуімен құнды болып келген.

Есік пенен төрдей – халықтың дәстүрлі өлшемге байланысты туындаған тұрақты теңеу. Н. Уәли өлшемге қатысты есік пен төрдей тұрақты теңеуі жайлы: Есік, төр лексемалары прототиптік лексикалық парадигмадан шығып, объективті дүние білдіретін парадигмалық қатарға кіреді [42] – деген ой қорытады.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерден тұрақты теңеулердің тұлғалық-құрылымдық түрі өзгертіліп, жаңа тың тіркестердің кең қолданысын байқауға болады.

*Аппақ қардай денесі,
Тоқпақтай бұлиық жебесі.
Атасы қандай жан екен,
Тапқан қандай енесі? [26, 292 б]*

Аппақ қардай, тоқпақтай теңеулері денелі, алып батырдың портретін сипаттап тұр.

Тілімізде *түбі түскен шелектей* тұрақты теңеуін – *тесілген түбі күбідей* деп тұрақты теңеу құрамындағы *шелек* сөзін тіліміздегі ұлттық мәні бар *күбі* сөзімен өзгертіп берген қара өлеңдер де кездеседі. Тұрақты тіркес тұрақты теңеуге айналғанда айтылмақ ой мен құбылыстың қасиеті барынша нақтыланады, ойымызға жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркес пен соның негізінде пайда болған тұрақты теңеу қатар белгілі болады. *Мысалы:*

*Алтайдың жерінде – нұр, көгінде – күн,
Таппайсың ұнамастай өзінен мін.
Нұрлы жүз, құралай көз қарындастың,
Көрдің бе қара шашы төгілгенін?! [40,199 б.]*

Бұл өлеңде сұлу қызды суреттеуде қолданылатын – *жерінде - нұр, көгінде-күн* метафоралық теңеу *нұрлы жүз, құралай көз* деген эпитеттермен тіркесіп қазақтың ару қызының образы бейнеленген. Қазақ аруы – сұлулықтың, әдеміліктің эталоны.

Зерттеу нәтижесінде тұрақты теңеулердің окказионалды өзгеріске түсуінің үш негізгі тәсілі анықталды: 1) тұрақты теңеулердің құрамындағы кей сөздерді басқа сөздермен алмастыру арқылы қолдану; 2) мағынасына ұқсас сөздерді қосып, теңеуді түрлендіру; 3) бейнелілік беретін сөзді тіркеске қосу арқылы тұрақты теңеуге айналдыру.

Бұл тәсілдер тілдегі теңеулердің икемділігін, шығармашылықпен түрлене алатынын көрсетеді.

*Дүние өте шығар аттай шауып,
Мықты отыр ат үстінен түспей ауып.
Алдында даңғыраған жолмен жүрмей,
Пәлені кейде аласың өзің тауып [4, 364б.].*

Метафора мен теңеу екеуі де салыстыру мен ұқсатуға негізделетін көріктеу тәсілдері және олардың танымдық құндылығы жоғары. Метафора – ықшамдалған теңеу ретінде сипатталады, мұнда нақты белгі көрсетілмейді.

Т.Қоңыровтың пікірінше, метафоралық теңеулерді айқындайтын негізгі ерекшелік – салыстыру белгісінің болуы және оның ауыспалы мағынада қолданылуы [43, 120].

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде метафоралық теңеудің қолданылуы әр алуан. Төмендегі өлең жолдарынан «өмір – соққан желдей» метафоралық теңеу арқылы өмірді желге теңеп, адам өмірі қамшының сабындай тым қысқа екендігі баяндалған. «Дүниеде жүрмейсің ақыр өлмей» деп еш адам мына дүниеде мәңгі тірішілік етпейтіндігін айтады.

*Өтіп дәурен барады соққан желдей,
Бір кеткен соң зар қылар қайтып келмей.
Оралыңның барында ойна да күл,
Дүниеде жүрмейсің ақыр өлмей.* [4, 39 б.]

Зар қылар фразеологиялық тіркес уақыттың еш уақытта кері қайтарылмайтыны, адам өз уақытымен өмір сүріп, ойнап-күліп, өмірдің рақатын көріп, бағалап, жері, еліне пайда әкелу керек деген ой түйіндеп отырмыз. Теңеулер шығарманың идеялық мазмұнымен ұштасып, оның көркемдік өресімен ұласып, шебер қиюласып, айтар ойға эмоциялық бояу үстеп тұр.

Қазақ танымы мен түсінігі тереңде жатыр. Қазақ туған жер, ел, халық ұғымдарына ерекше мән берген. Туған жеріне деген махаббатты еш нәрсемен салыстыру мүмкін емес.

Қазақ батыры әрқашан еліне тірек, қорған бола білген. Батырлық ұғымы фольклорда негізгі тақырыптардың бірі ғана емес, образды, бейнелі сөз тіркестерін жасауда да белсенді қолданылады. Туған өлкені суреттеуде тауды қос батырға теңеу арқылы, Алатаудың мықтылығы, тамаша табиғаты сипатталған.

*Жері бай, елі де бай ұлы Алатаудың,
Біз айтсақ сөз шындығын болған жайдан.
Сары тау қос батырдай төсін керіп,
Шыңынан бір кем емес Гималайдың.* [25, 169 б.]

Метафоралық теңеулер ұлттың танымы мен дәстүрлі көзқарасын бейнелейтін ерекше тілдік құрал. Себебі әрбір ұлттың дүниені қабылдауы мен ойлау жүйесі сол халықтың тіліне тікелей ықпал етеді. Бір ұғымды бейнелеуде қолданылатын тілдік құрал әр ұлтта әр түрлі болуы сол ұлттың танымдық ерекшеліктерінің көрінісі.

«Бабалар сөзі» еңбегіндегі шығармаларда метафоралық теңеулер терең ой, нәзік сезім, кейде көңіл күй көтеру, халықты жай күйі мен ауыр өмірін, тұрмыс тіршілігін суреттеу мақсатында ұтымды қолданылған. Сонымен қатар метафоралық теңеулер екі түрлі мақсатта қолданылған:

- адамның жан дүниесі мен іс-әрекетін суреттеу үшін;
- табиғаттың алуан түрлі құбылыстарын бейнелеу үшін.

*«Дүние ойлап тұрсам қос уыстай,
Түрленген қайран күнім тоты құстай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде қосылыспай»* [4, 30 б.]

Мысалда өмір туралы философиялық көзқарас жатқанын көреміз. «*Дүние – қос уыстай, күнім – тоты құстай*» деген метафоралық теңеулер өмірдің қос уыстай ғана қысқалығы, әр күннің тоты құстай құлпыруы суреттелген. Дүниені қос уысқа теңеу арқылы адам өмірі қамшының сабындай тым қысқа дүниеде қызықты көріп, сыйластықта өмір сүру керектігі баяндалған.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде метафоралық теңеулермен бірге эпитетті теңеулер де барынша мол қолданылатынын байқадық. Эпитетті теңеулер анықтаушы сөз ретінде үнемі образды қызмет атқарады.

Жазық жер бет алдымыз – мидай дала,

Мылтықтан от алдырар көре сала.

«Байтал түгел, бас қайғы» сонда болып,

Жан сақтар жер таппасыз паналауға [27, 159 б]. Бұл мысалда *мидай дала* фразеологиялық тіркес ретінде қолданылып тұр.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде көп кездесетін теңеулердің бірі – синекдохалық теңеулер. Синекдохандағы негізгі белгілер синекдохалық теңеулерде толығымен сақталады. Көбінесе көптік мағынадағы *жұрт* және *ел* сөздері арқылы синекдохалық теңеулер жасалған. Бұлар теңеулік құрылымда көп ретте синонимдік жұп ретінде қалыптасқан.

Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан,

Тыңдамай қапы қалып, болма бейқам.

Ғашықтық ер жігітке бір үлкен дерт,

Қайдан ер мұндай іске жанын қизан. [27, 28 б] Өлең жолдарындағы *жалқау құлақ* синекдохасы адамның орнына жұмсалып синекдохалық теңеу қызметін атқарған. Теңеу заты синекдохалық мағынаға, ал теңеу белгісі метафоралық мағынаға ие болып, көркем де бейнелі сурет жасап тұр.

Белгілі бір оқиға мен құбылыстың эпитеттік теңеулер арқылы бейнеленуі жиі кездеседі.

Бөріге байлағандай жалғыз лақ,

Бұланға мына сапар ауыр сынақ.

Төренің көп жылқысын көзге ілмей,

Ер салды Құлагерге сылап-сипап [26,183 б]. Құлагер туралы бұл өлеңде *жалғыз лақ, ауыр сынақ* эпитеттері қолданылған.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасы, белгісі айқын сипаттауда теңеулер қолданылған. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңелген теңеулер кездеседі. Табиғатта болып жатқан құбылыс, қимыл-әрекет *дүние, өмір, туған жер, әйел, дос, бала құс, батырға* балау арқылы теңеу формасының негізгі міндеттері айқындалды. Мысалы,

Дүние – балық судың түбінде өскен,

Қалатын қармағына ілінбеген.

Дүние жасың жүзге жетсе дағы,

Өтеді бір бес күндей білінбестен [4, 365б.].

«*Дүние – балық судың түбінде өскен*» образды сурет арқылы балықтай адамды шалатын, ілетін, тұсау болатын өмірдегі кедергілерді айтады. Адам жата бермей,

еңбектеніп, өмірдің әр қиын сәтінен шығып, күрделі кезеңдерде дұрыс жолға түсе білгеннің өмірі мәнді өтеді деген түйін айтылған. «Қалатын қармағыңа ілінбей» сценарийлік құрылымы «өтеді бір бес күндей білінбестен» теңеуімен тіркесіп өлеңдегі негізгі ойға ерекше эмоция береді.

Белдігін Арқалық ер алды байлап,

Үмітті өткен істің бәрін ойлап.

Ыңыранып арыстандай тұралмады,

Байлаған жолбарыстай көзі жайнап [24, 402 б.]. Батырдың ерекшелігін беру үшін «ыңыранып арыстандай», «байлаған жолбарыстай» теңеулерін қолданған.

Тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған батырлар – тарихи, қара өлеңдердегі негізгі тақырып. Қазақ жерінің бір сүйемі де осы батырларының арқасында жаудың қолында кетпеді. Барлығы тарихи, қара өлеңдер халықтың нанымындағы батырдың тұлғасын бейнелейді. Қазақ халқы әрқашан өз батырлары барына, олардың жау шапқанда қорған бола алатына сенімді болған. Батырларының жебелерінің оғы да найзаның оғындай мықты екенін, сол оқтан жауы бір мезетте мерт болатыны керемет суреттелген. Ұстаған қаруы да батырдың қаһарлы мінезіне сай келіп, жауы ызғарлы жүзінен сескеніп, қарсы тұра алатыны баяндалған.

Найзағайдың оғындай,

Сексеуілдің шоғындай.

Қаһарлы жебе кетеді.

Қас-қағым мезгіл болмай-ақ

Кәпір сұмға жетеді. [25, 144 б.]

Туған жерді суреттеу үшін «жайлаған алты ай жазда сары ала қаз», «шолпандай таң алдында туып батқан» теңеуін қолданған. Тамыры тереңге жайылған қазақ елінің бірлігі мен берекесі тараған емес. Ақын жазушыларымыз сол бірлігі жарасқан қазақтың сары даласында бірін дос, бірін бауырдай көрген халқымыздың тұрмысы мен тыныс-тіршілігін жырлап келеді. Қазақ ауылы, шаңырақ, төрт түлік мал, отау сияқты киелі сөздер де теңеу образында суреттелген. Туған жердің бейнелі көрінісі ұлттық нақышпен өрнектелген эпитеттік теңеулердің арасында жүзеге асқан.

Елімнің бір жайлауы Құрымбай саз,

Жайлаған алты ай жазда сары ала қаз.

Шолпандай таң алдында туып батқан,

Дариға-ай мен қайтейін, ғұмырым ай. [4, 44 б.]

Сары ала қаз, Құрымбай саз эпитеттері ауылдың ерекше бейнесі *шолпандай таң алдында туып батуы* көрініс тапқан. Теңеулік құрылымдағы зат пен белгі әр қырынан анықталып, бейнелі сурет арқылы туған жердің табиғатын көркем әрі бейнелі сипаттаған.

Тарихи, қара өлеңдердегі келесі бір тақырып – достық. Достық өмірдегі ең ұлы сезім. Келесі өлең жолдарынан бірі-біріне адал, қалтқысыз жанашыр,

балалық шақтан бірге өсіп бауырдай болып кеткен достық суреттелген. «Ұшқандаймыз бір ұядан» теңеуі арқылы достық сипатталған.

Қос етек көйлек кидім дүриядан,

Екеуміз ұшқандаймыз бір ұядан.

Қалайық ойнап-күліп осындайда,

Кетерміз әлі-ақ өтіп дүниадан[4, 363б.].

Қазақ халқы әйел затын ардақтап, жоғары бағалай білген. Ана отбасында ұл тәрбиелей отырып жер иесін, қызды тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелей білген. Қызды, әйелді сұлулықтың символы ретінде таныған. Қызды бұлбұл құсқа, аққуға, гүлге, гүлбағына теңеу арқылы қазақ қызына тән мінез, сыйпайлылық пен ізеттілікті көрсете білген. Келесі өлең жолдарынан қазақ қызының сұлу образы керемет суреттелген.

Сондағы Таңшебердің рең-түсі,

Гүлбақтың мысалындай бұлбұл құсы.

Керме қас, оймақ ауыз, піспе мұрын,

Меруеттей жарқырайды отыз тісі [25, 71 б.]. «***Керме қас, оймақ ауыз, піспе мұрын***» эпитеті мен «*меруеттей жарқырайды отыз тісі*» теңеуі арқылы қазақ қызының сұлу бейнесі суреттелген.

Бала құстай теңеуі сөзі кішірейту мақсатында қолданылған.

Әкелді әлгі жерде Жұбай ерді,

Байлаулы бала құстай біз бір шерлі.

«Жұбай, сен Арқалыққа ересің!» - деп,

Әжі төрем сол жерде әмір берді[25, 237 б.].

Тарихи, қара өлеңдерде адамға қатысты теңеулер жиі қолданылған. Мұндай теңеулердің өзін тақырыбына қарай бөліп қарастыруымызға болады.

1. Кейіпкерді бейнелеу мақсатындағы теңеулер: Мысалы,

Бұл жиен батыр болды қайраты артып,

Екпіні соққан желдей көкті шаршып.

Қанағат өз малына бір де қылмай,

Менің кеп бар малымды алды тартып [26, 20 б.].

Айғайлап қойға тиген аш бөрідей,

Жау жақтың талайдың қанын шашты.

Қолында түрлі қару жас батырдың,

Ешбір жау қарсы алдынан бара алмасты. [25, 117 б.].

Нұрғали ажыратып шықты үкірдай,

Мұқаділ теңдес тұрған өзіне сай.

Рақымды, ақпейіл адам еді,

Махшарда жарылқасын Жаппар Құдай! [27, 102 б.]. Мысалдарда қазақ батырының батыл мінезі суреттелген.

2. Табиғатты суреттеу мақсатындағы теңеулер:

Шуылдап асау Ертіс таудай толқын,

Ал көбік көкке шашып оқтың-оқтың.

Ер болсаң батыр Жаргыл, түс дегендей,

Айдынын көрсетіп тұр түсін жойқын.

Ертісті таудай толқынға теңеуі «көбік көкке шашып оқтың-оқтың» бейнелі сурет жасау арқылы Ертістің тамаша суретін көз алдымызға елестеді.

3. Ұрыс алаңын суреттейтін теңеулер:

Қызыке, Қапан менен о да кетті,

Қайшы мен Ажар бала о да өтті.

Сәбилер ұшқан құстай кетіп жатыр,

Күйіктен ата анасын қар еңіретті [27, 138 б.]. Ұрыс алаңында өрімдей жастардың қаза болған көрінісін *ұшқан құстай* теңеуі арқылы ұтымды берген.

Сонымен қатар, метонимиялық теңеулердің кеңінен қолданысы анықталды. Метонимиялық теңеулердің экспрессивті-бояуыштық қасиеті сараланды.

Сөздің мағыналық аясын кеңейтіп, оған тың бейнелілік мән беруде метонимияның орны айрықша. Ғалым Н.Уәли «Метонимия бірнеше сөзбен жеткізілетін сипаттаманы бір сөзбен қысқартып, мағына тұтастығын сақтап жеткізе алады. Бұл тәсіл тілдің ықшам және бейнелі болуына жол ашады» [42, 230.] – дейді ғалым.

Метонимия астарлы ойға, ұғымға негізделеді. Осы астарлы ой мен ұғымды түсіну кез келген адамнан шеберлікті қажет етеді. Метонимиялық теңеуде метонимия өзіне тән барлық қасиеттерді сақтап, теңеудің бейнелілігін барынша арттыра түседі.

Мұрны да жұдырықтай үңгір танау,

Ал мұрт сақал бетте селдір анау.

Кескен терек секілді бойы иттің,

Бір-бір сабау секілді саусақ анау [25, 134 б.].

Метонимияға негіз болған *ит* сөзі алынған. *Кескен терек секілді, сабау секілді* теңеулері арқылы адам бойындағы кездесетін келеңсіз мінезін негіз етіп алған.

Тарихи өлең, қара өлеңдерде жиі қолданылған көркемдік тәсілдің бірі эпитет. Эпитет туралы алғашқы ғылыми пікірлер көне грек зерттеушілерінен бастау алған. Ұлы ойшылдардың тұжырымдары кейінгі уақытта эпитет туралы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті. Қазақ әдебиеттануында эпитетке алғаш анықтама берген А.Байтұрсынұлы. Ол эпитетті затқа тән белгіні күшейте сипаттайтын немесе шын болмаған қасиеті бар етіп көрсететін тәсіл ретінде қарастырады. Ғалымның айтуынша, эпитет негізінен затты көріктендіру немесе белгілі бір мақсатпен ерекше әсер беру үшін қолданады [28, 155 б.].

Орыс ғалымы А.И Ефимов: «Точность и ясность выражений – это так же один из существеннейших признаков образного языка художественных произведений... Простота языка, следовательно, а так же его точность ясность и экономичность - это неотъемлемые признаки образности» [45, 29 б.], - деп сөздерді тура мағынасында, нақты қолдану да көркемдік туғызудың бір белгісі екендігін айтады.

Зерттеу нысанына алынған тарихи өлең, қара өлеңдердегі эпитеттерді әр түрлі топтарға бөліп қарастыруға болады. Тарихи өлең, қара өлеңдерде өмір, табиғат, батыр, ауыл, туған жер тақырыптарды қамтыған эпитеттер кең

қолданылған. Мысалы, туған жер, отау, шаңырақ, халық, ауыл, жайлау сөздері кең жайлау, ақ отау, ала құнан, торы қасқа, қара жер, жалғыз ауыл, қара үй т. б.

Таң салқын қоңыр жел,

Қара жартас, сары өзек,

Көгілдір тартқан қоңыр бел.

Шөлейт тартқан шабыра,

Сусыз сенде жоқ қой ел [27, 38 б.]. Табиғаты тамаша суреттелген ауылдың көрінісі сипатталған.

Әр адамның туған жері өзіне ыстық. Қазақ халқы туған жерді алтын бесікке теңеген. Туған жерде өткен балалық шағы, жайқалған ағашы, сарқырап аққан бұлағы мен өзені ешкімнің есінен кетпесін білеміз. Келесі мысалда ауылынан көшіп, басқа жерге қоныстанған адамның жайы суреттелген. *Туған жері – алтын бесік* деген теңеулік эпитет арқылы ұтымды қоланылған.

Ауылым өрлей-өрлей өрге келген,

Көрмеген ата-бабам жерге келген.

Әркімнің туған жері - алтын бесік,

Айырылып ел мен жерден неге келген [4, 81 б.].

Туған жерге сағыныш сезімі «сағынғаннан сарғайып, көз жасын көл қылып» фразеологиялық тіркестері арқылы суреттелген. *Сағынғанда сарғайып – фразеологиялық тіркес* авторлық қолданыстағы тіркес. «*Көз жасын көл қылып*» фразеологиялық тіркес.

Ауылың алыс кеткенде, қынай белім,

Жолаушыдан жол тосып сұрай бердім.

Сағынғаннан сарғайып, сенер алсаң,

Көздің жасын көл қылып жылай бердім. [4, 69 б.]

Қазақ ұғымында «отау, шаңырақ» ұғымдарына ерекше мән береді. Отау, шаңырақ – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті. Қара шаңырақ ел қадірлейтін әкенің, ата - бабаның дәстүр бойынша кенженің еншісіне тиген үй. *Ақ отау* – жаңадан шаңырақ көтерген жастардың отауы. *Алты қанат үй* деп қазақ ауылының қара шаңырағын сипаттаған. Ұлттық дүниетаным *ақ отау, алты қанат, қыз-бозбала, алтын бау-бақша, күміс белдеу үй, қалың қой* қолданыстары арқылы дәл берілген. *Қалың шаң, қалың қара қойшы* деген мысалдар арқылы ауылдың тыныс-тіршілігі бейнелеген.

«*Қалың шаң, қалың қара қойшы шығар,*

Жайылған байдың қалың қойы шығар.

Ақ отау алты қанат, қыз-бозбала,

Алтын бау, күміс белдеу үйі шығар» [46, 17 б.].

Боз беткейлі, ендеше, боз беткейлі,

Боз беткейден жайылған мал кетпейді.

Шөбі жұмсақ, шаруа, малға жайлы,

Бағаналы мансарға жер жетпейді. [47,56 б.]

«Боз беткейден жайылған мал кетпейді» деген сурет пен шөбі жұмсақ эпитетімен тіркесіп керемет жайлаудың көрінісін сипаттаған.

Қаратаудың басынан соғар дауыл,

*Ерігемін қайтемін жалғыз ауыл.
Қалқатайды келед деп естіген соң,
Күндегіден көңілім бүгін тәуір [4, 69 б.].
Ой, Алтай, басың биік, шөбің сұйық,
Ойнайды бауырыңда арқар, киік.
Кір жуып, кіндік кескен қайран Алтай,
Кетеді сені ойласам ішім күйіп [4, 46 б.].*

Таудың баурайындағы ауылдың бейнесі басың биік, шөбің сұйық эпитеттері арқылы суреттелген. Кір жуып, кіндік кескен қайран Алтай, туған жер еске түскендегі, жат жерде жүрген адамның ішкі құсасы баяндалған. *Ішім күйіп* тұрақты тіркесімен туған жерге деген сағыныш, қимастық сезімдерді де тануға болады.

*Жабырқап жан кейіткен қапалықтан,
Жазуын Жаратқанның қатал ұққан.
Салтыңнан садағамын, сабырлы елім.
Қамығу, шаттануды қатар ұққан [26, 24 б.].*

«Сабырлы ел» эпитеті арқылы тар жол, тайғақ кешкен халықтың мықтылығы мен төзімділігін бейнелейді. Шаттық пен қамығу секілді сезімдерді бастан өткерген елдің сабырлы болатындығын меңзейді.

*Бұл өлке біздің ауыл гүлденген жер,
Қаракөз бойын сылап түзеген жер.
Көзіме от-жалындай көрінеді,
Қолаң шапш уәдесін үзбеген жер.
Бұл өлке біздің ауыл жсайлаған жер,
Желіге асау құлын байлаған жер [4, 59-б].*

Гүлденген жер, Қаракөз бойын түзеген жер, асау құлын тіркестері туған жерде өткен балалық шақты, туған жердегі әдемі, тәтті сезімдерімен байланысты екені, жерге деген алапат сезім, өксікті сезім эпитеттер арқылы ұтымды берілген.

*Көш соңынан ілестім інгенменен,
Інген артық болмайды мінгенменен.
Күнің барда, қалқатай, ойна да күл,
Өмір қызық бірге ойнап, күлгенменен [4, 70-б].*

Өмір қызық эпитеті көш соңы тіркесімен тіркесіп қазақ халқының көшпелі ел екенін сөзге тиек етіліп, халықтың тұрмыс-тіршілігі суреттелген.

*Қол созады әрнеге әркім қалап,
Жетпес не бар шақта етсең талап.*

*Бәрінен де болсыңшы тыныш заман,
Қой үстінде бозторғай жұмыртқалап [4, 235-б]. Тыныш заман* эпитеті қой үстінде бозторғай жұмыртқалап деген фразеологиялық тіркес арқылы адам баласына бейбіт заман, тыныштықтан артық ештеңе жоқ екені айтылып тұр. Тыныштық болса мұратыңа жетпейтін не бар деген ойды айтады.

*Ыдырап бір заманда алты шәрі,
Халықтың кетіп бірлік, салты-сәні.
Біріне жеті қожа шәрі жетпей,*

Қырғын боп қызыл қанға малтысады [26, 46 б.]. Халықтың ішіндегі бірліктің жоғалғандығын «Қызыл қан» болып қырғынға ұшырағаны баяндалады. *Қызыл* эпитеті *қан* сөзімен тіркесіп қырғынды күшейтіп тұр.

Дүние ойлап тұрсам шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен.

Сыйласып екі жұбай тату болса,

Дүниенің бар қызығы сол-ақ екен [4, 29 б.]. Бұл қара өлеңде *дүние шолақ*, *адамдар қонақ* эпитеттерімен өмірдің тым қысқа екені баяндалған. Сол қамшының сабындай аз ғұмырында жұбайлар бір-бірін сыйлап, құрметтеп, тату өмір сүрсе екен деген ой бар.

Дүние қарап тұрсам кең сарай,

Сарайға көзім талды қарай-қарай.

Тағдыр мен Тәңірге жала жаппа,

Өзінен ер жігіттің бақ пен талай [4, 28 б.].

Эпитет кейіпкердің жан дүниесін ашуда, кескін келбетін суреттеуде ерекше қызмет атқарады. Портрет пен оның детальдарын жасау, кейіпкерге мінездеме беру, кейіпкердің ішкі сезімдерін, көңіл-күйін бейнелеу үшін, сөз ажарын көркейтіп, ойды кемел жеткізу үшін автор эпитеттерге сүйенеді.

Қара өлеңде ұлттың ойы, өмірден түйген қорытындысы, сол шыққан уақыттың лебі, сол заманның зары, сол кезеңнің сезімі сезіледі. Эпитеттер табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқырман сезіміне әсер етерліктей етіп суреттейді.

Мысалы, *Ендеше бұлтты күн, бұлтты күн,*

Жарасар ақ қозыға түбітті жүн.

Барында гүлжазыңның ойна да күл,

Барады өтіп жалған, қызықты күн [4,117 б.].

Осы өлең жолдарынан *бұлтты күн, қызықты күн, ақ қозы, түбітті жүн, жалған күн* эпитеттері айтар ойды бейнелі етіп, эмоциялық бояуын қоюландырып тұр. Эпитеттің өлеңге әдемі ажар беріп тұрғаны даусыз. Туған жердің тұрмыс-тіршілігін, ауыл тынысын нақты суреттеу арқылы оқыrmандарын жалықтырмай, қызықтыра білген.

Қалың қыс, қарлы жаңбыр, боран соқты,

Қаптаған қалың жылқы жонмен ықты.

Келген жұт қанат жая сүзектей,

Күйзелді қолға қарап қой мен тоқты [24,148 б.]. Елдің ызғарлы қыстағы халі суреттелген. Қалың қыс, қарлы жаңбыр эпитеттері арқылы аязды, суық қысты тамаша суреттеген.

Сол жонда буаз қатын бала тапты,

Жері мұз, күні суық, айдай қатты.

Кім жылытып есіркейді елсіз жерде,

Мүсәпір баласымен бірге қатты [24, 153 б.]. *Елсіз жер, буаз қатын, суық күн, мұзды жер* тіркестерінде эпитеттер қолданылған. Елсіз жерде, аязда, жаңа туған баласымен қатып қалған ананың халі аянышты.

Кейіпкердің портретін жасауда эпитеттің қызметі үлкен.

Қара өлең мен тарихи өлеңдерде тұрақты эпитеттер көп кездеседі. Тұрақты эпитеттердің негізінен бейнелік, көркемдік сапасы әлдеқайда жоғары, эмоциялық бояуы мейлінше қалың, экспрессивті әсері өзгеше, күшті болады.

Мысалы, *Қалды қайран елім, туған жерім,*

Аман да бол, қайыр хош, асқар белім.

Ата-анамның кезінде ізі қалып,

Ең алғаш кіндік қан тамған жерім [4, 60 б].

Ата-анамның кезінде ізі қалып, кіндік қан тамған жерім секілді тұрақты тіркестер арқылы туған жердің толық көрінісін байқай аламыз. Туған жеріне деген сағыныш, қимастық сезімдері *қайыр хош, асқар белім* тіркестері арқылы ұтымды берілген.

Кейіпкердің бет-бейнесін, дене-бітімін суреттеуде де эпитеттер үлкен роль атқарады.

Кірпікті ұзын сақал, сұңғақ бойлы,

Жазық маңдай, дөң тұмсық, терең ойлы.

Апай төс, алып тұлға, жалпақ жауырын,

Кең иық, майда сөзді, лебіз жайлы [48,188-б].

Әр жылдың өзіне тән ерекшелігі мен тосын сыйлары болады. Сол секілді тарихи өлеңдерде жылқы жылы халыққа қиын-қыстау күн туады, елде қуаңшылық пен жұт болады. Төмендегі өлең жолдары толығымен ел бейнесін суреттейді. Әсіресе, қиын-қыстау кезеңді *«түссейші тым құрыса қар жұқарақта»* тіркесі арқылы халықтың басына түскен азапты күйі анық бейнелеген. Кедей халықтың ішер асы, киер киімі, малдың жем-шөбі жоқтығын ашына жазады. Орын алған ел жағдайының қиыншылығын риторикалық сұрау арқылы айқын нәрсені әсерлі жеткізу мақсатында пайдаланған.

Жыл еді жылан шығып, жылқы кірген,

Бұрсеңдеп малышлар жүр жыртық ілген.

Ішер ас, жылы киім, жем-шөбі жоқ,

Кедейдің кетіп қалды сұрқы бірден

Бұлт орап жабуланды тау шыңдары,

Қымтана түсті ақ тонын қаусырмалы.

Тағынған мұздан моншақ қарағайдың,

Сауыс боп өне-бойы саусылдады.

Түссейші тым құрыса қар жұқарақта!

Жым-жылас төмпешік те, шоқанақ та.

Ауылға елік-ешкі келгіштеді,

Мақұлық енді қайтсін, жұтамақ па? [26, 26 б.].

Шығармаларда кездесетін эпитеттердің қолданылу жиілігі әр түрлі. Мысалы **туған жер** суреттегенде қолданылған тіркестер: туған жер; жалғыз ауыл; ақ отау; қара шаңырақ; алты қанат; күзеген жер; қоңыр бел, асқар бел; қалың жылқы; көбің сұйық; өз бесігім, **жел: қоңыр жел**; самал жел; жылы жел; **жылы:** жылы күлкі; жылы мейірім, **қара:** қара өлең; қара шаңырақ; қара көз; қара жер; қара күрең майлы жүз; қара торы жүз; қара торы өң, **өмір:** тыныш заман, қызық өмір; дүние шолақ; дүние кең сарай кездеседі.

Қорытындылай келе, теңеу қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер етерліктей етіп берілген. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңелген. Табиғатта болып жатқан құбылысты *дүние, өмір, туған жер, әйел, дос, бала құс, батырға* балау арқылы теңеу формасының негізі міндеттері орындалған. Қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылысты сипаттауымен ерекшеленеді.

Эпитеттер айтылған ойды құбылта төгілкен, шығарма шырайына көрік беріп, әр сөзге ажар дарытуымен ерешеленеді.

2 ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Адамзат қоғамы дамып, өркендеген сайын оның таным-білімі, ой-өрісі арта түсетіні заңды құбылыс. Осымен байланысты санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез келген үзігінің (объектісінің) денотаты мен ситуациялары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және сол дүние үзігінің тілдік қолданыста кездеспейтін, яғни тіл арқылы санада тіркелмеген ерекше денотаттар, ситуациялар кездесіп отырады. Сондықтан қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың басты мәселесі, біріншіден, санада тілге дейінгі бейнеленген дүниелердің ішкі мәнін түсіндірудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, екіншіден, логикалық-позитивтік және эстетикалық таным-білімнің реттелген, жүйеленген, өңдеуден өткен ақпараттарды тіл арқылы іздеп айқындау. Бұл мәселе жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелер бейнесін анықтау, яғни тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу әлемдік тіл білімінде үлкен бағытқа айналды. Когнитолог-ғалымдар Ч.Филлмордың «Семантикалық талдауға фреймдік көзқарас» [49], В.фон Гумбольдт «Тіл және мәдениет философиясы» [50], Джордж Лакофф [Metaphors We Live By is a book by George Lakoff and Mark Johnson published in 1980], А.А. Потебняның «Сөз және миф» [51], И.Хомский «Тіл және ойлау» [52], В.А.Маслова «Когнитивтік лингвистикаға кіріспе» [53], А. Вежбицкая «Тіл. Мәдениет. Таным» [54], Е.С.Кубрякова [55] т.б. еңбектерінде когнитивтік талдаудың негізгі әдіс-тәсілдері ұсынылған. Осы бағыт қазақстандық лингвист ғалымдардың зерттеулерінде де кеңінен қарқын ала бастады.

В.фон Гумбольдт тілді «ойдың қалыптасу құралы» деп санаған. Бұл көзқарасқа сәйкес, әрбір тіл – белгілі бір халықтың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырады. Яғни тіл тек ойды білдірмейді, оны тудырады және қалыптастырады. Сондай-ақ «тілдің «ішкі формасы» – тілде бейнеленген халықтың рухани әлемі, ойлау ерекшелігі, мәдени коды» деген тұжырым жасаған. Бұл идея кейін когнитивтік лингвистикадағы концепт ұғымының философиялық негізіне айналды. Гумбольдт: «*Тіл – ұлт рухының сыртқы көрінісі*», - дейді. Ұлттың рухани, мәдени болмысы тікелей оның тілімен байланысты, тіл сол болмыстың бейнесі. [50] Джордж Лакофф (George Lakoff) «Тіл – ойлаудың айнасы» деген ой айтады. Бұл тіл адамдардың әлемді қалай қабылдап, қалай концептуализациялайтынын көрсетеді. Концептуалдық метафора теориясы: метафора – тек тілдік құрал емес, ол адамның таным жүйесінің негізі. Мысалы, «уақыт – ақша» (Time is money) метафорасы[51]. И.Хомский тілді **когнитивтік құбылыс** ретінде қарастырды [52]. Анна Вежбицкая – поляк текті австралиялық лингвист, семантика, прагматика және когнитивтік лингвистика салаларының көрнекті өкілі. Ол әлем тілдеріндегі мағына мен ойлау жүйесінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын зерттеді. Оның басты ғылыми жаңалығы – Табиғи семантикалық метатіл (Natural Semantic Metalanguage – NSM) теориясы [54].

Орыс ғалымы В.А. Маслова: «Концепт – түсініктердің жинағы емес, оның құрылымдық-семантикалық моделі: концепттің ядросы, шеті және ассоциациялық өрісі болады. – дейді. Сондай ақ «тіл – мәдениет айнасы, тіл арқылы мәдени стереотиптер, ұлттық ерекшеліктер танылады» деген тұжырым жасайды [53]. Е.С.Кубрякова: «Когнитивтік лингвистика – тіл білімінің интегративті саласы: ол лингвистика, психология, философия, нейробиология салаларымен тығыз байланысты», - дейді. «Ментальды репрезентациялар: тіл – адамның ішкі әлемін, білімін, тәжірибесін ментальды деңгейде ұйымдастырушы құрал» болып табылса, «сөз мағынасы – энциклопедиялық білімнің көрінісі: сөз мағынасы тек тілдік емес, ол сол сөзге қатысты бүкіл білімді қамтиды» деген тұжырым жасайды [55].

Тіл – тұлғааралық қарым-қатынасқа мүмкіндік беретін және халықтың тарихын, төл мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, даналығын ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жеткізуге мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі. Тіл адамдар үшін қарым-қатынас құралы болып қана қоймай, ата-бабасының өткеніне баға беріп, ұрпағының болашағын межелейтін таным құралы болып табылады.

Гумбольдттің «Тіл философиясы» идеясынан бастау алатын когнитивизм ілімі қазақ ғылымында да кеңінен етек жайды. Осы салаға қатысты зерттеулер жүргізіліп, ғылыми жаңалықтар ашылды.

Нұрдаулетова Б.И. «Когнитивтік лингвистика» [56] атты еңбегінде: «Концепт» термині орыс тіл білімінде XX ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнеленуін зерттеумен байланысты пайда болды. С.А. Аскольдов-Алексеевтің 1928 жылғы «Русская речь» жинағында жарық көрген «Концепт и слово» деген еңбегінде концептілерді танымдық және көркемдік түрлеріне жіктейді, бірақ олардың аралық шегінің өзгеріп, кейде бір-бірімен астасып отыратынын да жоққа шығармайды, - деп көрсетеді [57,53 б.].

Таным теориясы жайындағы пікірлер Ә.Қайдар еңбектерінен бастау алады. Ғалым өзінің «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде этнолингвистиканың мақсат-міндеттерін анықтай отырып, кейінгі кезде этносты «адам» ұғымымен алмастыру арқылы антропология (адам туралы ғылым) терминінің қолданылу үрдісінің байқалып отырғанына тоқталған [58, 21 б.].

Тіл – ұлттық таным көрінісі: қазақ тіліндегі концептілер ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің ерекшелігін көрсетеді.

Этнолингвистика мен когнитивтік лингвистика байланысы: тілдің ішкі рухы арқылы ұлттың ойлау жүйесі танылады. [58].

Антропоэзектік парадигма элементтерін қамтитын зерттеулердің түрлі деңгейде зерттелуінің арқасында таза теориялық танымдық ұстанымдар айқындалды. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер қазақ тілтаным ғылымының дамуына мол үлес қосты. Ғалым Р.Сыздық «Тілтаным» журналында жарық көрген «Эпос тілі және лингвистикалық поэтика мәселелері» атты мақаласында эпос тілінің танымдық ерекшелігін зерттеу арқылы когнитивтік лингвистикаға тың пікір-тұжырымдарын қосты [59, 25-33 б.].

Тіл табиғатындағы сөз мәдениетін, тілдің қолданысындағы «сөйлеу», «тілді жұмсау» дұрыстығын зерттеген ғалым Н.Уәлидің де зерттеулерінде тілдің халық болмысын, тарихын, ойлау өзгешелігін танытар сипатын өз тұжырымдарына арқау етті [60, 10 б.].

Ж.Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» мақаласында: «Тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде ұлтты ұлттық танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы тілдік табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқаны байқалады. Оның көріністерін қазақ тіл білімінің даму жүйесінен де көріп отырмыз, [61, 39 б.]- деп қазіргі қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқанына көзімізді жеткізіп отыр. Ж.Манкееваның принциптері:

Концепт – мәдени код: концептілер – ұлттың мәдени құндылықтары мен өмір салтын бейнелейтін таңбалар.

Тілдік сана: адам санасындағы ұғымдар жүйесі тіл арқылы қалыптасады және тілде көрінеді.

Таным теориясын тіл қолданысы тұрғысынан жан-жақты қарастырып, тілдің жұмсалудағы танымдық ерекшеліктерді Қ.Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясында арнайы зерттеді [62, 6-25 б.]. Бұл еңбекте зерттеуші тілдік сананың құрылымын анықтап, гештальт теориясының негізін жан-жақты талдайды.

Тілтаным теориясының ғылым ретінде қалыптасуын арнайы зерттеген Э.Оразалиева: «қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін дәйектейтін фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымының даму негіздерін, екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды. Өйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибенің тоғысуынан құралған бұл тұжырымдар әрі субъективтік, әрі объективтік ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды» [36, 161 б.] – деп түсіндіреді. Зерттеуші қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуын жоғарыда көрсеткендей екі фактімен байланыстырып, «біліктілік» пен «әлемдік» тәжірибенің тоғысуынан құралған тұжырымдар деп таниды. Э.Оразалиева «тілтаным» мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдар жасай келе: «Жалпы тілтану мәселелерінің қалыптасып, дамуы лингвистикадағы заңды диалектикалық әрі динамикалық құбылыстардың бірі деп танылғандықтан, лингвистер тіл білімін қарапайымнан күрделіге, жалқыдан жалпыға қарай айқындалатын, үнемі толығу, өзгеру үстінде болатын тұжырымдар тізбегі деп қарастырады» [36, 24 б.] –деп сипаттайды.

Когнитивтік лингвистика – адамның танымы мен білімі, дүниені қабылдау және ұғыну механизмі туралы ғылым. Когнитивизм – адамның ойлау әрекетін тереңінен танытатын, трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастырылатын лингвистикалық бағыт. Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар адам санасында тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Сондай-ақ тілдік таңба арқылы кодқа салынған

ақпараттарды ашу немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзыретіне жатады [63, 9 б.].

Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» атты монографиясында таным теориясын тіл мен ойлау, тілдесімнің психологиялық, танымдық қырларымен таңбалық сипаты жағынан қарастырады [64,69 б.].

Ғалым Б.Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік бағалауыштық сөзжасам)» деген еңбегінде танымдық бірліктердің бейнелеу ерекшеліктеріне тоқталып, лексемалардың бағалауыштық сипатының түрлерін зерделеу арқылы таным теориясына өзіндік үлесін қосады [65,132 б.].

«Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты еңбегінде профессор Г.Смағұлова қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің танымдық сипаты турасында «варианттылық» пен «инварианттылық» ұғымдарының аражігін ажыратудың мәнін байыптап, лингвомәдениеттанымдық, лингвогносеологиялық деректерді ұсына келіп, фразеологизмдерді лингвокогнитивтік тұрғыда талдау мәселелерін зерттейді [66,83 б.].

Г.Смағұлованың принциптері:

Концептілік өріс: сөздер мен ұғымдар бір-бірімен байланысып, концептуалдық өріс құрайды.

Тұлғалық концепт: жеке тұлғаларға байланысты ұғымдар (мысалы, «абыз», «батыр», «билер») – ұлттық танымның өзегі [66].

А.Салқынбай «Ойлау мен таным: сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі» атты мақаласында тарихи-лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізіп, қазақ халқының рухани және дүниелік құндылықтарының тілдік бейнесін ұлттаным аясында зерделейді [67,135 б.].

Г.Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» атты зерттеуінде шешендер сөздерінің танымдық табиғаты ойлау жүйесіне қатысты талданады. Бұл еңбекте риторикалық сөз саптаудағы шешен болмысын ғалым антропологиялық принцип негізінде қарастырған. Еңбекте тілді философия, логика, әлеуметтік мәселелермен бірлікте қараумен ұлттық ойлау мазмұнын ұлт мәдениетінің белгісі ретінде зерделеу мәселесі алға қойылады [68,198 б.].

Профессор Б.Қасым «Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам» атты ғылыми еңбегінде уәждеме және аталым теорияларының қағидаларына сүйене отырып, тіл бірліктерінің жасалуын когнитивтік аспектіде қарастырып, олардың мағынасын ұлттық танымдық болмысына байланысты сипаттау сөздердің табиғатын жаңа қырынан тануға бағыттайды [69, 64 б.].

А.Ислам «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» атты ізденісінде тіл табиғаты мен адам болмысын бір арнаға тоғыстыра зерттеп, «тілдік тұлға» теориясы негізіндегі лингвомәдениеттану мәселесіне тоқталады. [70,26 б.].

С.Жапақов диссертациялық жұмысында эпикалық фразеологизмдердегі ақиқат пен бейақиқат, «болмыс-дүние» категорияларының тілдік бейнесі мен танымдық сипатын сөз етеді [71,16 б.]. А.Досова «Тахауи Ахтанов прозасының

стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі» атты зерттеуінде жазушы шығармалары тілінің танымдық жүйесін тереңінен зерттейді [72].

Жер бетіндегі ең жоғары сананың иесі – адам. Адам жер бетіндегі жаратылған күннен бастап тынымсыз даму үстінде. Оның бірден-бір дамуының үлкен жемісі – тілі. Адамзат әлемінде көптеген тілді жарата отырып, өзінің өткені мен бүгінін еске сақтап, өзіндік ізін жалғауда. Тіл – белгілі бір нәсілдің, я елдің, я ұлттың өзіндік ерекшелігін, өмірлік түсінігін, тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, тіпті оның өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, өзінен кейінгілерге табыстайтын ұлы қазына. Сондықтан тілді зерттеу қай кезеңде де өзекті болды, ал адамның тілді зерттеудегі қызығушылығы, оның өзін танып білуге деген мүмкіндіктерін аша түсті. [73, 257 б.]

Қазақ халық лирикасы – халқымыздың рухани мәдениетінің терең қабатын танытатын тілдік-мәдени мұра. Оны когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу дегеніміз – **лирикалық мәтіндер арқылы қазақ халқының дүниетанымын, эмоциялық болмысын, әлеуметтік бағдары мен ұлттық ойлау жүйесін тану**. Бұл бағытта **когнитивтік принциптер** – лирикадағы көркемдік құралдарды, мағына мен мазмұнды, концептілерді таным мен сана тұрғысынан талдаудың негізі болып табылады.

Қазақ халық лирикасының танымдық принциптері:

1. Тіл – ұлттық танымның көрінісі

Қазақ лирикасы – халықтың дүниені қалай қабылдап, бағалайтынын, сезінетінін көрсететін көркем тілдік құрылым. Мысалы, табиғатты, махаббатты, ерлік пен азаматтықты суреттеуде қазақи дүниетаным мен сезім моделі көрінеді.

2. Концепт арқылы тану

Лирикада жиі кездесетін «өмір», «өлең», «батыр», «махаббат», «дала», «туыстық», «бақыт» т.б. сөздер – концепт ретінде ұлттың танымдық кеңістігін құрайды.

3. Фреймдік ұйымдасу

Лирикалық шығармаларда белгілі бір фреймдер (сценарийлер) жиі қайталанады. Мысалы: Өмір концептісінің мағынасын ашатын фреймдер: *өмір – шолақ, өмір – жастық шақ, өмір – судағы балық, өмір – кең сарай, өмір – бұлақ, өмір – қуғанменен жеткізбейді, өмір – шекер дүние, өмір – жалған, өмір – арман, өмір – түпсіз дария, өмір – бір қисық жол*. Әр фреймдік құрылыстың мағынасы жеке-жеке талдауға түсті. Байқағанымыздай, қара өлеңдер жинағындағы өмір концептісі қоғамдық санасы белгісіздік, шекер дүние, шолақ өмір тіркестерімен бейнеленген сол замандағы түсініктер мен ассоциацияларды көруге болады.

4. Символ – халықтық дүниетаным мен ұжымдық сананың көрінісі. Мысалдар:

- Қара – қайғы, қасірет (қара жамылу)
- Ақ – тазалық, адалдық (ақ босаға, ақ тілек)
- Жол – тағдыр, өмір жолы

5. Скрипт – мәдени-танымдық жадыда сақталған стандартты эмоциялық және әлеуметтік мінез-құлық моделі. Мысалдар: Махаббат скрипті: Көз тию → ғашық болу → қауышу/айырылысу → сағыныш → зарығу. Қыздың арманы скрипті:

Ұнату → сыр сақтау → күтім → арманда қалу. Азаматтық скрипт: Елге қызмет ету → ерлік → құрбан болу → есім қалу.

Мәдениеттің, өркениеттің әр қилы кезеңдері мен дәуірлерінен өткен сайын тілдік ұжым мүшелерінің таным-білім, сондай-ақ белгілі бір ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік ғана емес, эстетикалық түрде де тани біледі және таныта алады. Сол ақиқат дүниенің сәулесін, ол туралы түсінік, ұғымды санада тұрақты таңдалып қалыптасқан тілдік құралдардан басқа эстетикалық мақсатта қолданылатын бейнелі құралдармен де таныту жағдайлары кездеседі. Осындай адам санасындағы ақиқат дүниені, сондай-ақ идеалды дүниені эстетикалық-көркем негізде таныту әсіресе өнермен тікелей байланысты шығармашылық таланты бар дарынды тұлғалардың ой жүйесінде туындайды.

2.1 Қазақ халық лирикасындағы метафизикалық концептілердің көрінісі

2.1.1 Қазақ халық лирикасындағы «өмір» концептісі

Концепт ұлттық дүниетанымды танытатын ең күрделі әрі маңызды ұғым болып есептеледі. Концепт белгілі бір мәдениеттің бет-бейесін айындайтын тілдік бірліктердің жиынтығынан тұрады. Олар ұлт жадының мәдени иегерлері болып табылады.

«Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus – ұғым» сөзінің калькалық аудармасы. Бірақ қазіргі таңда екі ұғымның да өзіндік ерекшелігі байқалуда. Егер ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі – объект туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық білімі ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі-тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиялогиялық т.б.). Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. Концептіні таныту мақсатында кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті танытуда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін киіз үй, шаңырақ, камшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар, т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады [72, 8 б.].

Концепт адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі екені белгілі. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған келесідей анықтама берілген: «жадының, ментальды қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [74, 26 б.].

Концептілік жүйе – концептілік құрылымдардың реттелген түрі. Концептілік құрылымдар санадағы бейнені сәулелендіреді. Когнитолог – ғалымдар құрылымның элементтері – концептіге жақын келетін семалар тізбегі деп түсіндіреді. Бірақ концептілік құрылымдар тек семалық топтардан ғана емес, ұғымның белгілерін, қасиетін, орнын, кеңістігін, уақытын бейнелейтін таңбалар тізбегінен де түзіледі.

Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болады.

Қазақ тіл білімінде концепт мәселесі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистикалық бағыттарда жазылған зерттеулердің ғылыми аппаратына толықтай енді. Концептінің беретін мән-мағынасын дәйектеу, бұл термин арқалаған лингвистикалық ұғымды теориялық тұрғыдан тиянақтау әлі де толыққанды қолға алынбай келеді. Бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың зерттелуі Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Н.Уәлиұлы, Э.Сүлейменова, А.Алдашева, С.Сәтенова, Ф.Оразбаева, Г.Сағидолда, Б.Момынова, Г.Қосымова, А.Салқынбай, Б.Қасым, А.Ислам, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде тілдік тұлға, ақиқат болмыстың тілдегі бейнесі, танымдық әрекет, тілдік сана, тілдік және типтік модельдер, тілдік қатынастың маңызы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісі, мәдени лексиканың табиғаты, ғалам бейнесіндегі тілдің орны, эстетикалық талғам мен тіл біртұтастығы деген мәселелерге байланысты қарастырылған. Антропоцентристік бағыттағы нысандарға нақты зерттеу жүргізген Қ.Жаманбаева, Б.Ақбердиева, Г.Снасапова, А.Сейілхан, А.Сейсенова, С.Жапақов, М.Күштаева, А.Сыбанбаева, Ш.Елемесова, Ә.Алмауытова, Ж.Акимешева, К.Күркебаев, Б.Тілеубердиев, Э.Оразалиева, Қ.Қайырбаева, А.Әмірбекова т.б. еңбектерінде рухани және материалдық мәдениеттің тілдегі көрінісі сөз болады.

М.Күштаева зерттеу еңбегінде концепт теориясының ғылыми тұжырымдамасын жасайды. Онда «концепт» және «ұғым» терминдері, бір жағынан сөздің мазмұн межесінің түрлі даму кезеңін бейнелесе, екінші жағынан, оның түрлі қызметін көрсетеді. «Концепт» және «ұғым» тек қана сөздің таяныш боларлық ментальды түсінігімен қатар, әмбебап мәдени түсінік ретінде де ажыратылады – деп концепт пен ұғым арасында біршама айырмашылық барын көрсетеді [75, 356.].

Г.Смағұлова «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында когнитивтік фразеологияның құрылымдары, фразеологизмдерді фреймдік талдау, дискурстық сипаты сөз етіледі. Сондай-ақ фразеологизмдердің когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен қоса, фразеологизмдердегі лингвоконцептология, этнолингвистика және ұлттық интеллект талданып, парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары жүйелі түрде беріледі [66].

Кез келген сөз концепт бола бермейді. Концепт болу үшін белгілі бір ұғымға қатысты ұлттың мәдени көрсеткіші болатын тілдік дерек – лексика-семантикалық тақырыптық топ, сондай-ақ, менталдық мінездемені қажет ететін және философиялық мазмұнды, логикалық бағдары бар ұжымдық білім көрсеткішіне негізделген күрделі құрылымды бірлік болу керек.

Концепт белгілі бір ұлт мәдениетіне тән болғандықтан, сол ұлт бейнесін көрсететін салт-дәстүрлер көрінісі, ұлтқа тән таным мен білім сияқты ерекшеліктеріне қарай жетілдіріліп отырады.

Метафизикалық концепт – (жан, өмір, өлім, тағдыр, жалғыздық, махаббат) ақиқат дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальді мазмұн. Метафизикалық концептілер перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстарктілі ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады. Мысалы ұжым не тұлға санасындағы адамзат құндылығын танытатын «өмір» метафизикалық концептісінің қазақ поэзиясында алма кезек жарысып жатқан жақсы мен жаманның, бақыт пен қайғының арпалысқан күшті динамикалық қозғалысы ретінде танылуы басым көрінеді.

Ұлттық-мәдени концептілер. Тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (дала, көш, домбыра, қамшы, тары). Мысалы, «дала» концептісі қазақтың өмірін, жайлауын, мал шаруашылығын, дарқан кеңдікті, жазықтықты объективтендіреді. Автор танымына дала кеңдік эталоны ретінде алынып, қазақтың кең байтақ жеріндегі ұлттық-мәдени өмірді, яғни қазақ даласындағы жырмен ұйықтап, жырмен оянған еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды.

Эмоционалды концептілер (қуаныш, қайғы, бақыт, мұң). Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы, ішкі – сезімі арқылы танылады. Мысалы уайым ұғымы жағымсыз мағынада танылатыны, оның «сары уайымға салыну, күйзелу, көңіл күйі болмау» деп объективтенетіні белгілі. Бірақ оны нақты денотатпен көрсете алмаймыз. Мысалы, Бабалар сөзінде «бақыт» концептісі *бақыт – сәттілік; бақыт – қысқа мерзімді категория; бақыт – тағдыр; бақыт кілті – еңбекте; бақыт оты жанды; бақыт – мұрат* т.б. деген фреймдер арқылы берілген.

Контраст концептілер. Бірінсіз бірі болмайтын, бірін-екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір-біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы (өмір/өлім, қала/дала, бақыт/қайғы). Халық лирикасы мәтінінде жақсы/жаман контраст концептілері өмірде жақсы мен жаманның қатар жүретіні арқылы түсіндіріледі.

Халық лирикасында қазақ ұлтының концептуалды бейнесін қалыптастыратын концептілердің шоғыры түзілген. Себебі фольклорлық шығармаларда халықтың түп-тамыры, тыныс-тіршілігі, жүріп өткен жолы, тұрмыс-тіршілігі көрініс тапқан. Концептілер адамның санасында өмір тәжірибесін сәулелендіретін көркем ой туғызып қана қоймай, адамдардың алынған ақпарат жайында көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қазақ халық лирикасындағы «өмір» концептісі. Қазіргі таңда қазақ халық лирикасының жанры – қара өлеңдердің тарихы жөнінде монографиялық еңбектер болғанымен, фольклор жанрының танымдық жүйесі жөнінде тіл білімі саласында зерттеулер жүргізілмеген. Бұл мәселе лингвистердің алдына зор жауапкершілікті қойып отыр. Себебі қара өлеңнің тілінде қазақ халқының дүниетанымы, болмысы, тарихы, тыныс-тіршілігі көрініс тапқан. Қара өлеңдердің табиғатын анықтап, лингофольклортанулық аспектісін зерделеу арқылы тіл білімінің жаңа бағыттары Когнитивтік лингвистика, Этнолингвистика, Лингомәдениеттану сияқты ғылымдарға үлес қосуды мақсат етіп отырмыз. Қазақ фольклоры жанрларының ішіндегі зерттеу нысаны ретінде аз қарастырылған жанрдың бірі – қара өлең. Қара өлең құрылысы мен ерекшеліктері туралы біртуар ғалымдар зерттеулер жүргізді, өзіндік зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жасады. Дегенімен, қара өлеңдердің тәрбиелік, әлеуметтік салаларымен қоса, тіл білімі салалары бағытында зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда, елімізде тарихи сананың дамуына, рухани жаңғыру, адамгершілік бағыттарға басымдылық берілуде. Қара өлеңдерді талдау арқылы қазақ халқының болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-саяси толғанысын байқай аламыз.

Фольклор – халықтың рухани мәдениетінің маңызды бөлігі, қоғамдық сананың күрделі формасы, дүниетанымының айғағы. Фольклорды зерттеудің маңыздылығы ерекше, өйткені онда халықтың түп тамыры немесе жаны болып табылатын негізгі моральдық-этикалық құндылықтары көрініс табады. Фольклордың түп тамыры тереңде жатыр әрі халықтың ділімен, оның базалық құндылықтарымен тығыз байланысты [76, 33 б.]. Қазақ фольклорының ерекше бір жанры – қара өлеңдер. Қара өлең жайлы зерттеу еңбектері аса көп емес, алайда осы жанрдың табиғаты жайлы зерттеу жүргізген академик-ғалымдар баршылық. Әуелі, осы жанрдың жалпы сипаттамасына тоқталсақ. *Қара өлең дегеніміз* – он бір буынды, төрт тармақты өлең. Қара өлеңге анықтама беруде қазақтың зерттеуші-ғалымы Ш.Уәлиханов, академик В.Радлов, В.А.Гордлевский өз пікірлерін ұсынса, М.Әуезов осы жанрдың екі түрлі ерекшелігін ажыратады: әуелі, оңай түрі – *қайым өлең*, екінші үлгісі – *қара өлең* деп көрсетеді [4, 7 б.]. Екеуінің де жасалу жолы мен өлшемдерінде ешқандай айырмашылық жоқ, тек айтылу, орындалу формасында болмаса.

Ғалым Бекмұрат Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбегінде қара өлеңнің жоғары да аталған сегіз түрлі ерекшелігін ажыратады [6]. Қара өлең құрылысы, өлшемі жайлы нақты пікірлер ұсынып зерттеген ғалымдар – Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Б.Уахатов. З.Ахметов, А.Сейдімбеков,

А.Оразақын, С.Ақатаев құнды еңбектер жазса, XX ғ. 50-80 жж. М.Әуезов, З.Ахметов, Б.Уахатовтар зерттеді.

Зерттеудің өзектілігі тілдік семантиканың танымдық аспектілерін түсіндірудің маңыздылығымен анықталады. Концепт құрылымын қалыптастыру әдістері қазіргі уақытта аз зерттелген. Жұмыс қазіргі уақытта қалыптасу сатысында тұрған фольклорлық мәтінге концептілік талдау жүргізу арқылы мәтіннің когнитивтік деңгейін қарастыруға бағытталған. Зерттеудің әдістері концептуалды мазмұнды сипаттау және жүйелеу, мәтінді қалыптастырудағы өмір концептісінің рөлін анықтау қажеттілігімен анықталады. Когнитивтік лингвистиканың танымдық және әдіснамалық аппараты әлі қалыптасқан жоқ, сондықтан терминологияны нақтылауға және когнитивтік талдау әдістерін жетілдіруге шұғыл қажеттілік бар. Ғалым А.Вежбицкаяның пікірі бойынша, ұлттық дүниетанымды айқындайтын тұжырымдамалар адамның санасында көрініс табады. Концептілік ой-суреттер ұлттың болмысын қалыптастырады және олардан түрлі мәдениеттің бейнесі беріледі. Ал осындай кешенді әмбебаптар тілдік бірліктерге талдаулар жасау арқылы ғана анықталады [54, 115 б.]. Бұл тұжырым фольклорлық мәтіндегі қазақ халқының дүниетанымының жеке ерекшеліктерін ашуға дәлел бола алады.

Қазақ тіл білімінде жаңа бағыттардың дамуымен бірге сөздік қорға жаңа терминдер де еніп отыр. Лингвотаным пәнінің басты нысаны – фрейм мәселесі. «Фрейм адамдардың түйсігінде әлемнің бейнесінің сәулеленуі болып табылады» [77, 35 б.]. Зерттеуімізде фольклорлық мәтіндегі қазақ халқының тыныс-тіршілігі, тұрмысы, болмыс-бітімін танытатын сөздердің мәнін ашуға талпыныс жасалды. Сонымен қатар, фреймдерді талдау әлемнің ұлттық бейнесінің ерекшеліктерін сипаттауға көмектеседі деп ойлаймыз.

Фольклорлық мәтіндегі тілдік бірліктер ұғымдарының мазмұнды болып келуі қазақ халқының мәдени ерекшеліктерін, ұлттық дүниетанымын сипаттауымен тығыз байланысты [78,113 б.]. Фольклорлық мәтіндегі тілдік бірліктер қазақ халқының мәдени коды мен рухани болмысын танытатын маңызды танымдық бірліктер болып табылады деген пікірдеміз.

Көркем мәтін тіліне концептілік талдау жүргізу мәселесіне қызығушылық, ең алдымен, гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасының өзгеруімен байланысты болды. Антропоцентрлік парадигма ғылымда басым болған жүйелікқұрылымдық парадигманың орнына келді. Лингвистикалық категорияларды танытатын тілдік бірліктердің мазмұндық жағын концепт термині ашып көрсетеді. [79, 64 б.]. Демек, көркем мәтін тіліне концептілік талдау жүргізу – қазіргі лингвистика ғылымының антропоөзекті бағыты аясында өзекті зерттеу бағыты ретінде танылып, ұлттық дүниетанымды танып-білудің тиімді когнитивтік құралы болып табылады.

Қара өлең туралы жалпы ақпараттар жасалынды. Жоғарыда байқағанымыздай, қара өлеңдердің тақырыптық ауқымы алуан түрлі. Себебі, қара өлеңдердің мазмұны қоғамдағы адамзаттың күнделікті өмір сүру салты, тыныс-тіршілігі мен өмір тәжірибесін, салт-санасын суреттейтін түрлі-түрлі тақырыптарды қамтиды. Қара өлең мазмұнында реалистік өмірден алыс,

фантастикалық дүниелерге жол жоқ. Мысалы, *Мен аспан мен жердің тірегімін, Мен жұмыр жердің лүпілдеп соққан жүрегімін* секілді шынайы өмірден ауытқитын тәсілдерге бой алдырмайды. Бабалар сөзі еңбегінің 70-томдығында жинақталған қара өлеңдерге концептілік талдау жасайық. Жинақталған қара өлеңдердің ішінде *өмір* концептісі ерекше көрініс тапқан. Бұл концепт күрделі философиялық толғамдарды қамтитындықтан халықтың таным-түсінігінде әр қилы бейнеленеді.

Өмір туралы түсіндірме сөздікте мынадай анықтама беріледі. «Өмір» дегеніміз – 1. Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік. 2. Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі. 3. Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы; тірі организмнің тіршілік ету мерзімі; ғұмыр. 4. Ауысп. Ешқашан, еш уақыт [80, 653 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Өмір зат. Адам мен жануардың тірлігі. Өмірі ұзын болды. Өмір бойы – барлық өмірінің желісінде, өмір бойы Алматыға барған емес. Өмір бақи – ешқашан да, еш уақытта. Өмір бақи айтқан емес. Өмір серік – өмірлік жолдас. Өмірге арзу – өмір бойы пайдаланарлық. Өмірге тарту қ. Өмірге арзу. Өмір серігі – жұбайы. Өмір сүру – тіршілік ету, жасау. Өмірі өксу – ауыр жағдайда өмір сүру. Өмірі зая кету – өмірі өзіне де, өзгеге де пайдасыз өту [81, 320 б.].

Өмір концептісінің мағынасын ашатын мазмұндарға *қызық өмір, сұм жалған, сұм дүние, шекер дүние, бекер дүние, арман дүние, ата-анадан қалған дүние, жалған дүние, дүние шіркін* жатады. Байқағанымыздай, қара өлеңдердің стильдік қолданыста эпитет, теңеу жиі ұшырайды. Мысалы, сұм эпитеті екі рет, ұйқастыру мақсатында бекер, шекер эпитеті қолданылған. Өмір концептісінің мәнін ашатын төмендегідей ассоциациялар қолданылған: *дүние жеткізбейді, өтеді күндер, жатасың жалғыз өзін жапан түзде, қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет*. Өмір концептісі жоғарыда аталған ассоциациялармен тығыз байланысты. Себебі, өмір жайлы ақпараттар негізінен өмірлік тәжірибе мен ментальді сигналдар арқылы адам санасында қалыптасқан түсініктерден жинақталады. Қаншама ғасырлар өтсе де, адам баласы өмірдің мағынасы мен философиялық мәніне деген қызығушылықты жоғалтқан емес. Өмір жайлы ассоциациялар мен түсініктердің байланысын төмендегі қара өлең жолдарынан аңғаруға болады.

Дүние жеткізбейді қуғанменен,

Өтеді күндер шіркін думанменен.

Жатасың жалғыз өзің жапан түзде,

Атадан алтау болып туғанменен. [4, 25 б.].

Адам – әлеуметтік болмыс. Оның даралығы оның қызметінің барлық салаларында ашылады, ол жаңа шешімдерді іздеумен және қабылдаумен байланысты қоғамның жаңаруымен тікелей байланысты. Адамның шығармашылығы, оның қоғамның материалдық және рухани өміріне қосқан үлесі өмірді мағыналы етеді. Осылайша, адамдар өмірінің мәні – олардың жеке ұмтылыстарын адамзаттың прогрессивті дамуымен байланыстырудан тұруы

керек. Әр адам өмірінің мәні адамзат тарихының мағынасымен тығыз байланысты, ол әр дәуірде адамзатқа белгілі бір міндет қояды. Бұл міндет қоғамның заңды дамуына байланысты.

Егер Қазақстанның өткеніне үңілетін болсақ, онда қазақтарда философия әлемнің барлық халықтары сияқты табиғи жолмен пайда болғанын көреміз. Бұл адамның өмірі мен жақын адамдарының және жалпы барлық адамдардың өмірі үшін қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін оның айналасындағы әлемді түсіну қажеттілігімен байланысты болды. Бірақ әр мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Өмірдің мәні туралы түсінік, ең алдымен, ұлттық ерекшеліктерді, өзіндік ерекшелігін сініреді; екіншіден, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін негізгі қажеттілік ретінде белгілейді. Өмір мәнінің проблемасы негізінен көшпелі халықтың ерекшеліктерімен, оның тұрмысымен, әдеттерімен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, сондай-ақ қазақтардың бүкіл тарихи өмірі қоршаған әлеуметтік-мәдени ортаның әсерімен байланысты болды.

Өмірдің философиялық мәні – адами мұратқа, құндылықтарға қол жеткізу, сол үшін қызмет ету. Адами құндылықтарға жету іс жүзінде үстем таптық мүдделердің мақсаттары мен мұратын орындауға негізделеді, яғни қоғамдық саяси құндылықтар, этикет нормалары т.б. Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, адамның өмір сүруі оның әлеуметтік жағдайларымен айқындалады, ол белсенді күш болып табылады. Әлеуметтік дамуды жеделдетіп немесе тежеп, оған елеулі ықпал етеді. Адам өмірінің мағынасын, оның құндылығын айқындайтын өлшем тарихи кезеңдер, қоғамдық-экономикалық формациялардағы өзгеріс. Өмір – жеке адамнан не қоғамнан тыс ұғым емес, ол адамның мақсаттары мен өмірдің мәнін және қоғамды диалектикалық тұрғыдан біріктіретін ұғым.

Қоғамдық ұдайы өзгерістер мен құбылыстар жеке адамның даралануын, өмір сүруі мен дамуының жай-жапсарын айқындай түседі. Өмірдің философиялық мәні адам, қоғам өмірінің жасампаздығын, адам болмысының сырын, өмір сүру формасын, әрбір қоғамдық дамудағы өзгерісін анықтауды көздейді.

Қазақ халқының түсінігінде «өмір» он екі жыл сайын адам ғұмырының белгілі бір уақыт аралығынан өтетіндігімен сипатталады, яғни он екі, жиырма бес, отыз жеті, қырық тоғыз, алпыс үш мүшелдік жүйеге негізделген. Адам өміріндегі әр он екі жылдық айналым, уақыт өлшемі адам ағзасындағы белгілі бір физиологиялық, психологиялық өзгерістер мен рухани жетілу, яғни соған орай өмірдің мән-мағынасын түсінуде де, ақыл-ой тоқтатуда да белгілі бір өзгерістермен байланысты.

Қорыта айтқанда, өмірдің физиологиялық мәні – ұрықтан не тұқымнан туындайтын тірі организмнің тіршілігі.

Жоғарыда көрсетілген өмір туралы философиялық деректерге қоса оның әлеуметтік, ұлттық, мәдени сипатын айқындап көрсететін мазмұн. Өмірдің әлеуметтік сипаты қоғам мен адам арасындағы қатынастық тіршілікте көрініс табады. Мысалы, адамның отбасыда тәрбиеленуі, өзінің отбасылы болуы, қоғамға қызмет етуі, қоғам заңдылықтарына бағыну, бағынбауы т.б. Өмірдің

ұлттық сипаты – халқының өмір сүру деңгейімен өлшенеді, өмір сүру әрекеттерінің ерекшелігінде көрініс табады. Мысалы, қазақ халқында он үш жасында отау құруы, жиырма – жастық шағы, отызда орда бұзар, қырық – қамал бұзар шақ, елуде – ел ағасы, алпыста ақсақал атануы адамның бұл дүниеде жүріп өткен жолы туралы, яғни өмір туралы ұлттық танымды байқатады. Өмірдің мәдени мәні – қоғамдық дамудағы адам өмірін нұрландырып, көңіл-күйін әрлендіретін шаралардан (ұлттық салт-дәстүр, мәдени іс-шара мерекелер, кино, театр, т.б.) ләззат алу.

Өмір концептісінің фреймдік қолданысына назар аударсақ. *Фрейм* танымдық жүйенің құрылымдық элементтерінің қарапайым формасы болып табылады. Ол концептінің ең жақын схемаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы танылады [82, 12 б.].

1-фрейм. Өмір – шолақ. Қара өлеңнің мазмұнына зер салсақ, өмір концептісі *шолақ* тіркесі арқылы сипатталады. Демек, өмірдің ұзақтығы мен мөлшері жайлы сөз етіледі. Оның тым аз, әрі жылдам өтетіндігін көрсетеді. Өмір-шолақ фреймі мазмұнын кеңейту мақсатында *қазан ұрмай, қар жаумай солатындығын* тіркесі қолданылған. Демек, адам баласы қаншалықты күш-жігерін салып, әрекеттер жасаса да, оның өмір ағымына ешқандай да әсерін тигізе алмайтын ақиқат жайлы баяндайды. *Адам-қонақ* тіркесі арқылы адамдардың бір-біріне уақытша ғана әсер ететін құбылыс екендігін сипаттайды. Себебі, барлығымызға мәлім, қонақ түсінігі белгілі бір аралықта саған кіріп, хал-жағдайынды біліп, дастарханнан ауыз тиіп, өз жолымен әрі қарай жүретін адамдар. Алайда, дәл осы шолақ өмірді *қызық өмір* эпитеті мен *қызғалдақтай* теңеулері арқылы өмірдің маңызды, әрі керемет екендігіне назар аудартады.

2-фрейм. Өмір – жастық шақ. Бұл фреймдік құрылыс, адамзаттың өмірлік тәжірибесінен жинақталған. Қаншама ұрпақ ауысып, заман өзгерістерге ұшыраса да жалпыадамзат үшін ең керемет кезең – жастық шақ саналады. Сол себептен де өмір жайлы сөз еткенде жастық кезең жайлы сөз етпеу мүмкін емес. Жастық шақта жаңа тәжірибе, жаңа мүмкіндіктер, жаңа естеліктер қалыптасады. Жастық шақта өмірдің зулап өтетіндігін *ескен желдей* теңеуі арқылы бейнелейді.

Жастық шақ өте шығар, ескен желдей,

Алыстан бұлдырайсың, асқар белдей.

Құлазып көңіл шіркін толғанады,

Қоныстан қопарылып көшкен елдей [4, 29 б.].

3-фрейм. Өмір – судағы балық. Бұл фреймдік қолданыстың мағынасы мен мазмұны терең. Өмірді *судағы балықтай* теңеуі арқылы суреттейді. Бұл теңеу арқылы өмірдің көзді ашып жұмғанша өтіп кететіндігін астарлап меңзеп тұр. Өйткені, балықтың мекен ететін көзі – су, ал судағы балықты ұстап алу өте қиын, тіптен мүмкін емес. Осы аналогия арқылы өмірді де қанша қуғанымен оны ұстап ала алмайсың деген қорытынды жасайды.

4-фрейм. Өмір – кең сарай. С. Бизақовтың «синонимдер сөздігінде» өмір сөзіне – ғұмыр, *дүние*, *жалған*, тірлік, тіршілік, дәурен [83, 433 б.] секілді синоним сөздерді жатқызады. Сондықтан мәтінде көрсетілген дүние деген сөзді өмір сөзімен алмастыра қолдана беруге болады деген сөз. Төмендегі қара өлеңде

дүниені – кең сарай деп жазады. *Кең сарай* – үлкен мүмкіндіктер алаңы мағынасында қолданылуы әбден мүмкін. Себебі, *сарайға көзім талды қарай-қарай* тіркесі арқылы адам баласының өмірді зерттеп, барлығын меңгеріп кетуі мүмкін емес.

5-фрейм. Өмір – бұлақ. Өмірді аққан бұлаққа теңестіру арқылы, өмір өз ағысын өзгертпейтіндігін, қаншама ұрпақ ауысып, заман өзгеріске ұшыраса да өмір жалғаса береді. Мәтіндегі Сұм жалған қайда барып тұрақтайсың? деген риторикалық сұрау өмірдің үздіксіз қозғалыста болатынына көзімізді жеткізген.

6-фрейм. Өмір – шекер дүние. Бұл фреймдік қолданыс арқылы өмірдің керемет сәттері мен қызықты оқиғалардан тұратын тәтті дүние ретінде бейнелейді. Өмірде ойнап күлуге әрбір сәтті бағалай алуға үндейді. Бекер дүние эпитеті арқылы өмірдің қиын сәттерін суреттейді. Ол сәттерді көбінесе жарлы адамдардың жағдайымен салыстырады.

7-фрейм. Өмір – арман. Өмірді арманмен салыстыру арқылы, қол жеткізуі қиын дүние екендігіне назар аудартады. Арман мағынасы арқылы адамдардың өмірді зерттеп бола аламыз деп ойлауын меңзейді. Адам баласы өмірдің бар тәттісі мен бар жақсысын көргісі келеді. Осы жолда көптеген күш пен жігер салады. Алайда, қара өлеңде айтылғандай өмір – қуса да жеткізбейді деп қорытынды жасайды.

8-фрейм. Өмір – түпсіз дария. Өмірдің әралуан құбылыстары мен күтпеген шиеленістерден тұратындақтан, өмірді түпсіз дариямен теңестіреді. Осы дарияны өту үшін батпайтын қайық қажет. Демек, өмір – жауабы жоқ құпия.

Басында биік таудың жалғыз терек,

Жігітке сыр шашпайтын жолдас керек [4,23 б.].

Бұл жолдарда жігітке сырға бекем дос қажет деген ой айтылған.

9-фрейм. Өмір – бір қисық жол бұрандаған. Өмір – бір қисық жол бұрандаған метафорасы арқылы өмірдің құпиялығы мен қиындығын сипаттайды. Бұл метафора арқылы адам санасында бір ұзын, қисық жолдың бейнесі қалыптасады. Осы ойсурет арқылы өмірдің бақ пен баптан құрылатындығын дәлелдейді. Оны мал мен бас құралмаған тіркесі арқылы меңзейді. Қара өлеңдердегі өмір жайлы айтылған ойлар адамзат құндылықтарымен түйінделген.

Кесте -1. «Өмір» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Ассоциация	Тілдік бірліктер
1	Өзен, ағыс	Өмір ағысы, өмір өзен, өмір толқын
2	Жол, сапар	Өмір жолы, өмір соқпағы, ұзақ жол
3	Күн, жарық	Өмір нұры, өмір сәулесі
4	Уақыт, кезең	Өмір кезеңі, өмірдің бір сәті
5	Жапырақ, ағаш	Өмір ағашы, өмірдің күзгі жапырағы
6	Тағдыр, сынақ	Өмір сынағы, өмірдің қиындығы
7	Сыйлық, құндылық	Өмір – Алланың сыйы
8	Шаңырақ, отбасы	Өмір тірегі – отбасы, өмір мәні – бала
9	Бақыт, қуаныш	Өмір қызығы, өмірдің тәтті сәті
№	Фрейм атауы	Сипаттамасы

1	Өмір – шолақ	Өмірдің тым аз, әрі жылдам өтетіндігін көрсетеді.
2	Өмір – жастық шақ	<i>Жастық шақ өте шығар, ескен желдей (қара өлең).</i>
3	Өмір – судағы балық	Балықтың мекен ететін көзі – су, ал судағы балықты ұстап алу өте қиын, тіптен мүмкін емес. Осы аналогия арқылы өмірді де қанша қуғанымен оны ұстап ала алмайсың деген қорытынды жасалады.
4	Өмір – кең сарай.	Кең сарай – үлкен мүмкіндіктер алаңы мағынасында қолданылады..
5	Өмір – бұлақ.	Өмірді аққан бұлаққа теңестіру арқылы, өмір өз ағысын өзгертпейтіндігін, қаншама ұрпақ ауысып, заман өзгеріске ұшыраса да өмір жалғаса береді.
6	Өмір – шекер дүние.	Бұл фреймдік қолданыс арқылы өмірдің керемет сәттері мен қызықты оқиғалардан тұратын тәтті дүние ретінде бейнелейді.
7	Өмір – арман.	Өмірді арманмен салыстыру арқылы, қол жеткізуі қиын дүние екендігіне назар аудартады. Арман мағынасы арқылы адамдардың өмірді зерттеп бола аламыз деп ойлауын меңзейді.
8	Өмір – түпсіз дария	Өмірдің әралуан құбылыстары мен күтпеген шиеленістерден тұратындақтан, өмірді түпсіз дариямен теңестіреді. Осы дарияны өту үшін батпайтын қайық қажет.
9	Өмір – бір қисық жол бұраңдаған	Өмір – бір қисық жол бұраңдаған метафорасы арқылы өмірдің құпиялығы мен қиындығын сипаттайды. Бұл метафора арқылы адам санасында бір ұзын, қисық жолдың бейнесі қалыптасады.
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	Өмір – күрес	Өмір әрдайым қиындықпен, жеңіспен қатар жүреді
2	Өмір – сынақ алаңы	Адам өмір бойы сыналып отырады
3	Өмір – жол	Әркім өз жолын салады
4	Өмір – сыйлық	Құдай берген өмірді қадірлеу керек
№	Символ	Мағынасы
1	Өзен	Уақыттың ағысы, үздіксіз өмір
2	Шырақ	Өмірдің сәулесі, тіршіліктің белгісі
3	Ағаш	Тіршілік, ұрпақ жалғастығы
4	Күн	Жарық өмір, үміт
5	Шаңырақ	Отбасы, өмірдің орталығы
№	Скрипт	Тілдік бірліктер
1	Туылу	Дүниеге келу, шілдехана
2	Есею	Ат жалын тарту, азамат болу

3	Үйлену	Отау тігу, шаңырақ көтеру
4	Қартайып кету	Ақ сақалды қария, ғұмырдың соңы
№	Ойсурет	Тілдік бірліктер
1	Өмір – өзен	Өмір ағысы тоқтамайды
2	Өмір – жол	Өмір жолы түзу болғай
3	Өмір – жарық	Өмір нұры шашылсын
№	Сценарий	Тілдік бірліктер
1	Туылғаннан білім ошағына	Бесікке салу, білім ошағының табалдырығын аттау
2	Еңбек ету	Еңбекпен күн көру, маңдай тер
3	Отбасын құру	Үйлену, бала сүю
№	Мақал	Мазмұны
1	Өмір – өзен, ағады да өтеді	Өмір өткінші
2	Өмір – күрес, күресе біл	Өмірдегі қиындықтарды жеңу керек
3	Өмір – бір күндік, ар – мәңгілік	Адамгершілік пен ар-ожданның маңыздылығы
4	Өмір – бір керуен, ізі қалар	Адам өз ісімен, атымен артында із қалдырады

Зерттеу барысында ассоциацияға 9, фреймге 9, стереотипке 4, символға 5, скриптке 4, ойсуретке 3, сценарийге 3, мақалға 4 мысал келтірілді.

Зерттеуде қазақ фольклорының жанры – қара өлеңдердің табиғаты мен құрылысы, жанрлық ерекшелігінің теориялық негіздері баяндалды. Қара өлеңдердің ерекшелігі жайлы теориялық мәліметтерді жинақтау барысында Ақселеу Сейдімбек жіктемесі негізге алынды. Фольклор тілінің, яғни қара өлеңдердің ұлттық танымдық сипаты тұрғысынан зерттеудің маңыздылығы қарастырылды. Тәжірибелік тұрғыда атқарылған басты міндеттердің бірі – қара өлеңдерге концептілік талдау жүргізу. Концептілік талдау барысында «Өмір» концептісінің фреймдік қолданыстары зерделенді. Әрбір фреймдердің мазмұнын ашатын ассоциациялар мен ұғымдар жинақталды. Қорыта келе, жалпы әлемнің тілдік бейнесінде қарастырылатын «өмір» концептісінің қара өлеңдердегі көрінісі арқылы фольклор тілінің әлеуметтік-қоғамдық ерекшеліктері айқындалды. Қазақ халқының ұлттық менталитеті мен ұлттық танымын көрсететін фреймдер талданды. Концептілік талдау қазіргі антропоэзектік парадигма аясында, заманауи сабақтастықта сипатталған. Халық болмысының қайнар көзі іспеттес, тарихи деректерден сыр шертетін қара өлеңдердің мазмұны мен мағынасы зерделенген. Қара өлеңдердің көркемдік ерекшелігі мен поэтикасын негізге ала отырып концептуалды талдау жүргізілген. Қара өлеңдерді заманауи сабақтастықта салыстыру зерттеудің мақсатын айқындап көрсетеді.

Зерттеуіміздің негізгі зерттеу нысаны – қара өлеңдер. Қазақ фольклорының жанры – қара өлеңдер жинағындағы өмір концептісі талдауға түсті. Қазақ халқының ұлттық менталитеті мен ұлттық танымын көрсететін фреймдер жинақталды. Өмір концептісінің мағынасын ашатын фреймдер: *өмір – шолақ, өмір – жастық шақ, өмір – судағы балық, өмір – кең сарай, өмір – бұлақ, өмір – қуғанменен жеткізбейді, өмір – шекер дүние, өмір – жалған, өмір – арман, өмір*

– *түпсіз дария, өмір – бір қисық жол*. Әр фреймдік құрылыстың мағынасы жеке-жеке талдауға түсті. Байқағанымыздай, қара өлеңдер жинағындағы өмір концептісі қоғамдық санасы белгісіздік, шекер дүние, шолақ өмір тіркестерімен бейнеленген сол замандағы түсініктер мен ассоциацияларды көруге болады. Жинақталған фреймдік құрылыстар арқылы қара өлеңдердің халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқан, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы деген қорытынды жасауға болады.

2.1.2 Қазақ халық лирикасындағы «өлең» концептісі

Қазақ халық лирикасы – ұлттың ішкі жан-дүниесін, өмірлік таным-түсінігін, эстетикалық талғамы мен рухани болмысын көрсететін көркем дүниетанымның ерекше формасы. Бұл поэтикалық әлемде өлең тек сөз өнері ретінде ғана емес, концепт деңгейінде – мәдени, когнитивтік, символикалық мәні бар күрделі бірлік ретінде қабылданады. Осы бөлімде өлең концептінің халық лирикасындағы негізгі көріністері мен көркемдік тетіктері сараланады.

Қазақ халық лирикасында өлең – өмір мен табиғатты, сезім мен сана кеңістігін байланыстыратын көпқабатты құрылым. Мұнда образдық жүйе ерекше маңызға ие. Мысалы, махаббат лирикасында «сұлу қыз», «алмас қылыш», «аққу», «ай мен күн» сияқты тұрақты бейнелер тек поэтикалық көркемдік үшін ғана емес, терең символдық мәнмен жүктелген. «Аққу» – адалдық пен кіршіксіз тазалықтың, «алмас қылыш» – ерлік пен серттің символы.

Образдардың символдық сипаты өлең концептінің тереңдігін көрсетеді. Бұл символдар арқылы халықтың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, эстетикалық бағдары танылады. Сонымен қатар, табиғаттың бейнелері – жел, бұлт, тау, өзен – лирикалық кейіпкердің ішкі күйін жеткізу құралы ретінде қолданылады. Яғни, табиғат пен адамның сезімі арасында поэтикалық үндестік орнайды.

Өлең концептісін құрайтын маңызды элементтердің бірі – лирикалық кейіпкер. Қазақ халық өлеңдерінде бұл кейіпкер нақты есіммен аталмаса да, оның эмоциялық әлемі, сезімі, ішкі күйзелісі мен қуанышы айқын көрініс табады. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің немесе «Айман - Шолпандағы» кейіпкерлердің сыршыл монологтары – халықтың поэтикалық санасында қалыптасқан өлең концептінің көркем айғағы.

Эмоциялық бояу халық өлеңдерінің басты ерекшелігі саналады. Көбіне нәзік мұң, сағыныш, үміт пен арман өлең мазмұнын айқындайды. Бұл өлеңнің тек ақпарат жеткізуші емес, ішкі рухани хәлді бейнелеуші құрал екенін дәлелдейді. Өлең арқылы айтылған сезім - ұжымдық естеліктің, халықтық сананың көрінісі.

Өлең концептісінің құрылымдық негізін қалыптастыратын поэтикалық тәсілдерге риторикалық сұрақтар, параллелизм, аллитерация мен ассонанс, эпитет пен метафора, теңеулер жатады. Бұл тәсілдер өлеңнің мәнерлілігін арттырып қана қоймай, оның концептуалдық тереңдігін күшейтеді.

Мысалы, «Қара таудың басынан көш келеді» деген жолдарда метафора мен символ қатар қолданылып, өлең лирикалық қайғының бейнесіне айналады. Мұндағы «көш» – өмірдің өткіншілігін, тағдырдың жазуын бейнелесе, «қара тау» – ауыртпалықтың, қайғының символы ретінде көрінеді.

Қайталау, дыбыстық үндестік арқылы поэтикалық ырғақ түзіліп, өлеңнің концепт ретіндегі әсері артады. Бұл тәсілдер тек сөзге емес, мазмұн мен мағынаға эмоциялық екпін түсіріп, оқырман санасында терең әсер қалдырады.

Қазақ халық лирикасындағы ең бай, ең кең таралған жанрлардың бірі – қара өлең. Қара өлең – ғасырлар бойы халықтың рухани мұрасы ретінде қалыптасқан, жеке тұлғаның ішкі сезімі мен әлемді қабылдауын қарапайым әрі терең бейнелейтін поэтикалық құрылым. Өлең концептісі осы қара өлеңдерде айрықша сипат алады: ол – тілдік форма, эмоциялық күй, образдық құрылым мен дүниетанымның бірлігінен тұратын күрделі мәндік құрылым.

Қара өлеңдердің формалық ерекшелігі – төрт жолды құрылымы, 7-8 буынды өлшемі мен қарапайым ұйқастық жүйесі. Алайда қарапайымдық форманың астарында күрделі мазмұн жатады. Қара өлеңдер – халықтың философиялық көзқарасын, этикалық ұстанымын, эстетикалық талғамын танытатын көркемдік кеңістік.

Мысалы:

Қара таудың басында кеме қалқып,

Кемеде екі адам отыр шалқып.

Біреуі – сен, біреуі – мен дегенде,

Көзімнен мөлтілдеп жасым тамып... [4, 129 б.].

Бұл өлең – өлең концептінің барлық қабаттарын қамтитын мәтін. Біріншіден, өлеңде бейнелі символ - «қара тау» мен «кеме» қолданылады. Қара тау - ауыр ойдың, тағдырдың белгісі болса, оның басында жүзіп жүрген кеме – шындық шеңберінен тыс, арманның бейнесі. Бұл – өлеңнің концептуалдық кеңістігін құрайтын образдық жүйенің бір бөлігі.

Екіншіден, «біреуі–сен, біреуі–мен» жолында лирикалық кейіпкердің «мені» мен «сені» арасындағы сезімдік байланыс, адами қатынас көрініс табады. Мұнда эмоциялық бояу басым, ақын өз сезімін жалпыхалықтық дүниетаным арқылы жеткізеді.

Үшіншіден, соңғы жол – «Көзімнен мөлтілдеп жасым тамып...» - өлең концептісінің эмоциялық және физиологиялық көрінісі. Жас – ішкі күйдің сыртқы формасы, өлең – сол күйдің көркем тілмен жеткізілген.

Тағы бір мысал:

Жолдасым – жалғыз қайың, қара орманда,

Жаз жайлау – күнде отырып, күн кешкенде.

Жолдасым – қызыл гүлдей ой мен арман,

Сайрапты санамда үнін сандал... [4, 96 б.].

Бұл өлеңде «қайың», «қызыл гүл», «санда» сияқты табиғат образдары өлең концептінің символдық қабаттарын ашады. Қайың – жалғыздықтың, тұрақтылықтың символы. Қызыл гүл – нәзік сезім мен үміттің көрінісі. Бұл

өлеңдерде лирикалық кейіпкердің ішкі әлемі – табиғатпен астасқан бірлік күйінде көрінеді.

Қара өлеңдердегі поэтикалық құралдар – эпитет, теңеу, параллелизм – өлең концептінің бейнелік жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар, қайталау мен дыбыстық үндестік арқылы поэтикалық ритм туады. Бұл ритм халық санасында өлеңді есте сақтаудың, оны сезінудің, әрі жалғастырудың маңызды тетігі болған.

Бабалар сөзінің жүз томдығында ұзақ жылдар ел арасынан жиналған қазақтың қара өлеңдерін, ән-өлеңдерін алып қарастырсақ, метафизикалық, ұлттық-мәдени концептілердің жиі ұшырасатынын аңғарамыз. Мысалы, «өлең» метафизикалық концептің қарастыратын болсақ, «өлең» концепті ақиқат дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальді мазмұн, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес болғандықтан, өлең арқылы адам рухани құндылықты игереді.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде өлең сөзіне келесі анықтама берілген: **Өлең зат.** Белгілі бір ырғақпен айтылып, ұйқасатын көркем шығарма. Ақынның өлеңі. Өлең айту – ән салу. **Өлеңдету қ.** Әндету. **Өлең-жыр зат.** Өлең мен жыр; өлеңмен жазылған шығармалар. **Өлеңші зат.** Жанынан өлең шығарып әнге қосып айтушы [80, 318 б.]. «**Өлең** II 1. *Белгілі буын өлшемі бар, ырғаққа, ұйқасқа құрылған көркем сөз, поэзия.* 2. *Ауысп.* *Нотаға түскен ән, әуен.* **Өлеңдет** *Әндетіп өлең айту, думан құру.* **Өлең-жыр** *Өлеңмен жазылған шағын және ұзақ көлемді көркем шығарма* [81, 645 б.].

Өлең дегенде ішкі сегменттерін нақты, дәлме-дәл көрсету мүмкін емес, бөлшектер үнемі ішкі мәндеріне ығысып көшіп жүреді. Таза өлең бірден туа салмайды. Өлеңнің өзінің түпкі негізін іздегенде ойлар тізбегі болып көрінеді. Таза өлең де бірте-бірте немесе әлсін-әлсін өзінің бастапқы қараңғы болмысына айналып отыруға тиіс. Ішкі дүниенің таным жолындағы әрбір болмысында беймәлім бір үрей, қуаныш, яки басқа да түрлі ой формалары әр кез еріп отырады. Ол таза пайымды ашу үшін, әрі өлеңді сатыдан-сатыға, формадан-формаға өткізу үшін керек. Өлең, ең алдымен, өте күшті сезім мен эмоцияны жинақтап, тәртіпке, жүйеге түсіретін психикалық ой формасының элементі болып табылады.

Фрейм-концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын, концептінің ең жақын семаларынан құралатын, адам миында белгілі бір стереотипті жағдаяттың көрініс табуына арналған белгілі бір ақпарат құрылымы. Ақиқат өмірдегі стереотипті ситуация адам санасында фреймдік құрылым түзеді. Фрейм – санада сақталған ақпаратты құрылымға бөліп, бөліктерін анықтайды. Біздің түсінуімізше, әр концептінің бойында оның құрамдас бөлшектері, яғни фреймдері болады. Фрейм арқылы адам жадындағы ақпарат ассоциацияланады.

«Бабалар сөзі» жүзтомдығында автор «өлең» концептісіне үлкен мән береді. Өлеңнің мазмұнына, оның жалпы және негізгі қасиеттеріне сай келетін келесідей ұғымдарды «ой», «жел сөз», «хан, төре», «ой – көсем, тіл – шешен»,

«көсілген көмей», «ұйқас», «шақырар тауық-қораз таң келгенде» жатқызады.

Өлеңді адамның ойымен теңестіріп, өлең деген кезде адам санасына ең бірінші болып келетін ассоциацияға «ой» деген ұғымды жақындастырады. Себебі өлең адамның ой ұшқырлығы, ой жылдамдығы мен ой тереңдігін сипаттайды.

Өлең деген немене *ой* емес пе,
Көрсеткен қызды сұлу бойы емес пе?
Өлеңді мұнда айтпаған, қайда айтамыз,
Қосылса бастарымыз, той емес пе?! [4, 63 б.]

Қызды сұлу көрсетер бойы емес пе,
Сөзді сұлу көрсетер *ойы* емес пе.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Бастарымыз қосылса той емес пе? [4, 177 б.]

Сонымен қатар, өлеңді «бір-екі ауыз жел сөз» ұғымымен байланыстырады, себебі, өлеңді шығарар кезде адамның ойына бастапқы ақпараттар жиналып, кейін екі не үшінші реттен соң өңделіп, жақсырақ қалыпқа келеді. Сондықтан да, жазушы өлеңді «жел сөз» ұғымымен сабақтастырады. Яғни, тақырып бойынша туындайтын ойдың бір келіп, бір кету үрдісіне ұқсатады.

Өлеңімнің басы еді сексен сегіз,
Тауға тары шықпайды, екпесеңіз.
Бір-екі ауыз *жел сөзді* неге аяйын,
Үлкен аға, кіші іні, сөкпесеңіз [4, 64 б.].

Жел сөз фреймі өлең концептісіне мағына жағынан жақын семалардың бірі. Бұл өлеңде ақынның сөз саптауға бекінгені жайында айтылған. Жел сөз деу арқылы өлеңнің лезде суырып салынып айтылатын жайы бар екенін аңғаруға болады.

Автор өнерпаз, талантты адамдардың өлеңге ынтықтығымен, қабілеттілігін «хан, төре» ұғымдағы сөздерімен ұқсастырады. Яғни, өлеңнің лауазымы биік, абыройы жоғары ұғымдармен қатар қолданылатындығын айғақтайды.

Келгенде *қара өлең хан, төремін*,
Қара ағаш қабығынан қамшы өремін.
Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Көңілді жабырқаған көтеремін [4, 179 б.].

Қара өлең – ойдың көсемдігін, тілдің шешендігін талап ететін ерекше өнердің бір түріне жатады. Автор қара өлеңнің бұл қасиеттерін суреттеу арқылы тіл мен ойдың бірлігінің маңыздылығына да назар аудартқызады. Қара өлең деген кезінде ойдың даналығы, тілдің шешендігі мен ұтқырлығының деңгейі ұғымдарымен теңестіреді.

Өлеңді баста десең басты айтайын,
Өрілген шаш, қиылған қасты айтайын.
Болған соң *ойым көсем, тілім шешен*,
Несіне қара өлеңнен бас тартайын [4, 179 б.].

Бұл – классикалық қазақ поэзиясының үлгісіндегі өте көркем шумақ. Ұйқасы шебер құрылған, көркем бейнелеу құралдары (мысалы, *өрілген шаш, қиылған қас*) арқылы сұлу қыздың бейнесі көз алдына келеді. Ақынның шабытты, шешен тілі мен қара өлеңге деген құрметі де анық байқалады.

Өрілген шаш, қиылған қас - бұлар бейнелі эпитеттер. Шаштың өрілуі мен қастың қиылуы – сұлу қыздың бейнесін көз алдымызға келтіреді. Бұл эпитеттер арқылы сұлулықтың ұлттық эталоны берілген. *Ойым көсем, тілім шешен* – мұнда ойдың *көсем* (яғни, жетекші), тілдің *шешен* (яғни, сөзге ұста) болуы – нақты адам емес, дерексіз ұғымдарға адамға тән қасиеттер берілген. Бұл – тірі метафора. Ақынның ойы мен тілі бейне бір жеке тұлға секілді сипатталады. *Несіне қара өлеңнен бас тартайын?* – бұл сұраққа нақты жауап күтілмейді, ол ақынның шешімді көңіл күйін білдіру үшін қойылған. Өлеңге деген сүйіспеншілікті, оны тастау мүмкін еместігін білдіреді. Бұл – риторикалық тәсіл. Өлең шумағында антитеза тәсілі де кездеседі. Бұнда тікелей антонимдер болмаса да, өлеңнен бас тарту мен оған деген махаббат арасындағы ішкі қарама-қайшылық берілген. Ақын «бас тартайын ба, жоқ па?» деген ой тастап, бірақ түбінде тастай алмайтынын білдіреді.

Қорыта айтқанда, бұл шумақта эпитет, метафора, риторикалық сұрақ және астары бар ойды көркем жеткізу тәсілдері шебер қолданылған. Бұл қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрін жалғастыратын қуатты шумақ.

Қара өлеңге келгенде дауылдаймын,
Нөсерлеткен дауылды жауындаймын.
Меніменнен айтыссаң, бүгін айтыс,

Оңайлықпен мен күнде табылмаймын [4, 181 б.].

Жоғарыдағы шумақта *дауылдаймын* – автор өзін дауылға теңейді. Бұл оның поэзияға келгенде күшті, екпінді, тегеурінді екенін білдіреді. «*Дауылды жауындаймын*» - бұл жерде нөсерлеткен жауынға ұқсату бар. Бұл да теңеу. Суреткердің сөз тасқыны нөсер жауын сияқты тынымсыз, қарқынды екенін білдіреді. *Қара өлеңге келгенде дауылдаймын* жолы толығымен алғанда метафоралық сипатта: ақынның поэзиядағы қуаты табиғи апатпен (дауылмен) салыстырылады, бұл тікелей емес сипаттау – метафора. *Оңайлықпен мен күнде табылмаймын* – ақын өзін сирек кездесетін ерекше құбылысқа теңеп тұр. Бұл да жанама метафора. *Қара өлең* – бұл тіркес өз алдына поэзияның бір түрін білдіргенімен, сонымен қатар эпитеттік реңкке ие. *Қара* сөзі арқылы өлеңнің тереңдігі, ұлттық бояуы, салмақтылығы беріліп тұр. *Дауылды жауын* – бұл да эпитет, өйткені жауынның түрін нақтылап тұр. *Дауыл* сөзі екі жолда қайталанады (бірі – *дауылдаймын*, екіншісі – *дауылды жауындаймын*) – бұл поэтикалық қайталау, қарқынды күшейтуге көмектеседі. Бұл шумақтағы басты көріктеуіш құралдар – теңеу, метафора, эпитет және қайталау. Олар ақынның поэзиядағы қуатын, екпінін, сирек кездесетін қабілетін әсерлі жеткізуге қызмет етіп тұр.

Мен қара өлең айтайын тыңдасаңыз,
Тыңдасаңыз қара өлең, мың жасаңыз.
Қара өлеңмен танысып жиын-тойда,
Қара өлеңмен табысып сырласамыз [4, 181 б.].

Бұл жолдар – қазақтың қара өлең дәстүрінің көркем үлгісі. Мұнда өлеңнің қарапайымдылығы мен терең мағынасы үйлесім тапқан. Әсіресе, *Қара өлеңмен танысып жиын-тойда, Қара өлеңмен табысып сырласамыз* деген жолдарда қара өлеңнің халық өміріндегі маңыздылығы, оның адамдарды біріктіріп, рухани байланыс орнатудағы рөлі айқын көрініс табады. Эпитет – заттың сынын, сапасын әсерлі етіп бейнелейтін көркемдік құрал. *Қара өлең* – бұл тіркес өз алдына тұрақты бейнелі эпитетке айналған. Мұндағы «қара» сөзі түс қана емес, сонымен қатар қарапайым, халықтық, терең мағыналы деген ұғымды береді. *Мың жасаңыз* – бұл тіркес те эпитеттік сипатта, тілек түрінде берілген, өмір жасының ұзақтығын білдіретін поэтикалық тіркес. Қайталау – әсерлілік беру үшін сөздің немесе тіркестің қайталануы. «Қара өлеңмен...» тіркесі екі рет қайталанып тұр:

Қара өлеңмен танысып жиын-тойда

Қара өлеңмен табысып сырласамыз. Бұл анафора қара өлеңнің маңызын, өмірдегі орнын ерекше айшықтап көрсетіп тұр.

Қара өлең, сиынамын құдіретіңе,

Қайраңдап балық шығар су бетіне.

Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,

Айтамын көпшіліктің құрметіне [4, 184 б.].

Бұл – қазақтың төл өнері қара өлеңнің қуатын, оның көпшілік алдындағы қасиетін дәріптейтін шумақ.

Қара өлең – қазақ халқының ежелден келе жатқан ауыз әдебиетінің қарапайым, бірақ әсерлі түрі. Мұнда ақын оны құдіретке теңеп, оған бас иеді.

«Қайраңдап балық шығар су бетіне» жолы – табиғат көрінісі арқылы ойды бейнелеу. «Қайраңдап шығу» – кездейсоқ емес, өзіндік мақсаты бар, ерекше сәт дегенді білдіруі мүмкін. Өлең де сондай – тереңнен шыққан асыл ой. *Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын* деген жолда мұнда лирикалық кейіпкер өзінің «кәсіби» ақын емес екенін, поэзияны белгілі бір ережемен ғана жазбайтынын айтады. *Айтамын көпшіліктің құрметіне* деген жолда автор өлеңді жеке шеберлік үшін емес, ел құрметі мен халыққа деген сыйластық үшін айтатынын білдіреді. *Қара өлең, сиынамын құдіретіңе* деген мысалда *қара өлең* – абстрактілі ұғым болса да, оған құдірет сипаттары беріліп тұр. Бұл – метафора. Өлеңге адам қасиетін телу арқылы оның құндылығын көрсетіп тұр. *Қайраңдап балық шығар су бетіне* жолы тікелей теңеу болмаса да, бейне жасау мақсатында берілген көркем сурет. Бұл жолды жанама теңеу немесе поэтикалық бейне (символ) ретінде қарастыруға болады.

Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,

Айтамын көпшіліктің құрметіне. Мұнда лирикалық кейіпкер өлеңді ақындықпен айтпайтынын, бірақ көпшілікке арнап айтатынын қарама-қарсы қою арқылы шынайы ниетін көрсетеді. *Қара өлең – балықтың су бетіне шығуы* деген жолдар арасында мағыналық параллелизм бар. Қара өлең – тереңнен шыққан, халықтан туған туынды, ал балықтың су бетіне шығуы – сол тереңнің көрінісі. Сондай-ақ *Қара өлең, сиынамын құдіретіңе* метафорасы қара өлеңге адамға тән

сипат беру, *Қайраңдап балық шығар су бетіне* символ тереңнен шыққан шабыт бейнесін айқындап тұр.

Төмендегі өлең шумақтарына назар аударсақ, ақынның өлеңмен жақындас ұғымдар қатарына «ұйқас», «көсілген көмей», «тіл мен жақ» сынды ұғымдарын жатқызады. Шыныменде, қара сөзді ұйқаспен жазып шықсақ, қара өлең туады. Ал, көмекейінен ән төгілген адамдарды – ақын деп атаймыз, Осы екі ұғым арқылы қара өлеңнің табиғатын түсінуге болады.

*Қара сөз, ұйқастырса, болады өлең,
Өмірдің алды таяз, арты терең.
Тағдырдың тап болған соң кезеңіне,
Үмітті ақтайды деп саған сенем [4, 197 б.].*

Жоғарыдағы шумақта метафоралар айтылған ойға астарлы мағына үстеу үшін тиімді қолданылған. *Өмірдің алды таяз, арты терең* – өмір теңізге немесе суға ұқсатылған. Мұнда: алдыңғы кезең – таяз: балалық, жастық шағы жеңілдеу, қауіпсіздеу өмір кезеңі мағынасында келсе, *артқы кезең – терең* – ересектік, өмірлік жауапкершілік кезеңі, қиындықтар мен күрделілік мол. Бұл – метафора, себебі нақты су емес, бірақ өмірдің сипаты соған ұқсастырылып берілген. Шумақтағы *таяз, терең* сөздері өмірдің кезеңдерін сипаттап тұрған бейнелі сын есімдер ретінде эпитет қызметін де атқарады. Өлеңнің бірінші жолында *қ, с, ө* дыбыстарының қайталануы байқалады: *Қара сөз, ұйқастырса, болады өлең* – бұл жол дыбыстық үндестік арқылы әуезділік береді. *Таяз ↔ терең, алдында ↔ артында*: бір-біріне қарсы ұғымдар салыстырылып, өмірдің екі кезеңі қарама-қарсы сипатта берілген антитеза. Тағдыр мен үміттің арасындағы байланыс философиялық тереңдік береді. *Үмітті ақтайды деп сенем* – бұл жолда ішкі лирикалық кейіпкердің сенімі көрінеді.

*Қай мерген, мына мерген, білте мерген,
Шашың бар, қолың қара күлтеленген.
Көсілген көмекейің ақын дейді,
Өлеңді қара дауыл сілте бермен [4, 197 б.].*

Қолың қара күлтеленге жолда қолы қара күлтеге теңеліп тұр. *Көсілген көмекейің ақын дейді* деген жолда көмекейдің көсілуі мен ақын болу арасында байланыс жасалған. Метафоралық мән: көмекейдің ашылып, кең сөйлеуі – ақынның дарынды болуына меңзейді. *Қара күлтеленген қолың* дегенде *қара* және *күлтеленген* – анықтауыштар (эпитеттер), қолдың түсі мен пішінін нақтылап тұр. *Қара* дауыл – эпитет, дауылдың қаталдығын, қатігездігін көрсетеді. *Өлеңді қара дауыл сілте бермен* жолында *қара дауыл* де – метафора, яғни поэзияның күшін, екпінділігін, күйзеліс немесе қаталдық әсерін білдіреді.

*Кез болдым жақсылардың кеңесіне,
Тіл мен жақ, күш салайын өңешіме.
Толғанып бір-екі ауыз ән салайын,
Қалдырмай қарыз етіп келесіге [4, 203 б.].*

*Өлеңім өлеңімнің жалғасындай,
Үйлесім ойлап қара бар ма осындай.*

Таңдайын қызған сайын тақылдайды,
Дәуіттің төске соққан балғасындай [4, 204 б.].

Тұрмыстық өмірде таң атысымен тауық-қораздың шақыруы секілді, жақсы әнді өлеңмен айту қажеттігіне балайды. «Тауық-қораздың шақыруы» ұғымы арқылы қара өлең ұғымын көз алдымызға елестеткізеді.

Өлеңді айтқан жақсы ән келгенде,
Шақырар тауық-қораз таң келгенде.
Жел сөзді Құдай берген неге аяйын,
Алдыма айтар кісі дәл келгенде [4, 202 б.].

Фреймдік қолданыстар: «сылқым сотқар», «жақсы өлең», «өлең - өнер».

Автор өлеңді адамның мінез-құлқымен салыстыра суреттейді. «*Өлең – сылқым сотқар*» деп фреймдік бірліктерге бөліп қарастырады. Осы шумақтар арқылы өлеңтің әртүрлі кейіпке еніп, құбыла алатын қасиетін аңғаратады. Осы қасиеті арқылы, өлеңтің кейде сотқар, кейде жақсы, кейде жаман бола алатындығын көрсетеді.

Дегенде жыңғыл шокпар, жыңғыл шокпар,
Жерлерге бетегейлі жылқым тоқтар.
Өлеңнің жақсысы бар, жаманы бар,

Айтайын қандай өлең, *сылқым сотқар* [4, 58 б.], - берілген үзіндінің алғашқы жолдары жыңғыл шокпар деген жай қайталау арқылы басталып, бұл жерде авторлық сарын сұрау мақсатында қолданылып, өлеңтің түрленетінін риторикалық сұрау арқылы дәйектейді.

Автор «*жақсы өлең*» тіркесін пайдалану арқылы адамның көңілін тербетіп, жақсы эмоциялар сыйлайтын өлеңтің құдыретін суреттейді. Өлеңді бастаған кезде, оны қолпаштап, қолдау мақсатында «әу» деп айту қалыптасқан стереотипін де байқауға болады. Қазақ танымындағы әу, демейтін қазақ жоқ ұғымын «Әу деп қойсаң, қалқам-ау, нең кетеді?!» тармағы арқылы меңзейді.

Өлең мен өнер жігіт ер жетеді,
Жақсы өлең көңілді тербетеді.
Бір-екі ауыз шамалап өлең айттым,
Әу деп қойсаң, қалқам-ау, нең кетеді?! [4, 63 б.].

Келесі өлең шумағында «*өлең - өнер*» фреймдік бірлігі суреттеледі. Өлеңді тудырушы адамның шығармашылықпен өнермен айналысатын тұлға екендігін баяндайды. Қазақ халқында сөз өнері, шешендік өнер, айтыс өнері, ән өнері секілді шығармашылықтың барлығы тікелей өнермен сабақтастықта дамиды. Өлеңде осы шығармашылық, яғни өнермен ассоциацияланады. Өлең деген өнерпаз адамдарға тән өнердің бірі. Сондықтан да, автор өлеңтің өнерпаз адамдарға қиын емес екендігін төмендегі өлең шумақтарында баяндайды.

Өлең деген, ендеше, өлең екен,
Өлеңді айтқан өмірде *өнер* екен.
Сөзін тауып өлеңді айтар едім,
Гүрілдеген дауысым келер ме екен? [4, 64 б.].

Өлең деген қиын ба өнерпазға,

Өлең тұрмақ сөз қиын ақылы азға.
Көңілді көтерерлік осындайда,
Кім бар, кім жоқ ендігі келер жазда! [4, 64 б.].

Өмірде өлеңнен жоқ *өнер ірі*,
Кетеді, өлең айтса, көңіл кірі.
Айтқаның мың ойланып, жүз толғанып,
Артында, өлсең де өзің, қалар тірі [4, 168 б.].

«Өлеңді айтқан өмірде өнер екен», «Өлең деген қиын ба өнерпазға» деген жолдардан өлеңнің де өнердің бір түріне жататыны жайында айтылған. Яғни өнер парқын түсінбес жанға сөздің өзі қиынға түскенімен, өнерпаз үшін өлеңнің қиындық тудырмасы бейнеленген.

Келесі өлең шумақтарында автор «өлең – дарын» фрейм бірлігін пайдаланады. Өлеңді жай ғана сөз қатарына жатқызуға болмайтындығын негіздейді. Өлеңнің мән-мағынасы мен мазмұн бірлігі – дарын ұғымымен байланыстырылады. Дарын дегеніміз адамның өзгелерден дара туған, ерекше өзіндік қабілеті. Дарынды ешқашанда ақшаға сатып алуға болмайды, дарындылық қабілет адамдардың көзіне бірден түсетін, тек сол адамдарға ғана тән жеке дара қасиет саналады. Автор өлеңді дарын ұғымымен теңестіре, жиған-терген қолда бар алтынның өзі өлеңнің құдыретіне сай еместігін айқын суреттейді.

Жаттанды жай сөз емес, өлең *дарын*,
Сай келмес жиған-терген қолда барын.
Бұл жолы жұмырыма жұқ болмадың,
Келерсің қыс ойланып жазға салым [4, 181 б.].

Шығады өлең қайдан дарымаса,
Өтпейді пышақ кейде жанымаса.
Қиыннан қиыстырып, тереңдеп айт,
Дей түссін тыңдаған жұрт тағы болса [4, 204 б.].

Өлеңнің басқа өнер түрінен басты айырмашылығы – адамның жан дүниесі мен ой-санасына үлкен әсер ете алатындығында. Автор осы қасиетті өлеңнің сөз тармақтары мен мәтін мазмұнында жинақталатындығын түсіндіре отырып, өлеңді «жан азығы» фреймдік бірлігі негізінде бейнелейді. Қара дауыл, сорайған дене түсініктерін қолдану арқылы өлеңнің салмағын қомақты қылдырады. «Жеңе алмайсың» қайталауды ұтымды сипаттау арқылы оқырманның назарын өлеңнің мықтылығы мен құдыретінің күштілігіне аудартқызады. Адамның өлең арқылы өзін емдей алатындығын, жан дүниесін жақсарта алатындығын, тіптен адамның көңіл күйін көтере алатын әсерлерінің бар екендігін сипаттайды. «Дертін жазған талайдың дәрі өлеңім» атты тіркес арқылы өлеңнің шипаға ем, жанға дауа дәрі екендігін бейнелейді.

Жан азығы жарамды өлең деген,
Жеңе алмайсың сорайған денеңменен.
Жеңе алмайсың соқтырсам қара дауыл,

Талмасы ұстап талайдың серендеген [4, 181 б.].

Таусылмас айта берсем қара өлеңім,
Жететін талай тойға бар өлеңім.
Жабырқаған жандарды жадыратқан.
Дертін жазған талайдыңдәрі өлеңім [4, 184 б.].

Ашылар өлең десе, көңіл кілті,
Жеткізбес күдір жерде қашқан түлкі.
Отырмай бекер қарап ән салайық,
Тамаша болсын қызық ойын-күлкі [4, 202 б.].

Төмендегі шумақтарда «өлең - қымбат» және «өлең - қызық» фреймдік құрылымы берілген. Автор дүниедегі ең қызық та, ең қымбат та дүние қатарына – өлеңді жатқызады. Ақын үшін ең қымбат – өлең, жастар үшін де ең қызығы – өлең деп жазады.

Не қымбат, дүниеде өлең қымбат,
Шын ақын қоя берер қойсаң ымдап.
Жастарды көргенімде болам ырза,
Отырған бірі айтып, бірі тыңдап [4, 199 б.].

Не қызық, дүниеде өлең қызық,
Кетеді өлең десе денем қызып.
Қасыма қалаулы жан тап келгенде,
Берейін қара өлеңді жіпке тізіп [4, 199 б.].

Келесі өлең шумақтарында өлеңге бейім өнерпаз, шығармашыл, талантты адамдардың ортақ қасиеттері мен ортақ ерекшеліктеріне тоқталады. Әуелі, өлеңді еркін, жеңіл, суырып салатын өнерпаз адамдардың қасиетін «*көктеуге қой қоздатып көшкен елмен*», «*табаны тарлан боздың гулер желдей*» деп теңестіреді. Осы ойсуреттерді қолдану арқылы өнерпаз адамдардың шабысы мен қарқынының қасиетін аңғартады.

Өлеңді айта алмайды әркім мендей,
Табаны тарлан боздың гулер желдей.
Өлеңді айт десеңдер, аңыратайын,
Көктеуге қой қоздатып көшкен елдей [4, 64 б.].

Келесі ойсуреттер арқылы автор көз алдымызға өлеңнің бейнесін, тұтастай бір қалыбын елестетеді. Өлеңнің мағынасы мен оның тыңдаушыға әсер ету ықпалының ауқымдылығын «*өткір дүрбі*» ойсуреті арқылы сипаттайды. Автор жазғандай орыстың өткір дүрбісінің бейнесі санамызда суреттеліп, өлеңнің мазмұн құдыретін осылайша елестетуге болады.

Өлеңді айтушы едім бір кісідей,
Орыстың көзі өткір дүрбісіндей.
Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Шебердің шақтап пішкен үлгісіндей [4, 178 б.].

Келесі өлең шумақтарынан *«ата-бабам жасынан өлең құған»* скрипті арқылы қазақ қоғамындағы ежелден қалыптасқан шешендік өнер, суырып салма дәстүр мен қазақтың мәдени-тарихын байқауға болады. Шыныменде, қазақ халқы қашанда өнерге жақын, баға жетпес қазынасы – ән мен күй екендігі барлығына мәлім. Сондықтан да, автор «ән дегенде жасымнан аттай желем» деген тармағында әрбір қазақтың баласы әнге жастайынан бейім екендігін жазады. Осы өлең шумақтары арқылы қазақтың қара өлеңге деген сүйіспеншілігі атадан балаға таралатын үлкен мұра іспеттес.

Ән дегенде жасымнан аттай желем,
Ар жағымнан, ән салсам, келеді өлең.

Ата-бабам жасынан өлең құған,

Мен сондықтан өлеңге көңіл бөлем [4, 89 б.].

Автор өлеңнің ежелгі заманнан бастап, тарихи-мәдени тәжірибемен жинақталған қадірлі ұғым екендігін *«өнер алды – қызыл тіл»* скрипті арқылы жеткізеді. Осы мақал арқылы өлеңге салмақты мағына береді. Халықтың өлеңге деген сүйіспеншілігі мен құштарлығы қарапайым дүние емес, тәрбие мен салт-дәстүрдің сабақтастығынан туындаған тарихи жол деп түсіндіреді.

Өлеңді мен айтпаймын желіккеннен,

Өлеңді ел тыңдамас еріккеннен.

Халқымыз *«өнер алды қызыл тіл»* деп,

Ежелден өлеңге жол беріп келген [4, 178 б.].

Келесі өлең шумақтарында автор өлеңнің жағымды жақсылықтарын жазады. Әуелі, өлең арқылы адамның абыройы мен құрметі артатындығын «басыңды есіктегі төрге сүйрер» тіркесі арқылы көрсетеді. Демек, қарапайым қара өлең адамдардың көңіліне әсер ете, сыйластық, құрмет сезімдерін бойға дарыта алады. Өзге адамдардың өлең арқылы дос бола алатындығын аңғартады.

Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,

Басыңды есіктегі төрге сүйрер.

Сөзіңе тауып айтқан дос сүйсініп,

Дұшпанның көре алмаған іші күйер [4, 197 б.].

Өлеңнің ата-бабадан келе жатқан асыл қазына екендігін «сарқылмайтын қазына» эпитетті тіркесі арқылы жеткізеді. Ән мен күйдің думан-тойлардың көркі, жақсы ахуал тудыратын байлық екендігін өлең шумақтарынан байқауға болады.

Ән мен күй сарқылмайтын қазынамыз,

Жасасын әзіл-қалжың, қазынамыз.

Қайрандап кемең бір күн қалса аралда,

Бірге өскен осы күнді сағынармыз [4, 197 б.].

Төмендегі өлең шумақтарынан «өлең» концептісінің сценарий құрылымын аңғаруға болады. Өлеңге тән оқиға желісін былайша сипаттауға болады. Әуелі, өлеңді «Бісмілла» деуден бастау, себебі автор айтқандай, бұл өлеңнің басы яки кіріспесі. Келесі, «шашу қып жіберейік» теңеуін пайдалану арқылы өлеңнің негізгі бөлімін, яғни ең құнды, мәнді ақпараттарды оқырманға ұсыну қажеттігін аңғартады. Шашу – қазақ танымында қуаныш пен бақытты білдіретін ниетті

көрсетеді. Демек, өлеңнің де қаймағы – осы негізгі бөлімінде болмақ. Және қорытынды бөлімде «болса да қара өлеңнің қара тілі, аптықпа, асықпа» деп бағыт-бағдар береді.

*Бісмілла деу – өлеңнің басы емес пе,
Өзен-көлдін жағасы там емес пе.
Той қызығы айтысу тең құрбыңмен,
Іздегені жастардың осы емес пе [4, 199 б.].*

*Өлеңді баста десең, басы менде,
Майысқан балдырғандай жасы менде,
Асылын кезектесіп қара өлеңнің,
Шашу қып жіберейік шашып елге [4, 199 б.].*

*Дегенге ақпан-сақпан, ақпан-сақпан,
Сақпанды зымыратар ебін тапқан.
Болсаң да қара өлеңнің қара тілі,
Аптықпа, түсірермін құрып қақпан [4, 203 б.].*

Ән өлең – поэзия мен музыканың тоғысқан көркем формасы. Әнге арналған өлеңдер көбіне лирикалық сипатта, яғни адамның ішкі жан дүниесін бейнелеуге бағытталған. Ән өлеңде сезім тереңдігі мен әуезділік басты орында. Ол халықтың жүрек қылын тербеп, эстетикалық қажеттілігін өтейді. Ән мен өлеңнің үндестігі арқылы қазақ халқы сөздің сұлулығын, әуеннің әсерін үйлестіре білді.

*Өлең басы «бісміллә» деп айтады,
Жаратымсыз жаман сөз нені айтады, сәулем-ай.
Бәрімізді жаратқан Жаппар құдай,
Құдайы айтпай әуелі нені айтады, сәулем-ай.
Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде, сәулем-ай,
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақиянның төбесі көрінгенде, сәулем-ай [40, 61 б.].*

Жаратымсыз жаман сөз нені айтады, Өлең айтқым келмейді ерінгенде деген жолдарда ақынның ішінде үлкен мұң жатқанын көрсетеді. Адамға тән іс-әрекетті, ой мен сезімді табиғатқа тели суреттейтін кейіптеу тәсілінің көркемдік мүмкіндігі ақындық таным мен шеберлік көрігінде әбден өңделіп, танылған. Сонымен, *Бойым байсал тартады керілгенде, Жерден алтын тапқандай қуанамын*- сезімдік құбылысты тұтастай бейнелей беруде көркемдік қызмет атқарған детальдар.

Кесте -2. «Өлең» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Ассоциация	Тілдік бірліктер
1	Шабыт	«шабыттану», «шабыты тасыды»
2	Сезім	«жүрекке жеткізу», «сезімді селт еткізу»
3	Табиғат	«табиғатпен тілдесу», «табиғаттың үні»

4	Туған жер	«жерұйық», «туған өлке»
5	Махаббат	«ғашықтық жыр», «жүрек сыры»
6	Ел-жұрт	«елге арналды», «халық жыры»
7	Ерлік	«батырлар жыры», «ерлікті жырлау»
8	Өмір, тағдыр	«тағдырдың талайы», «өмір өрнегі»
9	Өткен мен бүгін	«тарихты тірілту», «жаңғырық»
10	Өнер	«сөз өнері», «күміс көмей»
№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Өлең – сылқым сотқар	Өлеңнің әртүрлі кейіпке еніп, құбыла алатын қасиетін аңғарылады. Осы қасиеті арқылы, өлеңнің кейде сотқар, кейде жақсы, кейде жаман бола алатындығын көрсетеді. <i>Өлеңнің жақсысы бар, жаманы бар, Айтайын қандай өлең, сылқым сотқар</i>
2	Өлең - жел сөз	Жел сөз деу арқылы өлеңнің лезде суырып салынып айтылатын жайы бар екенін аңғаруға болады.
3	Өлең – дарын	Өлеңді жай ғана сөз қатарына жатқызуға болмайтындығын негіздейді. Өлеңнің мән-мағынасы мен мазмұн бірлігі – дарын ұғымымен байланыстырылады.
4	Өлең – өнер	Өлеңді тудырушы адамның шығармашылықпен өнермен айналысатын тұлға екендігін баяндайды. Қазақ халқында сөз өнері, шешендік өнер, айтыс өнері, ән өнері секілді шығармашылықтың барлығы тікелей өнермен сабақтастықта дамиды. Өлеңде осы шығармашылық, яғни өнермен ассоциацияланады. <i>Өлең деген, ендеше, өлең екен, Өлеңді айтқан өмірде өнер екен.</i>
5	Өлең - қымбат	Автор дүниедегі ең қымбат дүние қатарына – өлеңді жатқызады. Ақын үшін ең қымбат – өлең. <i>Не қымбат, дүниеде өлең қымбат,</i>
6	Өлең – қызық	Автор дүниедегі ең қызық дүние қатарына – өлеңді жатқызады. Әсіресе, жастар үшін ең қызығы – өлең. <i>Не қызық, дүниеде өлең қызық, Кетеді өлең десе денем қызып.</i>
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	Ақын – халық үні	Ақын – халықтың жан дүниесін сөйлетуші
2	Өлең – рухтың үні	Өлең – адамның ішкі жан дауысын білдіреді
3	Өлең – тәрбие құралы	Өлең арқылы адам тәрбиеленеді
4	Өлең – мәңгілік	Жақсы өлең ұрпақтан-ұрпаққа жетеді
№	Символ	Мағынасы

1	Көш	Өмірдің өткіншілігін, тағдырдың жазуын бейнелесе
2	Қара тау	Ауыртпалықтың, қайғының символы ретінде көрінеді.
3	Қалам	Шығармашылық, ақындық шабыт
4	Құс	Еркіндік, шабыт, ой ұшқырлығы
5	Жүрек	Сезім, махаббат, шынайылық
6	Таң	Жаңа бастау, үміт, өмір
7	Домбыра	Ұлттық поэзия, жыр дәстүрі
№	Скрипт	Тілдік бірліктер
1	Өлең шығару	«Қаламын қолға алды», «шабыты келді»
2	Өлең оқу	«Жыр оқыды», «өлеңімен елді тебіrentті»
3	Айтыс	«Қарсыласына сөз тауып жауап берді»
4	Халыққа таралу	«Ақын жыры елге кең тарады»
№	Ойсурет	Тілдік бірліктер
1	Ақын шабыты	«Шабытын іздеді», «көңілдің күйін жеткізді»
2	Жыр тербеу	«Жырмен елді тербеді»
3	Қалам мен ақ парак	«Қағазға сырын төкті», «парақпен сырласу»
№	Сценарий	Тілдік бірліктер
1	Ақынның шабыттануы	«Шабыты оянды», «көңіл күйі өлеңге айналды»
2	Халық алдында жыр оқу	«Ақын сахнаға шықты», «жыр жолын арнады»
3	Айтыс сәті	«Қарсыласына ұтымды жауап берді»
№	Мақал	Мазмұны
1	«Өлең – сөздің патшасы»	Өлең – сөз өнерінің шыңы
2	«Жақсы жыр – жан азығы»	Өлең – рухани қорек
3	«Өнер алды – қызыл тіл»	Ақындық – өнердің төресі

Зерттеу барысында «өлең» концептісінің когнитивтік моделін құруда 10 ассимиляция, 6 фрейм, 4 стереотип, 7 символ, 4 скрипт, 3 ойсурет, 3 сценарий, 3 мақал жинақталды.

Қазақ халқы үшін **өлең** – жай ғана әдеби жанр емес, тұтас бір **дүниетанымдық жүйе**, ұлттық рух пен мәдениеттің айнасы. Өлең қазақ өмірінде тек көркем сөз ретінде емес, **рухани тәжірибе, тарихи сана, әлеуметтік қатынас құралы** ретінде қалыптасты. Қазақ халқының сан ғасырлық ауыз әдебиеті мен жазба мұраларында өлеңнің алатын орны ерекше. Өлең концептісін зерделеу арқылы қазақтың рухани әлемін, эстетикалық талғамын, ұлттық мінезін тереңірек түсінуге болады.

Өлең – халықтың сезімі мен ойын көркем түрде жеткізудің құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық жадтың сақтаушысы. Өлең арқылы халық:

- өз тарихын жырлады;
- салт-дәстүрін бекітті;

- мұңын айтып, қуанышын бөлісті;
- жас ұрпақты тәрбиеледі.

Өлең концептісінің ерекшелігі – оның функционалдық көпқырлылығында. Қазақ поэзиясы көбіне ауызша айтылып, жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Осы себепті өлең тек көркем сөз емес, ұлттық мәдени код ретінде өмір сүрді.

«Қара өлең» – қазақ халқының ең көне өлең түрлерінің бірі. Бұл өлең түрі – халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, даналығын жинақтаған бейне. Қара өлеңнің құрылымы қарапайым болғанымен, оның поэтикалық қуаты өте зор. Онда терең философия, нәзік сезім, өткір әзіл мен сын қатар өріледі. «Қара» сөзі бұл жерде түс емес, бастау, түбір, қарапайымдылық мағынасында қолданылған.

Ән өлең – музыкамен орындалуға арналған поэтикалық мәтін. Яғни бұл – поэзия мен әуеннің синтезі. Қазақ әдебиетінде ән-өлең ерекше мәнге ие, себебі ол:

- халықтың эмоциялық дүниесін бейнелейді;
- тілдік бейнелеу құралдарын әуенмен үйлестіреді;
- есту арқылы әсер ететін көркем мәтінге айналады.

Яғни ән-өлең – көркем сөздің музыкалық кеңістіктегі өмір сүру формасы

Өлең концептісі арқылы қазақ халқының поэтикалық ойлау жүйесі, тілдік мәдениеті, эстетикалық өлшемі танылады. Өлең – тілдің ең бейнелі, көркем және символдық қабаты. Мұнда ұғымдар астарлы мағынамен өріліп, тек мағына емес, маңыз, мән, миссия пайда болады.

Қазақ ұғымында өлең – жүрек сөзі, рухтың тілі, ұлттық сана мен мәдениеттің алтын өзегі. Ол тек эстетикалық ләззат беру үшін емес, тәрбие құралы, тарихи дерек, қоғамдық пікір ретінде де өмір сүріп келген. Қара өлең мен ән өлең секілді формалар арқылы өлең концептісі тұрмыстықтан философиялыққа, қарапайымнан символдыққа дейінгі кең өрісті қамтиды.

Сондықтан да өлең – қазақтың жанын танытатын терең де құнарлы рухани ұғым. Өлең концептісін зерттеу – қазақ халқының дүниетанымын, сезім әлемін, көркем ойлауын танудың кілті.

2.1.3 Қазақ халық лирикасындағы «махаббат» концептісі

Түркі халқының дүниетанымдық негізінде махаббат мәселесі маңызды рухани-танымдық құбылыс ретінде сипатталады. Түркі халықтарының философиялық көзқарасында махаббат – тек эмоционалдық күй емес, сонымен қатар практикалық өмірлік мағынамен ұштасатын идея. Мысалы, Тәңір-әке мен Ұмай-ананың арасындағы қатынас махаббатқа негізделмесе де, оларда әйелдік пен еркектік бастаулардың бейнесі көрінеді. Бұл екі бейне бір-бірінен тәуелсіз, өз мақсатына бағдарланғанымен, өмірлік тепе-теңдікті көрсететін символдық жүйе ретінде қарастырылады.

Адам баласы үшін ең қымбат қазына – сана мен жүрек түкпіріндегі махаббат сезімі. Әлем әдебиетіндегі ең ғажайып шығармалардың көпшілігі махаббат тақырыбына арналып, адамның ішкі рухани әлемін ашуға бағытталған.

Ғашықтық адамзатпен бірге туып, онымен бірге жасасып келеді. Себебі екі адамның – ер мен әйелдің арасындағы сүйіспеншілік – адамзат өркениетінің іргетасы іспетті.

Махаббат сезімі – әр ұлттың, әр қоғамның дүниетанымына сай әртүрлі түсінілген. Грек және Рим жазбаларында махаббат құдайлар бейнесінде көрініс тауып, әлемдік тәртіптің өзегі ретінде сипатталады. Түркі дүниетанымында махаббат ұғымы тек көркем туындылардың тақырыбы ғана емес, сонымен бірге дін, философия, этика, эстетика сынды рухани салалардың өзегін құрайды.

Махаббат ұғымы теологиялық түсінікте адам мен әлемнің байланысын бейнелейтін күш ретінде көрінеді. Ол – адамның рухани өсуінің, әсемдікті қабылдауының, адамгершілікті бойға сіңіруінің негізі. Сондықтан махаббат – адам өмірінің мәні мен мазмұнын анықтайтын, ешкімді бейтарап қалдырмайтын терең сезім.

Адам махаббат арқылы өз орнын, өмірінің мәнін, табиғат пен болмыстың сырын тануға ұмтылады. Бұл сезім әртүрлі формада көрініс береді: Құдай мен адам арасындағы махаббат, ата-ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік, ұстаз бен шәкірттің арасындағы құрмет, ер мен әйелдің ғашықтық қатынасы – бәрі де адамды ізгілікке, мейірім мен адалдыққа тәрбиелейді.

Қазақ әдебиетінде махаббат тақырыбы лиро-эпикалық жырлар мен дастандарда кеңінен жырланған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сынды туындылар ұлттық рухани дүниетанымның бір бөлігі ретінде сақталып отыр. Сонымен қатар, Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха сынды шығыстық сюжеттер де қазақ мәдениетіне сіңісті.

Сопылық поэзияда махаббат – Құдайға деген сағыныш пен ынтызарлықтың бейнесі. Бұл үрдіс Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Йүгнеки, Махмұд Қашқари сияқты ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Түркі мифологиясында махаббат ғарыштық қозғалыстар мен жұлдыздық символика арқылы бейнеленеді. Мысалы, «Үркер» мен «Шолпан» жұлдыздарының қозғалысы – сәттілік пен сәтсіздіктің, еркіндік пен шектеудің символдық метафорасы. Мұнда махаббат мәңгілікке ұмтылу, сәттілікке жету үшін күресудің этикалық моделі ретінде көрсетіледі.

Жетіқарақшы – махаббат жолындағы кедергілер мен қауіп-қатердің символы. Ал Темірқазық – тұрақтылық пен сенімділіктің бейнесі ретінде беріледі. Бұл мифтер махаббаттың ғарыштық, яғни мәңгілік өлшеммен бағаланатынын көрсетеді.

«Махаббат» ұғымы – кез келген этностың дүниені қалай қабылдайтынын көрсететін мәдени кілт. Ол адамның қоршаған әлеммен, армандарымен, сенімдерімен байланысын білдіреді. Махаббат өмірге, адамға, Отанға, ғылымға, өнерге, тіпті атақ пен байлыққа да бағытталуы мүмкін. Бұл – адамның жүрек қалауымен бір нәрсеге құштарлық танытуы. Сондықтан махаббат мәдени концепт ретінде «ар», «ұят», «жан», «тән», «ерлік», «мәрттік» сынды басқа да категориялармен тығыз байланыста. Бұл ұғымдар бірге келіп, тұтас концептуалды өрісті құрайды. Оның ішінде «махаббат» сөзінің образды қолданыстары ерекше орын алады.

Түркі дүниетанымындағы махаббат – тек сезім емес, ол – дүниені танудың, өмірдің мәнін ұғынудың, рухани биікке жетудің жолы. Махаббат концептісі арқылы біз біртұтас этностың болмысын, оның өзге халықтардан ерекшелігін танып білеміз. Бұл ұғым түркілік дүниетанымның терең мәнін ашуға мүмкіндік беретін негізгі рухани-философиялық категория ретінде бағаланады.

Қазақ халқының поэзиялық мұрасы – ұлттық болмыс пен дүниетанымның айнасы. Соның ішінде лирикалық жырлар – адамның ішкі жан-дүниесін, әсіресе махаббат сезімін терең суреттейтін көркем туындылардың бірі. Қазақ халық лирикасындағы махаббат концептісі тек қана сезім мен құмарлықты емес, адамгершілік, адалдық, ерлік пен рухани тазалық сияқты ұлттық құндылықтармен сабақтасып жатады.

Қазақ халқының ән өлеңі мен қара өлеңі – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра. Бұл жанрлар – халықтың ішкі жан дүниесін, махаббатқа, сұлулыққа, өмірге деген көзқарасын көркем тілмен жеткізетін ерекше поэтикалық формалар. Әсіресе махаббат тақырыбы – ән өлеңдер мен қара өлеңдердің ең басты өзегі.

Махаббат – адамзат баласына ортақ мәңгілік құндылықтардың бірі. Бірақ әрбір халықтың мәдениеті мен дүниетанымына сай бұл ұғым әртүрлі бейнеде, сипатта көрініс табады. Қазақ халқы үшін махаббат – тек романтикалық сезім ғана емес, ол – рухани, философиялық, кейде тіпті сакральді ұғым. Қазақ дүниетанымында махаббат – Аллаға деген сүйіспеншіліктен бастап, ата-анаға, туған жерге, ұлтқа, табиғатқа, жалпы адамзатқа деген махаббатқа дейінгі кең ауқымды қамтиды.

Қара өлең – халық жүрегінің үні. Қара өлең – қазақ фольклорындағы ең кең таралған лирикалық форма. Ол көбіне 4 жолдан тұрады, 11 буынды, ааба ұйқасымен айтылады. Қара өлеңдерде махаббат концептісі мынадай ерекшеліктермен көрінеді:

1) Сезімнің шынайылығы. Қара өлеңдерде ғашықтық сезімі жалған пафостан ада, жүрекпен айтылған:

Қара көз, қара қасың, қара түнек,
Сен үшін талай жігіт отқа жүрмек.
Адал бол, жаным, маған бір өзіңе,
Махаббат – жанға азық, тәнге керек.

2) Сағыныш пен армандау

Сен бір жақта, мен бір жақта, күн өтуде,
Сағынышпен қараймын күннің батуына.
Болар ма екен тағдыр бізді табыстырған,
Бір ауыз сөз жетеді жүрекке у болуға.

3) Қыз бен жігіттің тең диалогы. Қара өлеңде көбіне қыз бен жігіттің айтысу үлгісі де бар, бұл сезімдердің екіжақты екенін білдіреді. Сезім – тек құмарлық емес, ойлы әрі парасатты байланыс.

Ән өлеңдеріндегі махаббат – эстетикалық идеал. Ән өлеңдері – сал-серілер дәстүрімен жалғасқан, көбіне нақты тұлғаларға арналатын, мелодиямен айтылатын лирикалық өлеңдер.

1) Сұлулық пен махаббат – шабыт көзі.

Ақан серінің «Сырымбет» немесе Біржан салдың «Ләйлім шырақ» сияқты әндері қыз сұлулығын, махаббаттың тылсым табиғатын жырлайды:

Ләйлім шырақ, жарығым,
Сен деп өтсем - арман не?
Жаным құрбан жолыңа,
Ғашық болу – дарман ба?

2) Рухани махаббат – тәндік құмарлықтан биік. Сал-серілер поэзиясында махаббат – тек сыртқы сұлулық емес, ішкі тазалық пен үйлесім:

Қаракөз, жаным саған ғашық болып,
Ақылмен, жүрекпенен еріп кеттім.
Бір күлкің - жыр боп, нұр боп тарайды екен,
Махаббат деп осыны мен ұқтым шын.

3) Қоғам мен махаббат арасындағы қайшылық. Кей ән өлеңдерде махаббатқа қоғамның немесе ереженің кедергі келтіретіні де байқалады:

Қарсы болды төрелер,
Қосыла алмай кеткенбіз.
Тағдыр бізді айырды,
Сағынышпен өтеміз.

Қазақтың ән өлеңдері мен қара өлеңдеріндегі махаббат концептісі – терең де таза, шынайы да сырлы. Бұл туындыларда махаббат – адамның ең асыл сезімі, ол тек екі жүректің байланысы емес, тұтас мәдениеттің рухани өзегі. Халық поэзиясы арқылы махаббат – адалдық, сағыныш, үміт пен рухани сұлулықпен өріліп, ұлттық поэтикалық эстетика деңгейіне көтеріледі.

Кез келген халықтың көне замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен замандардан жеткен мұралары – бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры да. Адам баласы айналасын тани отырып, оны бағалайды. Бағалау барысында кездесетін шынайы өмір құндылықтарын ақ-қара, жақсы-жаман, мейірімді-қатыгез, сұлу-сұрықсыз, алыс-жақын деп ажыратады. Әрбір мәдениеттегі әлем бейнесі кеңістік, уақыт, махаббат, әйел, еркек, достық, бостандық, жеке меншік және т.б. бірқатар ортақ концептер мен мәдени константтардан тұрады. Халық осылар арқылы әлем бейнесін таниды. Аталған концептілердің арасынан «махаббат» концептісіне тоқталайық.

Адам өміріндегі ең асыл, ең құнды сезімі бар бұл – «махаббат» концептісі. «Махаббат» концептісі өте күрделі логика-философиялық мәні бар концепт болып саналады. Қазақ әдебиетінде махаббат сезіміне жазылған өте көп шығармалар мен туындылар бар. Бірақ, махаббаттың барлық әдемілігі мен шынайылығы, қуанышы мен қайғысы, қосылу мен ажырасудың майын тамыза жырлаған лирикалық өлеңдер қазақ әдебиетінде ерекше орын алады.

Махаббат – эпикалық мәні бар ұғымдар қатарына жатады. Махаббат ұғымы өте кең ауқымды болып келеді. Соған байланысты ғалым В.А. Маслова махаббат

ұғымына мынадай анықтама береді: «Махаббаттың кең ауқымды түрлері бар, ол адамдардың бір-біріне деген махаббатынан бастап, балаға, Отанға деген махаббат, музыкаға деген меломания, тіпті аспанға, жұлдыздарға дейінгі махаббат» [84]. Демек, махаббат деген тек қана ер адам мен әйел адамның арасындағы махаббат емес, ананың балаға, табиғатқа, Отанға, жаның қалаған іске деген махаббат болады. Осы тұрғыдан қарастырсақ өмір мен махаббат ажырамас екі ұғым болып көрінеді. Қазақ халық лирикасында да махаббат концептісі осындай кең ауқымда танылады.

Ал, орыс ғалымы С.Г. Воркачеваның махаббат ұғымына берген пікірі бойынша: «Махаббат бұл – адамдардың шыдамдылығы, адалдығы, беріктігі, махаббат, сезім жолында құрбан болуы деген сияқты сезімдерді беру, көрсету» [85, 47 б.].

Махаббат – өмірдің ең алғашқы бастауы болып саналады. Тіпті, әдебиетте махаббат философиясы деген ұғым да қалыптасқан. Махаббат тақырыбы мыңдаған шығармалардың ең басты тақырыбына айналған. Махаббат дегеніміз – адамдар арасындағы ең күшті тартылыс заңы. Ұлы ақын Абай: «Махаббатсыз – өмір бос», - деп махаббаттың адам өміріндегі маңыздылығын айтып кеткен болатын. Махаббат негізінен көп мағыналы түсінік болып саналады. Ол үлкенге де, кішіге де ортақ ұғым. Махаббатта сезім мен ақылдың ұштасып, адам парасатты табиғи күш ретінде көрінеді.

Ассоциация – дүниені тануда адам санасында алғаш пайда болатын ментальді сигналдар, білім алудың бір тәсілі. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс [86,63 б.] **«Махаббат»** концептісінің мәнін ашатын мынадай ассоциациялар қолданған: *сезім, бақыт, өмір, жек көру, сұю, мейірімділік, үміт, сенім т.б.*

«Махаббат» концептісі ұлттық дүниетанымда **«адами қасиеттер»** стереотипі ретінде танылады. Себебі, ұлттық дүниетанымымызда үлкенді сыйлау міндет болып табылады, үлкен кісілерді көргенде бас иіп, амандығын сұрау өмірлік тәжірибеден жинақталған топшылау. Яғни, бұл стереотип ұлттық концептілік сипатқа тән. «Бас иіп сәлем беру», «жолын кеспеу» тілдік бірліктері арқылы қазақ танымында ұзақ жылдар бойы қоғам санасында қалыптасқан, қоғам өкілдерінің айрықша тәжірибесінен жинақталған лингвомәдениеттанулық концептті құрайды. «*Бас иіп сәлем беру*» – үлкенді сыйлау, құрмет көрсету сезімдерін білдірсе, «*жолын кеспеу*» – ұлттық құндылықтарымыздың бірі салт-дәстүрімізде көрініс тапқан, «ала жіпті аттамау», «үлкендердің жолын кеспеу» секілді тыйымдар негізінде қалыптасқан тұрақтылығымен ерекшеленетін стереотиптің бірі.

Келесі концептілік құрылымдардың бірі – **символ**. Ойдағы дүниені танудағы, қиялдың күші жетпей дәл нақты бейнелеуді қажет етуге, рационалды ойды таңбалауда символ көмекке келеді. Символ ақиқат дүниенің аса дәріптелетін, қадірі білінген, бас игізетін ерекше қасиетімен танылған үздіктерін таңбалайды [86,12 б.]. Қара өлеңдерде махаббатты *теңеулер* арқылы бейнелейді, *ақ жүзі, Мәжнүңдей, бұлағындай, лағылдай, ақ маңдай, қызыл нұр, қара қас, ақ*

саусақ, қолаң шаш секілді тіркестерді қолдану арқылы махаббатты суреттейді. Махаббаттың ерекше қасиетін таңбалай отырып, теңеу қалпында символ дәрежесіне көтерген.

Өліптеп *ақ жүзіңе* таң қаламын,
Ғашық боп бір өзіңе сандаламын.
Мәжнүңдей ішім толған *ғашық оты*,
Сыртыма шығара алмай зарланамын [4,135 б.].

Автор «махаббат» концептісін сипаттау кезінде «Мәжнүңдей» теңеуін, «ақ жүзі», «ғашық оты» атты эпитеттерді қолданады. Бұл тілдік бірліктер арқылы «махаббат» концептісінің эмоциялық бояуын аңғартады.

Келесі өлең шумақтарында «хат жазу» ұғымын ғашықтықтың бір көрінісі ретінде баяндайды. Өлең шумақтары толығымен ойсуретке құрылған. Көз алдымызға «таудың таза бұлағындай», «киіктің лағындай» теңеулер арқылы бейнелі сурет елестейді. Автор ойсурет арқылы ғашықтық сезімінің адам баласына үлкен күш сыйлайтындығын көрсетеді. Тіптен, сезімге ерік берген адамдардың қолына қалам алып, хат жазатындығын суреттейді.

Хат жаздым қалам алып, шырағым-ай,
Лебізің *таудың таза бұлағындай*.
Көзіме көрінесің жарқ-жүрқ етіп,
Киіктің қырда ойнаған лағындай [4,139 б.].

Таным бойынша, махаббат жоғарыда айтылған мағынадан бөлек, адамның көңіл-күйіне кірбің түсіре алатындай қасиеті барын суреттейді. Яғни, эмоциялық тұрғыда мұң, реніш, жалғыздық секілді сезімдерімен сипаттайды.

«**Махаббат**» концептісінің мәнін ашатын фреймдер: «мұң», «бақыт», «жалғыздық», «шарасыздық», «ғашықтық» т.б. **Фрейм (қарапайым)** – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады [56, 12 б.].

1 – фрейм. Махаббат – ғашықтық. Махаббаттың ең биік сатысы ретінде адамның ғұмырында бір-ақ рет болатын ғашықтық сезімін атайды. Бұл ұғымды «ес-түссіз сүю» деп түсіндіруге болады. Мысалы,

Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған-ай.
Ой-ақ сия-ай,
Ақ сұңқар,
Екі-ай бала-ай [47,39 б.].

Өліптеп *ақ жүзіңе* таң қаламын,
Ғашық боп бір өзіңе сандаламын. [47,135 б.].

Ал мына шумақтар арқылы ғашықтықтың сұлулық ұғымымен байланысты емес екендігін көрсетеді. Ғашықтық барлық жағдайлар мен шарттарға шыдайтын үлкен күшке ие. Ғашық адамдар бірін-бірі алдамайды және қара тастың өзін, мамық ретінде сезеді деп жазады.

Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды,
Шын ғашық бірін-бірі алдамайды.

Қара тас, ұйқың келсе, болар мамық,
Ғашықтық сұлулықты талғамайды [4, 142 б.].

2-фрейм. Махаббат – дерт. Төмендегі өлең шумақтарынан «ғашықтық» концептісі «дерт» фреймі арқылы беріледі. Автор бұл сезімді дертке шалдыққан адамның іс-әрекеттерімен ұқсастырады. Осы арқылы, ғашықтық сезімінің тереңдігі мен ауыртпалығын байқауға болады.

Ақ маңдай, нұрың қызыл, қара қасың,
Ақ саусақ ұзын біткен қолаң шашың.
Серт берген аузынан жан серігім,
Дерт болды сен жоқ жерде ішкен асым [4, 139 б.].

3-фрейм. Махаббат – мұң. Махаббаттың мұң-қайғысы айдай жарқын сезім. Жағымсыз аспектіде махаббат адамның өміріне қайғы әкелетін жаза ретінде танылғанымен, «бірақ махаббатты басынан кешірмеу – одан да зор қасірет» деген түсінік назарға ілігеді. Мәселен,

Қалқатай, айым да сен, күнім де сен,
Қасқа тісің көрінер, күлімдесең.
Бойыма ішкен асым тарамайды,
Көзіме жарты сағат көрінбесең [4,22 б.].

Жоғарыдағы өлең шумақтарында ғашық адамның бойындағы сезімдері мен эмоцияларының бейнесі суреттеледі. Ғашық адам өз сүйген адамын әр минут сайын іздеп, сол адамсыз аузына ас дарымайтындығын жазу арқылы сүйікті адамның өмірдегі орны мен маңыздылығын айқындайды.

Төмендегі өлең шумақтарынан «сүйген жар» эпитеті адалдық пен көңілді қалдырмаудың символы ретінде көрініс табады. Себебі ғашық адам сүйгенінің көңілін қалдыратын, мұңайтатын іс-әрекет жасамайды. Сүйген жар ұғымының құндылығы мен сыйластық белгісін байқауға болады.

Сүйген жардың алдынан жарқылдайын-ей,
Өле-өлгенше көңіліңді қалдырмайын-ей.
Өзің көңіл бергенде әттең, қалқам-ей,
Бір өзіңе ерттеулі атым дайын-ай. [40,36 б.].

немесе,
Ұмытпан өле өлгенше, сәулем, сені,
Ұмытпас деп сенемін, сен де мені.
Асыл еркем есімде,
Қан жұтып, қасірет билеп зарыққанда,
Жүректің іздеп тапқан сенсің емі.
Айтылған әрбір сөзің шықпайды естен,
Бақыт пен махаббатың лебі ескен,
Сол бір жаз, жайлау кеші, біз кездескен [40,183 б.].

4-фрейм. Махаббат – ауыртпашылық. Төмендегі өлең шумақтары жігіттің ғашық болу сезімінің ауыртпашылығын суреттейді. Оны ой – тас қорған, көңіл – бақша және тіл – бұлбұл метафоралары арқылы жеткізеді. Ғашық жігіттің ойы ақ сия секілді қалпы суреттеледі.

Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған,

Жігітке қиын екен ғашық болған-ай.

Ой-ақ сия-ай,

Ақ сұңқар,

Екі-ай бала-ай.

Сыртыңнан дидарыңа болдым ғашық,

Мен емес қолдан тартып, тілін сорған [40, 39 б.].

5 – фрейм. Махаббат – бақыт.

Күндіз ойдан кетпейсің, түнде түстен,

Тал бойында мінің жоқ жасыл желек.

Өзіңменен бір болсам бұл өмірде,

Болады ғой бақытты менің басым [40,20 б.].

немесе,

Айтылған әрбір сөзің шықпайды естен,

Бақыт пен махаббатың лебі ескен [40,183 б.].

«Күндіз ойдан, түнде түстен кетпейсің», «жатсам, көзім түн бойы ілінбеген» жолдар арқылы махаббат сезімінің ұшан теңіз екендігін көрсетеді.

Махаббатқа мас адамның бақытты болуы үшін маңызды шарттардың бірі жай ғана қасында жақсы көретін адамының болуы. Махаббатты бақыт ретінде көрсетеді, себебі *бақыт* – адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі. Бақытқа бөленді – бақытты болды, қызыққа кенелді [80, 103 б.], - деп түсіндірме сөздіктегі мағынасы бойынша, осы күнге жеткеніне риза болып, еске алғаннан ештеңе өзгермейтіндігін, десе де бірге бір ғұмырды кешсе бақытқа кенелу деп есептеп, адам үшін бұл өмірде бірге болудың өзі – бақыт екендігін көреміз. Жағымды аспектіде «сүйікті болу – үлкен бақыт» деген метафизикалық мағынада танылады. Ғашықтық сарындағы жырлардың философиялық ойы сүюді «бақыт» деп санайды және «сүйе білген жан – өмірдегі ең бақытты жан» деп бағалайды.

Схема термині – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Бұл тәсіл – концептіні құрайтын ақпараттардың ұқсас емес бөліктерден ажыратып, сұрыптау операциясын атқарады.

Ғашықтық басқа адамды өзге адамдардан артық көру екендігін «басқадан артық туған неткен жансың» тіркесі арқылы бейнеленеді. Ғашық адамның көзі шел болып, тек өзі сүйген адамды ғана өзгелерден бағалырақ, әдемірек және құндырақ қып елестетеді.

Кеткенде аулың алыс, алтын сәулем-ай,

Келмеді-ау бір жапырақ жазған хатың-ай, Игай-гай, сәулем, айдай-ау.

Ішінде ну орманның сен бір талсың,

Аяққа құйып қойған шекер-балсың.

Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,

Басқадан артық туған неткен жансың [40, 212 б.].

Ішінде ну орманның сен бір талсың, Аяққа құйып қойған шекер-балсың. *Басқадан артық туған неткен жансың* деген сөзден адамға тән іс-әрекетті, ой мен сезімді табиғатқа тели суреттейтін кейіптеу тәсілінің көркемдік мүмкіндігі

таным мен шеберлік көрігінде әбден өңделіп, танылған. Сонымен, ну орманның бір талы мен шекер-бал сезімдік құбылысты тұтастай бейнелей беруде көркемдік қызмет атқарған детальдар.

Ойсурет (бейнелі) – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Концепт құрайтын элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі. Ойсурет санада бейне, эпитет, метафора, аллегория көмегімен танылады [56, 15 б.].

С.Жапақов концептілердің құрылымына қатысты мынадай пікір айтады: «Ойсурет – концепт. Фраза тіркестердің тасасында тұрған концептілер және сөз арқылы объективтенетін концептілерден пәлендей дерлік принципті айырмасы жоқ. Біртұтас ұғымды қалыптастыруда фраза тіркес лексеманың когнитивтік құрылымы тәрізді болады. Когнитивтік санада концепт типтерінің ешқайсысы «суреттегідей» егжей-тегжейлі детализацияланбайды. Ойсурет концепт заттың, құбылыстың санада нобайы түрінде болады... Бұлар – статикалық күйдегі концептілік құрылымдар. Кеңістік семалар, өлшем семалар кескіндеме концептіні объективтендіреді: таң, көкжиек, орман, өзен, т.б. (геометриялы фигураларға ұқсас). Концепт-схема-концептінің бұл түрі жазықтық, кеңістік, биіктік семаларының объективтенуі арқылы жасалады» [71, 4 б.]. Мысалы:

Атыңнан айналайын *алтын сәулем-ай*, - (эпитет)

Бір жүру өзіңменен ол бір дәурен-ай,

Атыңнан айналайын *асыл затым-ай*, - (эпитет)

Жарасқан тал бойыңа сәулем атың-ай,

Игай-гай, сәулем, айдай-ау [40,39 б.].

немесе,

Айналайын көзіңнен күлімдеген-ей,

Тал бойыңнан ешбір мін білінбеген.

Кел-кел, керней сал,

Осы әніме тура сал.

Көңіліме ұялап *көгершіндей*, - (теңеу)

Жатсам, көзім түн бойы ілінбеген [40, 219 б.].

Төмендегі өлең шумақтарынан сұлулықтың сыртқы келбетте емес, адамның ішкі жан дүниесінде екендігіне назар аудартады. Махаббаттың басты белгісі ішкі жан сұлулығын байқай білуде деп меңзейді.

Жарасқан жамалына қарқарасы,

Сұлуға әркімнің-ақ бар таласы, угәй-әй.

Жігіттер, сұлуларға таласпаңыз,

Бұйырса, *жаны сұлу жар* табасыз, угәй-әй [40,248 б.].

Автор «*көрмеймін күндіз күлкі, түнде ұйқы*» скрипти арқылы ғашықтықтың өмірдегі хал-ахуалын, табиғи көрінісін баяндайды. Ғашықтық сезімінің тылсым, жұмбақ сезім екендігін бірде қайғы, бірде қуаныш әкелетіндігімен суреттейді.

Айтайын жұмбақтамай сөзді ашық,

Өзіңді бір көргенде болдым ғашық.

Көрмеймін күндіз күлкі, түнде ұйқы,

Барады күннен-күнге қайғым асып [4, 42 б.].

Кесте -3. «Махаббат» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Ассоциация	Тілдік бірліктер
1	Сезім	«Ғашық болу», «жанға азық»
2	Сағыныш	«Сағынышпен қараймын», «зарланамын»
3	Бақыт	«Бақыт пен махаббат», «бақытты менің басым»
4	Жан (жанға)	«Жаным құрбан», «жан серігім»
5	Мейірімділік	«Адал бол, жаным»
6	Үміт	«Болар ма екен тағдыр бізді...»
7	Сенім	«Ұмытпас деп сенемін»
8	Ерлік	«Ерлік» қабілеті арқылы беріледі
9	Тіршілік мәні	«Өмірдің мәні», «өмір бойы бір болу»
№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Ғашықтық	«Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша...», «Ғашық боп бір өзіңе сандаламын»
2	Дерт	«Дерт болды сен жоқ жерде ішкен асым»
3	Мұң	«Көзіме жарты сағат көрінбесең», «Басқа жанға тағдырым...»
4	Ауыртпашылық	«Жігітке қиын екен ғашық болған-ай»
5	Бақыт	«Өзіңменен бір болсам бұл өмірде...»
6	Сабыр-шектілік	«Адам бірін-бірі алдамайды»
7	Құрбандық	«Жаным құрбан жолыңа»
8	Қадірлілік	«Басқадан артық туған неткен жансың»
9	Эстетикалық идеал	«Ақ жүзіңе таң қаламын», «Жаным саған ғашық болып»
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	«Адал бол, жаным»	Адалдық, сенімділік
2	«Ұмытпас деп сенемін»	Тағдырымызға сену
3	«Басқадан артық туған жансың»	Ғашықтың объектісінің артықшылығы
4	«Жаным құрбан жолыңа»	Махаббат құрбандықты талап етеді
№	Символ	Мағынасы
1	Ақ маңдай, нұрың қызыл	Ішкі тазалық, сұлулық
2	Көз қарасы (қара қасы)	Құпштарлық, сұлу бейне
3	Бұлақ (таудың таза бұлағы)	Таза сезім, шынайылық
4	Лағым (киіктің лағындай)	Еркіндік, нәзіктік
5	Мамық (қара тас – мамық)	Сенімділік, жеңілдік («алдамайды»)
№	Скрипт	Тілдік бірліктер
1	Жазғы кездесу	«Бір жүру өзіңменен»
2	Хат жазу	«Хат жаздым қалам алып», «Лебізің таудың таза бұлағындай»
3	Сағыныш күту	«Көзіме жарты сағат көрінбесең»
4	Бірге болу	«Өзіңменен бір болсам...»
№	Ойсурет	Тілдік бірліктер
1	Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған	«Жігітке қиын екен ғашық болған-ай»
2	Ақ тұла бойыңа сәулем атың-ай	Эпитеттік бейнелеу
3	Көгершіндей ұялап көңіліме	«Көңіліме ұялап көгершіндей»

№	Сценарий	Тілдік бірліктер
1	Қарсы шығу (қоғам кедергісі)	«Қарсы болды төрелер, қосыла алмай кеткенбіз»
2	Тағдырдың бөлінуі	«Тағдыр бізді айырды, сағынышпен өтеміз»
3	Болашаққа үміт	«Болар ма екен тағдыр бізді табыстырған»
№	Мақал	Мазмұны
1	«Махаббатсыз – өмір бос»	Абай өлеңінен алынған, махаббат өмір мәнін қалыптастырады
2	«Махаббат – тіршілік мәні»	Ғалым Маслова анықтамасында (адам өміріндегі махаббаттың маңызы)
3	«Адал махаббат – бақыт»	Воркачеваның түсінігі бойынша (шыдамдылық, адалдық)
4	«Ғашықтық – бақыт»	Қазақ лирикасындағы жиі кездесетін философиялық идеал

Зерттеу барысында «махаббат» концептісінің когнитивтік моделі бойынша 9 ассоциация, 9 фрейм, 4 стереотип, 5 символ, 4 скрипт, 3 ойсурет, 3 сценарий, 4 мақал жинақталды.

Қорыта келгенде, қазақ халық лирикасында махаббат ұғымы өте ерекше сипатқа ие болып саналады. Шығармалардағы толық ой-толғанымдардың барлығы махаббат сезімімен өте қатты тығыз байланысты. Фольклорлық шығармалардың философиялық – дүниетанымдық категориялары махаббаттың тәрбиелік мәндегі құндылық, этикалық, эстетикалық салаларды бір жерге тоғыстыратын категория болып табылады. Махаббат ұғымы оның өмірлік ұстанымдарының дұрыс бағытта құрылуына ықпал етуіне көмек береді.

2.2 Қазақ халық лирикасындағы ұлттық-мәдени концептілердің танымдық сипаты

2.2.1 Қазақ халық лирикасындағы «батыр» концептісі

Қазақ халық лирикасында *батыр* ұғымы әртүрлі сипатта көрініс табады. Бұл ұғым белгілі бір тарихи кезеңдерде өмір сүрген тұлғалардың ерліктерін баяндау мақсатында қалыптасқан. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер жанрлық тұрғыдан алуан түрлі болғанымен, барлығына ортақ сипат – елін қорғаған батырлардың бейнесін суреттеу. Алайда тарихи өлеңдерде *батыр-қорғаушы* бейнесі әр туындының мақсаты мен негізгі тақырыбына сәйкес әртүрлі қырынан сипатталады. Бұл ерекшеліктер ең алдымен, басты кейіпкер бейнесі арқылы көрініс табады. Ең бастысы – батыр әрдайым ел мен жерді жаудан қорғаушы ер ретінде бейнеленеді.

Батырдың басты мақсаты – жауынгердің өмірімен өмір сүру, жерін қорғау, ұрыс алаңында батылдық танытып, елі үшін ақтық демі қалғанша шайқасу. Батырлықты кәсіп ретінде де қарастыруға болады. «Қазақ халқында әкеге қарап ұл өсер» деген сөз бар. Сол себептен де қазақ халқының батырлары ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға мұрагерлік болып келе жатқан әскери кәсіп деп айтсақ та болады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, *батыр* ұғымы күш, батылдық, ержүректік сияқты қасиеттермен байланысты қарастырылады. Батыр – ұрыс даласында көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін берілетін атақ. Қазақ қоғамындағы батырлық феномені мен батыр мәртебесінің маңызын терең түсіну үшін фольклорлық дереккөздерге жүгіну орынды деп есептейміз. Зерттеу барысында «Бабалар сөзі» жинағындағы қара өлеңдер мен тарихи өлеңдерге талдау жасалды. Қазақ халық лирикасындағы «батыр» концептісін қарастырып, концептілік талдаулар жасауға тырыстық.

Концепт табиғаты жөніндегі ғылыми зерттеулерінде А. Вежбицкая: «Концепт идеалды дүниенің объектісі ретінде танылып, субъектінің дүние туралы түсінігінде қалыптасады», - деген тұжырым жасаған [54, 79 б].

Б.А. Серебренников: «Тіл мен ойлау екі түрлі сала болғанмен әрқашан өзара қарым-қатынаста болады [87, 16 б.]», - дей келіп, олардың қатынасынан «дүние бейнесі» танылатындығын айтады. Оның бірі – концептілік бейне, екіншісі – тілдік бейне. Мұның біріншісі – ұғынуға қатысты, екіншісі – тілде бейнелеуіне қатысты. «Дүниенің бейнесі» дегенді ақиқат немесе бейақиқат болмыстың көрінісі деп түсінген дұрыс.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: Батыр 1. Ел қамы үшін жаумен айқасып жүрген жеңіп шыққан ер жүрек адам. Алтын жерден, Батыр елден. (мақал). 2. Батыл, өткір. Көз қорқақ, қол батыр (мақал). [88,110 б]

Фольклорлық дәріптеу құралы ретінде ол қаһарманды «төменнен жоғары қарай көтеретін» идеализациялаудың бір тәсілі және қарапайым кісіден билеуші көргісі келетін халық арман-тілегі, аңсары. [89, 23 б] Батыр тұлғасы фольклорлық мәтіндерде тек тарихи кейіпкер ретінде ғана емес, ұлттық рухты, еркіндік пен әділеттілікті паш ететін символдық бейне ретінде көрініс табады. Бұл бейне – халықтың азаттыққа, рухани биіктікке және моральдық құндылықтарға ұмтылысының көркемдік тұрғыда бейнеленуі.

Батыр ұғымы *ер, ер жігіт, батыл, қаһарман, баһадүр, мерген, аңшы, батыр ана* сияқты ұғымдармен ұштасып жатыр. Әр халық өзіне сүйеніш, қорған болатын ер азаматқа арқа сүйеген. Қазақ дүниетанымында батыр – батыл адам, ер, еркек, ерікті, тәуелсіз адам ретінде қалыптасқан. «Батыры бар ел қорғаны бар ел» деп танитын қазақ халқы өз батырларының ержүрек, қайсар мінездерін біле тұра туған жерінде еркін, сенімді, нақ қадам баса білген.

Қазақ лирикасындағы өлең жолдарын талдау барысында *батыр* концептісін айқындайтын келесі фреймдер анықталды: *қаһарлы батыр, қас батыр, қамал бұзған, елге сіңген еңбегі, қайратты ер, бірлік болмай тірлік жоқ, қасқайып қол бастаған, шын батырдың белгісі, жанып бағы, қалың жаудан сақтап т.б.*

Қаһарлы батыр. Қайтпас, қайсар мінезді сертіне берік батырларымыз еш уақытта жаудан қорықпай, жауға қарсы төсін тосып, елінің, жерінің азаттығы үшін қасық қаны тамғанша күресе білген. «Қаһарлы батыр» фреймі арқылы қазақ батырының ызбарлы әрі зәрлі мінезі айқын көрініс табады.

*Қаһарлы батыр екен қайтпас беттен,
Тас шоқпар тар кешуде таймас серттен.
Ақ найза, сырлы садақ, алмас қылыш,*

Көкпең көк темір киіп, жарқ-жұрқ еткен. [90, 303 б.]

Ақ найза, сырлы садақ, алмас қылыш, көкпең көк темір деген эпитеттер қаһарлы батырдың портретін сомдаған.

Қас батыр. Еш нәрседен қорықпайтын, қойып кететін ер мінезді, нағыз, шын ердің бейнесі *қас батыр* фреймі арқылы ұтымды берілген. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «қас батыр – көзсіз батыр» [88,114 б] деген анықтама берілген. *Қас батыр* фреймі айдыны арыстандай теңеуі арқылы ашылған.

Айдыны арыстандай көрген жанға,

Қас батыр төтеп берген мың мен санға.

«Қалмақты қызыл қанға бояймын» деп,

Малынты қып-қызыл қып төсін қанға [90, 306 б.].

Қалмақты қызыл қанға бояймын деп, батырдың өзінің төсін қанға малып, қып-қызыл еткен ісі – нағыз ерлік пен төзімділіктің символы. Мұндағы «*малынты қып-қызыл қып төсін қанға*» деген сценарийлік құрылым батыр бейнесін айшықтап көрсетеді.»

Қамал бұзған

Бұл батырлар қамал бұзған қашаннан,

Жауды көріп тыншымай тұр жасанған.

Жеккен аттай жігер күтіп дайын тұр,

Шаш ал десе, бәрі дағы бас алған. [90, 164 б.].

Талай қамалды бұзып, туын тіккен нағыз қазақ қаһарманының қайтпас қайсар бейнесі «*шаш ал десе, бәрі дағы бас алған*» деген сценарийлік құрылымы арқылы ашылған. «Қамал бұзған» фреймі арқылы өр мінезді, жігерлі, жауды көрсе тыншымайтын қазақ батырын көре аламыз.

Елге сіңген еңбегі.

Олжас батыр ерлігі, елге сіңген еңбегі,

Ерлері ертегінің ертеде өткен.

Ел болмас ерегессе, кегі кеткен,

Кек алған кескілесіп, кем түспестен. [90, 302 б.]. Жоғарыдағы өлең жолдарынан тарихи өлеңде жырланған қазақ батыры – Олжастың ерлігі баяндалған. Жерін қорғау жолында қасық қаны қалғанша күрескен Олжас батырдың қайсарлығы ел жадында сақталған. Қазақ халқы әрдайым батырларымен мақтанған, оларды тірек, қорған санап, сенім артқан. Мұның айғағы – батырлардың жауды жеңіп, елін қорғаудағы ерлік істері.

Шын батырдың белгісі –

Самсаған қол, сары жау,

Қан болып аттан түскені. [90, 159 б]. «*Қан болып аттан түскені*» сценарийлік құрылым арқылы шын батырға тән қасиеттер айқын сипатталған. «*Самсаған қол*» метонимиясы батырдың қалың әскерін суреттесе, «*сары жау*» эпитеті көп жауға қарсы тұра алатын батырдың батыл мінезін бейнелеген.

Қайратты ер . Асқан қайсар, еш қорықпайтын, тайсалмайтын ержүрек.

Атағы бұл жігіттің Есім дейд,

Атақты орта жүзге Есім білед.

Белгілі қайтпас болат, қайратты ер,

Мақал болды *«Есім барса, есен келеді»*. [26, 31 б.]. Халықтық қолданыстағы нақыл сөздер қатарына енген *«Есім барса, есен келеді»* мақалынан Есім батырдың қайсарлығын, қайраттылығын аңғарамыз. Бұл мақалдан талай жаудың камалын бұзып жүрген батырымыздың ержүректігіне сенген халықтың сабырлығын байқауға болады. Әр ұрысқа Есіммен шыққан қалың қол жеңіспен оралатыны ел арасында осындай тамаша мақалмен көрініс тапқан.

Қазақ батырлар жеңіспен оралу үшін шайқасу жоспарын құрып, кеңесіп бір шешімге келген. Себебі жеңіліспен оралу олардың намысының тапталғанымен тең болған. Оларға арқа сүйеп отырған халқы бар. *«Бірлік болмай тірлік жоқ»* деген мақал ұрыс алаңындағы бірлігі жарасқан әскердің жеңіспен оралатынының дәлелі. Бұл мақал қазіргі таңда өз өзектілігін жоғалтпаған.

*Дүнияда еш қымбат жоқ ар намыстан,
Талап, ақыл құтқарар болат тордан.
«Бірлік болмай тірлік жоқ» деген нақыл,
Бабалардан мирас боп бізге қалған.* [27, 189 б.].

Келесі өлең жолдарынан *«Жәнібектің алды толған өлексе»* деген ойсурет нағыз ұрыс алаңынан көрініс береді. *«Сілтеп барад оңды-солды дем алмай»* сценарийлік құрылым арқылы батырлардың батылдығын, ержүректігін, қайсарлығын көз алдымызға елестете аламыз.

*Көзін салып, көре қарап Қабанбай,
Ұрысып жүр қатарында Бөгенбай.
Жәнібектің алды толған өлексе,
Сілтеп барад оңды-солды дем алмай.* [90, 169 б.].

«Көзін салып, көре қарап Қабанбай», «Ұрысып жүр қатарында Бөгенбай» деген тіркестер соғыс алаңындағы эпизодтарды бейнелейтін сценарийлік құрылымдар. Бұл сценарийлік құрылымдар арқылы бірлік, жағдайды бағалау және бірге шабуыл жасау сынды көріністер ашылған. *«Өлексе», «оңды-солды сілтеу»* секілді символдық бейнелер жеңістің салдары мен соғыстың қаталдығын, сондай-ақ тәжірибе, күш және тоқтаусыз шабуылды нақты көрсетеді. Бұл өлең жолдары тыңдаушы санасында соғыс алаңын, жауға қарсы шыққан батырларды, жау өлекселерімен толған дала бейнесін елестетеді.

Келесі өлең жолдарынан сценарийлік және схемалық құрылымдарды айқын көре аламыз. *«Қынабына симай қылыш, қан тұтып»* схемалық құрылым майдан алаңындағы қанды алаңды көз алдымызға әкеледі. Ал *«қайнап, тасып, бұрқылдап тұр төгіліп»* деген сценарийлік құрылым ұрыс алаңындағы батырлардың жауға әрқашан тайсалмай қарсы тұратын, талмайтын әрі намысшыл мінезін айқын сипаттайды.

*Қалдан Серен майданда тұр үңіліп,
Батырларды қосты басын бірігіп.
Қынабына симай қылыш, қан тұтып,
Қайнап, тасып, бұрқылдап тұр төгіліп.* [90, 170 б.].

Қасқайып қол бастаған. *«Қасқайып қол бастаған»* фреймі арқылы Жәнібек батырдың ерлігі баяндалған. *«Суырылып топ бастаған»* ойсурет арқылы кәсіби қолбасшы, өз заманының көшбасшысы болған батырдың бейнесін көреміз.

*Жауға шапса, қасқайып қол бастаған,
Дауға салса, суырылып топ бастаған,
Қазата Жәнібектей батыр өтті,
Артына ерлігімен сөз тастаған. [90, 171б.].*

Қазақ халқы көшпелі ел болған. Көшпелі қоғамда өздерінің елін қорғаған батырлары болған. Әлеуметтік топ өкілдерін жауынгер, қолбасшы, батыр (бахадур/ баатур) деп атаған. Батыр терминінің мағынасы «батылдық, ерлік» деп түсіндіріледі. Ер сөзіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де мынандай анықтама берілген. Ер. 1. Жау жүрек батыр, қаһарман. Ер азамат. Бас көтерер еркек адам, жігіт. [88, 177 б.]. Батыр сөзін ер сөзімен алмастыруға болады. Қазақ халық фольклорында Ер Сайын, Ер Көкше, Ер Қосай, Ер Тарғын, Ер Жәнібек сияқты есімдер ер сөзімен жайдан жай қойылмағаны айдан анық. Ежелгі түркі тіліндегі «ер» сөзінің тағы бір нұсқасы – «ерен» сөзі. Ерен ұғымының мағынасы – ұлы, ерекше. *Ерен ердің белгісі* – оның халқына берген серті екені келесі жолдарда баяндалады:

*Ерен ердің белгісі –
Сертінен айтқан таймайды.
Елге еңбегі сіңбесе,
Ерлік атын алмайды. [90, 43 б.].*

Жанып бағы.

*Ел қорғаған ерлердің жанып бағы,
Ақыры жеңіп шықты ғой істің ағы.
Жығылғанға жұдырық тағы берсек,*

Келісімсіз болмас па арғы жағы. [25,189 б.]. Жеңіспен оралған батырлардың ерлігі «жанып бағы» фреймі арқылы ашылған. Ағыбай батырдың Абылай хан дәуірінде батыр болғаны, елі оны ерлігіне тәнті болғаны, одан тең келерлік ердің болмағаны «Абылай хан заманында» ойсурет арқылы ашылған.

*Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.
Баяғы Абылай хан заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай. [25, 65 б.].*

Қалың жаудан сақтап. Елі үшін жанын аямай халқына тыныш заман орната білген батырдың бейнесі «қалың қолдан сақтап» фреймімен ашылған. «Найзасы желек қылып еңіреткен» ойсурет арқылы жауына қалай тойтарыс берген батырдың ерлігін аңғарамыз. «Өз елін саясында сайрандатқан» сценарийлік құрылымы үнемі еліне жеңіспен келетін қас батырдың бейнесін және халқына бейбіт өмір сыйлай білген қаһарманды көз алдымызға әкеледі.

*Ханды шапқан, қастасса, өкпендікпен,
Таптаған талай жауды, елін қорғап.
Ел қорғап, жанды аямай еңбек еткен,
Қазақты қалың жаудан талай сақтап,
Батыр-ақ аты шыққан сол себептен.
Айдаған қалың қолды талай шептен.
«Теңдеспін» деп, теңдескен сан батырды,*

Найзағайға желек қылып еңіреткен.

Өз елін саясында сайрандатқан,

Мал-басын төл өсіріп, өркендеткен. [90, 303 б].

Шайқаста өз әдісін қолдана білетін білікті қолбасшының образы «батыр ед әдісі көп қайтпас жүрек» ойсуреті арқылы ашылған.

Ақылға парасаты артық зерек,

Ақкөңіл, тіл қайырмас әрі елгезек.

Айлалы, өте шыққан соғысқа да,

Батыр ед әдісі көп қайтпас жүрек [24, 98 б]

«Аш бөрідей» теңеуі арқылы батыл, ержүрек батырдың мінезі ашылған. «Қанын шашты» схемалық құрылым арқылы ұрыс алаңында ешкімге бой бермейтін, көздеген мақсатына жете білген қаһарманның образы ашылған.

Айғайлап қойға тиген аш бөрідей,

Жау жақтың талайының қанын шашты.

Қолында түрлі қару жас батырдың,

Ешбір жау қарсы алдынан бара алмасты. [26, 117 б].

Жәнібек батырдың шайқас алаңындағы шайқасу әдісі «қырық, отыз буындырып сүйретті» деген сценарийлік құрылым арқылы берілген. «Бірін шанышып, бірін шауып түйірді» деген схемалық құрылым қолбасшылық қасиетімен қоса жауынгершілік қасиеттерін де аша түскендей.

Қысып тақым ер Жәнібек шу деді,

Бірін шанышып, бірін шауып түйірді.

Шынжыр тастап той жеріне қалмақтың,

Қырық, отызын буындырып сүйретті. [26, 168 б.].

Келесі өлең жолдарындағы «Жердің үсті үрейленген» деген фразеологиялық тіркес арқылы қалмақтардың ұрысынан кейін халықтың жай-күй суреттелген. Сұм соғыстағы еліміздің мүшкіл жағдайын көз алдымыза елестете аламыз. «Біреулер тұқым қалмай жалғыз келген» ойсурет арқылы соғыста біреуі ағасынан, біреуі бауырынан, біреуі інісінен айрылып, қайғырған халықтың зары да сезіледі.

Біреудің әкесі бар, баласы өлген,

Біреулер тұқым қалмай жалғыз келген.

Болған жоқ мұндай апат ертелі-кеш,

Естіген жердің үсті үрейленген. [26, 153 б.].

Тәуке ханның жарлығымен қазақ арасында қанды қанмен жуып, зақымшылық жасау жойылып, кісі өлтірушіге құн төлету тәртібі енгізілді. Келесі өлең жолдарынан жасалған қателігі үшін Жеті жарғыға, Дала заңына бағынып, ел кегін, ата құнын, ана арын өтеу борышы сипатталған.

- Сөзіңнің -деді, - анам, ұқтым бәрін,

Білуші ем бұрын сізде бір сыр барын.

Несіне жоқтамасам тірі жүрем,

Ел кегін, ата құнын, ана арын. [26, 30 б.].

Ер баланы еліміздің тірегі, жеріміздің қорғаны деп тани білген дана халқымыз ер бала туса айрықша қуанған екен. «Жеріне ер ұл туған, ер жігіт туған

жерге» деген мақалдар ұл баланың жері үшін ерлік жасап, халқы үшін жан берерінің көрінісі екенін танытады.

Бұл түгел, айыпты емес қашқан Жапал,

«Жеріне -ер ұл туған» деген мақал.

Бұларды көретұғын қимасың жоқ,

Көрмесең, мінезіңнен өзің қатал. [26, 38 б.].

Келесі өлең жолдарынан «мыңнан озар жүлде алған» мәтелі кейіпкер бейнесін ашу мақсатында қолданылған. Сегіз қырлы бір сырлы, ержүрек, қайсар мінезді, елін қорғаған қазақ батырларымыздың образы осы мысалда толықтай бейнеленгендей.

Ерлердің басы құралған,

Тұлпар мініп ту алған,

Майданда талай сыналған.

Найзасы түспей қолынан,

Желі тұрып оңынан,

Түре тиіп соңынан,

Мыңнан озар жүлде алған.[26, 159 б.].

«Құба қалмақ заманы» сценарийлік құрылым қалмақ пен қазақтың ел шабысқан заманынан көрініс берген. Қазыбек қалмақ пен қазақ ел шабысқан дауларын бітісуде Қазыбектің үш рет билік айтқандығы осы сценарийлік құрылым арқылы ашылған.

Күнде шу, шығып жатқан аттан айқай,

Қараңғы тиыш өткізбес кеісті батқан.

«Құба қалмақ заманы» делінетін,

Найзасын жауға кезеп шартылдатқан.[90, 302 б.].

Алаңсыз жатқан халыққа ойда-жоқта жау төнген сәттегі абыржыған елдің жай-күйі келесі өлең шумақтарынан анық байқалады. «Төре өктем, байы бассыз, биі жалтаң» деген ойсурет арқылы тосыннан шабуыл жасаған жауға қарсы қалай тойтарыс бере аламыз деген сауал төңірегінде төре, бай, би секілді билік өкілдерінің ел тағдыры үшін күйзелген ішкі жан толғанысы көрініс табады. Бұл өлең жолдарында соқтықпалы заманның ауыр ахуалы, ұрыс жағдайы, елдің күйзеліске түскен халі мен биліктің әрекетсіздігі айқын бейнеленген.

Осындай заман өткен әуре-сарсаң,

Төре өктем, байы бассыз, биі жалтаң.

Дүрбіттен қаруланып жүз кісі кеп,

Әлек сап Әжі ауылын қылды талқан [26, 320 б.].

«Қайран боздақ» эпитеті арқылы батырынан айырылған қабырғасы қайысқан халықтың күйзелісін көрсеткен. «Көтерген Алатауды Әжібайым» ойсурет арқылы Әжібай батырдың талай қамалды басып алған және елінің азаттығы үшін еркіндік туын көкке көтерген батыл бейнесі ашылған.

Қалды екен қандай жерде қайран боздақ,

Айырылып Әжібайдан қалдым боздап.

Көтерген Алатауды Әжібайым,

Басымнан айырылмас салдың азап.[26, 194 б.].

Келесі өлең жолдарында ұрыс алаңында шайқасқан батырлардың шайқасу әдістері, ерліктері суреттелген. Ойсурет, сценарийлік құрылым мен схемалық құрылымдардың қолданылуын *«майданды шаң бұрқырап, тозаң басты», «түсіріп баудай қылып кез келгенін, батырлар қалмаққанын судай шапты»* тіркестерінен айқын көрініс тапқан. *«Қалмақ қанын судай шапты»* теңеуі сценарийлік құрылым құрып, нағыз ұрыс алаңындағы қанды шайқасты көз алдымызға әкеледі. *«Айғайлап аш бөрідей»* теңеуі арқылы батырлардың қызу қанды, ержүрек мінезі ашылған. *«Майданды шаң бұрқырап, тозаң басты»* деген сценарийлік құрылым қанды майданда ажалмен арпалысқан екі жақты қарсыластардың дем алысын, жекпе-жегін, шайқасу тәсілін, іс-әрекеттерін ашып көрсеткендей.

*Екі жақ екпінімен қарсыласты,
Майданды шаң бұрқырап, тозаң басты.
Батырлар аты шыққан ұрандатып,
Ішіне қалың қалмақ араласты.
Түсіріп баудай қылып кез келгенін,
Батырлар қалмаққанын судай шапты.
Айғайлап аш бөрідей қырып жүрген
Көресің майданда Жапал жасты. [26, 86 б.].*

«Батыр» концептісі «рухани күш» және «физикалық күш» ұғымдарымен сабақтасқан. Рухани күш – нағыз батылдық пен батырлықтың көрінісі ретінде Отан үшін тұруға үнемі дайын болу. Батырдың физикалық күші – бұл халықтың бүкіл күшінің бейнесі. Фольклор тіліндегі «батыр» концептісінің сценарийлік құрлымы: 1.батырдың пайда болуы. (ата-анасының нұсқауы немесе ханға адал қызметі); 2. батырдың одан әрі соғысуына түрткі болуы/ханнан тапсырма алу немесе туған жерді жаудан қорғау; 3. батырдың жаумен шайқасы; 4. батырдың жауды жеңуі. Тарихи өлеңдерде сюжет өзгеруі мүмкін, элементтерді толықтыруға, қайталауға, ауыстыруға болады.

*Сол жерде жер қаздырып Арқалық ер,
Қарапты жаны шықпай көрге салды.
«Дүния ісі дүнияға кетпе» деген,
Ақылы барлығынан кегін алды. [26, 406 б.].*

Батырдың жері, елі үшін ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Жоғарыдағы мысалдан батырдың жаумен шайқасуы, жауды жеңуі, туған жерін жаудан қорғау секілді сюжетті аңғаруға болады. Шын батырдың бейнесі – халқына адал қызметі, Отаны үшін ақтық демі қалғанша күресуі.

Батыр концептісінің динамикасын көрсететін лексемалар «жүру», «жорыққа бару», «шайқасу» «күресу», «майдан», «ұрыс алаңы», «жаралану» «таза өріс», «кең дала» т.б. Сондай-ақ, шайқастарда батырдың адал көмекшісі сайгүлігі, тұлпары екенін атап кеткен жөн. Сонымен қатар, *«батырлық»* ұғымының негізгі идеясы қазақ мәдениетінде екі маңызды бейнемен тығыз байланысты: халық қаһарманының тұрақты серігі – батырдың тұлпары және қазақ рухын сынайтын басты кеңістік – жазық дала (ұрыс алаңы). Сондықтан тарихи өлеңдердегі батыр

бейнесі «батыр» концептісінің негізгі мағынасын ашады. Бұл жерде батыр жеке тұлға ретінде емес, ерлік пен батылдықтың символы ретінде көрінеді.

Фольклор тіліндегі батыр бейнесін құрудың негізгі шарттарының бірі – Құдайға деген сенім мен ата-ананың батасы. Бұл сенім батырдың көзқарасын білдіретін лексемалар арқылы көрініс табады. Мысалы: «дұға», «кешірім», «Тәңір», «Ұмай», «ақ бата», «ақ жол», «Ана» және т.б. Батырдың дүниетанымында Құдайға деген сенім, ата-анаға құрмет, туған жерге және қазақ халқына адал қызмет ету ұстанымы ерекше орын алады. Сонымен қатар, батыр бейнесі көбінесе жазық дала – кеңістік пен еркіндіктің символы ретінде қарастырылады. Дала – батыр шайқасының басты сахнасы ғана емес, оның рухани тірегі. Батырдың барлық іс-әрекеті мен шешімдерінің негізгі қозғаушы күші – Отанды қорғау мұраты болып табылады.

Кесте -4. «Батыр концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Қаһарлы батыр	Сертіне берік, жауға қайтпас, ызбарлы, айбатты бейне
2	Қас батыр	Көзсіз ерлік иесі, ештеңеден тайсалмайтын, жанын пидә ететін қаһарман
3	Қамал бұзған	Майдандағы ерлігімен көзге түскен, қарсыластың шебін бұзған батыр
4	Елге сіңген еңбегі	Батырдың ел қорғаудағы қызметі, халық санасындағы орны
5	Қайратты ер	Физикалық қуаты мол, мықты мінезді, халық сенім артар тұлға
6	Қасқайып қол бастаған	Қолбасшылық қасиеті бар, батырлықпен ел бастап жүрген тұлға
7	Жанып бағы	Жеңіске жетіп, бағы жанған, тарихта есімі қалған ер
8	Қалың жаудан сақтаған	Елді, жерді жаудан қорғаған, бейбіт өмір орнатқан батыр
№	Схемалық құрылымдар	Мазмұны
1	Қынабына симай қылыш, қан тұтып	Ұрыстың шиеленісті сәттері, күштің тасуы
2	Қанын шашты	Жауға қасқая қарсы тұруы, жеңіс
3	Қолын қанға батырды	Шайқасты бастаудың, жауға қарсы шыққанның, ерліктің немесе зұлымдықтың белгісі
4	Батырдың күш-қайраты, ерлігі	Қозғаушы күш, қайсарлық, елі үшін жанын қию
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	Халық тірегі	Халқына адал қызметі
2	Жауға қарсы	Туған жерді жаудан қорғау
№	Символ	Мағынасы
1	Ақ найза, алмас қылыш	Батырдың қарулары – күш пен ерліктің символы
2	Самсаған қол	Батыр бастап тұрған әскери күш
3	Аш бөрі	Ер мінез, жойқын шабуыл символы

4	Найзасын желек қылу	Батырдың рухани күші
5	Қызыл қан, шаң, тозаң	Майданның қаталдығы мен батырлықтың шындығы
6	Өлексе»,	Соғыс қаталдығы
7	Онды-солды сілтеу	Тоқтаусыз шабуыл
№	Скрипт	Мағынасы
1	Ту ұстап	Қамал бұзып, елге жеңіс әкелу
2	Тұлпар мінген қолбасы	Әскер бастаған көшбасшы
3	Елге сіңген еңбегі	Ерлігімен ел құрметіне бөлену
№	Ойсурет	Сипаттамасы
1	Ақырса, тау күңіrentіп, тасты жарған	Батырдың дауысы табиғатты дүр сілкіндірер күшке ие – гиперболалық, символдық ойсурет.
2	Батыр ед әдісі көп қайтпас жүрек	Қарсыласын жеңудің түрлі амалдарын білетін, қорықпайтын, мойымайтын ер жүрек бейнесі
3	Ант айтып серт берісті	Ұлттық дүниетанымда жауапкершілік пен серт берудің салтанатты сәті
4	Көтерген Алатауды Әжібайым	Метафоралық гипербола – батырдың алып күшін көрсету.
5	Қастасқан дұшпанының басын жеген	Батырдың қаһарын, өшпенділігін көрсететін қатыгез ойсурет
6	Біреулер тұқым қалмай жалғыз келген	Қырғыннан аман қалған жалғыз жанның драмалық бейнесі.
7	Ажалдың оқтың тұсы осы	Мақсатты өлім, тағдырлы сәттің поэтикалық суреті – символ мен метафораны біріктірген ойсурет.
8	Суырылып топ бастаған	Алға шыққан, көш бастаған ердің динамикалық бейнесі.
9	Батыр ед әдісі көп, қайтпас жүрек	Эпитеттік бейнелеу (батырдың ішкі қасиеттері)
10	Жәнібектің алды толған өлексе	Қанды шайқастың салдары – өлім мен қырғын
11	Абылай хан заманында	Абылай хан заманы – тарихи шындықпен қатар, елестетілетін, көркем бейнеге айналған уақыт.
12	Найзасы желек қылып еңіреткен	Метафоралық бейне: «Желек» – нәзік зат, ал «найза» – қару. Бұл контраст арқылы найзаның қозғалыс мәнері поэтикалық бейнемен беріледі.
13	Жетпіс қалмақ қаза тапты қолынан, Егеудей іркілген бәрі аңдатпа	«Жетпіс қалмақ қаза тапты қолынан» – нақты дерекке сүйенген, батырдың ерлігін сипаттайтын сандық-қимылдық бейне. Мұнда: Когнитивтік код: батырдың күш-қайраты, жауға тигізген залалы. Көркемдік айқындау: «жетпіс» саны арқылы көп жауды жеңгені бейнеленген. «Егеудей іркілген бәрі аңдатпа» – нағыз ойсуреттік тіркес: «Егеудей іркілген» – егеу темірге бірдеңе тіреліп, іркіліп

		қалғандай әсер береді. Бұл – жаудың шегінуін, қорқыныш пен дәрменсіздік күйін визуалды және кинестетикалық бейнемен жеткізеді.«Аңдатпа» – батыр жауға қапыда соққы беру.
14	Төре өктем, байы бассыз, биі жалтаң	Биліктің қаталдығы – элитаға деген сын, визуалды-эмоциялық бейне Әлеуметтік бейне – әлсіз, тәртіпсіз элиталық тап Моральдық ойсурет – әділдіктен айрылған билік бейнесі
15	Майданды шаң бұрқырап, тозаң басты	«Шаң бұрқырап», «тозаң басты» – шайқастың көрінісін елестететін визуалды ойсурет
№	Сценарий	Мағынасы
1	Құба қалмақ заманы	Бұл кезең халықтың бірлігін сынаған уақыт
2	Қан болып аттан түскен	Батырдың шайқаста жарақат алып, ауыр соғыстың қанды салдарын бастан өткеруі; жанкешті ерліктің көрінісі.
3	Өз елін саясында сайрандатқан	Батыр елін жаудан тазартып, бейбіт өмір орнатқаны; ел ішінде тыныштық пен тұрақтылық орнауы.
4	Шаш ал десе, бәрі дағы бас алған	Батырдың бұйрықты бұлжытпай орындауы
5	Қырық, отыз буындырып сүйретті	Жау сарбаздарын көптеп жеңіп, оларды қорлап немесе тізбектеп әкеткені – батырдың жеңісі мен айбаты
6	Батырлар қалмақ қанын судай шашты	Жауға қарсы қатал шайқас жүргізіп, оларды қырып-жойғаны – қас батырлықтың көрінісі.
7	Малыпты қып-қызыл қып төсін қанға	Батырдың денесін, төсін қанды шайқаста жаралап алғаны – оның ерлігі мен төзімділігінің символы.
8	Бояп жүр қызыл қанға найзаларын	Жаумен шайқас нәтижесінде найзасының ұшы үнемі қанға боялып жүретіндігі – батырдың көп жау жеңгені.
9	Қан болып аттан түскені	Жеңіспен оралған батырдың бейнесі. Қан мен ат – соғыс, шайқас көрінісі.
10	Сілтеп барад оңды-солды дем алмай	Ұрыс үсті, жанқиярлық күрес
11	Қайнап, тасып, бұркылдап тұр төгіліп	Шайқас алдындағы батырдың ішкі рухы, не соғыс майданындағы тасқын күшті елестететін әрекеттік сценарий.
13	Майданды шаң бұрқырап, тозаң басты	Соғыс сахнасындағы қозғалыстың, оқиғаның бір сәті.
13	Көзін салып, көре қарап Қабанбай»,	Жағдайды бақылау.
14	Ұрысып жүр қатарында Бөгенбай	Бірге шабуыл жасау
№	Мақал	Мазмұны
1	Мыңнан озар жұлде алған	Мың адамның ішінен озып шыққан, жеңіске жету

2	Ер топқа, шешен дауға	Батырдың ерлігі – жауға шапқанда, елге қауіп төнгенде байқалады.
3	Жеріне-ер ұл туған	Патриоттық рух: ұлтын сүйген ердің образы арқылы елдің қадірін арттырады.
4	Бірлік болмай тірлік жоқ	Елдің амандығы бірлікте
5	Дүние ісі дүниеге кетпес	Адам әр ісін ойланып, әділетпен, адал ниетпен жасау керек.

Зерттеу барысында «батыр» концептісінің когнитивтік моделі бойынша 8 фрейм, 2 стереотип, 7 символ, 3 скрипт, 15 ойсурет, 14 сценарий, 7 схемалық құрылым, 5 мақал жинақталды.

Қорыта келе, қазақ халқы батыр ұғымының мағынасына ерекше көңіл бөлген. Себебі халық өз батырын еліне тірек, жеріне қамқор болатын қаһарман ретінде тани білген. Олай танудың өзіндік себебі – халқына сіңірген ерен еңбектері. Ұлттық таным-түсінікті танытатын осындай ұғым қазақтың бай фольклорында көрініс тапқан. Әсіресе, «Балалар сөзі» жинағына енген тарихи өлеңдер мен қара өлеңдерден «батыр» концептісін анықтайтын тілдік бірліктер көптеп кездеседі. Тарихи өлеңдерде халықтың өмірі көрініс тапса, қара өлеңдерден ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігін біле аламыз.

Жоғарыдағы фреймдер, ойсурет, схемалық және сценарийлік құрылымдардың мән-мағынасы мәтіннен алынған мысалдар арқылы түсіндірілді. Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіндегі батыр ұғымының көрінісін айқындап беруге қызмет еткеніне көзімізді жеткіздік.

2.2.2 Қазақ халық лирикасындағы «дала» концептісі

«Дала» концептін нысан етуіміз – оның қазақ лирикасындағы қолданылу өрісін ғана айту емес, сонымен қатар тарихи-мәдени маңызын, оның материалдардағы қолданысын эмоционалды-этикалы тұрғыдан қазақ діліндегі, мәдениетіндегі қабылдану ерекшелігін ашу. «Дала» концепті – қазақ табиғатын ашатын концептілердің бірі, сол себепті ол әлеуметтік-мәдени тұрғыдан Балалар сөзі тілінде бедерлі орын алған, оның қазақ үшін көңілінің тоқтығын, мақтаныш, киелілік, жетістік, қадірлі бір ұтымды ұялататыны аңғарылады.

Ш.Уәлиханов – ұлтының жайһар әдебиеті мен мәдениетін әлемге әйгілеген ірі ғалым. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)» деген жазбаларында қазақтың ұлттық дүниетанымының негізгі мәселелері жайлы пікірлерін айтады. Бұл жайлы «Қазақ жеріндегі шамандықтың орын алу себебін түсіндірген «сыртқы дүние – күн, ай, жұлдыздар мен жер – алғашқы құдірет болып табылады» деп айтады [91]. Бұл кеңістіктің көріністері. Бұл – Дала. Дала құбылыстарын түсіну, қабылдау негізінде далалықтардың дүниетанымы қалыптасқан. Далада қазақ халқының тіршілік ету пәлсапасы қалыптасқан. Осы ойлар Шоқанның «Тәңір (құдай)» мақаласында қазақ халқының малды қасиет тұтып, киесі, пірі бар деп санайтын

сенімдер себебі халықтың күнкөрісі малмен тығыз байланысты болғандығын түсіндіреді. Қазіргі кезде қай ғылым саласын алмасаң да негізгі мәселелерінің маңыздысы есебінде адам алынып, оның айналасындағы дүниемен қарым-қатынасы айтылады. Ал Ш. Уәлиханов болса, бұны ХІХ ғасырдың ортасында-ақ айтып кеткен. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде табиғат пен адамның, өмір мен өлімнің үнемі жұмбақ сырға толы тылсым таңдану пәні болады деп көрсетеді [91, 140 б.]. Сөйтіп, орыстың озық ойлы ғалымдарымен иық тіресіп, өзін мойындата білді.

Қазақ әлемінің тілдік бейнесінде кеңістік табиғатпен толығымен үйлесіп кетеді. Қоршаған ортаны игерген сайын кеңістік те кеңейе түседі. Алайда, кеңістікті қабылдау ерекшелігі көшпенділер мен табиғат біртұтас болған уақыттан бастама алады. Оның ішінде қазақы дүниетаным: жер, аспан, тау, дала, тас. Жұлдыз, ай, күн, аң-құс, мал, орман, тоғай бәрі біртұтас дүние. Бірінің бірінсіз күні жоқ.

Осы орайда «Дала» сөзінің ұлттық тұжырымды қалыптастырудағы мәні ерекше маңызды. «Ол аңыздарда айтылып, діни ұстанымдарда көрініс тауып, мәдени салт-дәстүрлерге еніп, тілде бекітілген. Тілде ұғымдық категориялар, концептілер, бейнелер түрінде жүзеге асады; атап айтқанда: кеңістік шексіздігі, оның адамнан алшақтығы, мысалы: қол созым жерде, таяқ тастам жерде, бір қадам, иек астында, қарға аттам жер; кеңістікте жайғасу немесе орналасу жеріне қатысты белгісіздік, мысалы: адам аяғы баспаған жер, жердің түбі, ит арқасы қиянда, алты қабат аспанның ар жағы» [92, 222 б.].

«Дала» концептісінің тілдегі көрінісі – белгісіз кеңістіктің анықсыз алшақтыққа немесе анықсыз жақындыққа орналасуын білдіретін бейнелі сөздер. Мысалы, *көз көрмес, құлақ естімес жер, ит өлген жер* тіркестері арқылы адам санасында белгілі бір кеңістік туралы ой қалыптасады. «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» дала сөзіне мынадай анықтама беріледі: «*Кең байтақ, жазық өңір, құлан дүз*» [80, 45 б.]. Адамның кеңістікке ықпал етуі, әлемдегі барлық тілдік бейнелерде сол кеңістікті орнықтыруы жекелеген географиялық ұғымдарды адамның дене мүшелерімен атау арқылы жүзеге асырылған. Қазақта «дала» концептісі *шексіздік, кеңдікті* меңзейді.

Профессор Р.Сыздық «Сөз құдіреті» еңбегінде: «Дала сөзі қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», - деп көрсетеді [93, 190 б.].

Қазақты даласыз, даланы қазақсыз елестету мүмкін емес, өйткені дала – қазақ халқының мекені, еркін тыныстап, бостандығын сезінетін кең кеңістігі. [94, 104 б.]. Даланы қазақтың болмысынан бөліп қарау мүмкін еместігін аңғарамыз. Дала – қазақтың еркіндігін айқындайтын кеңістік қана емес, ұлттың санасында мәңгі орын алған қасиетті ұғым. Даламен біте қайнасқан ұлттық сана, еркіндікке деген ұмтылыс пен тәуелсіз өмір салты – қазақтың дара келбетін айқындайтын басты құндылықтардың бірі.

«Дала» концептісін анықтайтын ұғымдар қазақ халқының дүниетанымын танытады. *Дала* біріншіден, бабалар мекені, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Себебі,

Айтайын мен жағдайын Жетісуды
Ежелден мен айтпай-ақ аты шулы.
Шаруаға диқанменен бірдей жайлы,
Шөбі мол, орман тоғай, жері нулы.
Көгорай, жаз жайласа, жоны тегіс,
Баурайы суармалы жаппай егіс.
Аңы бар аулағанға неше түрлі,
Жеріне жетпіс түрлі шығар жеміс [26, 38 б].

Өлең жолдарындағы «Жетісу» ойсуреті арқылы Жетісу өлкесі жайқалған көгорайлы дала, орман-тоғайы бар, аң-құс пен жеміс-жидекке бай, жаз жайлауы тегіс, суармалы егістіктері мол берекелі мекен ретінде көз алдымызға елестейді. Жетісу – берекенің, молшылықтың, табиғат сұлулығының символы ретінде көрініс тапқан. Қазақ дүниетанымында «Жетісу» – құтты қоныс, молшылық пен тыныш тірліктің белгісі.

Екіншіден, *Дала* – тыныштық, мәңгілік орын, жарық дүние. *Дала* лексемасының көркем мәтінінде бірілген мәні – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. *Дала* ұғымының ұлттық рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы тарихи өлеңді одан әрі тереңдеген. Мысалы,

Самалы Сарыарқаның желпиді оңнан,
Жайлайды жылқы сауыр, сиыр жоннан.
Майы шығып түгінен тарлау жесе,
Жарылар қой құрықтан, түйе қомнан [26, 47 б].

Үшіншіден, *Дала* – *кең дала*. *Бабалар сөзінде* дала кеңдік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. *Дала* лексемасы *байтақ дала, қу дала, ен дала, боз дала, сар дала, кер дала, жалаң дала, кеңесті дала, құм дала, бетпақ дала, дала өлкесі* сында бейнелі тіркестермен келіп, ұлттық таным маңына шоғырланған тілдік бірліктер ретінде танылады. Мысалы,

Шудан арман басталар **Бетпақ дала**,
Жайлауы ауылымның сала-сала.
Құс қанаты күйетін ыстық шөлге,
Мал бағып, сап түзеттік жаңа қала.[26,48 б].

«*Бабалар сөзінде*» *дала* концептісі «Жердің құты», «Құтты қоныс мекен», «Қара орын» мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Тарихи өлеңдер тіліндегі «дала» концептісіне қатысты «ауыл», «жайлау, қыстау, күзеу», «атажұрт», «құтты қоныс», «құтсыз қоныс» ұғымдары көшпелі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «дала» концептісін танудағы өзек концептілер болып келеді.

Қалмақ қашып енді босап жер қалды,
Құтты қоныс атамекен Сыр қалды.
Ту көтерген ордасы еді қазақтың-
Көк мұнара Қожа Ахмет пір қалды. [26,171 б].

«Құтты қоныс» – стереотиптік бірлік, ал «жер қалды», «Сыр қалды» сияқты фразеологиялық тіркестер өлең жолдарын көркемдете отырып, туған жердің ыстық мекен, берекелі үй екенін бейнелейді.

*Хан Тәуке бәріне де төтеп берді,
Қол жинап, қайыстырып қара жерді.*

Апатқа ұшыратты қан ағызып,

Менменсіп ұйнап алам дегендерді [26,144 б].

«Қара жер» деген стереотиптік бірлік елдің басын біріктіріп, жерін қорғап алған Тәуке ханның бейнесі арқылы жердің қара шаңырақ, Отаны, туған мекені екенін дәл көрсеткендей.

Қысы жоқ майдай шуақ Сырдың бойы,

Бұйратта тау ішінде жылқы, қойы.

Ортада жауын жайқай қазақ жатты,

Сар қымыз ағып майы, ас пен тойы [26,145 б].

Жоғарыдағы өлең жолдарындағы «майдай шуақ Сыр» ойсуреті тіршілікке қолайлы, мамыражай өмір орнын бейнелеп қана қоймай, тыныштықтың, бейбітшіліктің және молшылықтың символы ретінде көрінеді. Ал «сар қымыз, май, ас, той» ойсуреті – тоқшылықты, ұлттық мәдениет пен дәстүрді бейнелейді. Сондай-ақ «жайқай жатқан қазақ» ойсуреті де ел өміріндегі бейбіт тіршіліктің, тыныш заманның символдық бейнесі ретінде танылады.

Кірістен оқ заулап жүріп дала кетті,

Нақ сақпанның тасындай-ақ сарт етті.

Бар күшімен тартып енді Қабанбай,

Майрылып оқ батпай қайтып жарқ етті [26, 166 б]. Дала кетті тіркесі арқылы қазақ жеріндегі аласапыран соғыс алаңын бейнелеген. Қасық қаны тамғанша жерін қорғаған қазақ батырының бейнесі арқылы, оның атамекеніне деген махаббатын, Отансүйгіштік қасиетін, батылдығын аңғарамыз. *Батыр мың қол бастайды* дегендей, Қабанбай батырымыз қазақ халқының басын біріктіріп, ауызбіршілікке шақырып, туған елін қорғап қалған сәтін көз алдымызға елестетеміз.

Жұмысымызда дала ұғымын мынандай фреймдер танытатынын анықтадық.

1-фрейм. Қазақ даласы.

Қазақ халқының көңілі тоқ, өзін туған мекенінде еркін сезінген бейнесін келесі бір мысалда көрініс тапқан.

Ел тыныштығып, жау басылып, көңіл жай,

Тоқты қозыдан, құлындады қалмай тай.

Мың қой айдап жесір қатын, жас бала,

Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай [26,171 б]. Бұл өлең шумақтарындағы бейнелер арқылы қазақ даласының бейбіт, берекелі, адамға жайлы мекен екенін көрсетілген. «Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай» ойсуреті арқылы елдің тыныштық пен бейбітшілік, ынтымақтастық пен ауызбіршілік болған кезеңі суреттелген. Мысалдағы тіршіліктің жаңаруы, молшылықтың басталуы «тоқты, қозы, тайдың өсуі» ойсуреті арқылы ашылған. «Мың қой айдау» ойсуреті халықтың күн көрісінің жақсарғанын, тоқшылық заманның орнағанын

сипаттаған. Бейбітшілік пен қауіпсіздіктің тұтқасы – «ел тыныштығы» ойсуреті арқылы көрініс тапқан. **«Туған жердегі бейбіт өмір»** деген сценарийлік құрылымның оқиға ағымын былай ашып көрсетуге болады:

Қазақ даласында жау басылып, тыныштық орнайды.

Табиғат пен мал шаруашылығы жанданған, мал өсіп-өркендеген.

Қоғамның қорғансыз мүшелері (жесір, бала) қауіпсіз ортада өмір сүреді.

Бозторғай бейнелі бейбіт өмір мен молшылықтың символы ретінде көрініс табады.

Қазақ даласы – бейбіт өмір мен рухани тұрақтылықтың кеңістігі.

2-фрейм. Қу дала. Соғыс пен ашаршылықты бірге көрген елдің хал-жағдайы суреттелген. Ата-анасы баласынан айырылып, ері әйелінен, әйелі ерінен, ағасы қарындасынан, інісінен, қарындасы ағасынан айырылып, ел жан-жаққа шашырап, өз өмірлерін қорғап қалу үшін жер аударылып, жерінен кетуге мәжбүр болған заман бейнеленген. Мидай далада күннің аязында үсіп, өліп жатқан қаншама халықтың бейнесін көруге болады.

Жонға шықты қу далада аштық келді,

Баспақшыл басқа түссе, ақыр көнді.

Не ылаң табылмайды әлі жоқта,

Көбісі ауқаты жоқ үсіп өлді. [26, 152 б].

«Жонға шықты», «баспақшыл», «ақыр көнді», «үсіп өлді» деген сценарийлік құрылымдар өмір мен өлім арасындағы күйді бейнелеген қасіретті тіршілікті көрсеткен.

3-фрейм. Елсіз жер. Өлең жолдарында адам тіршілігінің шекті күйі: табиғаттың қаталдығы, жалғыздық, ананың шарасыздығы, баланың қорғансыздығы бейнеленген. Өз туған жерінде тұрса да, жау басқан елі бөтен, туған мекені бейтаныс жердей көрінеді. Жерін жау жаулап алған елде жетім қозыдай жалғыз қалған әйелдің мүсәпір күйі **елсіз жер** фреймі арқылы суреттелген.

Сол жолда буаз қатын бала тапты,

Жері мұз, күні суық, айдай қатты.

Кім жылытып есіркейді елсіз жерде,

Мүсәпір баласымен бірге қатты [26, 153 б].

«Кім жылытып есіркейді?» деген реторикалық сұрақ арқылы күтімнің, қамқорлықтың жоқтығы баяндалған. «Жері мұз» ойсурет арқылы мұз үстінде жаңа туған сәби мен оны құшақтап жатқан ананың бейнесі суреттелген. Тағдырмен жалғыз күрескен әйелдің қорғансыз күйі «мұз, суық, айдай қатты, мүсәпір» деген символдық элементтер арқылы ашылған.

4-фрейм. Түркістан – ұлттық орталық.

Түркістан ордасы елдің ту көтерген,

Сырты тау, ойы дария, орта жерден.

Домалап есек құрты мұрынынан

Жан батпай тасып қазақ етті кердең [26, 145 б]. Түркістан ел ордасы, елдің астанасы болған мекен. Талай қазақ батырлары елімізді қорғап, елдің ордасына туын биікке көтерген. Түркістан қазақтың жүрегі іспеттес. Мысалдағы

«жан батпай тасып» деген сценарийлік құрылым арқылы жауға шауып, жеңіске жеткен шайқастың жемісі сипатталған. «Түркістан» ойсуреті елдің жүрегін бейнелесе, «домалап есек құрты» дұшпанның бейнесін, «қазақтың кердең етуі» ойсуреті жеңісті сипаттаған. «Ту көтерген ел» ойсуреті арқылы тәуелсіздіктің, азаттықтың белгісі баяндалған. Өлең жолдарындаы «ту», «жер», «тау» секілді символдық элементтер арқылы қазақ елінің дербестігінің нышаны көрсетілген.

5-фрейм. Туған жермен қоштасу

Қалды кейін қайран ел, туған жерім,

Аман да бол, қайыр хош, асқар белім.

Ата-анамның кезінде ізі қалып,

Ең алғашқы кіндік қан тамған жерім. [26, 60 б].

Жоғарыдағы мысалда ата-бабаның ізі қалған туған өлкемен қоштасу «туған жермен қоштасу» фреймі арқылы ашылған. Лирикалық кейіпкердің туған жерінен алыстауы, табиғат көріністері мен өткен тарихқа көз жүгіртуі, туған жерге деген сағынышы мен ризашылығын білдіретін ішкі рухани диалогы «қоштасу» сценарии аясында көрініс тапқан.

Өлең жолдарындағы «қайран ел» ойсуреті арқылы идеалданған орта, балалық шақтың көрінісін көз алдымызға елестете аламыз. Ал «кіндік қан тамған жер» «асқар белім», «ата-анамның ізі» ойсуреттер адамның туған топырақпен ажырағысыз рухани байланысын, тарихи жадын және ұлттық дәстүрді жалғастырушы құндылықтарын бейнелейді. «Кіндік қан», «із», «ата-ана» ұғымдары ата-ананың аманатын, өмірдің бастау нышанын, сондай-ақ дәстүр мен тарихтың жалғастығын білдіретін символдық мәнге ие.

Кесте -5. «Дала» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Қазақ даласы	Бейбіт өмір мен рухани тұрақтылықтың кеңістігі.
2	Қу дала	Тіршіліктің тоқтағаны: аштық, үсіп өлу
3	Елсіз жер	Жау басып алған жер
4	Ту көтерген ел	Ұлттық бірлік, мемлекеттілік белгісі
5	Туған жермен қоштасу	Туған қонысымен қоштасы
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	Жердің құты	Киелі жер, тіршілік ошағы
2	Қара орын	Қара шаңырақ, ата бабадан қалған қоныс
3	Құтты қоныс	Туған жер, берекелі үй, ыстық мекен
№	Символ	Мағынасы
1	Мұз, суық	Тіршілікке қарсы күш, өлімнің бейнесі
2	Айдай қатты	Түнгі аяз, табиғаттың қатыгездігі
3	Мүсәпір	Қорғансыз, әлсіз жан
4	Ту	Тәуелсіздік, еркіндік
5	Жер, тау	Отан, туған жер
6	Оқ, найза	Ерлік, қаһармандық шабуыл
7	Сарт ету	Шабуылдың пәрмені, шайқастың шыңы, рухани күштің көрінісі

8	Кіндік қан	Өмірдің бастауы, жермен байланыстың сакралды сипаты;
9	Із	Ата-ананың рухани мұрасы
10	Ата-ана	Дәстүр мен тарихтың жалғастырушысы ретінде символдық мәнге ие.
№	Ойсурет	Тілдік бірліктер
1	Жері мұз	Суық, панасыздық, жалғыздық
2	Ту көтерген ел	Ұлттық рух оянуы, тәуелсіздік, көтеріліс
3	Түркістан	Сакральді жер, рухани тірек
4	Домалап келген есек құрты	Метафора. Жау бейнесі
5	Қазақтың кердең етуі	Моральдық, рухани және әскери жеңіс
6	Майдай шуақ Сыр	Жерұйық, жұмақ кеңістігі
7	Жайқай жатқан қазақ	Бейбіт өмір мен тыныштықтың символ
8	Сар қымыз, май, ас, той	Тоқшылық, мәдениет, дәстүр
9	Қайран ел	Балалық шақтың көрінісі
10	Кіндік қан тамған жер	Туған жер
11	Асқар белім	Отан, күш-қуат, қорған, туған өлкенің бейнесі
12	Ата-анамның ізі»	Өткеннің рухани жалғастығы, дәстүрдің сақталған ордасы.
№	Сценарий	Тілдік бірліктер
1	Жан батпай тасып	Күрес және нәтиже
2	Туған жердегі бейбіт өмір	Ел тыныштығының орнауы
3	Қоштасу	Қимастық, сағыныш, ризашылық

Зерттеу барысында «дала» концептісінің когнитивтік моделі бойынша 5 фрейм, 3 стереотип, 10 символ, 12 ойсурет, 3 сценарий, жинақталды.

Қорыта келе, «Бабалар сөзі» еңбегіндегі шығармалардағы «дала» концептісінің танымдық қызметі талданды. Дала концептісінің мәнін ашатын жердің құты, құтты қоныс мекен, қара орын т.б. стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Дала концептісінің фреймдік құрылымына келер болса, олардың көбісі *елсіз жер, қу дала, қайран жерім, дала – табиғат, жайлы мекен, дала – сағыныш, кең жайлау, сары дала, ту көтерген ел* арқылы берілген. Олардың барлығы өзіндік жақсы бағыттағы тәрбиелік қызметтер атқарады. Сонымен қатар, дала концептісін құрайтын фреймдік қатар арқылы қазақ халқының тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын, болмысын анықтай алдық.

«Ауыл микро концептісі». Тілдің когнитивтік құрылымында концептілердің алатын орны ерекше. Себебі семантикалық және ассоциациялық өріс құруы концептілер жүйесі арқылы көрініс табады. Ал концепт пен мағына арақатынасы семантикалық талдау мен концептуалдық талдау арқылы айқындалады. Ұғым (мағына) белгілі бір тілде сөйлейтіндерге таныс болуы мүмкін, бірақ концепт белгілі бір мәдениетті ұстанатын ортаға ғана таныс бола алады. Өйткені «аялық білімнің» [11, 59 б.] болуын қажет етеді. «Ауыл» концептісі кез келген ұлттың дүниетанымында негізгі рөл атқаратыны белгілі. Себебі адам баласы үшін туылған, өсіп-өнген, ұрпақ жайған, атақоныс ақ мекенінен, ағайын-туыс, бауырларымен бірге тұрақтаған жерінен артық жер

болмайды. Қазақ халқы үшін «ауыл» ұғымының қанша қадірлі, ыстық екенін поэтикалық туындылардан көруімізге болады. Осы ұғымды танытуда оның ядролық концептісін және оны толықтырып тұрушы, мазмұнын байытатын «толықтырушы» [56,107 б.] концептілерді ақын-жырауларымыздың шығармашылығынан кездестіреміз. «Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады. Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады» [95, 11 б.],- дейді ғалым А. Әділова.

«Ауыл» концептісінің қазақтың қара өлеңдерінде берілу сипатына назар аударсақ, *дала, ауылды аңсау, туған жер, ел, табиғат* секілді мазмұнды ұғымдармен берілу сарыны жиі кездеседі. Мысалы,

Қара Ертіс, қайран өзен, Нарын, Күршім,

Түскенде Күршім еске жат та көрсін.

Дүниеде туған жерге жетер қайда,

Шет жерде аңсап жүрген күнім құрсын. [4, 46 б.].

Бұл өлеңдегі лирикалық кейіпкердің қиналысы «күнім құрсын» деген сөзден байқалады. Туған жерді аңсауы «Түскенде Күршім еске», «Шет жерде аңсап жүрген» сөздері айқындайды. *Қара Ертіс, қайран өзен, Нарын, Күршім,*- деп басталып, табиғат туралы бірде сүйсіну, бірде сағыну сезімдері айтылса, енді бірде парыз-қарызы жоқ ой түрінде өрбітеді.

«Ауыл» концептісі қазіргі қазақ поэзиясында ойсурет типінде объективтенген. Жақсы көру, сағыну т.б. сезім стереотипті **ассоциациялар** негізінде пайда болған ойсурет, яғни *ауыл- әже, ана, дос - жаран, ойын-сауық, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым, досының ауылдан келуі, қыстан кейін келетін көктем шуағы, жазғы жайсаң көрініс, көктем, балалық шақ* – барлығы біріне-бірі жақын ұғымдар. Мәселен, аталған концептілік құрылымнан:

Алматы біздің ауыл қырқасында,

Бір күн қар, бір күн жауын, бұрқасын да... [4, 55 б.]

Өрмегейті, Қаракөл жердің туы

Алтын бұлақ секілді аққан суы. [4, 56 б.].

Ақ үйге ат байладым жанастырып,

Кеттің бе ата дәулет, адастырып.

Етің бал, қымызың шекер, қайран Арқа,

Қойдың ғой қара суға таластырып. [4, 57 б.].

Өнге салам жерімнің ақ бұлағын,

Жел тербеген әдемі бал құрағын.

Айналайын атыңнан туған жерім,

Сен дегенде жүрегім зар жылады. [4, 58 б.].

Бұл өлке біздің ауыл – *күзеген жер*,

Қаракөз бойын салып түзеген жер. [4, 59 б..]

Гүл бәйшешек оранған жерім еді,

Көптен бері көзіме көрінбеді.

Дәулеті мол ырысты несібені

Қанша халқым өзінен теріп жеді. [4, 61 б.]

өлең жолдарынан «ауыл» концептісін құрайтын мынадай мағыналарда қолданылғаны байқалады: «*ауыл – біздің ауыл*», «*ауыл – ақ үй*», «*ауыл – ата дәулет*», «*ауыл – туған жер*», «*ауыл – күзеген жер*», «*ауыл – гүл бәйшешек оранған жер*» т.б. **фреймдік** құрылымдар орын алады. Бұл жерде сол жерді мекен еткен ауылдың ментальды дүниесі туралы сөз болғанын аңғаруға болады. Бұл лексикалық бірліктердің әрқайсысының ассоциативтік өрістеріне кіретін басқа да сөздер контекст арқылы өзектеніп, тұтас ауыл концептісінің түрлі фреймдерін қамтиды.

Ән-өлеңдерде «ауыл» концептісін құрайтын элементтер этномәдени сипатта беріліп, халық тұрмысынан, ондағы табиғат көріністерін көріктеу құралдары, соның ішінде жиі теңеу, инверсия, аллитерация, әсірелеу, қайталамалар арқылы көрініс табады,

Ауылым көшіп барады Сарымсаққа, *ей*,

Қой айдаттым базарға алымсаққа, *ей*.

Ауылың алыс кеткенде, *ей*, қалқатай, *ей*,

Шықпайды екен *шыбын жан* сағынсақта, *ей*. [40, 35 б.] «*ей*» - жай қайталауы мен әсірелеу үшін «*шыбын жан*» тіркесі қолданылуы арқылы жасалынып отыр.

Өз ауылы әркімнің *Мысыр шаһар-ау*,

Болсын аман ауылың аймағымен-ау. [40, 78 б.] – берілген өлең жолдарында (*Мысыр шаһар-ау* теңеу) ауыл *Мысыр шаһарға* теңеліп берілген.

Кигенім аяғым-*ей* кебіс-мәсі,

Күлмеген, ойнамаған көңіл қасы, *у-ай*.

Кеткенде аулың алыс-*ай*, *ей*, қарағым,

Көл болды омырауға көздің жасы, *у-ай* [40, 99 б.].

-берілген өлең жолдарында «*у-ай*, *ей*» - жай қайталауы мен әсірелеу үшін «*көл болды*» гиперболалық тіркесі қолданылуы арқылы жасалынып отыр.

Қаратаудың басынан көш келеді, – аллитерация (к)

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. – мензеу (адам саны азаюда)

Айдой, ән салайық-ай.

Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам-ау,

Қара көзден мөлдіреп жас келеді,

Айдой, ән салайық-ай. [40, 103 б.] – берілген өлең жолдарында *Қаратаудың басынан көш келеді*, – аллитерация (к), *Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді* деген сөзі адам санының азаюын мензеп, ішінде үлкен мұң жатқанын көрсетеді. Адамға тән іс-әрекетті, ой мен сезімді табиғатқа тели суреттейтін кейіптеу тәсілінің көркемдік мүмкіндігі ақындық таным мен шеберлік көрігінде әбден өңделіп, танылған. Сонымен, *бір тайлақ бос келеді* адамның жүрегін тұңғыық

мұңға бой алдырған сезімдік құбылысты тұтастай бейнелей беруде көркемдік қызмет атқарған детальдар.

2.2.3 Қазақтың ұлттық сипаты – «туыстық» концептісі

Қазіргі заманның сипатты белгілерінің бірі ұлттық және этникалыққа байланысты барлық нәрсеге қызығушылықтың күшеюі болып табылады. Бұл сұрақтар көптеген зерттеушілердің назарында болады.

Этникалық бірегейліктің мәселелерін өзектендіру зерттеушілердің *этникалық ренессанс* ретінде бағаланады. М.В. Пименов – бұл үдерістегі тілдің рөлі туралы былай деп жазады: «жаңа кезеңдегі «этникалық ренессанс» этногенез үдерісіндегі тілдің рөлі мен орны, этникалық және әлеуметтік бірегейліктің мәселелері ғылымдағы өзекті пікірталастардың өзектілігіне алып келді. Сонымен қатар, тілдің этникалық мәдениетке өсуінсіз рөлін анықтау мүмкін емес. Жағдайдың күрделілігі этноәлеуметтік үдерістердегі тілдің рөлін біркелкі түсінуде: кейбір зерттеушілер тілді этномәдени дамудың *негізгі шарты ретінде*, үшіншісі этникалық мәдениеттің *мағынасын тасымалдаушы ретінде*, төртіншісі - *адамның биоәлеуметтік табиғатын өзін-өзі көрсету тәсілі ретінде* және т.б. қарастырады. Сондықтан этникалық мәдениеттің базалық элементі ретінде тілді жан-жақты лингвистикалық талдау қажет, оның этностың барлық белгілері жүйесіндегі орны мен рөлі» [96].

Бірақ аталған мәселе өте күрделі болғандықтан, көптеген аспектілер көп, ал оны шешу жеке тұлға үшін де, тұтастай алғанда, социум үшін де маңызды, ірі/кіші кез келген зерттеудің нәтижелері өзін және тұтастай алғанда этносты тану үшін пайдалы болады.

Этникалық бірегейлік ұғымының мәнін ашуға түрлі ғылым өкілдері талпынды: философтар, мәдениеттанушылар, әдебиеттанушылар, өнертанушылар.

Мысалы, Г.И.Исина этникалық сипатты «мінез-құлықтың әдеттегі мәнерін және іс-әрекеттің типтік бейнесін анықтайтын белгілі бір этнос өкілдерінің тұрақты психологиялық сипаттарының тарихи қалыптасқан жиынтығы ретінде таниды. Ол этностың көптеген өкілдерінің жеке тұлғасында басым болатын сезімталдық пен мінез-құлықтың стереотиптері түрінде бар» [97].

Д.Кишибеков «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» атты монографиясында қазақтың ұлттық сипатының нақты репрезентациясын береді [98]. Философтар С.Бөлекбаев, Ж.Алтаев бірқатар ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелерін жинақтап, жиынтығында қазақ ұлттық сипатын анықтайтын келесі компоненттерді ерекшелейді:

- жеке ашықтық және еркінсіздік;
- өзге мәдениетті қабылдау;
- этнико-конфессиялық төзімділік;
- ойлаудың бүтіндігі мен икемділігі;
- көркем шешендік сөздің дамыған өнері,
- әскери борышты түбегейлі оң ұсыну,
- ерлік істеріне бейімділік;

- туыстық ғұрып
- тәңіршілдік ғұрып;
- тәңіршілдік пен Исламды біріктіру;
- туыстық және әлеуметтік қатынастар [99].

Қазақтың ұлттық сипатын, оның ішінде ұлттық сипатты сипаттай отырып, автор қыпшақтардың антропологиялық түрінің өзгеру фактілерін мысал ретінде келтіреді. Соңғы 50-70 жылда атқа мініп жүрудің салдарынан қазақтардың қисайған аяқтары біртіндеп түзеліп, өсуі артты.

Д.Кишибеков қазақтардың географиялық өмір сүру жағдайына (аз қоныстанған кең байтақ дала), шаруашылық жүргізудің мал шаруашылық түріне байланысты ұлттық сипатының мынадай ерекшеліктерін атап өтеді, бұл маусымдық көшпелілер мен т. б. қарастырады:

1) Асықпаушылық, қозғалыстағы, әңгімедегі белгілі бір деңгейі *асыққан - шайтанның ісі* мақалында көрініс тапқан.

Әсіресе, бұл кейбір қазақ әйелдерінің мінез-құлқында байқалады.

2) Әңгіме барысында қазақтар шын мәнісіне жетуге ұмтылады, барлық егжей-тегжейін толық анықтайды. Қазақ үшін ең бастысы – көп сөз емес, ол мәні (тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болуы керек), әңгіме мазмұны. Өкінішке орай, кейбір шетелдік зерттеушілер қазақтардың бұл ерекшелігін қызылбайлық, бос сөзге бейімділік деп бағалайды. Бірақ қазақ ортасындағы бос сөз қорлық, сөгіс сияқты.

3) Қазақ халқында әңгімелесудегі байсалдылығы, кейде қойылған сұраққа бірден жауап бермеуінен көрінеді, сұрақты естімей қалғандай ой қалдырады. Бұлай болуының себебі, адам жауап берер алдында бәрін ойлауы керек, сондықтан жауап әрқашан мазмұнды және негізді болды.

4) Саяхатшылар, миссионерлер өз жазбаларында қазақтардың ойын-сауыққа, жалқаулыққа, шаруасыздыққа бейімділігін, олардың көңіл-күй көтеруге деген сүйіспеншілігін атап өтеді [98].

Бірақ мұнда мал шаруашылық өмір салтының ерекшелігін білу керек, ауылда еңбек қызметінің негізгі түрі – бұл малға күтім жасау, көп жұмыс қолын талап етпейтін, қалғандары үшін тұрақты жұмыс жоқ. Сондықтан да Абайдың мына сөзі маңызды болды: *Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын.*

5) Қазақтар ауылдар арасындағы кез келген қашықтық атқа мініп жүруді жөн көрді. Сапарға шығарда, атқа мінерде қазақ үшін жылқының болмауы, кемсітушілік болып саналды. Б. з. IV ғ. өмір сүрген Рим тарихшысы Аммиан Марцеллини сол кездегі Азия Көшпенділерін осылай сипаттаған: «Олар жаяу соғысты ұнатпайды. Ат үстінде өте күшті, аттары құйындай ұшады, ат үстінде барлық мәселелері шешіледі, өмірі жаяу жүрмейді, жаумен соғысуда да атпен жүреді, ат жалында ұйықтайды, ат үстінде түнейді, сатады, сатып алады, тамақ ішеді.

6) Қазақ әйелдері, басқа Орта Азияның отырықшы халықтардың әйелдерімен салыстырғанда еркін, белсенді, ауыл өміріне, ойындарға, ойын-сауыққа қатысты іс-әрекеттерден шектелмейді. Әйелдер арасында көптеген

танымал әншілер, музыканттар және әулет, ауыл басқарғандар бар. Г.Д.Гачевтің пікірінше, көшпенді халықтарда әйел қоғамда лайықты орын алды. Қазақ әйелдері беттерін паранжамен жаппады, көптеген мәселелерді өз бетінше шешкен және соның әсерінен олар белсенді тұлға ретінде қалыптасты [100, 36 б.].

7) Қазақтарды әрдайым жанының кеңдігін, адамдарға және жалпы әлемге деген мейірбандық қарым-қатынасын, әсіресе, олардың бәрін түсінуге деген ұмтылысы ерекшеледі. Шамасы, теріс қылықтар мен қылмыстардың сипатына, келтірілген зиян дәрежесіне қарай жаза түрлерін егжей-тегжейлі саралау осыған байланысты. Бірақ өлім жазасы өте сирек қолданылған.

8) Қазақтардың ұлттық сипатының тағы бір ерекшелігі – ашықтық, қазақтар ешқашан басқа адамдарды таныс емес, жергілікті емес, өзге ұлтқа жататындар деп жақтамаған. Шамасы, сондықтан да бұрын да, қазір де әр түрлі себептермен қазақ жеріне қоныс аударған көптеген ұлттар мұнда тамыр жайған.

Әрине, тұрмыстық деңгейде қазақтар мен өз-өзіне, басқаларына да зиянын тигізбеді, бірақ бұл біреуді бүлдіруді білдірмеді.

Сонымен қатар, қазақтар өзіне титтей де сыйламаушылық танытқанға ренжиді, тіпті егер де ол насыбайдың бір шөгімін беруден бастартса да.

9) Ұлттық сипаттағы ерекше ерекшелік қайырымдылық болып табылады. Қазақтарда жетім, жесір, жалғыз басты қарттар болды. Бірақ қазақтардың дәстүрлерінде асыраушыларсыз қалған жандарға қамқорлық жасады, әдетте оларды өз қамқорлығына алыс туыстары, ауылдықтар алды. Бұған әмеңгерлік әдет-ғұрпы бағытталған.

10) Қазақ қоғамында жүз белгісі бойынша (Ұлы, Орта, Кіші жүз) аумақтық-әкімшілік бөлінісі болған. Әр жүздің құрамына белгілі бір рулар кірді. Қазіргі уақытқа дейін қазақтар, әсіресе ауылдықтар, олардың қай түріне жататынын, қай жүзге жататынын жақсы біледі. Бір ру өкілдері ағайын-туыс деп саналды және жақын қарым - қатынастарды, көптеген оқиғаларды, үйлену тойларын, балалардың тууын, кішкентай адамды әлеуметтендіру кезеңдерін-тұсау кесер, сүндет тойы, тілашар, ас және т.б. қолдауға міндетті болды. Туыстарына көмек көрсетпеу сөгіс болып есептеледі.

11) Д. Кишибеков қазақ халқы кектенбейді, кекшілдік қазақтарға тән емес, егер бұл бүкіл қазақ халқының қадір-қасиетіне нұқсан келтірмесе (ел намысы). Қазақтар ұсақ реніштерді кешіруге тырысты. Осыдан мақал қалыптасқан: *Кең болсаң – кем болмайсың.*

Бұл мінездің сипаты Жеті жарғы бойынша жазалаудың барлық дерлік түрлері (қазақтардың дәстүрлі құқығы) материалдық залал төлеуге және қоғамдық имандылыққа негізделгені байқалады. Өлім жазасы өте сирек және Хан жарлығы бойынша қолданылған. [98]

Д.Кишибеков сипаттаған бұл қасиеттердің барлығы қазақтардың дәстүрлі ұлттық сипатын сипаттайды. Бірақ қазақ даласындағы өмір салтының, өмір сүру жағдайының, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуының өзгерістерімен, басқа халықтармен тығыз қарым-қатынастармен бірге қазақтардың ұлттық сипаты да өзгереді. Бұл өріске толығырақ тоқталайық.

Қазіргі заманда қазақ халқының ұлттық мінезі мен коммуникативтік мәдениеті біршама өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістер шетелдіктерге кейде түсініксіз көрініп, олар қазақтардың ашықтығы мен шынайы достық пейілін әсіреленген сыпайылық немесе жағымпаздық деп қабылдайды. Шынында, бұл – қазақтың дәстүрлі қонақжайлығы мен кішіпейілдігінің, ал заманауи өмір ырғағы оның сыртқы көрінісінің өзгеруіне әсер еткенін көрсетеді.

Бүгінде бұрынғыдай байсалды қозғалыс, асықпай сөйлейтін мәнер тек үлкен буын өкілдерінің, әсіресе 60-65 жастан асқан адамдардың арасынан ғана көрінеді. Ал орта және жас буын өкілдері өмірдің жылдам қарқынына бейімделіп, тез әрекет етіп, қысқа әрі нақты сөйлеп, жедел шешім қабылдауға дағдыланған. Бұл әсіресе бизнесте, кәсіпкерлік ортада айқын байқалады.

Қазақ әйелдерінің қазіргі қоғамдағы орны ерекше. Олар тәуелсіз ойлай алады, жаңа ақпаратты тез меңгереді, әрі отбасы, бала тәрбиесі, тіпті күйеуінің де жауапкершілігін мойнына алуға дайын. Қазақ әйелдері отбасылық құндылықтарды терең түсініп қана қоймай, оларды сақтауға тырысады. Кеңес дәуірінен бастап қазақ отбасылары, әсіресе қыз балалардың білім алуына ерекше көңіл бөлді. Бұл – қыз баланың отбасындағы және қоғамдағы орнын нығайтуға, экономикалық және рухани тәуелсіз болуына жағдай жасады. Қазіргі таңда көптеген қазақ әйелдері отбасы, жұмыс және кәсіпкерлікті қатар алып жүріп, қоғамның белсенді мүшесіне айналып отыр. Медицина, білім беру, музыка сияқты салаларда олардың үлесі жоғары.

Қазақ халқының жылқыға деген көзқарасы да өзгерді. Бүгінде ат көлік құралы ретінде сирек қолданылады, бірақ ол әлі де еркіндік пен тәуелсіздіктің символы ретінде қабылданады. Жылқы шаруашылығы екі бағытта дамуда: спорттық (ат бәйгесі, көкпар, т.б.) және утилитарлық (ет пен сүт өндіру) бағыттар.

Қазақ мәдениетінде өнер мен әуестенуге деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Жастардың бір бөлігі ойын-сауықты бірінші орынға қойса да, көркем сөз, айтыс, музыкаға деген қызығушылық ұлттың рухани болмысында әлі де маңызды. Тәуелсіздік алған жылдары қазақ фольклоры, айтыс сияқты өнер түрлері қайта жаңғырып, жаңа даму кезеңіне өтті. Алайда, ұлттық сипаттағы кейбір жағымды қасиеттер уақыт өте келе әлсірей бастаған. Мысалы, кеңестік кезеңде пайда болған сәбилер үйлері мен қарттар үйлері қазақ қоғамындағы бұрын болмаған құбылыстар еді. Бұл – мейірімділік пен әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенін көрсетеді. Мұны урбанизация, өмірге тұтынушылық көзқарастың енуі және әлеуметтік байланыстардың үзілуімен байланыстыруға болады.

Кеңес өкіметі тұсында әлсіреген туыстық қатынастар жүйесі бүгінде қайта жаңғырып келеді. Қалаға қоныс аударған қазақтардың арасында руластық, ағайындық, жеті аталық дәстүрлерге қызығушылық артып, ұлттық өзіндік сана қайта күшейе бастады. Бұл – ұлттың рухани жаңғыруының бір көрінісі.

Қазақ қоғамы бүгінде өзгеріс пен сабақтастық кезеңінде. Ұлттық мінез-құлық формалары өзгерсе де, оның мәні мен рухани негіздері сақталуда.

Қазақтың қонақжайлығы, өнерге деген махаббаты, әйел рөлінің маңыздылығы мен туыстық жүйеге деген құрметі – ұлттың рухани тірегі болып қала бермек.

Қазақ халқының **туыстық жүйесі** – өте күрделі, терең мағынаға ие, ежелден қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құрылым. Бұл жүйе әр адамның ата-тегін, туыс-туғанын, олардың арасындағы қарым-қатынасты нақты әрі айқын көрсетеді. Қазақ халқы туыстық атауларға үлкен мән берген, себебі бұл – ру мен тайпа арасындағы байланысты, некелік шектеулерді, әлеуметтік қарым-қатынасты реттейтін маңызды құрал.

Қазақ қоғамындағы туыстық қатынастар мен өзге де әлеуметтік байланыстар қатаң қалыптасқан нормалар мен әдеп жүйесіне негізделеді. Бұл қатынастар – жәй ғана тұрмыстық деңгейдегі қарым-қатынастар емес, олар тереңде жатқан мәдени кодтың көрінісі ретінде қызмет етеді. Қазақ социумында қарым-қатынастың әр түрі нақты реттеліп, әрбір адамның қоғамдағы орны, міндеті мен құқығы алдын ала белгіленген.

Мұндай жүйе бейберекет қатынастарға жол бермейді. Әлеуметтік байланыстардың әдеп нормалары үстемдік пен бағыныштылық шекарасын, қарым-қатынастағы сыпайылық пен құрметті, сыйлық беру ережелерін, тіпті дұға мен бата айту тәртібін де қамтиды. Әлеуметтік қарым-қатынаста тек вербальді емес, **бейвербальді белгілер** де маңызды рөл атқарады: дастарқан басындағы орын реті, тамақты ұсыну тәртібі, амандасу рәсімі, сыйлықтың түрі мен оны табыстау әдебі — мұның бәрі мәдени кодтың бір бөлігі [99, 62 б.].

Қазақтардың туыстық жүйесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәртіп пен өзара жауапкершілікке негізделген. Адам өмір бойы өз руының, әулетінің, туыстарының ортасында тұлғааралық қарым-қатынасты сақтап, өзін қажетті, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді. Бұл өз кезегінде оның **психологиялық және физикалық денсаулығын** нығайтуға ықпал етеді.

Осы тұрақты туыстық және әлеуметтік байланыстар жүйесі — қазақ қоғамының ішкі тұтастығын сақтаудың, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің және мәдениет жалғастығының негізгі тетігі болып табылады.

А.Сейдімбек: «Социум өміріндегі «жеті атаны» білу қарапайым сабақ болған жоқ. Ол номадқа тарих, география, этностық туыстар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынаста бағдарлануға мүмкіндік берді. Абызсыз далалар бойынша қоныс аудару дәстүрі әртүрлі туыстар мен адамдармен, ілеспе ауылдармен кездесулермен молшылық жасады, жаңа туыстық байланыстар пайда болған кезде немесе ескі туыстық байланыстар қалпына келген кезде, жаңа танысулар кезінде шығу тегі ортақтығы анықталды. Бұл байланыстар қазақ халқының тектік немесе этнос тарихы бойынша ой-өрісін үнемі кеңейтіп отырды, оның бүкіл қазақ халқының генеалогиясы туралы түсінігін жетілдіруге ықпал етті», - дейді. [101, 139 б.].

«Бабалар сөзі» 100 томдық жинағының **«туыстық»** концептісінің мәнін ашатын мынадай ұғымдар пайдаланылған: «үй», «бақыт», «шаңырақ», «бала», «сыйластық», «отбасы мүшелері», т.б. Ұғымдардың мәнін ашу үшін мазмұн қажет. **«Мазмұн»** дегеніміз заттардың сол ұғымда ойша бейнеленетін

қасиеттерімен байланыстары, олар сол заттың **белгілері** ретінде танылады [103, 15].

«**Туыстық**» концептісінің мәнін ашатын мынадай ассоциациялар қолданған: *баспана, үй-жай, қамқоршы, ақсақал, перзент, жақын адамдар, басшы, салт, сыйластық т.б.* **Ассоциация** – дүниені тануда адам санасында алғаш пайда болатын ментальді сигналдар, білім алудың бір тәсілі. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жанадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс [56, 63 б.]. «Туыстық» концептісінің «*баспана*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: үй, қара шаңырақ, дүние-мүлік, үйлі-күйлі болу, үй-жайы болу, үй-іші, әулет, түтін түтету, бірге тұру.

Дүние ойлап тұрсаң – бір сергелдең,
Жалғыз атың болмаса – өлгенмен тең.

Досың келіп *үйіңнен* құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп көмгенмен тең... [4, 29 б.].

«Туыстық» концептісінің «*жақын адамдар*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: ағайын-тума, алыс туыс, жақын туыс, тума, қандас, жекжат, құда-жекжат, жұражат, бауырлас, қайын жұрт, өз жұрты, нағашы жұрты.

Ағайын жат та болса көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі – *бауыр*.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр. [4, 31 б.].

«Туыстық» концептісінің «*неке*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: некеге тұру, шаңырақ құру, отау құру, шаңырақ көтеру, некені бұзу, енші алу, құда түсу, құда болу, үйлену, тұрмысқа шығу, отау иесі, күйеуге шығу, күйеу, қалыңдық, келін, күйеу бала, ерлі-зайыпты, той, неке қию, тойға шақыру, қалың мал, алып қашу, көңіл қосу, қара шаңырақ иесі, тойлау, жесір қалу.

Қолымда бір қозым бар телінбеген.
Күйеуге төс тартылар *келінменен*.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,
Асаудай тапырлайды жегілмеген [4, 35 б.].

«Туыстық» концептісінің «*перзент*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: ұл, қыз, бала-шаға, тұңғыш, ортаншы, кенже бала, нәресте, бөпе, сәби, жас иіс, перзент, немере, жиен, жетім бала, дүниеге келу, өсу, жетілу, ер жету, бойжету, туу, дүниеге келу, үйлі-баранды, әке атану.

Өң берер өлең шіркін тамашаға,
Өлеңсіз тамашамыз жараса ма.
Дәмдеп айт, өлеңінді өрнектеп айт,
Кейінгі үйренердей *бала-шаға* [4, 179 б.].

«Туыстық» концептісінің «*қамқоршы*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: әке, ана, ата-ана, туыс, бауыр, ағайын, аға, жеңге, әке болу, ана болу, ата-баба, мұрагер, ұрпақ, немере, жиен, бөле, өгей, қамқорлық, құдалық.

Қусам да жеткізбейді арман дүние,

Бұрынғы *ата-анадан* қалған дүние.

Барында оралыңның ойна да күл,

Бір күні қалар артта жалған. [4, 86 б.].

«Туыстық» концептісінің «*ақсақал*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: ата, әже, қария, қарт адам, ақсақал, әулеттің үлкені, дана, ата-баба, құрмет, қазына, көпті көрген, жасы ұлғайған адам, ақыл-кеңес беруші, ақылгөй, қамқорлық.

Өмірге аңсап туып, асқы өскен,

Дүниеге адам қонақ, шіркін-ай, түнеп көшкен.

Ер туып, ел қорғаған *ата-бабаң*,

Бұл күнде *ізі* жатыр, дүние-ай, тозаңы өшкен.... [4, 27 б.].

«Туыстық» концептісінің «*басшы*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: отағасы, отанасы, әке, қожайын, қамқоршы, қорған, көке, бедел, ықпал етуші, бата беруші.

Қалқатай, неткен сұлу, әсем едің,

Қаласаң, көктен жұлдыз әперемін!

Бастайын жөн сұрауды үлкендерден,

Аман ба *отағасы* – *әкелерің*? [4, 213 б.].

«Туыстық» концептісінің «*салт-дәстүр*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: қонақжайлылық, салт, дәстүр, құт келу, құтты қонақ, енші беру, үлкенді құрметтеу, төрлету, қонақасы, қазан көтеру, дәм тату, дастарқан жаю, қолға су құю, бата сұрау, бата беру. «Туыстық» концептісінің «*сыйластық*» ассоциациясын қалыптастыратын тілдік бірліктерге: құрмет көрсету, құрметтеу, сыйлау, сәлем салу, сәлем беру, орын беру, бағу, қарау, көмектесу, қолғабыс көрсету, қонақ күту, қонақ ету, сый тарту, тыңдау, қарсы келмеу, бағыну жатады.

Қара өлең сиынамын құдіретіңе,

Қайрандап балық шығар су бетіне.

Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,

Айтамын көпшіліктің құрметіне [4, 184 б.].

Сонымен қоса, «туыстық» концептісінің ірге тасын қалайтын ер мен әйелдің бейнесін бейнелейтін ұғымдар «*ер жігіт*», «*айналайын*», «*қарағым*», «*ақ құба*», «*аппақ құрбым*» секілді тіркестер адам санасында алғаш пайда болатын ментальді сигналдар қызметін атқарады.

Ат туар, айғыр салсам ақ құладан,

Не пайда үйінде жоқ *ақ құбадан*?

Барында тіршіліктің ойна да күл,

Барады дүние жалған шапқылаған!

Өлең десе, таңдайым тақ етеді,

Ақ тайлақ үй артында бақ етеді.

Ішіне қараңғы үйдің кіріп барсам,

Маңдайы *қалқатайдың* жарқ етеді.

Айналайын, қарағым, қара қасым,
Қос иықта бұралған қара шашың.
Өзіңменен бір болсам бұл өмірде,
Болады ғой бақытты менің басым. [4, 111 б.]

Бабалар сөзінде «туыстық» концептісі арқылы қалыптасқан стереотиптерге тоқталсақ. Оларға: «Сүйген жар – өмірлік жолдас налытпайды», «Сүймеген жар – жолдасын жарытпайды» стереотипін көре аламыз. Мысалы: Әуеде ұшқан бүркіт қалықтайды,

Сүймеген жар жолдасын жарытпайды.
Сүйген жармен өмірлік жолдас болсаң,
Өле өлгенше сол шіркін налытпайды [4, 36 б.].

Стереотип – этнолингвистикадағы «стереотип» ұғымына берілген интерпретация да белгілі бір зат туралы жинақталған топшылаулар мен пайым-түсініктердің, оларды талдаулардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Мысалы, «Ай» сөзін алып қарасақ: «Ай – Жердің серігі», «Айда өмір бар», «Толған айдай толықсу», «Уақытты ай күнтізбесімен есептеу», «Айдың әрбір жаңасы немесе оның жаңадан тууы, толысуы, батуы адамның көңіл-күйіне әсер етеді». Стереотиптерді белгілі бір деңгейде адамның білімін көрсете алатын құрылым деп санауға немесе өмірлік тәжірибесінен түйген ойы, жасаған тұжырымы деп түсінуге болады, себебі стереотип – тіл иесінің санасында пайда болып, тілінде көрініс табатын оның ұлттық ділінің көрінісі [56, 62 б.].

Ғалым Әлметова Ә.С. «Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип» атты мақаласында: «стереотиптер – белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар. Әдетте олар эмоциональды бояуға қаныққан, тұрақтылығымен ерекшеленеді. Олар белгілі бір құбылысқа адамның әлеуметтік шарттар мен өмірлік тәжірибесі нәтижесінде көз жеткізген қарым-қатынасын білдіреді. Стереотип тіл-тілде лингвомәдениеттанулық концепт формасы түрінде өмір сүреді. Ал *лингвомәдениеттанулық концепт* дегеніміз – белгілі бір тілдік қоғамның санасында ұзақ жылдар електен өткен, екшелген, сол қоғам өкілдерінің айрықша тәжірибесі», - деп қарастырады [102, 6 б.]. Жинақта туыстық стереотипті «**жар**» ұғымы арқылы танылады. «Сүйген жар – өмірлік жолдас налытпайды», «Сүймеген жар – жолдасын жарытпайды» стереотипі – қазақ танымында сүйген адам мен сүймеген адамның бейнесін айқара ашып көрсетуде, сүйген адамның жарына жақсылық жасауы, қайырымды болуы, қамын ойлауы секілді мағынаны сипаттайды. Жақсы, сүйген жардың жолдасының қамын ойлау дұрыс жолға бағытын бұру, оның көңіліне кірбің келтірмейтіндігін меңзейді.

«Туыстық» концептісін құрайтын сыйластық ассоциациясы ұлттық дүниетанымда «**үлкенге құрмет, кішіге ізет**» стереотипі ретінде танылады. Себебі, ұлттық дүниетанымымызда отбасы іргетасы бірін-бірі сыйлау міндетінен құралатынын, үлкен кісілерді көргенде бас иіп, амандығын сұрау өмірлік тәжірибеден жинақталған топшылау. Яғни, бұл стереотип ұлттық концептілік сипатқа тән. Жасы үлкен отбасы мүшелеріне «Бас иіп сәлем беру», «жолын кеспеу» тілдік бірліктері арқылы қазақ танымында ұзақ жылдар бойы қоғам санасында қалыптасқан, қоғам өкілдерінің айрықша тәжірибесінен жинақталған

лингвомәдениеттанулық концептті құрайды. «Бас иіп сәлем беру» – сыйлау, құрмет көрсету дегенді білдірсе, «жолын кеспеу» – ұлттық құндылықтарымыздың бірі салт-дәстүрімізде көрініс тапқан, «ала жіпті аттамау», «үлкендердің жолын кеспеу» секілді тыйымдар негізінде қалыптасқан тұрақтылығымен ерекшеленетін стереотиптің бірі.

Қарияға бас иіп сәлем бердім,

Жолын кеспей, тұрдым мен қол қусырып.

Сондай-ақ, Жыңғыл қайық, ендеше, жыңғыл қайық.

Ауылыңда қыз бар ма бізге лайық.

Ауылыңда қыз болса бізге лайық,

Екі ауылдың арасын із қылайық [40, 26 б.].

Бұл жердегі «Екі ауылдың арасын із қылайық» деген сөздің астарында, құдаласу, отбасы болып некелесу деген мағынаны астарлап меңзеп отыр.

Келесі концептілік құрылымдардың бірі – **символ**. Ойдағы дүниені танудағы, қиялдың күші жетпей дәл нақты бейнелеуді қажет етуге, рационалды ойды таңбалауда символ көмекке келеді. Символ ақиқат дүниенің аса дәріптелетін, қадірі білінген, бас игізетін ерекше қасиетімен танылған үздіктерін таңбалайды [103, 12 б.]. Бабалар сөзіндегі жинақта туыстық қарым-қатынасты **ақ** түсі арқылы бейнелейді, *ақ жігіт, ақ құрбым, ақ отау, ақ киіз, ақ сақал, ақ үй, ақ сандық* секілді тіркестерді қолдану арқылы суреттейді. Өлең жолдарында туыстық ұғымының оның ерекше қасиетін таңбаламай отырып-ақ, ақ түсін символ дәрежесіне көтерген. Түсіндірме сөздіктегі мағынасы *ақ* – сүттің, қардың түсіндей аппақ түс. 2. Ағы басым, ақ араласқан түс. 3. Ауысп. Адал, таза. 4. Сұлулық пен әдемілік бейнесі. 5. Махаббат пен сүйіспеншілік бейнесі. 6. Құрмет пен ілтипат бейнесі. 7. Қадір мен қасиет бейнесі секілді мағынаны білдірсе, ақын ақ түсті жағымсыз, ұнамсыз қасиет ретінде көрсетеді [81]. Таным бойынша, ақ түсі жоғарыда айтылған мағынадан бөлек, адамның көңіл-күйіне кірбің түсіре алатындай қасиеті барын суреттейді. Яғни, эмоциялық тұрғыда мұң, реніш секілді сезімдерімен сипаттайды.

Жиырмаға жиырма бес жуық екен,

Ақ боз үйді көтерген уық екен.

Оралыңның барында ойна да күл,

Қара жердің бауыры суық екен.

Сөзімнің кешіруші ед қаталарын,

Алушы ек *ақ жарылған* баталарын.

Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,

Аман ба *ақ сақалды* аталарың?

Ат байладым *ақ үйдің* кермесіне,

Көзің салма біреудің бермесіне.

Осындайда, ағалар, күл де ойна,

Өткен өмір мен кепіл келмесіне.

Кеседі ақ киізді түңлік қылып,
Жаратты қызды Құдай мұңлық қылып.
Әкемнің қызы болмай ұлы болсам,
Жүрер ем өз елімде билік құрып.

Басында түлкі бөрік түбіттеген.
Болар ма сенен артық жігіт деген.
Ауылға осы тұрған бір келмейсің

Түстің бе ақ сандыққа кілттеген [4, 85 б.] Концепт пен ұлттық менталитеттің байланысын ғалым А.Б. Әмірбекова атап өтіп, концепт табиғаты санамен байланысын, ол тіл арқылы вербалданып, белгілі бір ұлттың мәдениетінен, оның құндылықтар жүйесінен, білімі мен тәжірибесінен, ұлттың мәдени деңгейінен ақпарат беретіндігін баса назар аударып өткен еді. Концепт табиғатын ғалым былайша қорытады: «концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы» [104, 8 б.].

«**Туыстық**» концептісінің мәнін ашатын фреймдер: 1) *туыстық – үй*; 2) *туыстық – ауызбіршілік*; 3) *туыстық – балалы үй*; 4) *туыстық – ыстық ұя, қара шаңырақ*; 5) *туыстық – қонайжылылық, сыйластық*; 6) *туыстық – отаның, үлкен үйің*; 7) *туыстық – әйел*; 8) *туыстық – отбасы мүшелері*. т.б. **Фрейм (қарапайым)** – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады [105, 12 б.].

1 – фрейм. Туыстық – үй. Ең алдымен туыстық қатынастың іргетасы болатын отбасы және үй сөздерін жеке-жеке этимологиясына жүгінсек, қазақ әдеби тілінің сөздігінде «отбасы» сөзіне келесідей анықтама беріледі: отбасы – зат. 1.Үй-іші, бала-шаға, үйелмен. 2.Заң. Некеден, туыстықтан, бала асырып алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы [106, 46 б.]. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «үй – 1.Адам тұратын баспана; 2 Ауыс. Отбасы, үй іші» [81, 58 б.] – деген анықтама берген. Бұдан көрінетіні қазақ тілінде «туыстық» концептімен бір мәнде қолданылатын сөз «үй». «Балалы үйдің ұрлығы жатпайды» деген секілді нақылдарда «туыстық» сөзінің «үй» мағынасында қолданыла беретінін көріп отырмыз. Туыстық ұғымы сонымен қатар *үй іші, ошақ, жанұя* сияқты сөздермен синонимдес болып келеді. Туыстық көнеден келе жатқан ресми сөз, жанұя сөзі ол публицистикалық жанрда ХХ ғасырдың соңында жиі қолданысқа түскен неологизм сөз, үй іші деген сөз тіркесі ауызекі стилде басымдық танытады, «бірге бір үйде тұратындар» деген мағына береді. Қазақ мәдениетінде үй сөзі отбасы мағынасынды негізгі ұйытқы сөз ретінде қолданылады. «Үйлі болу», «үйлену», «үйлену оңай, үй болу қиын» деген сияқты тұрақты тіркестер отбасы құру деген мағынаны білдіреді. «*Үйің болса, күйің болады*» немесе «*Үйі жоқтың – күйі жоқ*» деген мақал- мәтелдер

отбасы құрудың, туыстық қарым-қатынастың іргетасын қалау маңыздылығын алға тартады. Бабалар сөзінде:

Мысалы: Жиырмаға жиырма бес жуық екен,

Ақ боз үйді көтерген уық екен.

Оралыңның барында ойна да күл,

Қара жердің бауыры суық екен.

Қара үй тұрар қалқайып қарашада,

Кисе киім, жарасар аласаға.

Тапсаң тәуір өлеңнің тазасын айт,

Тыңдап көңіл көтерсін бала-шаға [4, 107 б.].

2-фрейм. Туыстық – ауызбіршілік. Туыстық сөзімен парапар қолданылатын үй сөзі туыстықтың мәні ағайын, отбасы мүшелерінің ауызбіршілігінде екендігінде, ал ауызбіршілік болуы үшін олардың бір-бірімен сыйласа білуін алға тартады: «*Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз*», «*Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады*», «*Үйдің басын қатын қосар, Елдің басын батыр қосар*», «*Атасыз үй болса да, ассыз үй болмайды*».

Түбіне сұм дүниенің кімдер жетер.

Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,

Тірлікте *сыйластыққа* барма жетер.

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,

Бойым байсал тартады керілгенде.

Жерден алтын тапқандай қуанамын,

Сыйластықтың төбесі көрінгенде. [4, 108 б.]

3-фрейм. Туыстық – балалы үй. «Отбасы» концептісінде бала рөлі ерекше, сондықтан «туыстық – бұл балалы үй» деп тұжырымдауға толық негіз бар. Қазақ халқы үшін бала қасиетті ұғым, «*алыстан алты жасар бала келсе, алтыстағы қария сәлем береді*» деп бекер айтылмаған. Баланың шат күлкісі мен қуанышына толы шаңырақ қана нағыз бақыттың өзі. Ол да қазақ паремиясында көрініс тапқан. Мәселен, «*балалы үй – базар, баласыз үй – қумазар*» деп тегін айтылмаған. Қазақ үшін бала үлкен құндылық, өмірдің мәні мен сәні. Бала – қуаныш, шаттық сыйлаушы, бала – өмір ұзартушы. «*Балалы үйде ұрлық жатпайды*» деп баланың пәктігін, отбасының мәнін айтқан. Қазақ тілінде балаға қатысты мақал-мәтелдер көп. Ұрпақ жалғастырушы, өмірдің мәні мен атананың қуанышы ретінде баланың рөлін қазақ халқы былайша көрсеткен: «*Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын баласы болса*» немесе «*Үйінде ұл-қызы бардың көгінде сөнбес жұлдызы бар*», «*Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз адам би болмас*». «Туыстықты» бейнелеу кезінде, адамның баласынан ешкімге қажет болмайтындығын суреттейді. «Қара кемпір» эпитетін қолдану кезінде, қатардағы кемпір болып қалғандығын суреттейді. Ол дегеніміз, уақыт өте қу дүние қалғанымен өзінен тек жалғыз қалған қара із уақыттың қалдырған қара ізі, зырғып ағып жатқан уақытта дүниеде өзінің артынан ерер ұрпағы қалмаған *қара кемпір* ғана болып қалатындығы, ал жалғыз үміт сыйлары жырлар екендігін

сипаттайды. Міне, осы арқылы баласыз үй әртүрлі жағдайға әкелетіндігін көреміз.

Қара дүние елестемес қарасыз,
Қара кемпір *өткен дүние баласыз*.
Қара күнде үміт сыйлап бір сәуле,
Қара қалам сыйға тартты қара қыз.

Жоғарыдан келеді бір топ тана,
Бір топ тана су ішер ұрттап қана.
Көп ішінде сағымды сыңдырмадың,
Төсегінде ойнасын бір топ бала.

Елім жайлар, Сайрам су, Күнгеіңді,
Саған ғана айтамын білгенімді.
Талабыңа нұр жаусын, ай-ау, бала,
Аман-есен тілеймін жүргеніңді.

4 - фрейм. Туыстық – ыстық ұя. Фрейм терминін қолданысқа енгізген ғалым М.Минский пікірінше «Фрейм – структура, предназначенная для представления стереотипных ситуаций. Каждый фрейм ассоциируется с различной информацией» [106,7 б.]. Туыстық концептісімен тең дәрежеде қолданылатын үй сөзі, үйім – ыстық ұям, туған жерім, отаным деген сияқты ойларға жетелейді. Сондықтан «**туыстық – бұл ыстық ұя**» деп нық айта аламыз. Ағылшын мәдениетінде әйгілі сөз бар «*An Englishman's home is his castle*» немесе «*My house is my castle*», ал ол өз кезегінде қазақтың «*Өз үйім өлең төсегім*» деген сөзіне тура келеді, яғни екі тіл мәдениетінде семантикалық тұрғыдан толық сәйкестік байқап отырмыз. Ағылшын тілінде «castle» сөзі ағылшын тарихындағы монархиялық билік жүйесімен байланыстырса, ал қазақ мәдениетінде «өлең төсегім» деп лирикалық, эмоциялық сезімді байқаймыз. Этимологиясы әртүрлі болғанымен, мағынасы жағынан бірдей. Үй отан, ыстық ұя, бақытты шақ сияқты ойлармен байланыстыралады. Ендеше, «ыстық ұя» фреймі арқылы стереотиптік көріністен хабар ала аламыз.

Әлі есімде *ыстық ұя*, тоқал там,
Ошақ отын сөндірмеген жан анам.
Жесірліктің тауқыметін көтеріп,
Елестейді көз алдыма нар тұлғаң.

Гүл бәйшешек оранған жерім еді,
Көптен бері көзіме көрінбеді.
Дәулеті мол ырысты, несібені,
Ең алғаш өзіңнен теріп жеді.

5 - фрейм. Туыстық – қонақжайлылық. «Когнитивтік тіл білімінде фреймнің қолданылу өрісі өте ауқымды. Фреймдер адам танымының көркем мәтінде, фразеологизмдерде, поэтикалық образды сөздерде, мақал-мәтелдерде

бейнеленген кескіндемесінің құрылымын түсіндіруде жиі пайдаланатын-ды» деп жазады [105, 13 б.].

Жалпы алғанда қазақтың қонақжай халық екенін барша әлем біледі, сондықтан «туыстық – қонайжылылық». Бала тәрбиесінде көбіне ата-аналары балаларына *«Ішілмеген ас күлмен тең, кісі кірмеген үй көрмен тең»* үйіңнен қонағың арылмасын деп бата беріп жатады. *«Үйіңе қонақ келсін, алыстан сұрап келсін»*, *«Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы»*, – деп қонақ келсе мәз болып қарсы алуды, қонақжайлылық танытуға тәрбиелейді. Қазақ халқында *«Қуыс үйден құр шықпас»* деп келген қонаққа барынды беріп, қонаққа пана ыстық сумен болса да бойларына әл беруді жөн көретін қарапайымдылық, қонақжайлылық танытылып отырған. *«Үй иесі мейірлі отырса, қонақ көңілді отырады»*, *«Атасыз үй болса да, ассыз үй болмайды»* деп келген қонаққа әрбір үй иелері дастархан жайып, барын салып, қуана қарсы алғаны ата заманнан келе жатқан тәлім-тәрбиесі. Қазақ ұғымындағы біріншісі – арнайы *қонақ*, екіншісі – құдайы *қонақ*, үшіншісі – қыдырма *қонақ*, төртіншісі – қылқыма *қонақ* деген түсініктер бар.

*Қонақ келсе қазақтан дарқан бар ма,
Арқандайын атымды, арқан бар ма?
Тым болмаса атыма тұсау беріп,
Көмектесер осы үйде қалқам бар ма?*

6 - фрейм. Туыстық-әйел. Амренова Р.С. өз мақаласында «Т.А. Ван Дейктің көзқарасы бойынша, «...фреймдер – белгілі бір концептінің төңірегінде ұйымдасқан бірліктер. Ассоциациялардың жай жинағынан фреймдердің айырмашылығы, олардың өздері ассоциацияланатын қандай да болмасын концепт жайлы негізгі, арнаулы және барынша кең мағлұматтарды иелену мүмкіндігінде» [107, 16 б.] деп жазады. Отбасын құру, туыстық қатынастың іргетасын қалау – адам өміріндегі маңызды қадам және көбінесе серіктес таңдауымен анықталады.

Ана – мейірімді жан. Халық ана баланың өміріндегі алғашқы ұстазы дейді, әрі ананың махаббаты мен қамқорлығына тең келер күш жоқ. Фольклорлық мәтіндерде ананың балаға деген махаббаты шексіз екені сипатталады: сәби әрдайым ана мейіріміне мұқтаж, ал ана қандай жағдай болса да баласына бар жүрегімен қамқор болады. [108, 137 б.] Ана – тек баланың ғана емес, тұтас ұлттың рухани тірегі, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттердің қайнар көзі ретінде көрініс табады.

Некенің сәтті өтуі үшін халық екінші жартысын таңдау туралы бірқатар фольклорлық ескертулер мен ұсыныстар жасады. Кейбір мақал-мәтелдерде әйелді қалай таңдауға, онымен қарым-қатынас орнатуға қатысты кеңестер бар: *Анасына қарапқызын ал, Жақсы әйел – жарым ырыс, Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас, Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар, Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын.* Бабалар сөзі жинағында «Туыстық» концептісі жар, әйел, қыз, келіншек, жеңге ұғымдары арқылы кеңінен ашылған. Мысалы:

Жақсы жігіт ер-жұртының қаласындай,

*Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай,
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай. [4, 48]*

Қазақ тілінде жақсы әйел мен жаман әйел бейнесі қарама-қарсы қойып сипаттайтын, бейнелейтін мақал-мәтелдер баршылық: *Жақсы әйелдің қолы ұзын, жаман әйелдің тілі ұзын. Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс. Жақсы әйел – зейнет, жаман әйел – бейнет. Қатын оңса – қазына, оңбаса – қаза. Атың жебір болса, құдайдың бергені, қатының жебір болса, құдайдың ұрғаны.* Сонымен қатар, әйел тақырыбындағы қазақ мақал-мәтелдерінде әйел болмысына жалқаулық, ақымақтық сияқты қасиеттерді жатқызады: *Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа, Жалқау әйелдің төсегі түске дейін жиылмас, Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас, Қатынын жаман болса, мейманың кетеді, Алғаның жаман болса, көңілің жарым, Жаман әйел үй бұзады, Жаман қатын бейнет, Жаман қатынның мінезі қыйсық келер, сөзі сұйық келер.* Әйел мінезін, болмысын сипаттауда жағымсыз коннотациямен қоса, оның ерекше рөлін, туыстық қатынастағы, отбасыдағы орнын, отбасы ұйытқысы екендігі де тілде былайша көрініс тапқан: *Әйелі жоқ үй жетім. Әйел – үйдің қазығы. Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады. Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді, әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді. Жақсы таз басын жасырмайды, Жақсы әйел асын жасырмайды.* Сонымен, туыстық концептісі «әйел» концептісімен тығыз байланысты, өйткені туыстық қатынастың, отбасының ұйытқысы да жылуы да, жүрегі де – әйел. Қазақ тілінде әйелге қатысты нақыл-сөздер де, мақал-мәтелдер де, қанатты сөздер де, көркем шығармалар да, поэзияда да жетерлік.

*Қызыл қашар, дегенде, қызыл қашар,
Қызыл қашар шөлдесе суға қашар.
Жақсы жардың үйіңе кіріп барсаң,
Шашбауы сылдырап есік ашар. [4, 92].*

7 - фрейм. Туыстық – отбасы мүшелері. Қазақ қоғамынды бала тәрбиесінде әрбір туыстық қарым-қатынасты құрайтын отбасы мүшесінің еңбегі мен тәлім-тәрбиесі зор. Ол да қазақ паремеологиясында көрініс тапқан: *Қарындасың – қарлығашың, Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар, Ағаның үйі – ақ жайлау, Келінің жаман болса, ұлыңнан көр, күйеуің жаман болса, қызыңнан көр, «Сіз», «біз» – деген жылы сөз, ағайынға жарасар, Ата – баланың қорғаны, Атаға баланың алалығы жоқ, Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.* Қазақ тілінде *ата, ана, әке, ана, аға, бауыр, іні, қарындас*, әрбірі жеке тұрып концепт бола алады, өйткені әрбір сөздің астарында үлкен мағына, мәдени, рухани құндылық жатыр. Мәселен:

*Көшкенде жылқы айдаймын ақ табанмен.
Болмайды жаман-жақсы мақтағанмен.
Сүймесе, несі қызық екі жастың,
Күйеу боп босағаны аттағанмен?!*

Жар жақсы баладан да, бауырдан да,

Басыңды сол сүйейді ауырғанда.
Бірге өсіп, бірге жүрген, беу, жолдасым,
Кәтептеп жабу жаптым жауыр нарға.

Сылдырайды омырауда теңгелерің,
Өзіңе ақыл қосар, дем – берерің.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба, жібек мінез *жеңгелерің?*
Біліп ем сен де өленді дайындарың,
Қиыннан қиыстырған-дайын барын.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ашық-жарқын *қайындарың?*

Сауықшыл, сәнқой еді ауылдарың,
Құптаған жақсылықтың қауымдарың.
Тағы да сұрайтұғын тәуірім бар,
Аман ба арттан ерген *бауырларың?*

Әриялар, ендеше, әриялар,
Қара ағаштың басына қарға ұялар.
Жақсысы бар өлеңнің, жаманы бар,
Қандай өлең айтамыз *қариялар*.

Сөзімнің кешіруші ед қаталарын,
Алушы ек ақ жарылған баталарын.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақ сақалды *аталарың?*

Қосылғанда болатын паналарың,
Ақыл айтып беретін даналарың.
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақ көңілді *аналарың?*

Осы үйдегі *жеңешем* аппақ қана,
Шаңырағы өзіне шап-шақ қана.
Ықыласпен тамағын берсе егер,
Ауылымызға барамыз мақтап қана [4, 115 б.].

Жауапкершіліктерді бөлу, белгілі бір отбасы мүшелерінің маңыздылығы және олардың арасындағы қарым-қатынасты құру әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі болуы мүмкін. Жоғарыда берілген мысалдарға зер салсақ, бұл отбасы мүшелері элементін құрайтын, туыстық қарым-қатынастың өзегі болатын *күйеу, жар, бала, бауыр, жеңге, қайыны, қария, ата-ана, жеңеше* түсініктері нақты өмірде көрініс табатын, тікелей адамның отбасы институтын құрайтын ұғымдар, ер мен әйел адамға қатысты туыстық идеясын білдіреді. Сонымен, сөздердің

этимологиясына сүйене отырып, қарастырылып отырған ұғымдардың мазмұнына «біреумен байланыс», «біреуге жақын болу» сияқты белгілер бар. Осылайша, өз кезегінде, туыстық – «бір адамның екінші адамнан шығу тегіне (тікелей қарым-қатынас) немесе ортақ атадан шыққан әртүрлі тұлғаларға, сондай-ақ неке отбасына негізделген адамдар арасындағы байланыс, қатынастар деп бағамдап, туыстық концептінің негізінде «туа біткен жақын», «неке бойынша жақын» белгілері жатыр деген пікір айтуға болады.

Кесте -6. «Туыстық» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Ассоциация	Тілдік бірліктер
1	Баспана / Үй	үй, қара шаңырақ, түтін түтету, үй-жай, дүние-мүлік
2	Жақын адамдар	ағайын-тума, қандас, тума, құда-жекжат, нағашы, жекжат
3	Неке	неке қию, шаңырақ көтеру, отау құру, той, келін, күйеу
4	Перзент	бала-шаға, тұңғыш, кенже, сәби, өсу, ұрпақ, немере
5	Қамқоршы	әке, ана, аға, апа, қамқорлық, мұрагер
6	Ақсақал	қария, дана, көпті көрген, ақылгөй, ақсақал
7	Басшы	отағасы, отанасы, әке, бедел, бата беруші
8	Салт	салт, дәстүр, енші, төрлету, дастарқан, дәм тату
9	Сыйластық	құрмет, сәлем беру, көмектесу, қарсы келмеу
10	Әйел	жар, ана, жеңге, келін, қыз
№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Туыстық – Үй	Үй, қара шаңырақ, отбасылық ошақ түсініктері негізінде
2	Туыстық – Ауызбіршілік	Сыйластық, түсіністік, бірлік, кеңпейілділік
3	Туыстық – Балалы үй	Ұрпақ жалғастыру, перзентке деген құрмет, өмір мәні ретінде бала
4	Туыстық – Ыстық ұя	Үй – туған жер, отбасы – тыныштық, махаббат пен жылылық орны
5	Туыстық – Қонақжайлылық	Туыстарға, қонаққа құрмет – мәдени кодтың бір түрі
6	Туыстық – Әйел	Ана, жар, әйел – туыстықты жалғастырушы, отбасының ұйытқысы
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	«Сүйген жар – өмірлік жолдас...»	Неке – махаббат пен сыйластықтың тірегі
2	«Балалы үй – базар»	Баласыздық – қайғы, балалылық – бақыт
3	«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»	Отбасылық иерархияны құрметтеу, дәстүрге сай қарым-қатынас

4	«Қара шаңырақ – мұра»	Кенже баланың отбасылық мирас иесі ретінде орны
№	Символ	Мағынасы
1	Ақ түс	Тазалық, адалдық, мейірім, сонымен бірге реніш пен мұң (эмоциялық реңк)
2	Ақ отау	Жаңа отбасы, шаңырақ көтеру, үйлену
3	Қара шаңырақ	Атаның үйі, рухани, материалдық мұра
4	Ақ киіз	Билік пен некеге қатысты салтанат
5	Ақ сақал	Қарттық, ақылгөйлік, құрмет, даналық
№	Мәдени-танымдық код	Мағынасы
1	Қонақжайлылық	туыстық пен сыртқы қатынастың бір бөлігі
2	Бата беру	қарияның рұқсат, жол сілтеу функциясы
3	Сый тарту	қарым-қатынасты нығайту
4	Енші беру	жаңа отбасын мойындау, ата-аналық борыш
№	Мақал	Мазмұны
1	«Өз үйім – өлең төсегім»	Туыстықтың береке мен тыныштық ортасы – үй
2	«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар»	Баланың туыстық құрылымдағы маңызы
3	Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса – игі»	Мұрагерлік, тәрбиенің жалғастығы
4	«Үйдің басын қатын қосар»	Әйелдің туыстық құрылымдағы орны
5	Қара жерге тепкілеп көмгенмен тең»	Үйсіздік, доссыздық – тірідей өлгенмен бірдей

«Туыстық» – тек қан арқылы берілетін байланыс емес, сонымен бірге үй, неке, балалы болу, қамқорлық, сыйластық, дәстүр және бірлік ұғымдарының тұтас жүйесін қамтитын ұлттық-мәдени концепт. Ол қазақ халқының дүниетанымы, әлеуметтік моделі, құндылықтар жүйесі мен тілдік санасында терең тамыр жайған

«Туыстық» концептісінің когнитивтік моделі бойынша 10 ассоциация, 6 фрейм, 4 стереотип, 5 символ, 4 мәдени-танымдық код, 5 мақал жинақталды.

Қорытындылай келе, «Бабалар сөзі»-нің 100 томдық жинағында «туыстық» концептісін талдау барысында, «**туыстық**» концептісінің мәнін ашатын мынадай ұғымдар пайдаланылған: «*үй*», «*бақыт*», «*шаңырақ*», «*бала*», «*сыйластық*», «*отбасы мүшелері*», т.б. Ұғымдардың мәнін ашу үшін мазмұн қажет. «**Туыстық**» концептісінің мәнін ашатын мазмұндарға қазақ халқының ұлттық санасында мәдени маңызды ұғым, ол үш ұрпақтан тұрады: ата, әке, бала. Қазақ тілінде «туыстық» сөзіне мағыналас сөздерге отбасы, үй-іші, шаңырақ, шаңырақ асты, отау, әулет деген сөздерді жатқызамыз. Негізгі мазмұнын ашатын фреймдер 1) *туыстық* – бұл үй; 2) *туыстық* – бұл ауызбіршілік; 3) *туыстық* – бұл балалы үй; 4) *туыстық* – бұл ыстық ұя; 5) *туыстық* – қонайжылылық; 6) *туыстық* – бұл отан, үлкен үй; 7) *туыстық* – бұл әйел; 8) *туыстық* – бұл отбасы мүшелері.

2.3 Қазақ халық лирикасындағы «бақыт» эмоционалды концептісі

Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастары мен ұлттық идеясын дамытуда рухани құндылықтар белгілі бір орын алады. Өз кезегінде ұлттың рухани бағыты, негізгі өмірлік ұстанымдары, дүниетанымдары осы құндылықтарда қалыптасып, дамыды. Бүгінгі таңда нарықтық экономика мен бұқаралық мәдениет жағдайында адамның өмірі мен өзін-өзі жүзеге асыруы өте жоғары бағаланады. Қоғамдағы бақытты адамның бейнесі қандай болу керектігі жөніндегі ой философтар, психологтар, әлеуметтанушылармен қатар, лингвистерді де толғандырады. Қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары болып саналатын когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика ғылымдарында *бақыт* ұғымы күрделі категория ретінде зерттеу нысанына айналып отыр. Сол себепті, осындай категорияның концепт құраушылық сипатын, оның мағыналық-ақпараттық өрісін, қазақ дүниетанымындағы аталмыш ұғымның мәнін ашу тіл білімінде өте маңызды деп ойлаймыз.

Концепт сөздің мағынасын тереңдете алады, өйткені аталмыш бірлікте халықтың санасында көрінетін белгілі бір құбылыстың танымдық белгілері бар.

Концепт өріс принципі бойынша ұйымдастырылады және сезімтал образ, ақпараттық мазмұн және интерпретациялық өрісті қамтиды. Аталмыш когнитивтік бірліктің құрылымы тілдік тұлғаның санасында сәулелену дәрежесінің әртүрлі когнитивті белгілерінен қалыптасады. Концептінің ұлттық, әлеуметтік, топтық және жеке ерекшеліктері байқалады. Концептілік талдау әдісі лингво-когнитивті зерттеу барысында концептінің мән-мағынасын ашып, когнитивті интерпретация жасауды мақсат етеді.

Мәтінге концептілік талдау жасау арқылы автордың ұстанымын, оқиға суреттелген дәуір шындығын, сол заманда өмір сүрген халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, көзқарасын, ұлттық сана-сезімін айқындай аламыз.

Концепт – бұл ақыл-ой, танымдық сипаттағы құбылыстар деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, бұл лингвистикалық бірлік сөздің лексикалық мағынасына қарағанда әлдеқайда кең және тереңірек, өйткені ол санаға қатысты семантикалық компоненттерді ғана емес, сонымен бірге адамның жалпы ақпараттық базасын, оның сөйлеуінде болмауы мүмкін тақырып немесе құбылыс туралы энциклопедиялық білімін көрсететін ақпаратты қамтиды.

Концепт мәселесі орыс тіл білімінде XX ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. Ең алғаш рет концепт терминін Ресей тіл білімінде С.А.Аскольдов-Алексеев 1928 жылы қолданған. Ғалым концептіні ойлау үрдістерінде сансыз зат, қимыл, біртектес ойлау қызметін алмастыратын ойлау құрылымы ретінде анықтаған [57, 279 б.].

В.И.Карасиктің ғылыми еңбегінде концептіні адамның жадында сақталған өмір тәжірибесі туралы ментальді білімі деп көрсетеді [109, 41 б.]

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірі бойынша концепт адамның жадында сақталған өмір тәжірибесі туралы білім деген қорытындыға келуге болады. Бұл білім әр ұлттың ой-сана әлемінде өзіндік ерекшеліктермен сәулеленеді.

Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастары мен ұлттық идеясын дамытуда рухани құндылықтар белгілі бір орын алады. Өз кезегінде ұлттың рухани бағыты, негізгі өмірлік ұстанымдары, дүниетанымдары осы құндылықтарда қалыптасып, дамыды. Бүгінгі таңда нарықтық экономика мен бұқаралық мәдениет жағдайында адамның өмірі мен өзін-өзі жүзеге асыруы өте жоғары бағаланады.

Б. Тілеубердиев концепт сөздерді, олардың мәні мен мағынасын түсіну жеке адамнан бастау алып, қоғамдық таптар мен тұтас бір ұлттың ой-өрісі, дүниетанымы жайында ақпарат беретіндігін баса айтады [63, 88 б.].

Ғалым А.Исламның пайымдауынша, концептілерді талдау барысында төмендегідей бірізділік ұсталынады: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен оның әр түрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; концептің адамның күнделікті санасындағы түсінігі; концептің әмбебап белгілері; концептің фразеологизмдердің түзілуіне немесе қолдануына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің немесе образдардың пайда болуы [70, 58 б.].

Қазақ ұлтының түйсігіндегі *бақыт* ұғымының мәнін тану бабаларымыздың халық лирикасынан бастау алады. Себебі халық лирикасында қазақ халқының жүріп өткен жолын, таным-түсінігін көре аламыз. Сондықтан, жұмысымызды қазақ халық лирикасындағы бақыт концептісін сипатын зерттеуге арнап отырмыз.

Бақыт концептісі қазақ тіл білімінде әлі де тереңдей зерттеуді қажет ететін ұғымдардың бірі. Бақытқа қатысты түсініктердің тамыры көне түркі тілінен бастау алады. *Бақыт* ұғымымен байланысты ассоциативтік лексемалар ретінде «құт», «береке», «байлық» концептілерін атап өтуге болады. Қазақ ұғымындағы бақыт пен өмір ұғымдары «бақ» және «бақыт» сөздерімен тікелей байланысты. Бақыт тағдырдан келген жағымды сәттердің белгісі ретінде фразеологизмдерде жиі кездеседі: «бақыт құшағында», «бақыты жанды», «бақытты сынау», «бақыт құсы қонды» секілді тіркестер осыған дәлел. Н.А.Шахметова «бақ», «бақыт» ұғымдарын талдай келе, олар тағдырмен мағыналық байланыста екенін, атап айтқанда, «бақ», «пешене», «маңдай», «сыбаға» сөздерінің осы топқа жататынын айтады [110]. Оның пікірінше, «бақыт» сөзі «бақ» пен «құт» сөздерінің бірігуінен құралған. Назира Шаханова да «құт» семасының байырғы түркі жазбаларда «бақыт» мағынасында қолданылғанын атап өтеді [111]. Алайда қазіргі қазақ тілінде бұл сөз семантикалық өзгеріске ұшырап, «құт» – молшылық, байлық, ал «бақыт» – өмірге қанағат, армандардың орындалуы, шаттық деген мағыналарды білдіреді. Қазақ ұғымында «бақыт» – өтпелі, уақытша күй. Мысалы: «бақыт-азап», «қуаныш-қайғы», «шаттық-мұң» сияқты антонимдік қатарлар кездеседі.

Бақыт жайлы сөз қозғалмас бұрын, ата-бабаларымыз бұл ұғымды қалай қабылдағанын байырғы түркі жазбалардан көре аламыз. VII-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, Махмұд Қашқари жазбаларында да «бақыт» ұғымының орнына «құт» сөзі қолданылған. Бұл сөз екі түрлі мағынада: рух, өмірлік қуат және бақыт, игілік, береке, табыс секілді ұғымдарды білдірген.

Мысалы, Күлтегін жазбасында: «Тәңірдің жарылқауымен өзімнің құтым арқылы мен қаған болдым» деген жолдар бар.

Батыс ғалымдары «құт» ұғымын рухпен байланыстырады. Құты кеткен адамды бақылар арнайы ем-дом арқылы емдеген. Мажар түркітанушысы Давид Шомфай Иштван «құт» ұғымының исламға дейінгі қазақ танымында «рух» ретінде қолданылғанын айтады [112].

Қазақ салтында бас киімнің киелі саналуы да осы «құт» түсінігімен байланысты. Н.Шаханова бас киім «құттың мекені» деп есептелетінін айтса [111]., Г.Сағидолла «Тәңірі – ер адам – құт» мифтік желісі арқылы ер адам мен оның бас киімі этномәдени мәнге ие екенін атап өтеді [113].

Махмұд Қашқари «құт» сөзін «бақ-дәулет» ретінде сипаттайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі де осы ұғым негізінде жазылған. Ол өзінің туған қаласы Баласағұнды «Құт орда» деп атаған. Асқар Егеубайдың аудармасында бұл еңбекте «құт» – дәулет, ырыс, береке ұғымдарымен қатар, қоғамның іргесін нығайтатын негізгі фактор ретінде көрсетіледі [114].

Қазақ танымында «құт» киелі ұғым саналады. Мысалы, «бас киімді тастама», «малдың бас жібін берме», «қазанды сыйлама» деген тыйымдар осы түсінікпен байланысты. М.Ескеева бұл ұғымды былай түсіндіреді: үй – құт жиналатын кеңістік, ал отбасының татулығы, баланың дүниеге келуі, малдың төлдеуі – бәрі де «құттың» белгісі. Сонымен қатар, «құт» ұғымы «құс» сөзімен байланыстырылады. Бұл – адамның жаны құс болып ұшады деген наным-сеніммен ұштасады [115].

«Бақ құсы» мифтік бейнесі де осы танымнан бастау алады. Ежелгі парсы тілінде «бақ» – Құдай деген мағынада қолданылады, ал қазақта «құт» Тәңірінің сыйы ретінде қарастырылады. Демек, бұл екі ұғым мәндес келеді.

Тарихи тұрғыдан қарағанда, «бақыт» сөзі қазақ тілінде кейінірек, араб тілі арқылы енген. Бұған дәлел – көптеген сөздіктерде «бақыт» сөзі араб тілінен енген деп көрсетілуі. Н.Шахметова бұл сөздің «бақ» пен «құт» негізінде туындағанын айтады. Дыбыстық өзгерістер арқылы «бақ-құт» → «бақұт» → «бақыт» формасына ауысқан.

Бүгінгі таңда «бақыт» – көп мағыналы ұғым. Ол – байлық, ырыздық, қуаныш, ләззат, даналық, өмірден өз орнын табу сияқты түсініктермен астасып жатыр.

Бақ концептісі де қазақ тілінде қолданылатын маңызды ұғым. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бақ» – иран тілінен енген сөз делінеді. Көне парсыда бұл сөз Құдай және мырза мағынасында қолданылған. Осыдан «тағдыр», «құдай сыйы» деген ұғымдар пайда болған. Шығыс иран тілдерінде «бақ» пен «бақыт» сөздері тіркесіп, «құдайдың қалауы», «тағдыр» деген мағынаны береді.

Бақыт ұғымы – халықтың ұжымдық танымында татулықпен, ынтымақпен, бірлікпен байланысты. Мақал-мәтелдер арқылы бұл түсінік бекітіледі: «Бақ қайда барасың? – Ынтымағы жарасқан елге», «Татулық – табылмас бақыт», «Құт қонған елде Қызыр жүреді».

Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы да – бақытты қоғам мен халықты армандаған әлеуметтік ұғым. Ол – теңдік пен әділеттілікті көксеген ойшылдың арманы.

Халық ертегілерінде бақыт пен байлық – қатар жүретін ұғымдар. Бақыт кейде «бақ құсы», «сиқырлы тас» кейпінде көрінеді. Батырлар немесе ақылды кейіпкерлер күресіп, ақыр соңында бақытқа жетеді. Бұл халықтың болашаққа сеніммен қарағанын білдіреді.

Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі арқылы, ішкі сезімі арқылы көрініс табады. Адамның күрделі эмоциясын білдіретін *бақыт* концептісі – тақырыптық аясы кең, мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалды өрісі өте күрделі концепт.

Арман сияқты, бақыт – бұл идеалдың сезімтал-эмоционалды түрі, бірақ одан айырмашылығы, бұл жеке тұлғаның ұмтылысын емес, сол ұмтылыстарды орындауды білдіреді. Бақыт ұғымы адамның белгілі бір объективті жағдайын немесе субъективті күйін сипаттап қана қоймай, адамның өмірі қандай болуы керек екендігі туралы түсінікті білдіреді.

Қазақ халқының ғаламдық бейнесін сомдайтын бақыт ұғымы іргелі концепт болып табылады. Бақыт қазақ халқының танымдық әлемін көрсететін негізгі категорияға жатады.

Адам баласы бұрынғы заманнан бері бақыттың мәнін түсінуге тырысқанымен бұл ұғымның сырын толық танып біле алмаған. Бұл ұғым тереңірек зерттеуді қажет ететін танымдық құбылыс.

Қазақ дүниетанымында адамның өмірдің мәнін түсінуге, бақытқа жетуге ұмтылысы оның өмір сүруге деген құштарлығын арттырады. Мақсатсыз өмір сүру, өмірдің мәнін түсінбеу адамды бақытсыздыққа әкелсе, керісінше өзінің қоғамдағы орнын анықтап, адамгершілік, мораль құндылықтарын толыққанды түсінген тұлға ғана бақытқа бөленері хақ. Бақыт ұғымы моральдық категория ретінде күнделікті тұрмыс-тіршіліктің бағытын да анықтап көрсетеді.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бақыт сөзін мына сөздер ашатыны көрсетілген: 1. Тағдырдың сыйы, сәттілік. 2. Қарқынды қуаныш күйі 3. Ең жоғары игіліктерге ие болу. 4. Өмірге қанағаттану сезімі. 5. Құт-береке, ырыс. Ырыс түбі – береке. 6. Мейірімділік, ізгілік жасау. Көптің алғысын алу. 7. Қуаныш, рахат. Қуанышқа бөлену. Рахат сыйлау т.б. [116, 646]. 1. Бақ, зор қуаныш, шаттық. 2. Адамның өмір қызығы мен қуанышына, рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыт–көп мағыналы ұғым. Оның басты түсініктері: 1) бақ-дәулет, «қолға қонған құс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рақат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу [116, 646 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бақыт сөзі төмендегідей сөздермен тіркесіп, тұрақты тіркес мағынасына ие болады. Бақытқа бөленді – бақытты болды, қызыққа кенелді. Бақыты күйді – бақытсыздыққа ұшырады, бағы тайды. Бақытын түсірді – бақ-талайын жоқ қылды. Бақытын ұрлады бақытсыз етті. Бақыты аспандады [80, 103 б.].

Сонымен қатар бақыт сөзімен синонимдес бақ, талай сөздері беріледі. Бақ – бақыт, талай. Бақыты тасыды – мерейі үстем. Бағы үстем болды – дәулеті тасыды, мерейі биік болды. Бағына орай – бақытына қарай. Бақ құсы басына қонды – бақытқа, дәулетке кенелді. Бақ сынасты – сынға түсті, жарысты. Бағы кесілді – жолы болмады, бақытсыздыққа ұшырады. Бағы байлады – бақытты болуға кедергі жасады. Бақ тайды – бақыттан ада болды [80, 100 б.].

Жоғарыдағы еңбектерден алынған мысалдардан біз бақыт ұғымы тікелей адам факторымен байланысты екендігін аңғарамыз. Келтірілген ақпараттық-тілдік бірліктер бақыт ұғымының мәнін ашуға қызмет еткен.

Бақыт ұғымы туралы толығырақ түсінік алу үшін *Бабалар сөзі* еңбегіндегі тарихи өлеңдер мен қара өлеңдер зерттеу нысанына алынды. Қазақ лирикасындағы өлең жолдарын талдау барысында бақыт концептісін айқындайтын келесі фреймдер анықталды: бақыт – сәттілік, бақыт – қысқа мерзімді категория, бақыт–тағдыр, бақыт кілті еңбекте, бақыт оты жанды, бағы өрледі, бақыт–мұрат т.б.

Бақыт – сәттілік. Фольклорлық шығармалар тіліндегі *Өзен ұзақ ағады, бұлағы болса басында; Іздеген бақыт табады; Бақыт қолға қонған құс секілді* мақалдар бақыт концептісінің мағынасын ашып көрсеткен.

Бақыт – қысқа мерзімді категория. Бұл фреймдік қолданыстың мағынасы терең және мазмұнды. Себебі бақыт бүгін бар ертең жоқ. Басыңа келген бақытты қадірлей білу керектігі баяндалады. Қазақ халық лирикасында *өз бақытыңды қадірлемесең, адам бақытсыздықпен өмір сүреді* деген пайым айтылған.

Бақыт – тағдыр. Әр адамның өз бақыты өз қолында. Фольклорлық шығармаларда *«Аллам бір сәт болса да әр пендеге өз бақытын береді. Соны әр адам қабылдап, бағаласа, өмір бойы бақытты болып өтеді»* деген тұжырым берілген. Мысалы,

*Қарындаш, қалам алсам көңілім қақ,
Бергенше таудай талап, тарыдай бақ.
Ән салып ауылыңа келгенімде,*

Қызыл тіл, тыным алмай зымырап бақ [4, 71 б.].

Өлең жолындағы *Бергенше таудай талап, тарыдай бақ* деген тіркес қазақ дүниетанымының көрінісін таныту үшін ұтымды жұмсалған.

Бақыт кілті – еңбекте. Адам еңбектеніп, маңдай терімен жетістіктерге жетіп, алға қойған мақсаттарын орындап жатса – бұл бақыт. *Бақыт кілті – еңбекте* фреймі бақыт-мансап тіркесімен түсіндірілді. Мысалы, фольклорлық шығармаларда *мансап – арманыңа жетіп, жан жақты жеке тұлға болып қалыптасу, бұл бақытқа әкеледі* деген ой айтылған.

Бақыт оты жанды. Тарихи өлеңдер мен қара өлеңдерде *бақыт оты жанды* фреймін *«Басқаның бейбақтығына қуанба, бақытына қуан»* мақалымен байланыстырамыз. Сондай-ақ мына өлең жолдары *біреудің қайғысына қуанбай, бақытына қуану* дегеннің дәлелі.

*Табаныңа қадалған жалғыз шүгір,
Маңдайыма қадалсын деп жүремін* [4, 114 б].
Қонады торғай ұшып томаршаға,

Жиылар топ болғанда бала-шаға.

Ұлы той жақсылықтың кезеңінде,

Отырған бекер қарап жараса ма? [4, 281 б.]

Бұл мысалда ұлы тойдың жақсылығы бақытқа ұласып жататынын көрсеткен. Қазақтың үлкен тойлары даланың сәнді сахнасы секілді көрініс тапқан. «Той–халық қазынасы» деген қазақтың тамаша мақалымен ұласып жатқанын байқаймыз.

Бақыт– мұрат.

Мұратқа батырлардың бәрі жетті,

Екеуі екі жерге үкім етті [26, 408 б].

Мына өлең жолдарынан қазақ батырлары ақтық демі қалғанша жаудан елін қорғап, қазақ даласына тыныштық пен бейбіт өмір сыйлаған сәтін көзімізге елестетеміз. Ел арасындағы алауыздықтар мен тартыстарды тоқтатып, халқын бірлікте ұстап, жауға қарсы тойтарыс беріп, жеңіске жеткенінің бір көрінісін байқаймыз. Жеңісінің нәтижесі мұрат екендігі суреттелген. *Бақыт–мұрат* фреймі жеңіс, бірлік, өрге жүзу тіркестерімен ашылған.

Басына бақ қону. Талай ұрыстарда ата-бабалардың батасы батырларға қуат, жігер беріп, рухтандырып жеңіспен қайтуына үлкен күш беретіні мәлім.

Түсінде берген екен бабалары,

Қоныпты содан бері басқа бағы [26, 376 б.].

Бұл мысалда ата-бабалардың ақ батасын алған батырдың жолы ашылып, талай шайқастарда жеңіске жетіп, басына бақ қонғандығы баяндалған.

Өлгенше жүрген екен бата алып-ақ,

Тұқымы өсіп, екеуіне де қоныпты бақ [26, 225 б.].

Жоғарыдағы мысал *адамның бақыты – бала* деген қазақтың дана сөзімен байланысқан. Бауыр еті баласы дүниеге келген батырлардың бақытты жүзін көз алдымызға елестетеміз. Көптен бері ұрпағын жалғастыратын сәби күткен қос батырдың қуанышы қойнына сыймай, бақытқа кенелген сәттерінің көрінісін байқаймыз. Ұрпағын жалғастыратын тұяғы, қолқанаты, қамқоршысы дүние есігін ашып қандай бақытқа бөлегенін сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Ер Еділ түнде барып Жақсылыққа,

Сүйінші беріңіз, - деп хабар айтты [26, 403 б.].

Сүйінші–қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. *Сүйінші беріңіз* тіркесі алыстан сағынған адамының аман-есен еліне келгендігін хабарлау мақсатында қолданылған.

Екі дос құшақтасып жылағанда,

Тау мен тас күңіретті енді мені [26, 403 б.]. Бұл мысалда жау қолынан қаза тапты деп ойлап жүрген досының аман елге келгенін көрген достардың көріскен сәті суреттелген. Сол көріністі сырттан бақылаған Еділдің екі достың достығына тамсана қараған эмоциясы бейнеленген. *Тау мен тас күңіретті* фразеологизмі арқылы Еділдің ішкі сезімі баяндалған.

Тайған бақ басқа қайтып келер ме екен,

Құдайым көз жасымды көрер ме екен?! [27, 373 б.].

Фольклорлық шығармалар тілінде *басына бақ қону* фрейміне қарама- қарсы *сағы сыну* фреймінің де мәнін ашатын тілдік бірліктер кездеседі. Фольклорлық шығармаларда басына қиыншылық түсіп, жолы болмай артынан жау қуып, жаяу калып, өлімге бетпе-бет келген кейіпкердің жан дүниесі суреттелген.

*Арқалық аты шығып әр тарапқа,
Жайылған содан бері әруағы.
Қайта алмай айтқан сөзден батырлықпен,
Белдікті берді сонда сынып сағы* [26, 377 б.].

Сынып сағы тіркесі адамның шарасыз күйін суреттеп тұр. Алданып, қарусыз жаудың қолына түскен батырдың ішкі ызасын, үміт күтпеген шарасыз күйін *сағы сыну* фреймі арқылы дәл көрсеткендей.

Халық лирикасында *Мансапқа бақыт пенен бар ма тұрақ?* деген сұраққа мынандай жауап берілген:

*Бақыт пенен мансаптың
Екі түрлі жолы бар.
Біреу деп қате түсіну,
Оның да оң мен солы бар.
Бақыт пенен мансап қонса егер,
Харам жизған дәулеттен.
Оның болмас тұрағы,
Аз күндік дәуір әуре еткен,
Ақылға қонса халалмен,
Бақыт, мансап тұрақты* [26, 42 б.].

Бұл өлең жолдарында бақыт пен мансаптың тұрақтылығы ақылмен тоқталатыны айтылған. Оймен ойлап, сарапқа салып басқа берген бақытты бағаласаң ғана бақытты уысыңнан шығармайсың дегенді меңзеген.

Сондай-ақ *бақыт* концептісіне байланысты мынандай синонимдер қатарын көрсетуге болады: *бақыт, рақым, гүлдену, тағдыр, әл-ауқат, талант, сәттілік, еңбек, ләззат, мемлекет, мансап, Көк құсы, уақыт, аққу т.б.*

Бақыт концептісіне қатысты антонимдер: *тайған бақ, сағы сынды, бастан бұлт айрылмады т.б.*

Бұлт арылмай қойды зой бастан, шіркін,
Сенсіз өмір секілді жалған, шіркін! [26, 109 б.]

Бұлт арылмай қойды тіркесі *бақыт* концептісіне кереғар ұғымды беру үшін ұтымды жұмсалған.

Қазақ халық лирикасында қолданылған тілдік бірліктер ғаламның тілдік бейнесіндегі *бақыт* концепісін айқындауға қызмет еткен. Мәтіндердегі *бақыт* концептісін танытатын тілдік деректер дүниетанымдық ұғымдардың халық танымындағы көрінісін таңбалаған.

Кесте -7. «Бақыт» концептісінің когнитивтік моделі (қазақ танымындағы)

№	Ассоциация	Тілдік бірліктер
1	Бақыт	Бақытқа бөлену, бақыт оты жанды, бақ қонды

2	Тағдыр	Бақыт – тағдыр, «таудай талап, тарыдай бақ»
3	Еңбек	Бақыт кілті – еңбекте, маңдай терімен жету
4	Қуаныш	Сүйінші берді, қуанышқа бөленді, рахат сыйлау
5	Мақсат	Мұратқа жету, арман-тілек, өмірдің мәнін табу
6	Қоғам	Қоғамдағы орнын табу, көптің алғысын алу
7	Уақытша құндылық	Бақыт – қысқа мерзімді категория, бүгін бар – ертең жоқ
8	Отбасы, ұрпақ	Бала – бақыт, тұқымының өсуі, ұрпағының болуы
9	Жеңіс, рух	Ел қорғау, жеңіспен оралу, рухани қанағат
10	Қиындық пен бақытсыздық	Сағы сыну, бағы байлау, бұлт арылмай қойды
№	Фрейм атауы	Сипаттамасы
1	Бақыт – сәттілік	Қолға қонған құс секілді, аяқасты келетін сәттілік
2	Бақыт – тағдыр	Алланың сыйы, әр пендеге берілген мүмкіндік ретінде
3	Бақыт – еңбек нәтижесі	Еңбек, талап, мақсаттың жемісі
4	Бақыт – мұрат	Адамның өмірлік мұратына жетуі
5	Бақыт – өткінші күй	Уақытша, ұстап қалмасаң жоғалатын психологиялық/болмыстық күй
6	Бақыт – ұрпақ	Ұрпақ жалғастыру, бала сүю – өмірдегі шын бақыт
№	Стереотип	Танымдық мазмұны
1	Бақытты адам – еңбексүйгіш	Бақыт еңбекпен келеді
2	Бақыт – қолда барда қадірлеу	Уақытша келетінін ұмытпау, бағалау
3	Бақыт – отбасылы адамда болады	Бала, жар, ұрпақ – шын өмір мағынасы
4	Батыр – мұратқа жеткен адам	Елін қорғап, жеңіске жеткен, тарихта аты қалған тұлға – бақытты
№	Символ	Мағынасы
1	Бақ құсы	Кенеттен келетін сәттілік пен бақыт
2	Аққу	Махаббат, сұлулық, тұрақты өмір серігі
3	Көк құс	Арман, биік мұрат, асқақ бақыт
4	Бұлт	Қиындық, бақытсыздық
5	Маңдай тері	Еңбек арқылы келген адал өмір, бақыт
6	От	Бақыттың тұтанып жануы
№	Скрипт	Тілдік бірліктер
1	Сүйінші сұрау	Сүйінші беріңіз
2	Жеңістен кейін тойлау	Ұлы той, елге аман келу, жақсылықтың кезеңі
3	Бақытқа жету жолы	Еңбектену, мақсат қою, жетістікке жету
4	Тағдыр сынағы	Сағы сынды, бағы байланды, бақ тайды
№	Ойсурет	Тілдік бірліктер
1	Жаңа өмірдің басталуы	Бақыт оты жанды, мансапқа жетті

2	Жеңіс сәті	Мұратқа жетті, жеңіс, халық қуанышы
3	Қиындық кезі	Бұлт арылмай қойды, сағы сынды, бағы кесілді
№	Сценарий	Тілдік бірліктер
1	Батырдың ерлігі мен жеңісі	Жаудан қорғау, жеңіске жетті, мұратқа жетті
2	Ұрпақ көру	Бала сүю, тұқым жалғастыру, бақ қону
3	Тағдырдың сыйын тану	Қолға қонған құс, тағдырға ризалық білдіру
№	Мақал	Мазмұны
1	«Іздеген бақыт табады»	Ізденген, еңбектенген адам бақытқа жетеді
2	«Бақ – қонған құс»	Бақыт күтпеген сәтте келеді, қадірлей біл
3	«Той – халық қазынасы»	Қуаныш, жақсылықты бірге тойлау – ұлттық дәстүр
4	«Басқаның бейбақтығына қуанба, бақытына қуан»	Ізгілік, жанашырлық, өзгенің бақытына сүйсіне білу

Зерттеу барысында 10 ассоциация, 6 фрейм, 4 стереотип, 6 символ, 4 скрипт, 3 сценарий, 3 ойсурет, 4 мақал жинақталды.

Қазақ фольклоры мен тарихи поэзиясында бақыт концептісі кең әрі көпқырлы когнитивтік модель ретінде қалыптасқан. Ол тек материалдық игілік емес, сонымен бірге еңбек, тағдыр, рухани келісім, қоғамдық бірлік, ұрпақ жалғастығы тәрізді ұғымдармен терең байланысқан.

Бұл модель арқылы қазақ халқының менталитеті, құндылықтар жүйесі, дүниетанымы айқындалып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы танылады.

Қазақ халқы бақыт ұғымының мағынасына ерекше көңіл бөлген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, ата-анасы оның бақытты адам болып қалыптасуына күш-жігерін салған. Ұлттық таным-түсінікті танытатын осындай ұғым қазақтың бай фольклорында көрініс тапқан. Әсіресе, *Бабалар сөзі* жинағына енген тарихи өлеңдер мен қара өлеңдерден *бақыт* концептісін анықтайтын тілдік бірліктер, атап көрсетсек, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, көріктеуіш құралдар көптеп кездеседі. Себебі тарихи өлеңдерде халықтың өмірі көрініс тапса, қара өлеңдерден ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігін біле аламыз. Бақыт концептісінің моделін жасаған когнитивтік құрауыштар ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің ою-өрегін қалыңдатып көрсете алған.

Бақыт сөзінің төңірегіне жинақталған ақпараттық тіл бірліктерінің санада қалыптасқан бейнесі ұлттың болмысын айқындап көрсетеді. Тілдік бірліктер адамның санасында жеке өмірлік тәжірибесін жинақтап көрсетуде мағыналық жағынан өзектеніп, жүйелік байланысқа түсетіндіктен жеке сөздің лексикалық мағынасы емес, бір-бірімен байланысқан, мағыналық мәнмәтіндік деңгейде қарастырылады. Осыған байланысты *бақыт* концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісінің ауқымы өте кең деген қорытындыға келеміз. [117, 111 б] Оған тарихи өлеңдер мен қара өлеңдерге концептілік талдау жүргізу арқылы көз жеткізе алдық.

Бақыт концептісінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталды: *бақыт – сәттілік; бақыт – қысқа мерзімді категория; бақыт – тағдыр; бақыт кілті – еңбекте; бақыт оты жанды; бақыт – мұрат т.б.*

Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіндегі бақыт ұғымының көрінісін айқындап беруге қызмет еткеніне көзімізді жеткіздік.

Зерттеуде қазақ халқының ұлттық дүниетанымы үшін маңызды ұғымдардың бірі – *бақыт* эмоционалдық концептісін талдауға түсті. Бұл мәселе ежелден бері философтар, психологтар, ақындарды қатты толғандырған тақырыптардың бірі болып табылады. Когнитивтік лингвистика ғылымының дамуымен аталмыш мәселені дүниенің тілдік бейнесінде қарастыруға мүмкіндік туып, бақыт сөзінің этимологиясы мен тарихын қарастыру осы сөздің мағынасы мен қазақ тіл мәдениетінің тарихындағы бақыт феномені туралы идеялар арасындағы байланысты байқауға мүмкіндік берді. Жұмысымызда алғаш рет қазақ халық лирикасындағы концептісінің танымдық сипаты айқындалып, тілдік бірліктерге концептілік талдау жасалынды. Әрбір фреймнің мазмұнын ашып көрсететін ұғымдар жинақталды. Қазақ халқының болмысы мен менталитетін танытатын фреймдер талданды. Қазақ халық лирикасындағы *бақыт* концептісін қарастыру арқылы когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика сияқты тіл білімінің жаңа бағыттарына өз үлесімізді қосуға тырыстық деген ойдамыз.

Зерттеу жүргізу барысында қазақ фольклоры ұлттың өткені мен бүгінін сабақтастыратын халықтың бай мұрасы болып табылатынына көз жеткіздік. Себебі фольклорда ұлттың тарихы, тағдыры, тұрмыс-тіршілігімен қатар, болашаққа деген сенімі, арманы көрініс тапқан. Ал фольклордың тілін талдау қазіргі тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

2.4 Халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» контраст концептілерінің берілуі

Контраст концептілер — бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір-біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы (Өмір/өлім, қала/дала, бақыт/қайғы [118])

«Контраст» лингвостилистикалық талдауларда кеңінен қолданылғанымен, бірақ әлі күнге дейін контрасттың бір мәнді анықтамасы жоқ. Контрастқа мынадай түсініктеме беріледі:

- қандай да бір қарым-қатынаста өткір қарсылық білдіру [119,11 б.];
- қарсылық түрі [120,90 б.];
- синтагматикалық қарсы қойылған бірліктерді өзара салыстыру [120, 130 б.];
- белгілі бір стильдік әсер ету мақсатында және әртүрлі мәтіндер жүйесіндегі тілдік құралдарды сипаттайтын мәтіндегі түрлі элементтердің өткір

қарсылығынан тұратын синтаксистік-стилистикалық ұйымдастырудың жалпы принципі [121, 207 б.];

- суретшінің шындықты қарама-қарсы қабылдауын бейнелейтін антонимизацияланған лексика-фразеологиялық, фонетикалық, грамматикалық бірліктерден тұратын сөз өнері [122, 132 б.].

Зерттеушілер кейде соңғы екі анықтаманы шатастырады және бастапқы дереккөзге сілтеме жасай отырып, «антонимизация» түсінігін «антиномия» ұғымымен ауыстырады [123, 34 б.]. «Антиномия» «антонимизацияға» қарағанда мағынасы кеңірек, ол контрастты білдіру үшін қолданылатын тілдік құралдардың кең ауқымын білдіреді.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көрініп тұрғандай, зерттеушілер бір нәрсеге – контрастың екі бөлікті, биполярлық құрылымына, контраст мәні таңбаланған бірліктердің жұбына негізделгеніне келіседі. Аврасин және И.А. Стернин контраст әрқашан «биполярлы нәрсе» екенін атап өтеді [124, 135 б.], [125, 226.]. Руффатер сонымен қатар қарама-қайшылықты тудыратын «екі соқтығысушы элемент» туралы жазады [119, 87 б.]; В.В. Одинцовтың қарама-қайшылығы – «презентацияның екі жоспарының динамикалық қарсылығы» [120, 115 б.]. Дж.Лионс, лексикалық ажыратуға талпыныс жасап қарсылық, оларды парадигматикалық қатардағы құрамдастардың санын шектемей, дихотомия немесе әртүрлі қарама-қайшылықтардың екілік оппозициясы ретінде анықтайды [126, 188 б.]. Сонымен қатар қарама-қарсылықты зерттеушілер қарама-қарсылық (қарсылық) және қарама-қарсылық (антиномия) деп бір мезгілде түсінеді. Бұл екі ұғымды нақтылау және ажырату маңызды сияқты, өйткені олар бірдей емес. Қарама-қарсылық категориясын, сондай-ақ қарама-қайшылық пен қарама-қайшылықты қарастыру зерттеу нәтижелері бойынша Б.Т. Ганеев, логикалық-семантикалық тәсіл арқылы оппозицияның табиғатын терең зерттеген [127, 33 б.].

«Қарама-қарсы» күнделікті қолданыста «қарсы орналасқан» және «басқасына мүлдем ұқсамайтын, қарама-қайшы» дегенді де білдіруі мүмкін. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде контраст сөзіне мынадай анықтама берілген: «Контраст зат. Ерекше қарама-қарсылық» [80, 264 б.]. Дәл осындай екіұштылық көптеген тілдерде термин ретінде кеңінен қолданылатыны сияқты латын сөздерінде де кездеседі – оппозиция, контрарлық. «Contrarius» және «oppositus» «қарсы» және «қарама-қайшылық» дегенді білдіреді. Ағылшын тілінде, бұл Б.Т.Ганеев өз жұмысында мысал ретінде грек-латын терминологиясы бар типтік батыс еуропалық тілді алады; «табиғи немесе туа біткен және бітіспес қарсылық» мағынасы бар сын есімдердің бір синонимдік қатары «қарсы», сондай-ақ «қарсылық» және «қайшылықты» қамтиды. Біздің алдымызда орналасқан кез келген объект бізден өзгеше нәрсе, ал екі объектіні салыстыру әрқашан олардың салыстыруы болып табылады, бұл айырмашылықтарды анықтауды білдіреді. Сонымен, қарсылық зерттеушілер атап өткен екі жақтылықтан туады. «Қарсыласу» ұғымының тек тіл білімінде ғана қарсылық мағынасында қолданылуы маңызды, мұнда бір деңгейдегі тілдік бірліктердің қарсылығын

білдіреді. Бұл дәстүрді Н.С. Трубецкой да қарастырған. Оның жүйесінде оппозиция парадигмалық ұғым ретінде берілген.

Кейінірек Прага лингвистикалық мектебіне жақын бағыттар бойынша екі термин бекітілді – «оппозиция» және «контраст», ал парадигматикалық қатынастың бір түрі ретінде оппозиция синтагматикалық қатынастың бір түрі ретіндегі контрастқа қарсы. Сонымен, А.Мартине [128,35 б.] еңбектерінде контраст сөйлеу тізбегінің бірліктері арасындағы қатынас, ал оппозиция бір парадигмаға кіретін бірліктердің арасындағы қатынас ретінде түсіндіріледі.

Американдық лингвистер, мысалы, С. Ogden [129, 68] синтагматикалық қатынастардың түрін белгілеу үшін де, парадигматикалық қатынастардың түрін белгілеу үшін де бір терминді – «контраст» терминін пайдаланады. Бұл жұмыста қабылданған қарсылық емес, қарама-қайшылықтың контрастын түсіну синтагматикалық қатынастарды болжайды. Сондықтан, Прага ізбасарларының соңынан лингвистикалық мектеп және бірқатар зерттеушілер, атап айтқанда, Г.В. Андреева контрастты синтагматикалық қатынастың бір түрі деп, тілдік оппозицияны – парадигматикалық қатынастың бір түрі деп түсінуі керек.

Бұдан әрі Ганеев «пассивті» оппозиция әрқашан – айқын немесе жанама түрде – «белсенді» оппозицияға айналатынын атап өтеді. Бұл «салу» (көлденең) және «қою» (тігінен) сөздерінің мағыналарынан туындайды. Қарама-қайшылық, өз кезегінде, сол екілік белсенділік-пассивтік принцип бойынша қарсылыққа қарсы тұрады: екі пікірдің немесе әрекеттің соқтығысуы белсенділікті, белсенділікті болжайтын сияқты, сөйлеу динамикалық процесс. Қарама-қарсылық пен қарама-қайшылықты ажыратудың негізі олардың мәтінде атқаратын қызметтерінің айырмашылығы болып табылады. Алогизмнің бір түрі болып табылатын қарама-қайшылықтың қызметі (немесе кеңірек айтқанда, Б.Т.Ганеевтің пікірінше, аллофрония) парадокс пен таң қалдыру әсерін тудыру болып табылады. Қарама-қарсылықтың қызметі, ең алдымен, қарама-қарсы ұғымдарды, объектілерді, пайымдауларды нақтылаудан тұрады. «Контраст» («қарсы») ұғымы бұл еңбекте «статикалық», жалпылама ұғым ретінде, ол арқылы білдірілетін тілдік құралдарды жүйелеудің жалпы қағидасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар қарама-қарсылықты білдірудің лингвистикалық-стильдік құралдарын ұйымдастырудың ерекше принциптерін анықтау үшін бұл жұмыста бірқатар зерттеушілердің пікірімен «оппозиция» және «контраст» терминдері қабылданды. Б.Т. Ганеев, Г.В. Андреева контрасттың жұмыс анықтамасын белгілі бір сипатқа негізделген заттардың, әрекеттердің, құбылыстардың қарама-қарсылығы деп қабылдайды.

«Бабалар сөзі» жазтомдығының 12 томында «жақсы / жаман» контраст концептілерінің берілу жолдарына талдау жасалынды.

Қазақ дүниетанымында жақсы мен жаман қатар жүретін ұғымдар. Адамның өмірі қарама-қайшылыққа толы оқиғалардан тұрады. Осы қарама-қайшылықтарды жеңу арқылы адам алдына қойған мақсаттарға қол жеткізеді. «Жақсы» және «жаман» концептілері – әлемнің тілдік бейнесінде және әлемнің көркем бейнесінде көрініс тапқан әмбебап концептілер, сонымен қатар олар әр мәдениетте өзінің ұлттық ерекшелігімен, бояуымен көрінген күрделі ментальді

объектілер. Нәтижесінде бүкіл адамзат баласына ортақ құбылыстың түрлі мәдениеттегі түрліше көрінісін көре аламыз. Қазақ тіліндегі адам бойындағы қасиеттерді білдіретін «жақсы» және «жаман» лексемалары – тақырыптық аясы кең, мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалды тілдік бірліктер. Жақсы мен жаман адам өмірінде араласып жүретін екі түрлі, біріншісі «+», екіншісі «-» таңбаға ие, біреуі жағымды қасиет болып қуанышқа кенелтетін, біреуі жағымсыз қасиетке ие болып мұңға батыратын күрделі эмоциялар. Сондықтан бұлар қарама-қарсы табиғатқа ие болып есептеледі. Кез келген адам танымында олар белгілі бір дәрежеде өзгешеліктері бар ассоциацияларды тудырады. Лингвист-ғалым М.Т. Күштаева мәдени сөздерді жасаушы әлеумет екендігін былай түсіндіреді: «Сөздердің мәдениеленуі әдет-ғұрыпты сипаттайтын, адамның жекелеген қасиеттерін білдіретін сөздердің (тұрмыс, мінез-құлық, кедейлік, батырлық т.б.), тіпті нақты іс-әрекеттердің (ән салу, суға жүзу, аңға шығу, балық аулау, егін салу) негізінде де жүзеге асады. Жекелеген халық үшін бұл сөздер жалпы мәдени мазмұнға ие бола алады. Өйткені олар қандай да бір мәдени ерекшелікті білдіреді. Концепт сөздер мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге оларды мән-мағынасын да қамтиды» – дейді [74, 13 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жақсы сөзіне мынадай анықтама берілген: «Жақсы сын. Сапалы тәуір. Жақсы сөз – жарым ырыс. Жақсы ат – жақсы атақ. Бұл істен саған жақсы ат жоқ. Жақсы атты көріну – жақсы деп айтсын деу. Жақсы атану жақсы атты болу – жақсы деп танылу. Жақсы көру – ұнату, сүйу» [80, 178 б.]. Ал жақсылық сөзі *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде* былай түсіндіріледі: «Жақсылық зат. 1. Қайырымды, ізгі іс, рақымдылық. 2. Кісінің я заттың бойындағы тәуір сапа» [80, 550 б.]. Түсіндірме сөздікте: «Жамандық зат. 1. Жайсыз оқиға, суық хабар. 2. Жағымсыз іс, жағымсыз қылық» [80, 600 б.]. Жаман сөзіне мынадай анықтама берілген: «ЖАМАН сын. 1. Жақсы емес, нашар. Жаманға ісің түспесін (мәтел). 2. Ауыс. Өте, тым, қатты. Жаман ашуланды. Жаман көру – жек көру, ұнатпау. Жаман үйрену» [80, 183 б.]. Демек, жақсылық пен жамандық бір-біріне қарама-қарсы ұғымдағы оппозициялық мәндегі ұғым-түсініктер. Халық лирикасында қатар қолданылып, бинарлық оппозиция құрайды.

Жақсылық пен жамандық – бұл адам ұғымдары, олар қоғамда ғана ойлап табылған, қоғам өмірінің ережелерімен енгізілген, адамзат ұрпағының көптеген мыңжылдықтарында қалыптасқан. Табиғатта жақсылық пен жамандық категориялары жоқ. Жақсылық пен жамандық тек адамзат руханиятына тән категориялар болып табылады.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев өзінің шығармаларында адамзатты бес асыл іске, яғни жақсылыққа ұмтылуға шақырса, бес дұшпаннан қашық болуға, яғни жамандықтан алыс болуға шақырады. Абайдың пікірінше, адам бойындағы бес жақсы іс: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Ал бес дұшпанға еріншек, бекер мал шашпақ, өтірік, өсек, мақтаншақты жатқызады.

Қазақ лирикасына жататын қара өлеңдерде жақсы мен жаман ұғымдар қатар жүретіні, жамандықты көрмесе, адамның жақсылықты бағалай білмейтінін сабақ етеді.

Автор «жақсы мен жаман» концептісін өлең шумақтарында қатар қолданып, осы екі ұғымның мағыналарының алшақтығын байқатады. Көбінесе, жақсы және жаман адамдарды салыстыра отырып, олармен жолдас болудың ерекшеліктеріне тоқталады. Егер, жаманмен жолдас болсаң, үйің қараңғы, ал жақсымен жолдас болсаң жарық шам секілді күй кешетіндігін суреттейді. Осы арқылы оқырмандарды жақсы адамдармен жолдас болуға шақырады.

*Жаманмен, жайды білмес-ау, болсаң жолдас,
Ішінде қараңғы үйдің, асыл зат, заман қандай.*

*Жақсының әні сондай-ау, қандай жақсы,
Қолыңа іліктірер, асыл зат, шам алғандай-ау [40,66 б.].*

Мына өлең шумақтары арқылы айналанды қандай адамдармен толтырасың, солардың саған тигізетін әсерлері көрсетілген. Жаман адамдар әрқашан дауласып, қиындықтар тудырады. Ал жақсы адамдар жусан секілді таза, жақсы сезімдер сыйлайтын адамдар қатарына жатады.

*Сөйлесең-ау жақсыменен көңіл ашар,
Жаманның сөзі құрсын, дауласады, ауылыңды-ай.
Ендеше-ау, жусан деймін, жусан деймін,
Белімді жусанменен бусам деймін, ауылыңды-ай [40,72 б.].*

*Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы.
Бір құлын бар жылқыда тайдан жақсы, дедім-ай-ау.
Бір сөз айтсаң жаманға қортаңдайды,
Қорғасындай балқытқан қайран жақсы, дедім-ай-ау [40,151 б.].*

Төмендегі өлең шумақтарынан жақсы адамның бойына тән қасиеттерді сипаттайды. Жақсы адамдар әрқашан да қиын сәтте қолдап, демеу көрсетуге тырысады. басыңа бір іс түссе, қолдау көрсетуден қорықпайды. Ал жаман адамдардың мінезі, іс-әрекеттері нашар болатындығын салыстыра нұсқайды.

*Ісің түссе жаманға, ей-ау, жалтарады,
Бір жақсылық басынан артылмаған-ау.
Жақсы адамның мінезі, ей-ау, сөзді орады,
Балғасындай ұстаның шартылдаған-ау [40, 167 б.].*

Жақсы мен жаман адам арасындағы салыстыруды көрсету кезінде уақыт өлшем бірлігін қолданады. Жақсымен өткізген жарты сағаттың өзі үлкен бір жақсылық болса, ал жаман адаммен өткізген уақыт пайдасыз, босқа кеткен уақыт деп сипаттайды.

*Денең сұлу мылтықтың теміріндей,
Қасың сұлу ағаштың көміріндей.
Жақсыменен кездескен жарты сағат –
Өтіп кеткен жаманның өміріндей [40,191 б.].*

Қазақ фольклорының бай мұрасы болып табылатын қара өлеңдер, тарихи өлеңдерде адамның жақсы жаман қасиеттерін сипаттайтын тілдік бірліктер

молынан кездеседі. Қазақ халқының фольклорлық шығармалары арқылы ұлттың мыңжылдықтарды қамтитын өмірінен жинақталған тәжірибесімен танысамыз. «Бабалар сөзінен» алынған мысалдарды жинақтай отырып, «жақсы мен жаман» концептілерін келесі фреймдер құрайтыныны анықталды:

1 «Жаман дос» фреймі:

Жабыны жауға салма жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма, малды екен деп.
Баласын қазанаттың бақпай қойма,
Қан түсіп аяғынан қалды екен деп [4, 27 б.].

Жоғарыдағы *Жаманмен жолдас болма, малды екен деп* деген жолда байлығына қарап жаманмен жолдас болма деген ой айтылған. Адамның жақсысы малының көптігімен өлшенбейді.

Келесі мысалда жаманмен дос болудан қорқу мәселесі көтерілген:
Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім арық суын лай ма деп.
Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп [4, 27 б.].

Жаманмен дос болудың себебін *Күн туса, ердің құнын сұрай ма деп* деген жолдан анықтаймыз.

*Көшкенде жылқы айдаймын торыменен,
Жігіттің жолдас болма қорыменен.
Сөз айтсаң кей жаманға, қорқытады,
Бопсалап қолыңдағы жоғыменен* [4, 35 б.].

Жоғарыдағы шумақтағы *қоры* деген сөз *жаман* сөзінің синонимі болып тұр. Мысалдағы *Жігіттің жолдас болма қорыменен* халықтың өмірлік тәжірибесінен туындаған халық мақалы болып табылады.

Сұрай арнауға құрылған келесі өлең жолдарында жаманмен жолдас болудың жарға жығылумен теңестіріледі.

*Жігіттер, өткен күнде белгі бар ма?
Адамзат жақсылыққа мәңгі зар да!
Жаманға жазатайым жолдас болсаң,
Бір күні алып барып жығар жарға* [4, 36 б.].

2. «Жаманға күн түссе» фреймі

*Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Күніңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,*

Қабысып қалады екен аспан жерге [4, 27 б.]. Мысалдағы *Жаманға жазатайым күнің түссе, Қабысып қалады екен аспан жерге* деген жолдарда гиперболалық тәсіл арқылы ниеті түзу емес адаммен достықтың зардабы үлкен болатыны меңзелген. Жаманмен достықтың салдары *аспан жермен қабысып қалады* деген тіркес арқылы ұлғайтылып берілген.

*Қолымда бір қозым бар телінбеген.
Күйеуге төс тартылар келінменен.
Кісі деп кей жаманға ісің түссе,*

Асаудай тыпырлайды жегілмеген [4, 35 б.].

Жаманның іс-әрекетін *ассаудай тыпырлайды жегілмегенге* теңеу арқылы *жаманға күніңнің түспесін* деген ой айтылған.

3 «Жақсының жаманнан айырмасы» фреймі

Төмендегі жолдар контрастқа құрылып, жаман мен жақсының аражігін айқындауға мүмкіндік берген.

Қырғауыл аңға шықсаң, атқан тәуір,

Бал болса, жанай өтпей, татқан тәуір.

Жаманмен құшақтасып, бір жүргеннен,

Жақсының аяғында жатқан тәуір [4, 28 б.].

Үшінші, төртінші жолдардағы **ж** дауыссыз дыбысының қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл – **аллитерация** өлең өрімін құбылтып, оның оқырманға әсерін күшейтіп тұр. Сондай-ақ мысалда *тәуір* деген сөз жолдың шетіде үш рет қайталанып келуі арқылы айтылған ойға ерекше назар аудартқан.

Келесі мысалда *жақсымен отырған жарты сағатты жаманның бүкіл өмірімен* теңестіру арқылы контрастты іс-әрекет айқындалған.

Көзің қара ағаштың көміріндей,

Бойың түзу мылтықтың теміріндей.

Жақсыменен отырған жарты сағат,

Өтіп кеткен жаманның өміріндей [4, 28 б.].

Жаман мен жақсының мінезі мына жолдарда ерекше қарама-қайшылықта ашылған:

Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,

Арқада бір кедей бар байдан жақсы.

Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,

Балқыған қорғасындай қайран жақсы [4, 28 б.].

Өлең жолдарында кездесетін эпифора тәсілі жаман мен жақсының мінезін сипаттауға ұтымды пайдаланылған.

Шумақ жолдарының соңындағы сөздердің қайталанып келуі өлеңнің мәнерлілігін арттыруға және мәтіндегі маңызды жерлерді бөліп көрсету үшін тиімді қолданылған. Мысалы:

Ташкентте бар бір базар алма базар,

Алма сатып отырған Алданазар.

Жақсыменен дос болсаң, күнде базар,

Жаманменен дос болсаң, көңілің азар [4, 35 б.].

Шумақтағы *Жақсыменен дос болсаң, күнде базар, Жаманменен дос болсаң, көңілің азар* халық мақалына айналып үлгірген.

Эпифораға құрылған келесі шумақта жақсы досқа мінездеме берілген.

Шын досың көзге емес, сырттан мақтар,

Досыңның сыртын қойып, ішін ақтар.

Сыртыңнан әр ісіңе қамқор болып,

Күндерде қиын-қыстау сенімді ақтар [4, 224 б.].

Шын досың көзге емес, сыртынан мақтап, қиын-қыстау кезде сенімді ақтайтыны жөнінде тұжырым келтірілген.

Жақсы мен жаманның қасиеттері келесі шумақтарда шендестіріле суреттелген. Мысалы:

Жақсының түгел бітер бастағаны,

Жаманнан жарты қасық ас қалады.

Жаспын дер жаман жігіт қырықта да,

Жақсылар он бесінде ел басқарады [4, 251 б.].

Жақсы бастаған ісін аяғына дейін жеткізсе, жаманнан жарты қасық ас қалар. Жаман жігіт қырықта да жаспын деп жүрсе, жақсы он бесінде ел басқарар деген контраст сөйлемдер арқылы жақсы мен жаманның айырмашылығы анықталған.

Келесі жолдар да контрастқа құрылған. Мысалы:

Жақсы ұлың болады сырласыңдай,

Жаман ұл болдады дұшпаныңдай [4, 251 б.].

Жақсы-жаман, сырласыңдай- дұшпаныңдай деген бір-біріне антоним болатын сөздер арқылы өткір контраст ой берілген.

Жақсы әйел ер көңілін өсіреді,

Жаман келін болады құрдасындай.

Екеуі де бүгінгі қыздан шығар,

Күтіп тұрған қайсысы есіл ерді [4, 251 б.].

Жоғарыдағы мысалда да жақсы-жаман, ер-әйел деген мағыналары бір-біріне карама-қарсы сөздер өткір контрасты мағына тудырған.

4. «Жаманның пайдасы жоқ шөкім шайлық» фреймі.

Үнемі қолда тұрмас бақыт – байлық,

Жаманның пайдасы жоқ шөкім шайлық.

Бар болса ағайынның залалы жоқ,

Дегендей бірде сулық, бірде майлық [4, 32 б.]. Бұл мысалда жаманның шөкім шайлықтай да пайдасы жоқ деген жолда литота, яғни кішірейту арқылы зиян қасиетке дәл анықтама берілген. Қара өлең ұйқасына құрылған жолдар қайталанып келген.

Жақсылық адам мінезінің ең ізгі қасиеттерінің бірі болып табылады. Өртүрлі карама-қайшылыққа толы оқиғалардың жақсылықтың үстемдік құруымен аяқталуы – өмір заңдылығы.

5. «Жақсымен дос» фреймі

Өнерге білім білген жеткізеді,

Дариядан кеме, қайық өткізеді.

Жақсымен әуелде бір жолдас болсаң,

Бойыңа бір қасиет біткізеді [4, 35 б.].

11 буынды кара өлең ұйқасқа құрылған жоғарыдағы шумақта жақсымен дос болған адамның бойына тек жақсы қасиеттер сіңетіндігі жөніндегі ой берілген.

Ат жақсы арғымақтан шабыс болса,

Жат жақсы ағайыннан таныс болса.

Дұшпан түгіл досың да табылмайды,

Аяғың бір нәрседен шалыс болса [4, 32 б.].

Жоғарыдағы шумақта мүлде қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралы болып табылатын шендестіру, яғни антитеза қолданылған. *Ат – арғымақ, жат – ағайын, дұшпан – дос* сияқты контраст мағынадағы сөздерді қарсы қоя отырып, ой көркем жеткізілген.

Халық лирикасының қай-қайсысын алып қарасақ та, жаман жақсыға қарама қарсы қойылады.

*Байқаймын, өткен күннің белгісі жоқ,
Айналып, екі қайтып келгісі жоқ.
Жолдас болсаң, жігіттер, **жақсымен** бол,
Жаманға жақсы жанды бергісі жоқ [4, 36 б.].*

Жоғарыдағы шумақта *Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол* деп жігіттерге қаратылып айтылған жарлау арнаудың тәсілі қолданылған. Келесі өлеңде де осындай ой айтылған:

*Өткен күн, ойлап тұрсаң, белгісіз ғой,
Қол бұлғап шақырғанмен келгісіз ғой.
Жолдас болсаң, жігіттер, **жақсымен** бол,
Бір сөзі мың ділдаға бергісіз ғой [4, 36 б.].*

Жақсының бір сөзін мың ділдаға қарама-қарсы қою арқылы нағыз ер-азаматтың бет-бейнесі айқындалған.

6. «Адам күні адаммен» фреймі
*Тізілтіп хат жазайын қаламменен,
Адам күні емес пе адамменен.
Болмайды **жақсыменен** сөйлескендей,
Сан күлсең де сан ойлап, **жаманменен** [4, 32 б.].*

«Адамның күні адаммен» мәтелі жақсы және жаманның сипатын ашу үшін қолданылған деп ойлаймыз. Жаманмен бірге күлген жақсымен сөйлескендей болмайтынығына көз жеткіземіз.

7. «Жамандау» фреймі
*Кісі емес кісі артынан **жамандаған**,
Дос емес дос көңілін таба алмаған.
Қолына кей **жаманның** тұлпар түссе,
Айызын бір қандырып шаба алмаған [4, 33 б.].*

Жамандау – адамгершілікке жатпайтын қасиеттердің бірі. Анафора және эифора әдеби тәсілі арқылы құрылған өлең оқырманға ерекше эмоция тудыруға қызмет еткен.

8. «Жаманнан жақсы шықпас» фреймі
***Жаманнан жақсы** шықпас, мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас, баптағанмен.
Ителгі қайырсаң да, тұлкі алмайды,
Алтынмен томағасын қаптағанмен [4, 33 б.].*

Жоғарыдағы мысалдан қанша жерден жаманды мақтағанмен одан жақсы шыпас деген идея қозғалады. Бұл – халықтың өмір тәжірибесінен алынған

қағида. Антитезаға құрылған өлең жолдары өткір қарама-қайшылыққа құрылған. Жаман – жақсы, жабы – тұлпар, ителгі – түлкі сияқты контраст мағынаны беретін тілдік бірліктер шығарма тіліне ерекше әр берген.

Қара өлеңдерде адам тәжірибесінен алынған философиялық ой-толғам берілген. Мысалы:

Үйір болдық жел сөзге жасымыздан,

***Жақсы** болсақ, кім кетер қасымыздан.*

Құмға айдаған жылқының мұнарындай,

Өмір өтіп барады басымыздан [4, 40 б.].

Жасынан жел сөзге үйір болып, уақытын босқа өткізген адамдардың өмірінің соңында қасынан достары да табылмайды. «*Жақсы болсақ, кім кетер қасымыздан*» деген жолдан ойға қатысты түйінді аңғарамыз. Ассоциация дегеніміз адам психикасының, заттар мен құбылыстардың қасиетін байланыстыра алуы. Яғни негіз ретінде берілетін құбылыс ассоциациялары болып оның түрлі қасиеттері, сипаттары, белгілері, сыртқы көріністері, ішкі әлемі табылады.

«Кесте -8. «Жақсы», «жаман» контраст концептілердің когнитивтік моделі

«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Ассоциация	
Жаман – ортаға кері әсер етуші	Жақсы – қоғамға үлгі болатын тұлға
Жаман сөз – жүректі ауыртады	Жақсы сөз – жанға қуат береді
Жаман әрекет – берекесіздікке әкеледі	Жақсы әрекет – бірлік пен береке тудырады
Қара ниет	Ақ ниет
Алауыздық	Бірлік
Қыастық	Кеңдік
Зұлымдық	Мейірім
Суық сөз	Жылы сөз
Араздық	Достық
Тірес	Ынтымақ
Кек	Кешірім
Тас жүрек	Жұмсақ жүрек
Көлеңке	Нұр
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Фрейм	
Жаманмен құшақтасып, бір жүргеннен	Жақсының аяғында жатқан тәуір
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді	Балқыған қорғасындай қайран жақсы
Жаманмен дос болсаң – көңілің азар	Жақсымен дос болсаң – күнде базар
Жаман жолдас – жаныңды жаралайды	Жақсы жолдас – жанға демеу
Жаман – өзін ғана ойлайды	Жақсы – елін де, досын да ойлайды
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Стереотип	
Жаман – көре алмаушы, күншіл	Жақсы – кең пейілді, қолұшын бергіш
Жаман – ұрда-жық, дөрекі	Жақсы – сыпайы, мәдениетті
Жаман – өтірікші, сатқын	Жақсы – шыншыл, адал
Жаман – өз пайдасын ғана ойлайды	Жақсы – ортақ мүддені жоғары қояды

«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Символ	
Қара түс, түтін, боран	Ақ түс, шуақ, күн нұры
Қасқыр (алақұйын)	Қыран (еркіндік, биік мақсат)
Күл-қоқыс, тозған дүние	Гүл, таза бұлақ, жайқалған егін
Сынған бұтақ, иілген ағаш	Тік өскен ағаш, гүл ашқан бұтақ
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Скрипт	
Жаман адам – жағдайды ушықтырады	Жақсы адам – мәселені шешуге тырысады
Жаман – өзгені сырттай жамандайды	Жақсы – шындықты бетке айтады, әділ
Жаман – тек пайда үшін жақындайды	Жақсы – жүрекпен жақындайды
Жаман – келіспесе, ұрысқа барады	Жақсы – келіспесе де, мәміле іздейді
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Сценарий	
Жаман дос – қиындықта қашып кетеді	Жақсы дос – басында іс болса, жаныңнан табылады
Жаман – табысқа жеткенді көре алмайды	Жақсы – табысты бөлісіп, бірге қуанатын адам
Жаман басшы – әділетсіз, жеке басын ойлайды	Жақсы басшы – әділ, ұжымын биікке жетелейді
Жаман көрші – араздық туғызады	Жақсы көрші – қонақтайтын, амандасатын, көмектесетін
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Ойсурет (ассоциативті, бейнелік сипат)	
Жаман – түнек, қараңғылық	Жақсы – жарық, шапақ
Жаман – дауыл, толқын	Жақсы – самал, тыныштық
Жаман – қаңыраған үй	Жақсы – берекелі, от жағылған шаңырақ
Жаман – жабайы тікен	Жақсы – жайқалған гүл
«Жаман» концептісі	«Жақсы» концептісі
Мақал-мәтелдер	
Екі жақсы қосылса,	Екі жаман қосылса,
айрылысуға қиыспайды,	кең дүниеге сиыспайды
Жақсы арына құл,	жаман малына құл.
Басыңа іс түскенде	жаман күліп кетер
жақсы көмектесер,	
Жақсыда жаттық жоқ,	Жаманда жақындық жоқ
Жақсы көргенін мақтап жүрер,	Жаман көргенін даттап жүрер
Жақсы іске келді,	жаман асқа келді.
Жақсыға қылған жақсылық, өмірінше тозбайды,	Жаманға қылған жақсылық, бір күнгі дей болмайды.
Жақсы көрісіп келіседі,	Жаман келісіп керіседі
Жақсы қырқында толады,	Жаман қырқында солады.
Жақсы қартайса да, ақылынан танбас,	Жаман ат қартайса да, жүрісінен танбас.
Жақсы кісі текшіл,	Жаман кісі кекшіл.
Жақсы – суы тәтті көлмен тең,	Жаман – желі қатты шөлмен тең.
Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа,	Жаманға ерсең, қаларсың ұятқа.
Жақсы болсаң – озарсың,	Жаман болсаң – азарсың.

Жақсы сынаумен жариды,	Жаман сынаумен қариды.
Жақсы мақтанса, есебін табар,	Жаман мақтанса, қатынын сабар.
Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды.	Жаманға берсеңасыңды, итке тастар басыңды.
Жақсы өзін қосып сөйлейді,	Жаман босқа бөсіп сөйлейді.
Жақсыны жаман десең, аққудай мойнын созады, Жақсыны сыйласаң есінен кетпейді,	Жаманды жаман десең, аяғынан тозады. Жаманды сыйласаң есігіңнен кетпейді
Жақсыдан жаман туар – бір аяқасқа алғысыз,	Жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз.

Зерттеу барысында «жаман», «жақсы» концептілерін танытатын тілдік бірліктерді қарама-қарсы қоя отырып, когнитивтік моделі құрастырылды.

Қара өлеңдер мен ән-өлеңдердің мазмұнына қарап отырсақ, жақсы мен жаманның қатар жүретіні, жамандық басына түскен жағдайда ғана адамның жақсының болмысын түсінетіндігіне көзімізді жеткіземіз. Барлық өлеңдерде жақсы жаманды жеңеді, сөйтіп, өлеңнің жақсыға талпыну, жаманнан жирену идеясы үстемдік құрады. Демек, халық лирикасындағы жақсылықтың жамандықты жеңуі халықтың адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалағанының айғағы болып табылады. Жақсылық – адамға қажетті, пайдалы, еркіндікке, жақсы өмірге деген ұмтылысымен, үмітімен байланысты өнегелі іс болса, жамандық зұлымдық, қайғы, бақытсыздық алып келетін адамгершілікке жатпайтын қылықтармен байланысты әрекеттер.

Жақсы мен жаман антиномиясы – адамзаттың ақыл-ойының мүмкіндіктері мен әлеуметтік-рухани құндылықтарды бағалай алу мәдениетінің көрсеткіші десе болады. Қазақ халық лирикасында жақсы мен жаман бинарлық оппозицияда қатар жүретіні, дегенмен, жақсының жаманнан басым түсіп, жеңіп отыратыны байқалады. Жамандыққа зұлымдыққа қарсы тұрудың әмбебап жолдары бар: олар – жамандыққа жақсылық жасау, жақсылыққа да жақсылық жасау, жақсы іс қылу, жақсы ақыл беру, қайырымды болу. Бұлар – халықтың ментальді стереотиптері. Ал жамандық осы жақсылықтардың тасасында қалып, өз мәнінен айырылып қалады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері түрлі аспектіден қарастыруды қажет ететін – тақырыптық аясы кең, этномәдени мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалдық өрісі ауқымды концепт болып табылады. «Жақсы» мен «жаман» концептілері қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын көрсете алатын, өзіндік даму тарихы мен күрделі құрылымы бар контраст концептілер деп айта аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халық лирикасының жарлық табиғаты өте бай. Бұл лирикада халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмысы, үні көрініс тапқан.

Қара өлең – қазақ халық ауыз әдебиетінің бір жанры болып табылады. Бұл жанрдың өзіндік сипатына келесі белгілерді жатқыза аламыз:

Бірінші – қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады; екінші – осы өлеңнің 1-2-4 жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқаспай, бос қалады; үшінші – қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой айтылады; төртінші – әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады; бесінші – қара өлең көбіне жұртқа таныс, көп құлағына сіңген, жарым-жартысы жаттанды жолдардан, теңеу, салыстырулардан тұрады; алтыншы – қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды, тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді; жетінші – қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді; сегізінші – қара өлең қалың көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір милодия сазына кез келген қара өлеңді ыңғайлап, айта беруге болады.

Жұмысымызда қара және өлең деген сөздердің этимологиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде талданды. «Қара» сөзінің “ескі”, “көне” және “қасиетті” өлең деген ұғымдарды білдіретіні анықталды. “Қара өлең” дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді деген қорытынды жасалды. Сондай-ақ қара өлең мәтінінің тілдік-жанрлық ерекшеліктері анықталды.

Қара өлеңнің құрылымдық-композициялық ерекшеліктері, бейнелі тілі мен интонациялық жүйесі ұлттық дүниетанымның көркем тілдік көрінісі болып табылады. Онда адамның ішкі сезімдері, өмірлік құндылықтары мен философиялық ойлары қысқа әрі нұсқа тілдік формалар арқылы берілген. Қара өлең – фольклорлық поэтиканың үлгісі ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің бейнелілік қуатын танытатын мәтін.

Тарихи өлең – өмірде болған, нақты оқиғалар мен адамдарға арналған шағын, бірақ біршама эпикалық сарыны бар шығармалар. Тарихи өлең, әдетте, оқиғаның ізі онша суымай тұрғанда, фактілер ұмытылмай тұрғанда туады да, онда шындық іздері басым жатады. Сонымен бірге тарихи өлеңде көркемдік те бар әрі лиризм де кездеседі.

Тарихи өлеңдер қоғам өмірінің әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – елгезек (оперативтік) жанр. Сондықтан тарихи өлең – өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының эпикалық жыр түрінде айналып үлгерген тарихи өлеңдерінің ең көне үлгісі – Білге Қаған, Күлтегін, Тоныкөк, т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады. Ал ең кенже, өмірге жаңа келген нұсқалары деп Ұлы Отан соғысында туған бір нақты оқиғаға байланысты айтылған шағын өлеңдерді атауға болады. Демек, тарихи өлең – әрбір үлкен айтулы оқиға сайын өмірге тұрақты түрде келіп тұратын жанр. Оқиға

болып жатқан кезде, немесе дереу соның артынша туған тарихи өлеңдер бірте-бірте, араға біраз уақыт салып барып шоғырланып, белгілі бір циклге топталып, жырға айнала бастайды. Оны жырға айналдырушылар – сол оқиғаның ішінде болған, немесе оны жақсы білетін өте қабілетті ақын, жыршылар.

Тарихи өлеңдер – халықтың тарихи жады мен идеологиялық бағдарын сақтаушы мәтіндер. Бұл өлеңдерде тарихи оқиғалар, батырлар мен хандардың тұлғалық бейнесі, соғыстар мен әлеуметтік күйзелістер тіл арқылы танымдық деңгейде бейнеленеді. Олардың тілінде архаизмдер, тарихи реалийлер мен фразеологиялық тіркестер жиі кездеседі, бұл – тарихи поэзияның лингвомәдени құндылығын арттырады.

Ән өлеңдер – халықтық поэзия мен музыка синтезінің тілдік көрінісі. Онда интонация, ырғақ, қайталау, ұйқас жүйелері тілдік құрылымға әсер етіп, эмоционалдық мәнді арттырады. Ән мәтіндері арқылы ұлттық психология, эстетика және дәстүрлі ойлау жүйесі көрініс табады.

Гипербола философиялық, психологиялық, эстетикалық, лингвистикалық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы, көпфункцияналды стилистикалық әдіс ретінде қарастырылады. Әсірелеу *өмір, жаман, жақсы, туған жер, табиғат, соғыс, өлім, кәрілік, жастық т.б.* тақырыптарды қамтыған. Оларды талдау барысында концептілік құрылымдары да анықталды. Сонымен қатар, жұмысымызда суреттеу әдісі де кеңінен қолданылған. Қайталау тәсілі арқылы жасалған суреттеулерге де талдау жасалынды. *Батыр, заман, туған жер, табиғат, соғыс т.б.* тақырыптарындағы суреттеу әдісі мол көрініс тапқан. Кейіпкерді суреттеу кезінде өркөкіректік, менмендік, төкаппарлық сияқты жағымсыз және адалдық, ерлік, әділдік, қайсарлық сияқты жағымды мінездері ашық бейнеленген.

«Бабалар сөзі» еңбегіндегі шығармаларда метафора өрісі ауқымды. Тұрақты және индивидуалдық метафоралар, эпитетті және теңеулі метафоралар, когнитивтік метафоралар түрлері анықталып, мысалдар келтіріліп, талдаулар жасалынды. Талдау барысында *тірлік бақыт, тозған заман, дүние–қызыл гүл, дүние–қисық жол бұраңдаған; сары жазық, жапан дала, білім қымбат, дүние–қызыл гүл т.б.* фреймдер анықталды.

Тұратын барлық істі білім ымдап; болады қырда киік, суда балық; ұшпа жалған, құс па жалған, қысқа жалған т.б. сценарийлік құрылым, қу құтырып, ептілер екі асап, алаяқтар айламен озған заман схемалық құрылым айқындалды. Сонымен қатар метафоралардың ойсурет арқылы берілуі де анықталды. Мысалы: *алты күн бура болып бұрқылдайық; хан, дана, қожса, молда бәрі де өткен; алты күн бура болып бұрқылдайық; астындағы кетеді сырғыт тақыт; дүние бір жар, үгіліп тұр құлағалы, бір күні толып, бір күні суалады; жер бесікке.*

Теңеу қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер етерліктей етіп берілген. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңелген. Табиғатта болып жатқан құбылысты *дүние, өмір, туған жер, әйел, дос, бала құс, батырға* балау арқылы теңеу формасының негізі міндеттері

орындалған. Қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылысты сипаттауымен ерекшеленеді.

Когнитивтік ғылым базасында, терең зерттеулердің нәтижесінде концептінің санада ойлау әрекеті арқылы қалыптасып, психикалық ментальді қабілеттер негізінде танылатыны айқындалды. Кең ұғымда концепт – санадағы ой бірліктері мен психикалық қабілетінің қызметі арқылы тұлғаның тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық жүйе. Тіл біліміндегі концепт ұғыммен салыстырғанда қолданылу аясы, ауқымы кең термин. Себебі концепт – дүние туралы жан-жақты білімнің санада жинақталған формасы.

Зерттеу жұмысымызда қазақ халық лирикасы мәтінінде танылған концептілердің ерекшелігін ескере отырып, мынадай қағидаларды ұсындық: концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді; санада концептілік құрылымдар көмегімен репрезентацияланады; тұлғаның білімі деңгейін танытады: ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлтың танымдық стилін айқындайды. Халық лирикасы мәтінінде концептілер, біріншіден, санада танылу деңгейіне қарай метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени, контраст концептілер деп төрт топқа жіктеледі. Фольклорлық мәтіндегі концепт белгілі бір концептілік жүйеде қалыптасады.

«Өмір» концептісі динамикалық қозғалыс, ұзақ не қысқа жол, қуаныш пен мұңның өзара ауысуы, кеңістік, жарық, құдыретті күш, тартыс, арпалыс, күрес секілді құрылымдарда танылады. Қазақ халық лирикасы мәтініндегі концептіні беруде сенсорлы-перцептивті қабылдап тану (оның ішінде көру, есту, тері сезімдері) ерекше байқалады және когнитивтік модель тудыруда символдық, эталондық, ассоциативтік, стереотиптік таңбаларды көре аламыз.

Шығармаларда кездесетін эпитеттердің қолданылу жиілігі әр түрлі. Мысалы туған жер туралы суреттегенде қолданылған тіркестер: туған жер; жалғыз ауыл; ақ отау; қара шаңырақ; алты қанат; күзеген жер; қоңыр бел, асқар бел; қалың жылқы; көбің сұйық; өз бесігім, жел: қоңыр жел; самал жел; жылы жел; жылы: жылы күлкі; жылы мейірім, қара: қара өлең; қара шаңырақ; қара көз; қара жер; қара күрең майлы жүз; қара торы жүз; қара торы өң, өмір: тыныш заман, қызық өмір; дүние шолақ; дүние кең сарай, кездеседі.

«Өмір» концептісінің мағынасын ашатын фреймдер: «өмір – шолақ», «өмір – жастық шақ», «өмір – судағы балық», «өмір – кең сарай», «өмір – бұлақ», «өмір – қуғанменен жеткізбейді», «өмір – шекер дүние», «өмір – жалған», «өмір – арман», «өмір – түпсіз дария», «өмір – бір қисық жол». Әр фреймдік құрылыстың мағынасы жеке-жеке талдауға түсті. Байқағанымыздай, қара өлеңдер жинағындағы «өмір» концептісі қоғамдық санасы «белгісіздік», «шекер дүние», «шолақ өмір» тіркестерімен бейнеленген сол замандағы түсініктер мен ассоциацияларды көруге болады. Жинақталған фреймдік құрылыстар арқылы қара өлеңдердің халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқан, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы деген қорытынды жасауға болады.

Қазақ халық лирикасында махаббат ұғымы өте ерекше сипатқа ие болып саналады. Шығармалардағы толық ой-толғанымдардың барлығы махаббат

сезімімен өте қатты тығыз байланысты. Фольклорлық шығармалардың философиялық – дүниетанымдық категориялары махабаттың тәрбиелік міндегі құндылық, этикалық, эстетикалық салаларды бір жерге тоғыстыратын категория болып табылады. Махаббат ұғымы оның өмірлік ұстанымдарының дұрыс бағытта құрылуына ықпал етуіне көмек береді.

«Бабалар сөзіндегі» тарихи өлеңдерде «дала» концептісінің танымдық қызметі талданды. Дала концептісінің мәнін ашатын *жердің құты, құтты қоныс мекен, қара орын т.б.* стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Дала концептісінің фреймдік құрылымына келер болса, олардың көбісі *елсіз жер, қу дала, қайран жерім, дала – табиғат, жайлы мекен, дала – сағыныш, кең жайлау, сары дала, ту көтерген ел* арқылы берілген. Олардың барлығы өзіндік жақсы бағыттағы тәрбиелік қызметтер атқарады. Сонымен қатар, дала концептісін құрайтын фреймдік қатар арқылы қазақ халқының тыныс-тіршілігін, мінез-кұлқын, болмысын анықтай алдық.

Қазақ халық лирикасында қолданылған тілдік бірліктер ғаламның тілдік бейнесіндегі *бақыт* концептісін айқындауға қызмет еткен. Мәтіндердегі *бақыт* концептісін танытатын тілдік деректер дүниетанымдық ұғымдардың халық танымындағы көрінісін таңбалаған.

Қазақ халқы *бақыт* ұғымының мағынасына ерекше көңіл бөлген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, ата-анасы оның бақытты адам болып қалыптасуына күш-жігерін салған. Ұлттық таным-түсінікті танытатын осындай ұғым қазақтың бай фольклорында көрініс тапқан. Әсіресе, «Бабалар сөзі» жинағына енген тарихи өлеңдер мен қара өлеңдерден *бақыт* концептісін анықтайтын тілдік бірліктер, атап көрсетсек, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, көріктеуіш құралдар көптеп кездеседі. Себебі тарихи өлеңдерде халықтың өмірі көрініс тапса, қара өлеңдерден ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігін біле аламыз. *Бақыт* концептісінің моделін жасаған когнитивтік құрауыштар ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің ою-өрнегін қалыңдатып көрсете алған.

Бақыт концептісінің мағынасын ашатын келесі фреймдер жинақталды: *бақыт – сәттілік; бақыт – қысқа мерзімді категория; бақыт – тағдыр; бақыт кілті – еңбекте; бақыт оты жанды; бақыт – мұрат т.б.*

Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіндегі *бақыт* ұғымының көрінісін айқындап беруге қызмет еткеніне көзімізді жеткіздік.

Жақсы мен жаман антиномиясы – адамзаттың ақыл-ойының мүмкіндіктері мен әлеуметтік-рухани құндылықтарды бағалай алу мәдениетінің көрсеткіші десе болады. Қазақ халық лирикасында жақсы мен жаман бинарлық оппозицияда қатар жүретіні, дегенмен, жақсының жаманнан басым түсіп, жеңіп отыратыны байқалады. Жамандыққа зұлымдыққа қарсы тұрудың әмбебап жолдары бар: олар – жамандыққа жақсылық жасау, жақсылыққа да жақсылық жасау, жақсы іс қылу, жақсы ақыл беру, қайырымды болу. Бұлар – халықтың ментальді стереотиптері. Ал жамандық осы жақсылықтардың тасасында қалып, өз мәнінен айырылып қалады.

Қазақ тіліндегі «жақсы» мен «жаман» концептілері түрлі аспектіден қарастыруды қажет ететін – тақырыптық аясы кең, этномәдени мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалдық өрісі ауқымды концепт болып табылады. «Жақсы» мен «жаман» концептілері қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын көрсете алатын, өзіндік даму тарихы мен күрделі құрылымы бар контраст концептілер деп айта аламыз.

Барлық үш жанрда да ұлттық концептосфера (махаббат, өмір, дала, туыстық, бақыт т.б.) айқын көрінеді. Бұл концепттер фольклорлық мәтіндерде тілдік бейнелер, метафоралар, эпитеттер, символдар арқылы көркем түрде жүзеге асады.

Зерттеу барысында қазақ лирикалық фольклорының тілі – тек коммуникативтік құрал ғана емес, ұлттың рухани коды, дүниетанымдық кеңістігі, этномәдени жадын сақтаушы жүйе екені анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы) Астана: «Астана полиграфия», 2009. - 320 б.
2. Сейдімбек. А. Мың бір маржан. Алматы: Өнер - 1989. -254 б.
3. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы «Толағай групп», 2010 Т1-376 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.70: Қара өлең -504 б.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 348 б.
6. Б. Уақатов. Қазақ халық өлеңдері – Алматы: Ғылым,1974. -288А.
7. Ақатай, С. Н. Инжу-маржан секілді [Мәтін] : эссе / С. Н. Ақатай. - Алматы : Өнер, 1995. - 200 б.
8. Оразақын А. Қара өлең. Алматы: Жалын – 2017 ж.
9. А. Құрышжнов. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы: Қайнар -2001 ж.
10. Пухов И. В. Героический эпос алтае-саянских народов и якутские опонхо: публикации, переводы, теория, типология. Изд-во СО РАН, Якутский филиал, 2004, - 326 с.
11. С.Қасқабасов Таңдамалы. Фольклор иірімдері. 4 том. Алматы-2017 ж. 43-44 б
12. Рахманқұл Бердібай Эпос-ел қазынасы. 1 том. Алматы-2017 ж. 279-283 б
13. Ауезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Фольклорлық кезең. – Алматы. 1948. – 438 б.
14. М.Әуезов Уақыт және әдебиет. Алматы,1962. -75 б.
- 15.А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – А., 2003. -289 б.
16. Маргулан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия КазФАН СССР.Снрия истрическая, 1946, №2
17. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері.— Алматы,1958. – 267 б.
18. Исмаилов Е.В. В поисках нового. – Алма- ата, 1967. -С.189-227.
19. Кенжебаев Б.1916 жылғы көтеріліс жырлары туралы. –Алматы, 1956
20. Жамухамедов М. Восстание 1916 года в казахской народной поэзии. Автореф. На соиск. Учен. Степени канд.филол.наук.-Алма-ата,1962 г.
21. Ищанов Х. 1916 жыл және халық поэзиясы. – Алматы, 1958
22. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы:Ана тілі, 1991. -240 б.
23. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. –Алматы:Ғылым, 1982. -232 б.
24. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 61: Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.
25. Бабалар сөзі: Жүзтомдық.—Астана: Фолиант, 2010.Т. 63: Тарихи жырлар. - 456 бет.
26. «Бабалар сөзі»: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.28: Тарихи жырлар. - 2006. - 378 бет
27. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана: «Фолиант», 2010.Т. 59: Тарихи жырлар. -400 бет
28. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.

29. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969.-243 б.
30. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар II том. Алматы, 1983.- 456 б.
31. Айғабылова А. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы, 1998. – 64 б.
32. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. - Алматы, 2002. - 154 б.
33. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.
34. Арутюнова Н.Д. Лингвистический энциклопедический словарь.-М.,1990.- 859с.
35. Испандиярова А.Т. Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. №4 2024, 121-130 б.
36. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2007.
37. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев шығармалары бойынша). Филол.ғыл.канд. ... дисс. - Алматы, 2006.
38. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: «Арыс», 2007. -480 б
39. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. –224 б.
40. Бабалар сөзі. Жүз томдық.-Астана: «Фолиант», 2013. Т.99: Ән-өлеңдер.-440 б.
41. Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер. Монография. Мақалалар. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. –392 б.
42. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл. докт. Дисс. Қолжазбасы.-Алматы, 2007.-330 б.
43. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 320 б.
44. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: «Арыс», 2007. -480 б
45. Ефимов А.И. Стилистика русского языка. – М.: Просвещение, 1969.– 262 с.
46. Бабалар сөзі. Жүз томдық.-Астана: «Фолиант», 2005. Т.22: Ғашықтық дастандар.-2005. -304 б.
47. Бабалар сөзі: Жүз томдық. - Астана, «Фолиант», 2005. Т. 19: Ғашықтық дастандар. - 2005. - 328 б.
48. Бабалар сөзі. Көп томдық. Т. 5: Хиқаялық дастандар.-Астана: «Фолиант», 2002. -424 б.
49. Fillmore, Charles j., Baker Collin. A frames approach to semantic analysis Chicago, 1980 – P. 247.
50. Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры.-М.:Прогресс, 1985. - 456 с.
51. Потебня А.А. Слово и миф.– М.: Правда, 1989.– 622 с.
52. Хомский И. Язык и мышление,- М.: Наука, 1990.-450 с.
53. Маслова В. Введение в когнитивную лингвистику.- М.: Наука, 2012.-360 с.
54. Вежицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996.– 416с.

55. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира / Рос. академия наук. Ин-т языкознания.- М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
56. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. –Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011.-312 б.
57. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста: антология / под ред. В.П. Нерознака. М.: Academia, 1997. – С 267-279.
58. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.- Алматы: ана тілі, 1998.-304 б.
59. Сыздық Р. Эпос тілі және лингвистикалық поэтика мәселелері// Тілтаным, 2001.- №1. – 37-41 б.
60. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. –Алматы, 1984.- 177 б.
61. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері.// Тілтаным, 2001.-№4. - 39-43 б.
62. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: ғылым, 1998. – 140 б.
63. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
64. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас.- Алматы. – Сөздік-Словарь, 2005.- 272 б.
65. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы, Арыс, 1999.- 228 б.
66. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. Алматы: Арыс, 2010. –280 б.
67. Салқынбай А. Ойлау мен таным: сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүгіндігі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2009. - №4.- 135-139 б.
68. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы: Баянжүрек, 2005-295 б.
69. Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам.- Алматы: ЖК Волкова Е.В., 2005.-300 б.
70. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама)// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты- Алматы, 2004-54 б.
71. Жапақов С.Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф.:19.09.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003. – 28 б.
72. Досова А. Тахауи Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі.- Қостанай: Қостанай баспа үйі, 2021- 188 б.
73. Досова А.Т., Испандиярова А.Т. «Бала» концептісінің тілдік көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Филология сериясы, № 2 (72), 2020 ж.- 256-263 бет.
74. Абдрахманова М. Қазақ тіліндегі концептілер концептілер жүйесі. ҚазҰУ хабаршысы.- №8. 130-б.

75. Күштаева Т.М. “Тары” концептісінің семантикалық құрылым мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2002.– 192 б.
76. Отарбекова Ж.К., Балабекова Қ.Ш. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі ментальдік және ұлттық таным, // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Филология сериясы, № 1 (67), 2019 ж.- 30-34 бет.
77. Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. 216 с.
78. Испандиярова А.Т., Досова А.Т. Қара өлеңдердегі «Өмір» концептісінің фреймдік қолданысы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. 2022 ж. № 1 (64).- 108-117 б.
79. Досова А.Т., Испандиярова А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының танымдық сипаты // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. 2022 ж. № 2 (65). - 63-73 б.
80. Жанұзақ Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
81. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б.
82. Имашева Г. М. Дулатұлы шығармаларындағы Ғаламның тілдік бейнесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты Алматы, 2007 10.02.02. – 24 б.
83. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 640 б.
84. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика, -Минск: Тетра Системс, 2004.-256 с.
85. Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты // Известия РАН. Серия лит.и яз.. 2001, - Т.60. №60. -47-58 с.
86. Бияздықова Ә. Қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі: философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2014. -192 б.
87. Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – Москва, 1998. -240 с.
88. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, III том Б-Б. / Құраст. Б.Сүйерқұлова, С.Жапақов, Т.Жанұзақов және т.б. Алматы: Арыс, 2006.-744 б
89. Әбсадық А.А., Испандиярова А.Т., Матыжанов К.С., Жолдыбаев О.М. Қазақ фольклорындағы лақап есімдер // М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы №3,80 vol,2023. - 17-28 б.
90. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана: «Фолиант», 2009. Т. 56: Тарихи жырлар. - 408 бет.
91. Валиханов Ч. Собр. Соч.в 5-ти томах. – Алматы: 1985. – Т.4. – 280 с.
92. Мукушева Қ. «Дала» концептісінің деңгейлік, тұлғалық және әдеби тілде вербалдануы. Бекхожин оқулары республикалық ғылыми тәжірибелік конференциясы және студенттер мен жас ғалымдардың «Жас зерттеушілер» атты ғылыми форумы. 2014. - .№2.- Б.222-226
93. Сыздық Р. Сөз күдіреті [Мәтін]: оқу құралы/ Р.Сыздық.- Алматы, 2007.

94. Испандиярова А.Т. Frame applications of the concept «steppe» in Kazakh folk lyrics // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. 2024 ж. № 2 (73). - 103-112 б.
95. Әділова А. Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі // Көкшетау университетінің хабаршысы, -2016. -№2. 11-18 б.
96. Пименов М.В. Этнический ренессанс. –Астана: Фолиант, 2005.-300 с.
97. Иси́на Г.И. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымы.- Астана: Фолиант, 2011.- 220 б.
98. Кишибеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең.- Алматы, 2009.-300 б.
99. Алтаев Ж. Түркілер әлем өркениеті / Ж. Алтаев, С. Бөлекбаев // Да Қазақстан. - 2011.(№20).-62-66 б.
100. Гачев, Г. Национальные образы мира / Г. Гачев. – Москва: Советский писатель, 1988 –448 с.
101. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы, «Санат» 1997.-464 бет
102. Әлметова Ә.С. «Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип» Хабаршы. Филология сериясы. №4 (168). 2017
103. Абдрахманова М. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы» Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты 10.02.02 Алматы, 2008. – 24 б.
104. Әмірбекова Г.Р. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Фил.ғыл.канд. автореф.– Алматы, 2006 – 28
105. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б
106. Минский М. Фреймы для представления знаний. Пер с англ. -М.: Энергия, 1979. – 152 с.
107. Амренова Р.С. «концептілер аясы және концептінің құрылымдық түрлері жайлы»/Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы № 1-2 2014. - 16-22 бет
108. Испандиярова А.Т., Әбсадық А.А. The concept “Woman” in Kazakh folk lyrics // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. №1 2024, 133-143 б.
- 109 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М., 1997. – С. 41-42.
- 110.Шахметова Н.А. Синергетический и когнитивно-прагматический потенциал художественного дискурса/ На примере «Судьба»/«Тағдыр» в русском и казахском языках (текст). - Астана. 2010. -130 с
- 111 Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов.-Алматы,1998.-200 с.
- 112 David Somfai Istvan. Batırkan, a Kazakh Shaman from the Altay Mountains (Mongolia).- 2006. - 117-138 p.
- 113 Сағидолла Г.С. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: «Сарыарқа». 2011. 304 б.
- 114 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы, Өлке, 2006. – 640 б.

115. Ескеева М.Қ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктері. – Алматы, 2020.
116. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, II том А-Б. / Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков, С.Мырзабеков, А.Жаңабекова, А.Фазылова, Қ.Күдеринова, Б.Сүйерқұлова. Алматы: Арыс, 2006.-752 б.
117. Испандиярова А.Т., Әбсадық А.А. Қазақ лирикасындағы «Бақыт» концептісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. 2023 ж. № 1 (68), 103-114 б.
118. Андреева Г. В. Языковое выражение контраста и его стилистические функции в художественной прозе (на материале английского языка) / Дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.04. – Л., 1984 – 185 с.
119. Ruffaterre M. Semiotics of poetry. Bloomington. 1978 Indiana University Press; London, 1980 – P. 69-97.
120. Одинцов В. В. Стилистика текста. – М., 1980 – 262 с.
121. Трубецкой Н. С. Избранные труды по филологии. – М., 1987 – 352 с.
122. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – М.: УРСС, 2004 – 576 с.
123. Торосян М.С. Феномен контраста в аспекте концептуальной организации художественного текста: На материале языка послевоенной прозы / Дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Ставрополь, 2005 – 184 с.
124. Аврасин В. М. Контраст в тексте: сущность и основы типологии // Структура языкового сознания. – М., 1990 – С. 128-138.
125. Стернин И. А. Лексическое значение слова в речи. – Воронеж: ВГУ, 1985 – 170 с.
126. Lyons, J. Introduction to Theoretical Linguistics Text. / J. Lyons. Cambridge: At the University Press, 1962 – 519 P.
127. Ганеев Б.Т. Противоречия в языке и речи / Дисс. ... докт. филол.наук: 10.02.19. – Уфа, 2004 – 689 с.
128. Мартине, Андре. Основы общей лингвистики / *Éléments de linguistique générale*; пер. с фр. В. В. Шеворошкина; под ред. и со вступ. ст. В. А. Звегинцева. – М., 2004 – 230 с.
129. Ogden C. K. Opposition, a linguistic and psychological analysis. *Psyche miniatures. General series.*, no. 41 – London: Paul, Trench, Trubner, 1932 – P. 67-73.